

ҚАЗАҚ ТІЛІ

10

Жалпы орта білім беретін мектептердің
10-сыныбына арналған оқулық

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі баспаға ұсынған*



ТАШКЕНТ
2022

УЎК 811.512.122(075.3)
КБК 81.2(5Қоз)я72
Қ 14

Тўзушiлер:

Д. Айтбаев, Г. Айтбаева, Ж. Абдураимова

Пiкiр жазған:

Ө. Байқабылов – Шыршық мемлекеттік педагогика университеті
Өзбек тiл бiлiмi кафедрасының доцент м.а.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



– тапсырма



– өзіндік жұмыс



– ережелер



– сұрақтар



– қызықты мәлімет



– сілтемелер үшін



– топтық жұмыс

Оригинал-макет «O‘zbekiston» баспа-полиграфия
шығармашылық үйінде дайындалды

Республикалық мақсатты кітап қоры
қаржылары есебінен басылды



ISBN 978-9943-8459-1-6

© Республикалық білім орталығы, 2022

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	6
---------------	---

I ТАРАУ. МАХАББАТ – АДАМ ЖАНЫНЫҢ ЕҢ АСЫЛ ҚАСИЕТІ

Махаббат және біз	7
Мың жұлдызы бар болса да	8
Махаббатты қалай түсінемін?	8
Махаббат пен уақыт	12
Махаббаттың жазылмаған заңы	14
Махаббат философиясы	14
Табиғаттың ең қымбат қазынасы	17
Кәсібің өрге жүзсін десең	19
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп	21
Дәл мендей өзге сүйе алмас	23
Аналық махаббат	24
ТОПТЫҚ ЖҰМЫС	26

II ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ БІР МҮШЕСІМІН

Қоғам, адам және азамат	29
Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары	31
Сәбиге ат қою дәстүрі	33
Құдалық дәстүр	35
Қыз айттыру – дәстүр	36
Тұсаукесер	39
Тәжік халқында ұл мен қыз тәрбиесі	41
Өзбектердің қонақжайлылығы	43
Қырғыз музыкалық фольклоры	44
ТОПТЫҚ ЖҰМЫС	46

III ТАРАУ. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БОРЫШЫМЫЗ

Өзбекстан Республикасының Конституциясы	47
I тарау. Мемлекеттің егемендігі	48
Адамды қадірлеген заң	50
Өзбекстан азаматының жеке құқытары мен еркіндіктері	52
«Жеті жарғы» – бабалар заңы	55
Отанды сүю – мәндетің, отанды қорғау – парызың!	57
Шаңырақтың негізі – ата-ана	60
Ата-ананың отбасындағы парызы қандай?	63
ТОПТЫҚ ЖҰМЫС	67

IV ТАРАУ. МЕН ЖӘНЕ БАСҚАЛАР

Жеке тұлға туралы түсінік адамның тұлғалық ерекшеліктері	69
Адамның білмегенді білуге құмарлығы.....	71
Мәдениет – әлеуметтік таныс белгісі	75
Тіл – мәдениеттің ең негізгі элементі.	77
Дос – егіз, дұшпан – сегіз	79
Әлеуметтік мәдениет	82
Әлеуметтік желі және жастар	86
Ғаламторды дұрыс пайдалана білу – үлкен білім көзі	89
Сөзден тосылу	91
ТОПТЫҚ ЖҰМЫС	94

V ТАРАУ. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ

Дін мен мәдениет байланысы	96
Ар-ұждан – сенімнің өлшемі	99
Өзін-өзі тәрбиелеу.....	101
Психологиялық пәрмен немесе қазақы тәрбие	102
Адалдық (әңгіме)	106
Жат қылықтар туралы.....	110
Әкеге хат (сырласу)	113
Адалдық – адам бойындағы таза ниет, бағалы қасиет.....	117
Шәкәрім философиясындағы абырой, намыс, ұждан ұғымдары.....	120
Ар-ұят, намысты сақтау – әдептіліктің белгісі	123
ТОПТЫҚ ЖҰМЫС	126

VI ТАРАУ. ТІЛІМ – БАЙЛЫҒЫМ

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі.....	127
Тіл – татулық тірегі	130
Әсемпаз болма әрнеге	132
Сөздің құны мен құдіреті	135
Сөз құдіреті	138
Тіл экологиясы	140
Шығыстың сөнбес жұлдыздары	143
Сөз бұзылса, ой да бұзылады.....	143
Дәмді палау	145
Тұрсынбек әзілдерінде кездесетін бір дүниелер.....	147
ТОПТЫҚ ЖҰМЫС	149

VII ТАРАУ. ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯ

Мақал-мәтелдер, астарлы сөздер және идиомалар.....	150
Сөздің астары – ойдың астары	151
Ғылым мен технология.....	156
Ғылым мен технология адам баласының игілігі үшін.....	160
Нобель сыйлығының тарихына бір назар	163
Рене Сюдли Прюдом	166
Силикон алқабы (Кремний алқабы): Американың технологиялық орталығы және туристік ыстық нүкте	170

Сананы торлаған ғаламтор немесе кітапқа құлықсыз қоғам.....	173
ТОПТЫҚ ЖҰМЫС	177

VIII ТАРАУ. ЕГЕРДЕ БАЙ БОЛСАМ

Байлық.....	178
Байлық – қоғамға және жеке адамға қатысты материалдық игіліктер мен рухани құндылықтар	179
Адалдық пен арамдық	182
Әке мен бала диалогы	184
Баяғыда қазақ байлары қандай болған?.....	187
Байлық пен кедейлік туралы тәмсіл	191
ТОПТЫҚ ЖҰМЫС	193

IX ТАРАУ. КИНОИНДУСТРИЯ

Авторлық құқық.....	194
Кино өнері	196
Кинематограф туралы жалпы түсінік	199
Алғашқы қазақ киносы	201
ТОПТЫҚ ЖҰМЫС	204

X ТАРАУ. АДАМ МЕН ТАБИҒАТ

Табиғатпен байланысты он бір фраза	205
Табиғат және адам.....	208
Қызыл кітаптың беттері	209
Қызыл кітап – халықаралық дәрежедегі кітап	211
Экологиялық дүниетаным.....	213
Табиғат құбылыстары	215
Табиғатты қорғау – біздің парызымыз.....	217
Табиғат – тіршіліктің қут-берекесі.....	218
Адам жанының суреткері.....	220
ТОПТЫҚ ЖҰМЫС	222

АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты оқушылар! Сендер Өзбекстан Республикасының азаматысыңдар. Еліміздің мемлекеттік тілі – өзбек тілі, дегенмен Өзбекстан Республикасында жасап жатқан ұлт өкілдері 7 тілде білім алып келеді. Солардың қатарында жүрегі қазақ деп соққан ел азаматтары да өзінің ана тілінде, яғни қазақ тілінде білім игереді.

Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Қазақ тілі әлемдегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр. Осындай тілдің мұрагері болу, оның грамматикалық құрылымы мен тіл байлығын игеру қандай ғажап! Қазақ тілі – түркі тілдері ішіндегі сөздік қоры ең үлкен тіл ғана емес, сонымен қатар әлемдегі ең таза тілдердің бірі. Қазақ тілі көптеген маманның пікірінше диалектісі жоқ тілдердің бірі саналады. Ал мұның алдында диалекті деп айтып жүрген құбылыс говорға немесе сөйленіске жақын үрдіс қана көрінеді.

Қазақ тілі – әуезді тіл. Тіл әуезділігін сақтау үшін орфоэпиялық норманы сақтап сөйлей білу қажет-ақ, ал сауатты жазудың лексикалық, грамматикалық, пунктуациялық нормалары бар. Ана тілінің осындай заңдылықтарын білу, атадан балаға мұра боп қалған тілімізді келер ұрпаққа жеткізу – сендердің борыштарың.

Қолдарыңда бұл «Қазақ тілі» оқулығы қоғамның белсенді бір мүшесі ретінде қалыптасуларыңа көмегін тигізеді хақ. Оқулықтағы «Қоғамның бір мүшесімін», «Құқық және борышымыз», «Мен және басқалар», «Махаббат – адам жанының асыл қасиеті», «Психологиялық тәрбие», «Тілім – байлығым», «Ғылым мен технология», «Бай болсам...», «Киноиндустрия», «Адам және табиғат» сияқты тақырыптар білімдеріңді толықтырып, ой-өрістеріңді дамытады. Оқулықтағы кейбір тапсырмалар қосымша ізденісті, қазіргі ақпараттық технологияның мол мүмкіндіктерін пайдалануды, шығармашылықпен жұмыс жасауды қажет етеді. Мұның бәрі ана тілінің құдіретін сезіндірумен бірге, сендердің тұлға ретінде қоғамның бір мүшесі болып қалыптасуларыңа ықпал ететінін білгейсіңдер. Сондықтан оқулықтан алған білімдеріңді күнделікті өмірде қолдана білуге тырысыңдар. Бұл оқулық сендердің ана тілін жетік меңгерген, ойын ауызша да, жазбаша да сауатты жеткізе алатын, туындаған мәселелерді еркін шеше білетін, шынайы өмірге бейім, жаңашыл азамат болып қалыптасуларыңа септігін тигізеді деп сенеміз.

Оқулық авторлары

I ТАРАУ

МАХАББАТ – АДАМ ЖАНЫНЫҢ ЕҢ АСЫЛ ҚАСИЕТІ

Бұл бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

1. Оқшауланған тұлға, ұлттық және түрлі халықтарға сай салт-дәстүрлер, ат қоюмен байланысты салт-дәстүрлер, адамның қоғамдағы орны туралы танымдық мәтіндермен танысып, талдау жасайсыңдар.
2. Оқылған және тыңдалған мәтіндер негізінде анық және жасырын ақпаратты түсіну, пікір білдіру дағдыларын дамытатын жаттығуларды орындайсыңдар.
3. Ауызша әдеби тілде ойды жеткізуге дайындық ережелері, ойдың орындалу тәртібі (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды), мәтін тақырыптарымен, таңдалған тақырып бойынша жазуға материалдар жинау, тыныс алу және толқуды басқару ережелерімен танысасыңдар.
4. Паронимдер, көнерген сөздер, ауыспалы мағынадағы сөздер, төл және төлеу сөз, сөз тіркестері, фраза мен болымсыздық форма стилистикасы, бас әріптердің емлесі, есімдіктің стильдік мүмкіндіктері туралы білімдерін толықтырасыңдар.



1-тапсырма. Төменде берілген мәтінмен таныс болыңдар.

МАХАББАТ ЖӘНЕ БІЗ

1. Махаббат деген ұғымды қалай түсінесіңдер?
2. Бұл сөзді естігеніңде көз алдыңа кім және не елестейді?
3. Бұл сөзді естігеніңде көңілің қай халге түседі?
4. Махаббатқа сенесің бе?



Махаббат – адам жанының асыл қасиеті, асқақ мұраты, таным тұғыры, риясыз, ынтық, нәзік сезімі.



2-тапсырма. Өлең жолдарын оқып, мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтінді жаттап алыңдар. Өлең соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

МЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ БАР БОЛСА ДА...

Мың жұлдызы болса да, байқамайсың басқаны,
Бір жұлдыздан тұрады, махаббаттың аспаны.
Сол бір жұлдыз жанады, сол аспанды жарық қып,
Жарықта да түк көрмес ғашық болған жарықтық!

Сол жұлдызсыз белгілі, оның естен танары,
Маңдайда емес, жүректе –
Ғашықтардың жанары.
Сол жүреппен қараймын, сол жұлдызға сүзіліп,
Шаңыраққа ілінді ол, көк аспаннан үзіліп.

Мың жұлдызы болса да, байқамайсың басқаны,
Бір жұлдыздан тұрады шаңырақтың аспаны!

Қадыр Мырза Әли



1. Өлеңде ауыспалы мағынаның қай түрі кездеседі?
2. Не үшін махаббаттың аспаны бір жұлдыздан тұрады?
3. Не үшін ғашықтардың жанары маңдайда емес жүректе?
4. «Шаңырақтың аспаны» дегенде нені түсінесің?
5. Көк аспаннан үзілген жұлдыз қалайша шаңыраққа ілінеді?
6. Өлеңде қандай сөз тіркестері кездеседі?



3-тапсырма. Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар да, мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

МАХАББАТТЫ ҚАЛАЙ ТҮСІНЕМІН?

Ұнату, ғашық болу, жақсы көру, сүю ұғымдарының ара жігіне тоқталатын болсақ, бұлардың бәрін бір ұғыммен «махаббат» деп атаймыз. Махаббат ұғымы барлығына қаратып айтыла беретін ұғым. Мысалы, Отанды сүю бар да, адамды сүю бар. Екеуі екі бөлек ұғым. Отанды жақсы көру бар, бірақ Отанға ғашық болу деген сөз жоқ. Ата-анаңа жақсы көремін деп айтасың, бірақ ғашық болдым деп айта алмайсың. Ал, басқа халықтарда мұның бәрін бір атаумен атай береді. Мысалы, орыстар: «Я люблю тебя», «Я люблю тебя, Родина», «Я люблю тебя, Мама». Бітті. Біздегі аталған төрт сезімнің бәрі көбінесе ер мен әйел арасында болатын сезімдер. Жігіт пен қыз (махаббат жастыққа тән сезім болған соң, жігіт пен қыз деп алып отырмыз) арасындағы сезімдердің ара-жігін ажыратып көрейік.



Махаббат – Алланың адамға берген ең басты сыйы. Махаббаттың үш түрі болады: ұлы махаббат; жан махаббаты; тән махаббаты.

1. Ұлы махаббат – Жаратушының өзі жаратқан барлық жаратылысқа деген ерекше ұстанымы, барлық ғарыштың басын біріктіріп тұрған ұлы заңдылығы.

2. **Жан махаббаты** – Ұлы махаббатқа тартылыс, Отанға, елге, жерге, ана мен балаға тағы сол сияқты рухани құштарлық.

3. **Тән махаббаты** – пәк сезім, ол күнәсіз құмарлық және дүниеге ұрпақ әкелуге байланысты аналық пен аталықтың табысу, қауышуының алғы себебі. Сондықтан, бұл сөзді орынсыз пайдаланба және қорлама. Жай құштарлық немесе сүйіспеншілік сезімдерімен шатыстырмау қажет.



1. Махаббат ұғымын қалай түсінесің?
2. Орыс тіліндегі «люблю» сөзі қандай мағынаны аңғартады?
3. Не үшін біз махаббатты – «Алланың адамға берген ең басты сыйы» деп атаймыз?
4. Махаббаттың қандай түрлері бар?
5. Ұлы махаббат дегенде нені түсінеміз?
6. Жан махаббаты дегенде нені түсінеміз?
7. Тән махаббаты қандай махаббат?



Фраза (грекше «*phrasis*» – сөйлемше) – тіл білімі мен музыкада қолданылатын термин. Фраза – ең ірі фонетикалық бірлік.

1. Аяқталған ойды білдіретін сөйлеудің негізгі бірлігі. Фраза тұтастығы белгілі бір синтаксистік құрылымның интонациялық құралдары арқылы жасалады. Кей жағдайда фразалық құрылым сөйлемнің бір бөлігі бола алады.

2. Терминологиялық қолданыстарда сөйлем деген ұғымды да білдіреді;

3. Екі жағынан да пауза арқылы интонацияға негізделген мағыналық бірлік. Қазақ тіл білімінде **фразеологизм** деген сөздің орнына кейде **фразалық тіркестер** деп те қолданылады.



4-тапсырма. Төменде берілген мәтіннен махаббатпен байланысты сөздерді анықтаңдар. Синоним сөздерге мән беріңдер.



Ұнату – алғаш көргенде жігіт қызды ұнатуы мүмкін. Кейбір алып-ұшпа сезім иелері, бір көргеннен сүйдім-күйдім деп жатады. Бұл махаббат деген сөз емес. Бұл махаббаттың алғашқы сатысы ғана.



Ғашық болу – ұнатудан жоғарырақ сезім. Сіз өміріңізде жүз адамға ғашық болуыңыз мүмкін, бірақ мұны махаббат деп шатастырып алмау қажет. Ғашық болу ұнатудан жоғарырақ сезім болғанымен, жауапсыз махаббат сияқты, яғни біржақты махаббат.

3

Жақсы көру – сезімдердің ең аяулысы, жан үйлесімдігі. Ұнатқан, ғашық болған адамыңызбен сөйлесіп, білісіп жан сарайына үңіліп, өзіңізбен сәйкес келетінін сезіну сезімі. Кейде жақсы көру сезімі сүюден де жоғары тұрады. Мұнда тән үйлесімсіз жан үйлесімі салтанат құрады. Ақындардың Музасына өлең арнатып, жырға қостыратын күштің артында осы жақсы көру сезімі тұрады.

4

Сүю – жоғарыдағы сезімдердің соңғы сатысы. Мұнда тән, жан үйлесімдігі бір арнаға тоғысады. Міне, Махаббат дегеніміз осы болар.

5

Махаббат – адам жанының асыл қасиеті, асқақ мұраты, риясыз, ынтық, нәзік сезімі.

Махаббат деген **сүйіспеншілік, ынтызарлық, ғашықтық** деген сөздердің баламасы ретінде айтыла береді. Махаббат бүкіл әлемді ұйымдастырып тұрған бастапқы күш.

?

1. Махаббаттың алғашқы сатысы не?
2. Ғашық болу қандай сезім?
3. Сезімдердің ең аяулысы, жан үйлесімдігін не деп ойлайсың?
4. Тән үйлесімсіз жан үйлесімін қалай түсінесің?
5. Ұнату, ғашық болу, жақсы көру, сүю сияқты сезімдердің ең соңғы сатысын не деп атауға болады?
6. Бүкіл әлемді ұйымдастырып тұрған бастапқы күшті не деп ойлайсыңдар?
7. Сүю, жақсы көру, ғашық болу ұғымдарын өздерің қалай түсінесіңдер?
8. Шағын мәтіндегі сөйлемдерді фразаларға ажыратыңдар.

?

Ұнату, ғашық болу, жақсы көру, сүю сияқты сөздерді пайдаланып, шағын мәтін құрастырыңдар. Мәтінге ат қойыңдар. Мәтінде тұрақты сөз тіркестерін қатыстырыңдар.

?

5-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнымен таныс болып, төменде берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

Бір әйел үйінен шығып бара жатып, кіре берістен ұзын ақ сақалды үш қарияны көреді. Әйел оларды танымай, былай деді:

– Мен сіздерді танымаймын, бірақ сіздердің қарындарыңыз аш болар. Өтінемін, үйге кіріп бізбен бірге түскі ас ішіңіздер.

– Біз үйге бірге кірмейміз, деді олар.

– Неге екенін білуге бола ма?

Ақсақалдардың бірі әрқайсысына нұсқай отырып түсіндірді:

– Мынаның аты – Байлық, ал екіншісінің аты – Жетістік, менің атым – Махаббат. Үйіңе қайтып бар да, қайсымызды шақыратындарыңды жолдасыңмен ақылдасып, шешіңдер. Әйел адам үйіне барып, болған жайды күйеуіне айтады. Күйеуі қуанып, былай дейді:

– Қандай жақсы! Байлықты шақырайық! Біздің үйімізге кіріп, молшылыққа толтырсын! Әйелі күйеуімен келісетініне сенімсіз болып:

– Қымбаттым менің! Бізге неге жетістікті шақырмасқа?

– Махаббат дұрыс сияқты? – деді барлығын естіп, жүгіріп кірген қызы. Ойлаңдаршы, үйіміз махаббатқа толса қандай керемет болар еді?

– Қызымыздың айтқанын жасайық, – деді күйеуі әйеліне. – Шықта, махаббатты біздің қонағымыз болуға шақыр. Әйел шығып үш ақсақалдан сұрады:

– Сіздердің қайсыларыңыз махаббатсыз? Өтінем, жүріңіз, біздің қонағымыз болыңыз. Ақсақалдардың біреуі тұрып, үйге беттеді. Қалған екеуі тұрып, оның соңынан ерді. Таңданған әйел Жетістік пен Байлықтан қарап:

– Мен тек Махаббатты шақырдым, сіздер неге еріп келе жатырсыздар?

Олар былай деді:

– Егер тек Байлықты немесе тек қана Жетістікті шақырсаңыз, басқалары сыртта қалар еді. Ал сіз Махаббатты шақырдыңыз, ол қайда барса да, біз соның соңынан ереміз.

С. Давлатов. «Ақша және мен» кітабынан.



1. Мәтіндегі ұзын ақ сақалды қариялар кімдер еді?
2. Не үшін әйел адам үш қарияны қонаққа шақырады?
3. Қариялар өздерін әйел адамға кім деп таныстырады?
4. Әйел адам күйеуімен ақылдасып, олардың қай бірін үйге ас ішуге үндейді?
5. Не үшін қонаққа Махаббатты шақырғанда Жетістік пен Байлық та мұнымен бірге үйге кіре бастайды?
6. Шығарманың идеясын қалай түсіндірген болар едің?
7. Төл және төлеу сөздерді тауып, олардың тыныс белгілеріне назар аударыңдар.



Эссе – прозалық әдеби жанр. Француз тілінен аударғанда «очерк» немесе «нобай» деген мағынаны білдіреді. Эссе философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің тұрақталған,



қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше толғап, әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын жанры. **Әдебиеттегі эссе** – соны пікірлерге көбірек мән беріліп, оқырманды ой теңізінде жүздіретін таңдай қақтыратын, өзінше ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын, қаныңды қыздырып, рухани әлеміңе азық сыйлайтын, дүние құбылыстарын өткір қабылдауымен ерекшеленетін көркем туынды. Эссе табиғаты сыршыл сезімге, тіл бояуларының айрықша салтанатына, әшекейлі композицияға құрылады.



YouTube арқылы төмендегі адрестен (ссылка) пайдаланып «Махаббат – өмір өзегі» тақырыбы бойынша видеоролик пен видеосабақтарды тыңдап, өздерің шағын эссе жазыңдар.



1. <https://www.youtube.com/watch?v=FCPVBCeFQxc>
2. <https://www.youtube.com/watch?v=Qv5oxT2cM84>



6-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, мазмұнын ұғып алыңдар да, мәтін соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер

МАХАББАТ ПЕН УАҚЫТ

Бір кездері «Қуаныш», «Қайғы», «Ақыл», «Махаббат», «Байлық», «Тәкаппар» тағы басқа барлық сезімдер бір аралда өмір сүріпті. Бір күні арал суға бата бастайды да, жаңағы барлық сезімдер кемелеріне отырып, аралдан алыстауға асығады. Тез арада бос кеме қалмай қалады. «Махаббат» кемеге отырып үлгермей қалады да, кемесіз қалып қалады. Аралдың тез батып бара жатқанын көріп, «Махаббат» басқа сезімдерден көмек сұрауға жүгіреді. «Байлық» өте үлкен кеме ішінде жалғыз отыр екен. Сонда «Махаббат»: – «Байлық», мені қасыңа алшы, маған кеме жетпей қалды, – деп жалынады. Сонда «Байлық»:

– Жоқ, мен сені қасыма ала алмаймын, кемемде алтын мен күміс өте көп, сол себепті саған орын жоқ! – деп жауап берді.

Содан «Махаббат» өте әдемі кеме ішінде кетіп бара жатқан «Тәкаппарлықты» көріп, оған:

– «Тәкаппарлық», маған көмектесші, жалғыз қалып барамын! – деді. Сонда «Тәкаппарлық»:

– Саған көмектесе алмаймын, үсті-басың су болып қалды, кемемді кірлетесің! – деп жауап береді.

Сол арада қастарынан «Қайғы» өтіп бара жатыр екен. «Махаббат» «Қайғыға» дауыстап:

– «Қайғы», сенімен барайыншы... дейді. Сонда «Қайғы»: – Уф, «Махаббат», сондай қайғылымын, жалғыз қалғым келеді, – деп кете береді.

«Қуаныш» та «Махаббаттың» қасынан өтіп бара жатады. «Қуаныш» шаттанғанынан «Махаббаттың» айқайлап көмек сұрап жатқан сөздерін естімей өтіп кете беріпті.

Бір кезде «Махаббат»: «Кел, Махаббат, сені қасыма алайын», – деген біреудің жағымды дауысын естиді. Бұрылып қараса, оны шақырған жасы үлкен бір ақсақал екен. «Махаббат» қуанып, оның кемесіне отырып алады. Жаңа аралға келген кезде «Махаббат» ақсақалдың кім екенін сұрауды ұмытқанын түсінеді. Ақсақал болса ба-
яғыдан-ақ кетіп қалған еді. «Махаббат» «Ақылдың» қасына барып сұрайды:

– Маған көмектескен ақсақал кім болды екен?
– А-а-а, ол ма? Ол – «Уақыт»!
– «Уақыт»? Маған неге көмектескенін білесің бе?
– Өйткені тек «Уақыт» қана «Махаббаттың» қаншалықты маңызды екенін түсіне алады... – деген екен.



1. Аралда өмір сүріп жатқан қаһармандар кімдер еді?
2. Арал суға шөге бастағанда қаһармандардың қайсы бірі кемесіне үлгермей қалады?
3. «Махаббатқа» неге басқалар көмек бермейді?
4. «Махаббатқа» кім көмек көрсетеді?
5. Махаббат пен уақытты дұрыс бағалап, дұрыс ұштастыру үшін не істеу қажет?
6. Жоғарыдағы әңгіменің тәрбиелік мәні неде деп ойлайсыңдар?
7. Мәтіндегі оқшау сөздерге мән беріңдер.
8. Төл сөздің тыныс белгілеріне көңіл бөліңдер.



7-тапсырма. Суретке қарап шағын мәтін құрастырыңдар да, суреттегі баланың орнына өзінді қойып, сен нені таңдаған болар едің?

Ал сіз нені таңдар едіңіз?





8-тапсырма. Берілген өлең жолдарын мәнерлеп оқып, мазмұнын ұғып алыңдар. Өлеңді жаттап алыңдар.

МАХАББАТТЫҢ ЖАЗЫЛМАҒАН ЗАҢЫ

Жол бұралаң, сезім тура, ой тура,
Жол түскен соң болмас кейін қайтуға.
Сүйген адам сезімі үшін бақытты,
Болмайды оны бақытсыз деп айтуға.

Бұл жайлы көп мұңдаудың не орны бар,
Жандар да бар пәк сезімді қор қылар.
Махаббатты үйлену деп ойлайды,
Құдіреттің құнын білмес сорлылар.

Аз ба өмірде жылап жүріп күлгендер,
Құр күлкінің қасіретін білгендер.
Ойлашы өзің, аз ба мынау әлемде
Сүймей, сенбей тағдыр қосып жүргендер.

Өмір солай, күйзеліс көп, жұлқыс көп,
Болсын, мейлі, дінің түзу, тұрмыс тоқ.
Сүймей, сенбей тағдыр қоссаң біреумен,
Махаббатта бұдан асқан қылмыс жоқ.

(Мұхтар Шаханов)



1. Қай уақытта адам өзін бақытты санайды?
2. Пәк сезім дегенде нені түсінесің?
3. Махаббатта қандай қылмыс болуы мүмкін?
4. Махаббатты сен қалай түсінесің?
5. Өлең жолдарында ауыс мағынада қолданылған сөз не сөз тіркестерін табыңдар да, оған түсінік беріңдер.
6. Өлең жолдарындағы туынды сөздерге мән беріңдер.



9-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын терең ұғыныңдар да, төменде берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

МАХАББАТ ФИЛОСОФИЯСЫ

Махаббат деген не өзі?! Сағыныш па, әлде тәтті мұң шығар?! Махаббат – адамгершілік негізі, мейірімнің көзі, инабат тәрбиесі, сезім тұнығы. Адамдардың арасындағы тартылыс заңы да сол махаббатқа сүйенеді. Жүрегінің жылуы мен қайырым шапағаты мол, өмір бойы адамға ғашық болып өткен Абайдың: Махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосыңдар, – деп айтқаны сондықтан. Махаббат бәрімізге таныс нәрсе сияқты, бірақ жастар махаббаттың мәніне үңіле бермейтіндей. Көптеген жастар үшін махаббат театрланған ойын сияқты. Махаббаттың мәнін түсіну үшін адамтану деген күрделі ғылымды

меңгеру қажет-ақ. Өдетте махаббат ұғымы оңды-солды, неге болса, соған қолданыла береді.

Махаббат тақырыбы әдебиетте, сонау көне заманнан бері сөз болып келеді. Ләйлі-Мәжнүн, Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Қыз Жібек эпостарын қоспағанда махаббатқа арналған рубаяттар мен ғашықтық қиссалар қаншама? Сонау Хауа-Ана мен Адам-Атадан бастап, бүгінгі күнге дейін тіл біткеннің бәрінде махаббат суреттеледі. Оның барлығын қамту мүмкін емес. Махаббат көп мағыналы түсінік. Ол үлкенге де, кішіге де ортақ.



Махаббаттың мәні биологиялық және рухани, жеке және әлеуметтік, интимді жалпыға ортақтасу сияқты қарама-қарсылықтардың бір жерде түйісуі арқылы анықталады. Алайда махаббат қандай формада көрінбесін, айталық, ананың балаға, ғашықтардың бір-біріне, адамның Отанға деген сезімі бұлардың арасында ортақ психологиялық байланыс бар.

Махаббатта сезім мен ақыл ұштасып, адам парасаты табиғи күш ретінде көрінеді. Өйткені жеке адам ұғымын оның сезімдік табиғатынан бөліп алып қарауға болмайды. Махаббат сезімдеріне бөленген адамда нәзіктік пен қызғаныш қасиеттері пайда болады. Өткінші сезімге қарама-қарсы нағыз махаббат өзінің жан толғанысының тереңдігімен, жүрек лүпілімен, бүкіл болмысымен ерекшеленеді. Махаббаттың осындай болмысын ұлы Абай: **Асыл адам айнымас, бір бетінен қайрылмас, Көрсем-дағы, көрмесем де, көңілім сенен айнымас,** – деп сипаттапты.

Жазушы-ақындар, ойшылдар, сазгерлер, суретшілер махаббатты құдіретті күшке теңеп, тарихтың өзгеруіне өз үлесін қосты дейді. Ғалымдар махаббаттың пайда болуының себебін, материалдық түп негізін түсіндіргісі келеді, бірақ оны түсіндіру ғаралымдардың қолынан келмейді. Арнайы махаббат туралы ғылымды көзге елестету мүмкін емес. Махаббат – ғылым тақырыбы емес. Махаббаттың мәні ер адам мен әйел заты арасындағы өзгешіліктерден басталса керек. Бұл көпшілікке мәлім. Әйелдің еркектен айырмашылығы белгілі.

Әйелдің еркектен айырмашылығы – оның сұлулықты сезетін нәзік жанында. Сұлулықтан қашқан әйел-қылықсыз әйел, яғни өз табиғатына қарсы болған жан. Сұлу емес әйел заты жоқ, сұлу болмауы мүмкін де емес. Мәселе тек қажетті қылықта, табиғи мінезде, сәбилік пәктікте, ұнасымды киінуінде. Сұлулық тек әйел өлшемі екенін ескеру керек. Сұлулық ер адамға қолданылмайтын өлшем, сұлу жігіт деу, оның жетістігі емес. Сұлу болу әр әйелдің қолында, ол бір. Екіншіден, сұлу әйел адам тағдыры, олай болса, әрбір әйел сұлулыққа ұмтылу керек, дегенмен сезімге берілмеу керек. Сезімдер тасқынына қарсы тұру үшін, оны арнаға түсіретін еркек мінез керек.

Ер адам атқара алмайтын іске әйел емін-еркін барады. Әйелдердің ондай ісін ерлік деп атау қиын. Себебі ерлік дегенді ер адамдар иеленіп алған. Ол да дұрыс. Ерлік деген – шектеулі әрекет, ал әйел атқаратын ғажайып іс ерліктен анағұрлым жоғары. Әйел мен ер табиғатын түсіндіретін діндер (христиан, ислам) ерлер мен әйелдерді оқытуда құдайға ғибадат жасауды бөлек жүргізген. Ресейде Қазан төңкерісіне дейін арулар оқу орны бөлек болған. Қазақстанда қыздар институты әлі де бар, оны сақтау қажеттілігі саяси ғана емес, табиғи қажеттілік. Әйелдің жазуы да ерлерге қарағанда өзгеше, дауысы да, жүріс-тұрысы да бөлек. Әйел жанын түсіну өзгеше табиғат, өзгеше таным тәсілін талап етеді.

Махаббат, ғашықтық, әйел ойлары туралы терең түсініктерді, жырлар мен романдарды кімдер жазды? Әлемдік өнер классиктерінің көпшілігі ерлер, олар өздерінің негізі тақырыбына әйел болмысын алды. Қауым білетін Гомердің Иллиадасы мен Одейссеясынан бастап, барлық классиканың өнер мен әдебиет туындыларын қарасақ, бірінші орында – әйел мәселесі. Әйелсіз қоғамда қозғалыс болмайды. Поэзияның өзі – әйел тақырыбын негізге алған өнер саласы. Мұхтар Әуезов: **«Әйел – өмір тірегі»** деген болса, Ф. Достоевский: **«Сұлулық дүниені құтқарады»** дейді, Абай болса: **«Өмір негізі сұлулықта, ал сұлулық деген әйелден өзге нәрсе емес»**, – дейді.

Айталық, ғашықтық жырларда Қозы үшін Баян, Ромео үшін Джульетта өмірін қияды. Сүйгені үшін өмірін қиюға әйел заты дайын. Міне, осыдан кейін махаббат ұғымын толық түсіну үшін оның ғашықтықтан айырмашылығын білу керек. Шығыс поэзиясында ер адамның әйелге, әйелдің ер адамға деген ыстық құштарлығына бас ию бар. Поэтикалық мифте Мәжнүн таудағы тасқа да, өзен суын да, өскен ағашқа да Ләйлі деген, демек ол үшін жаралған дүние – Ләйлі, ал Ләйлі осы дүниедегі қыз есімі ғана. Сондықтан ғашықтықты махаббат синонимі деп қарастыруға болмайды.

Махаббат мәні – терең, ол тек сезім емес, сонымен қатар жан рахаты, тән ұқсастығы және сонымен қоса жан ұқсастығы. Махаббат – екі адамның қосылуы, ал әрбір жеке адам табиғаттағы құбылыстардай қайталанбайды. Көбіне адамды адам қылған да махаббат.



1. Адамдардың арасындағы тартылыс заңын қалай түсінесің?
2. Махаббат – театрланған ойын. Бұл сөзге сенің көзқарасың қандай?
3. Қайсы лиро-эпостық жырларда махаббат тақырыбы көтерілген? Мысал келтіріңдер.
4. Адам парасаты қай уақытта табиғи күш ретінде көріне алады?
5. «Жан толғанысы», «жүрек лүпілі», «сезімдер тасқыны» деген тіркестерге түсінік беріңдер.
6. Ер адам мен әйел заты арасындағы қандай өзгешеліктер бар?
7. Махаббат, ғашықтық, әйел ойлары туралы терең түсініктерді, жырлар мен романдарды кімдер жазды?
8. Махаббатты сен қалай түсінесің?
9. Мәтін құрамынан болымсыздық мәнін білдіретін сөздерді тауып, олардың жасалуына назар аударыңдар.



10-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен төл және төлеу сөздерді теріп жазыңдар, олардың тыныс белгілеріне назар аударыңдар. Сұраулы сөйлемдерді тауып, оның жасалу жолдарына мән беріңдер.



11-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен бірыңғай мүшелерді тауып, олардың жасалу жолдары мен тыныс белгілеріне көңіл бөліңдер.



12-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен синоним сөздерді тауып, олардың қай сөз табына жататындығын аңғарыңдар да, синтаксистік қызметін біліп алыңдар.



Қазақ тілінде де тұлғасы әр түрлі болғанымен, мағыналары бір-бірімен жақын сөздер көп-ақ. Айтылуы, естілуі, жазылуы әр алуан, мағыналары бір-біріне жақын, жуық мәнді сөздер **СИНОНИМ** деп аталады.

Синоним сөздердің мағынасы бір-біріне қанша жақын болғанымен, өзара бір-бірінен аздап қана айырмасы болады да, әр уақытта бірінің орнына бірі қолданыла бермейді. Синонимге тән негізгі белгілер:

- синоним сөздердің дыбысталуы әр түрлі болады;
- синоним сөздердің мағынасы бір-біріне жақын болады;
- синоним сөздер бір сөз табынан болады.



13-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнын ұғып алыңдар да, ондағы синоним сөздерді тауып, олардың жасалу жолдарына мән беріңдер.

ТАБИҒАТТЫҢ ЕҢ ҚЫМБАТ ҚАЗЫНАСЫ...

Адамнан және оның денсаулығынан артық қандай қазына болуы мүмкін. Ал сол денсаулықты күту, сақтау адамның өз қолында екендігінде тағы дау болмас. Денсаулық кепілі – таза-лық десек, ол адамның рухани, мәдени деңгейі мен кісілігі, тәрбиесінің маңызды көрсеткіші болмақ. Адамдардың түр-түсі, бет-бейнесі, тұла бойының сәнділігі, айналасына тартымдылығы да оның денсаулығынан хабар берсе керек. Ал адамдардың бір-біріне деген шынайы адамгершілік қатынасы, адалдығы, сыйластығы да жаны таза, ойы кіршіксіз, ниеті түзу адамдардың көптігімен бағаланары тағы өмір шындығы. Әсіресе адамдармен тығыз



байланыста жұмыс істейтін мамандық иелерінің адами қасиеттерінің биік болуы, сыпайылығы, мәдениеттілігі керек-ақ. Кейде өкінішке орай ондай қарым-қатынастарға зәру болып жататын кездеріміз аз емес. Басың ауырып, балтырың сыздағанда бірден ауруханаға аяңдайсың. Жол бойы қандай дәрігерге тап келем деген ой ауырған жеріңді одан әрі сыздата түседі, көңіліңе еріксіз қонақтаған үрей де үстемеленеді. Егер алдыңнан маңдайы жарқырап, ашық-жарқын дәрігер ұшыраса, сырқатыңның біраз бөлігі өз-өзінен азая бастайды. Шіркін әркез осындай ақ халатты абзал жандардың қатары молая түссін делік.

Шынында да үйде де, түзде де тазалық сақталғанда, мәдениеттілік, салиқалық, кісілік туралы сөз қозғау орынды. Ал адамның ішкі жан дүние тазалығын кір шалдырмау үшін оның рухани дүниесінің пәктігін қорғау қиын болса да әрқайсысымызға керек қағидат. Сондықтан тазалықты сақтау жай ғана таза жүру, денсаулыққа негіз қалау, ауру-сырқаудың алдын алу ұғымдарынан әлдеқайда кең, сайып келгенде адамдық кемелдік туралы ұғым болып саналады. Тазалық – саулық кепілі, саулық – байлықтың негізі. Бүгінгі ақ халатты абзал жандардың алғырлығы мен өз кәсібіне деген махаббаты бәрімізді қуантады. Ылайым, отбасында да, жұмыста да тазалықты ту еткен қыз-келіншектеріміз көп болғай.



1. Қазына деген сөзге қалай түсінесің?
2. Не үшін тазалықты денсаулық кепілі деп ойлайсың?
3. «Ақ халатты абзал жандар» кімдер?
4. «Тазалықты ту ету» деген тіркес қандай тіркес болып саналады?
5. «Саулық – байлық негізі» дегенде нені аңғарасың?
6. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері дегеніміз не? Олардың тыныс белгілеріне көңіл бөліңдер.
7. Синонимдердің жасалу жолдарына назар аударыңдар.
8. Мәтін ішінен сызықшаның атқарып тұрған қызметін біліп алыңдар.



14-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен қос сөздер арқылы жасалған синонимдерді теріп жазыңдар да, сөйлем ішінде оның не үшін қосарланып келгендігін түсіндіріңдер.

Үлгі: түр-түсі



Жоғарыдағы мәтін ішінен бірыңғай мүшелі сөздерді теріп жазыңдар да олардың қай сөз табына жататындығын анықтаңдар. Ол сөздер сөйлемде қандай синтаксистік қызмет атқарып тұрғандығына назар аударыңдар.



Сөйлемнің бірыңғай мүшелері – сөйлемнің бір ғана мүшесінің қызметін атқаратын, бір ғана сұраққа жауап беретін, көбінесе бір тұлғада, бір сөз табынан жасалып, бір ғана сөзге қатысты болатын сөздер тобы. Сөйлемнің барлық мүшелері де сөйлемнің бірыңғай мүшелері бола алады.



15-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнымен танысып, мазмұнын ұғып алыңдар. Ондағы бірыңғай мүшелі сөздерді тауып, олардың тыныс белгілерінің қойылу себебін анықтаңдар.

КӘСІБІҢ ӨРГЕ ЖҮЗСІН ДЕСЕҢ

Қазіргі таңда әрбір жеке тұлға өзіндік бір кәсіп иесі болуды көздейді. Жалақы алып отырған жұмысына қарап отырмай, екінші жақтан саудасын немесе кәсібін жүргізіп отырғандар да бар. Кәсіппен айналысатындардың бірі қайтсек те байлардың қатарынан боламыз деп мақсат қойса, ал енді бірі отандық бизнесті дамытатын, мықты кәсіпкерлер қатарынан болуды көздейді. Оның ішінде кәсібін адал жолмен де, арам жолмен де іске асырып жатқандар да жетерлік. Ал, сіз қалай ойлайсыз, кәсібіңіз өрге жүзсін десеңіз не істеу керек?



Ең бірінші адам баласында өз ісіне деген қызығушылығы, махаббаты және ниеті басымырақ болу керек. Ниетіңе орай күш-жігерің оянып, ойыңа түрлі идеялар келуі мүмкін. Кәсібің зат сату, тіс емдеу, қаржылай көмектесу, заң бойынша кеңес беру сынды кез-келген сала бола алады. Бастысы өз жұмысыңа деген талпынысың сені өрге жетелеуге жол ашады.

Кез-келген адаммен жақсы қарым-қатынас жасай білу керек. Адам баласы түрлі мінезде ғұмыр кешеді. Сіз мейірімді, ашық жарқын болсаңыз тіптен жақсы. Күліп қарағанға одан сайын күлімдеп, көмек көрсеткенге аянбай қол ұшын созып тұру қажет. Қол астыңыздағы жұмысшылармен де сыпайы әрі орынды аралассаңыз, оларда сізге бағынуға тырысады. Сонда ғана бір-бірлеріңіздің көңілдеріңізді табу оңай болмақ.

Әрине, кәсіп бастағаннан кейін, ең алдымен, адал табыс көзін ойлап тұру қажет. Біреуге деген зияныңыздан пайдаңыз көп тисе, сол жақсы. Бойыңыздағы бар ықыласыңызбен тұтынушыға өз жұмысыңызды немесе затыңызды еркін ұсыныңыз. Бастысы ол оған пайдалы болуы тиіс. Ешкімнің ала жібін аттамай, біреудің нанын жемей, өз пайдаңызға ғана өмір сүрмей күн кешіңіз. Алдап-арбау, коррупция сізді ешқашан адал пайда көзін табуға әкелмейді.

Айналысатын кәсібіңіз адамдарға барынша пайдалы болуға тиіс. Сонда ғана сізде жақсы нәтиже болады. Мүмкін, сіз біреудің жаман ауруын емдейтін дәрі-дәрмек шығарып жатқан боларсыз. Немесе көпшіліктің көңілінен шыға алатын киім-кешек тігіп жатқан шығарсыз. Енді біреуге заң тұрғысынан кеңес беріп, басқаға үй алып беруге көмектесіп жатқан болуыңыз да мүмкін. Қысқасын айтқанда, тұтынушы сұранысын арттыратындай кәсіп жолын жасаған дұрыс.

Әрине, жоғарыда айтылғандардың бәрінен жақсы нәтиже көру үшін сіздің жасаған жарнамаңыз да маңызды рөл атқарады. Бір адам

затыңыздан немесе ақпаратыңыздан пайда алып жатса, ол келесі бір адамға міндетті түрде сол жайлы кеңес бере алуы тиіс. Сол үшін жасаған кәсібіңіз елге пайдалырақ болсын десеңіз, жарнаманы да жақсы жасауды ұмытпаған дұрыс.

(Құралай Жандарбек)



1. Кәсіп иесі болу керектігі неде деп ойлайсыңдар?
2. Кәсібіңіз өрге жүзсін десеңіз не істеу керек?
3. Кәсібін адал жолмен іске асырып жатқан кәсіп иелерінен кімдерді білесіңдер?
4. Өз ісіне деген қызығушылық пен махаббаты басым болуды қалай түсінесің?
5. Синоним дегеніміз не?
6. Бірыңғай мүше дегеніміз не?
7. Мәтін ішінен синоним сөздерді табыңдар да, оның жасалуына түсінік беріңдер.
8. Мәтін ішінен бірыңғай мүшелерді табыңдар.
9. Мәтін құрамынан омонимдерді табыңдар да, оны дәлелдендер.



16-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен антоним қатысқан сөйлемді тауып, ондағы антоним сөздердің не үшін антоним болғандығын анықтаңдар.

Үлгі: Оның ішінде кәсібін адал жолмен де, арам жолмен де іске асырып жатқандар да жетерлік.

Антоним болатын сөздер: Адал жол – арам жол



17-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен синонимдердің тұрақты тіркестер – бейнелеуіш құралдар арқылы берілуіне назар аударыңдар да, төмендегі кестені толтырыңдар.

Жеке сөз	Тұрақты сөз тіркесі
<i>Дәрігер</i>	<i>Ақ халаттылар</i>



Антоним – мән-мағынасы бір-біріне қарама-қарсы қолданылатын сөздер. Лексикологияда құбылыстың, ұғымның, сапаның, қимылдың тағы басқа қарсы мәндегі сөздердің мағыналары антонимдік жұп құрайды да, ал **заттың атауын білдіретін сөздердің антонимдік жұбы болмайды.** Сонымен қатар антоним қарама-қар-



сы мағына арқылы сөздердің мағыналық тұтастығы мен біртектілігін де білдіреді. Антоним сөздің дәл, нақты мағынасын салыстыру тәсілі арқылы айқындап, стилистикалық қызмет атқарады. Әсіресе, **мақал-мәтелдерде** жиі қолданылады. Қазақ тілінде **фразеологиялық** антонимдер де көп кездеседі.



18-тапсырма. Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

АДАМЗАТТЫҢ БӘРІН СҮЙ БАУЫРЫМ ДЕП...

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», – дей алыпты, адамзат данышпандарының бірі Абай Құнанбайұлы.

Біздің пайымдауымызша осыған дейін де, кейін де Абай сөзінен артық дүниежүзі халықтарын біріктіретін, бір-біріне бауыр етер осындай ұран сөз айтылмаған секілді. Замандар мен ғасырлар қай уақытта да өз данышпандарын өмірге келтірген. Сондай ұлы тұлғаларға ортақ бір қасиет, ол – адамзатты сүй, солар үшін еңбек ету.

Адам атты бауырларымызды екі топқа бөлуге болады: біріншісі – жаңағы айтқан адамсүйгіш данышпандар және соларға ерген бейбітшілік пен адамгершілікке құмар жандар болса, екіншісі – соларға қарсылар. Байлық пен билікті бейбітшілікпен жинақтай да алмайсың, қолда ұстап та тұра алмайсың. Байлық пен билік бәсекесі көбінесе не ұрлыққа, не зорлыққа ұрындырады. Бұлардың ұрандары да, рухани сұраныстары да белгілі. Оны орындау да қиын нәрсе емес. Солар, өз соңына еруге құмарлардың аузына айқай салып беріп қолына қару ұстатады да, қалаған жағына жұмсай береді. Шатаққұмарлар мен қанқұмарлар бәрін талқандап береді, бәрін қиратып береді: Ал, адамзаттың бәрін де бауырым деп жақсы көре алатын адамдардың басын біріктіру күрделі мәселе екенін тарих дәлелдеп берді. Олар тек жан алқымға келгенде ғана біріге алады, – дейді тарих.

Ізгі, қайырымды жандар дауласуға, жауласуға құмар емес. Олар өз міндеттерін атқара жүріп, реті келгенде кездесіп қалған мұқтаж жандарға қолынан келген көмегін, қайырым істерін көрсетіп, жай ғана өмірін сүріп жүре береді. Оларға бейбіт өмір сүру үшін айқайдың да, қарудың да қажеті жоқ. Бірақ екінші топтағылар деп отырғанымыз бұларға ондай мүмкіншілікті ылғи бере бермейді.

Олар туғызатын күнделікті тіршіліктегі қиянаттар мен ауыртпалықтар, ауық-ауық қырғын соғыстар адамзаттың ғасырлар бойы арқалар ауыр жүгі мен қайғы қасіреті болып келеді.





Осылардан құтқару, адам пенделерін бейбітшілік пен достықта өмір сүргізу әзірге ешкімнің қолынан келе қойған жоқ, бірақ күрес жүріп жатыр. Қай заманның да адам сүйгіштері бұл мәселені күшпен емес, адамдарды рухани жетістіру арқылы шешуге тырысуда. Олардың ішінде көбірек табысқа жеткендер, елді дін арқылы біріктіру жолындағылар. Негізгі құрал – Аллаға сену, оған құл болу, табыну. Солай бола алсаң – қамшының сабындай қысқа ғұмыр қызығы үшін бірінді-бірің азапқа салып жатпайсың. О дүние қамын ойлайсың. О дүние қамы адамдарды жауластырмайды, достастырады. Бір-біріне бауыр етеді. Сонда адам аз күн тірлігін рахатпен өткізу үшін бұл тірлікте не істеуі қажет?

Дін жолы бұған жауап оп-оңай дейді. Адамды дос тұт, Алланды сүй – бар болғаны осы. Қожа Ахмет Яссауи бұл мәселені адамдардың Аллаға деген махаббаты арқылы, махаббат болғанда да ғишқ сезімі («ғишқ» – адамның Аллаға деген тойымсыз махаббат сезімі) арқылы шешкісі келеді.

Абай секілді озық ойшылдар бұл мәселені шешудің басты жолы, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» дей отырып, адамзаттың бәрін де өз бауырындай жақсы көру дейді.



Ойшылдар мен ғұламалар, дін мен мемлекет қайраткерлері жер бетінде бейбітшілік орнату, адамдарды достықта өмір сүргізу үшін бар ғұмыры мен ойын, ақылы мен әрекетін осыған бағыттап келеді. Қайырым мен ізеттік, бейбіт өмір мен сыйластық адам қоғамына – күнделікті бір демдік ауадай, бір үзім нандай, бір жұтым судай қажет нәрсе екенін дәлелдеумен мыңдаған жылдар бірінің артынан бірі өтіп жатыр. Қажеттігі дәлелденді. Қажет ететін адамдар бар, бірақ қажет ететін адамзат қауымы аз болып тұр.

(Сайын Назарбекұлы)



1. Абай Құнанбаевтың данышпан сөзінің мән-мағынасын қалай түсінесің?
2. Адам атты бауырларымызды қалай екіге бөлуге болады?
3. «Шатаққұмар», «қанқұмар» деген сөздердің мәнін түсініңдер.
4. «Бауырым» деген сөзді қалай түсінесің?
5. Қалайша елді дін арқылы біріктіру мүмкін?
6. Қожа Ахмет Яссауи Аллаға деген махаббатты қалай түсіндіреді?
7. Адамзаттың бәрін де өз бауырындай жақсы көруді Абай қалай баяндайды?
8. Бейбіт өмір мен сыйластық адам қоғамына қаншалық қажет деп ойлайсың?



19-тапсырма. Төменде берілген мәтін құрамындағы сөз тіркестеріне мән беріңдер де, өз ойларыңмен, өз түсініктеріңмен бұл тіркестерді түсіндіріп, баяндап беріңдер.

Ұран сөз; ұлы тұлғалар; адамсүйгіш данышпандар; байлық пен билік бәсекесі; аузына айқай салып; жан алқымға келгенде; ізгі-қайырымды жандар; мұқтаж жандар; қайырым істер; бейбіт өмір; ғасырлар бойы арқалар ауыр жүк; қамшының сабындай қысқа ғұмыр; о дүние; бір-біріне бауыр; ғишқ сезімі; тойымсыз махаббат сезімі; бір демдік ауадай; бір үзім нандай; бір жұтым судай; адамзат қауымы.



Жоғарыдағы мәтін ішінен бірыңғай мүшелі сөздерді теріп жазып, олардың жасалу жолдары мен тыныс белгілеріне мән беріңдер. Синонимдерді теріп жазыңдар да, олардың неліктен синоним екендігін анықтаңдар.



20-тапсырма. Мәтінді оқып, махаббат ұғымы туралы пікір алмасыңдар. Мәтін ішіндегі төменде берілген сөздердің синонимдерін тауып, дәптерлеріңе жазыңдар.

Өмір, артық, бауыр, заман, данышпан, еңбек, бейбітшілік, байлық, билік, зорлық, қиын, мәселе, қайырымды, дауласу, мұқтаж, өмір, қайғы, достық, ғұмыр.



21-тапсырма. Өлеңді мәнерлер оқып, мазмұнын ұғып алыңдар. Өлеңді жаттап алыңдар да, төменде берілген сұрақтарға жауап жазыңдар.

ДӘЛ МЕНДЕЙ ӨЗГЕ СҮЙЕ АЛМАС

Сөзіме, гүлім, таңданба, бүгін таңданба,
Махаббат сыр ма, бақыт па біткен маңдайға?!
Ғашық боп біздер таныстық дейміз көпіріп,
Сол күннің дәмі қалмапты-ау бүгін таңдайда.

Айтылды сөздер қайталап жүрек жазбайды,
Махаббат білсең, әкелмес жанға аз қайғы.
Есейген сайын есіңе түсіп жастығың,
Жүрегің тулап, кеудеңді бұза жаздайды.

Жан бар ма, айтшы, есігін бақыт қақпаған,
Аша алмай көбі жүректің кілтін таппаған.
Күнәңді кешкен сезбейсің топтың ішінде,
Түсінер бәрін жалғыз боп қалған шақта адам.

Кешігіп бәрін, бағалап жүрміз кешігіп,
Үміттің жібі ұзармай жолда кесіліп.
Дәл мендей өзге түсіне білсе жаныңды,
Түсіне алмаса ол жанның саған несі ұлық.

Күні ертең, жаным, алысқа мен де жол жүрем,
Қимаймын, қайтем, бәріне соның көндігем.
Самал боп желпіп өтейін, қалқам, келші бір,
Мен үшін мәңгі жауқазын сынды сен гүл ең.

(Медеу Демеу)



1. Өлеңде махаббат түсінігі қалай берілген?
2. Қай уақытта кеудең бұзылып, жүрегің тулайды?
3. «Бақыт есігі» перифразасын қалай түсінесің?
4. Өлең жолдарындағы метафоралық мағынадағы сөздерді табыңдар.
5. Өлеңде ақын нені гүлге теңеп отыр?
6. Жалғыз қалған шақта нелерді ойлайсың?



Перифраза — құбылыстар мен заттардың атын атап, түсін түстемей, айрықша белгі-қасиеттеріне негіздей отырып ауыстыру тәсілі. Перифраза мәтіннің идеялық-эстетикалық және көркемдік байлығын арттырады. Мағыналық реңк пен оның әсерін күшейтеді.



22-тапсырма. Жоғарыдағы өлең жолдарынан перифразаларды тауып, кестені дұрыс толтырыңдар.

Перифразалар	Айдар тағылған сөздер
Жүректің кілті	



23-тапсырма. Мәтін мазмұнымен танысып, төменде берілген сұрақтарға жауап жазыңдар

АНАЛЫҚ МАХАББАТ



Негізінен ана мен бала арасындағы байланыс өзінің табиғаты жағынан тең дәрежеде емес, өйткені бала әрдайым көмекті қажет етеді де, ал ана әрдайым сол көмекті беріп отырады. Өзінің шексіз сипаттағы ана махаббаты — махаббаттың ең жоғарғы түрі болып табылады және бүкіл эмоционалдық байла-

ныстардың ішіндегі ең қасиетті сезім болып табылады. Шыныменде аналық махаббаттың ең жоғарғы жетістігі ол ананың сәбиіне деген махаббаты емес, оның өсіп келе жатқан ұрпаққа деген махаббаты болып табылады.



Осы әлем мен адамның жаратылысынан қанағат алуға қол жеткізудің көптеген жолдары бар, осындай қол жеткізудің аса жеңіл әрі табиғи жолы ол – аналық қамқорлық пен оның жасампаздығына деген махаббат. Өйткені ана бала арқылы өзінің шеңберінен асып шығады. Балада ол өз-өзінің шеңберінен шығады, ананың махаббаты оның өміріне мән мен мағына береді. Бірақ бала өсуі керек. Бала ананың ыстық алақаны мен ыстық ұясынан шығып тәуелсіз тұлғаға айналады. Аналық махаббаттың негізгі мәні ол баланың өсуіне қамқорлық жасау, өз аяғынан тік тұрып кетіп өз алдына өмір сүруіне жағдай жасайды. Жыныстық махаббаттан аналық махаббаттың ең басты ерекшелігі нақ осында. Жыныстық махаббатта бір-біріне қарама қарсы екі адамның бір тұтастыққа бірігуі көрініс береді. Ал аналық махаббатта бір тұтастық пен бірлікте болған екі адам бір-бірінен ажыратыла бастайды. Анасы баласының өзінен ажырап бөлектене бастағанына көніп қана қоймай, сонымен бірге оны қалыпты жағдай деп қабылдап бұған өзі көмектесіп жағдай жасауы керек. Нақ осы қиын кезеңде аналық махаббат өте қиын да күрделі жағдайға душар болады. Өйткені бұл жағдай анадан өзінің сүйікті адамының бақытынан басқа қолындағы бар нәрсесін беруді, барлығын құрбан қылуды, бірақ бұдан мұның еш қайтарымын күтпеу қабілеттілігін, бар жан-тәнімен берілуді және адалдықты талап етеді. Нақ осы кезеңде көптеген аналар аналық махаббаттың осындай күйкісіне шыдай алмай, қабілетсіздік танытады. Өсіп келе жатқан балаға деген ананың махаббатын алуды емес, тек беруді ғана көздеген, ешқашан баладан қайтарымды күтпейтін шынайы, таза да пәк махаббат және бұл – махаббат атаулының ішіндегі ең күрделі формаларының бірі. Егер әйел өз күйеуін, бүкіл адамзатты өз баласын, басқа адамдарды сияқты жалпы жақсы көруге қабілетті болса ғана шынайы ана бола алады. Ол егер әйелде жалпы адамзатқа деген осындай махаббат болмаса, онда ол бала өсем дегенге дейін, жас сәбиге ғана нәзіктік танытқан ана бола алады. Шынайы ана – баласы өзінен алыстап жыраққа кетсе де ол оны жақсы көруін жалғастыра бермек.



1. «Ана» атты киелі сөзді қалай түсінесің?
2. Ана махаббаты қандай махаббат?
3. Аналық махаббаттың ең жоғары жетістігі неде?

4. Аналық қамқорлық пен аналық махаббаттың өзіндік ерекшеліктерін айтып беріңдер.
5. Махаббат атаулының ішіндегі ең күрделіі қандай махаббат?
6. «Шынайы ана» – қандай ана?



24-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен біріккен сөздерді тауып, олардың жасалу жолдарына назар аударыңдар. Біріккен сөздердің қай сөз табына жататындығын түсіндіріңдер.



Төмендегі cсылкалар арқылы айтылымдарды тыңдап, өз пікірлеріңді қағазға түсіріңдер.



1. <https://www.smule.com/song/%D1%83%D0%BB%>
2. https://www.youtube.com/watch?v=nFCQ_BZLF54
3. <https://www.youtube.com/watch?v=dAG8283zFmM>
4. https://www.youtube.com/watch?v=Uv29Cohnt_8



«**Жүрек** – махаббат символы» тақырыбына шағын мәтін құрастырыңдар. Мәтін жаратуда сілтеу және болымсыздық есімдіктерін пайдаланыңдар.



ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

1. Махаббатты қалай түсінесің?
2. Махаббаттың қандай түрлері бар?
3. Ұнату, жақсы көру, ғашық болу, сүю сияқты сөздердің бірібірімен байланысы қандай?
4. Махаббат философиясы дегеніміз не?
5. Кәсіпке махаббат қалай болады?
6. Отанға деген махаббатты қалай сезінесің?
7. Аналық махаббат дегеніміз не?
8. Ағалық махаббат ше?
9. Махаббат тақырыбында сыр шерткен қандай ақын-жазушы, әнші мен күйшілерді білесіңдер?
10. Не үшін жүрек махаббат символы?
11. Антоним дегеніміз не?
12. Синоним ше?
13. Омоним ше?
14. Есімдік дегеніміз не және олардың қандай мағыналық түрлері бар? Олардың жасалу жолдарына мән беріңдер.
15. Сөз тіркесі дегеніміз не? Олардың қандай түрлері бар?
16. Фразеологияның зерттеу нысаны мен салалары қандай?

II ТАРАУ

ҚОҒАМНЫҢ БІР МҮШЕСІМІН

Бұл бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

1. Оқшауланған тұлға, ұлттық және түрлі халықтарға сай салт-дәстүрлер, ат қоюмен байланысты салт-дәстүрлер, адамның қоғамдағы орны туралы танымдық мәтіндермен танысып, талдау жасайсыңдар.
2. Оқылған және тыңдалған мәтіндер негізінде анық және жасырын ақпаратты түсіну, пікір білдіру дағдыларын дамытатын жаттығуларды орындайсыңдар.
3. Ауызша әдеби тілде ойды жеткізуге дайындық ережелерімен, ойдың орындалу тәртібімен (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды), мәтін тақырыбымен, таңдалған тақырып бойынша жазуға материалдар жинау, тыныс алу және толқуды басқару ережелерімен танысасыңдар.
4. Паронимдер, көнерген сөздер мен болымсыз форма стилистикасы, бас әріптердің емлесі, есімдіктің стильдік мүмкіндіктері туралы білімдерін толықтырасыңдар.



Қоғам – жалпы мағынасында, мәдениеті ортақ, белгілі бір аумақта тұратын және өздерін біртұтас, өзгеше бірлестік деп білетін адамдар тобы; тар мағынасында бұрыннан немесе жақсы танымал ұлттық бірлестік. Бұл ұғым әлеуметтанудағы ең маңызды ұғымдардың бірі болып табылатындығына қарамастан, оны қолдану әсіресе оның екінші өзіндік отбасылық, экономикалық және саяси институттары мен анық шекаралары бар әйгілі ұлттық мемлекеттерге қолданыла алатын мағынасында пайдалану бірқатар қиындықтар мен кикілжіңдер туғызып отыр.



1-тапсырма. Берілген мәтінді оқып шығып, мазмұнын ұғындар. Мәтін соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

ҚОҒАМ – ӨТЕ НӘЗІК ӘРІ КҮРДЕЛІ МАТЕРИЯ

Қоғам дегеніміз не? Бұл сұраққа жай ғана жауап беру қиын. Қоғам – өте нәзік әрі күрделі материя. Оны қолмен ұстауға немесе



микроскоппен қарап көруге болмайды. Олай болса, қоғамды анықтайтын өлшемді табу қажет.

«Қоғам» деген сөздің мағынасы кең: алғашқы қауымдық қоғам, феодалдық қоғам, капиталистік қоғам, француз қоғамы, демократиялық қоғам тағы басқа. Бұл арада алдымен белгілі бір қауымның немесе жеке бір елдің тарихи даму кезеңдері еске түседі. Ал осы

сөзді жалпы мағынада алсақ, онда бүкіл адамзат тарихы және оның болашағы туралы ойлаймыз. Бұл – әлемнің барлық халықтарының жиынтығы жөніндегі ұғым. Басқа сөзбен айтсақ, адамдардың өзара қатынас тәсілі және бірігу формаларынан тұратын, табиғаттан ерекшеленген дүниенің бір бөлігі.

Қоғам туралы түсінікті нақтылай түссек, қоғам деп – бірігіп еңбек ететін жеке адамдардың жиынтығын және олардың арасындағы екі жақты қатынасты айтамыз. Біріншісі, қоғам – адамның өмір сүру тәсілі. Қоғамсыз адам жоқ, адамсыз қоғам жоқ. Екіншіден, қоғам жеке адамдардан ғана тұрмайды, ол сол жеке адамдардың өзара қатынасын көрсетеді. Жеке адам қоғамға ұжым арқылы енеді. Ол сонымен қатар бірнеше ұжымдардың мүшесі болады (еңбек, партия, кәсіподақ, т.б.). Демек, қоғам – ұжымдардың ұжымы, бірлігі болып көрінеді.

Адамдар қоғамда белгілі бір әлеуметтік топқа, тапқа, ұлтқа жатады. Әлеуметтік топтардың, таптардың, ұлттардың экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени өмірдегі көп салалы байланыстары мен іс-әрекеті қоғамдық қатынас деп аталады. Сонымен, қоғамды адамдардың өмір сүру тәсілі деп түсіну үшін, олардың өмір сүруін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастарды білу қажет. Қоғамдық қатынас мынадай ерекшеліктерімен сипатталады:

- 1) қоғамға қажетті қатынас түрлері болады;
- 2) субъект (жеке адам, адамдар) топтық сипатта болады;
- 3) қоғамның объективтік сипаты болады, яғни қоғам адамдар сол қатынасқа енгісі келе ме жоқ па, оған қарамастан өмір сүреді.

Қоғамның материалдық өндіріс саласындағы қатынасы мен рухани саласындағы қатынасын ажырата білу керек. Біріншісі қоғамның өмір сүруі мен дамуына материалдық жағдай жасайды, ал екіншісі (идеологиялық, саяси, құқықтық, имандылық т.б.) – адамдардың рухани-мәдени құндылықты жасаудағы өзара байланыстарының нәтижесі.



1. «Қоғам» деген сөздің мағынасы қандай?
2. Әлемнің барлық халықтарының жиынтығы жөніндегі ұғымды қалай түсінесің?
3. Не себептен қоғам – адамның өмір сүру тәсілі?
4. Жеке адамдардың өзара қатынасын не деп атауға болады?
5. Қоғамдық қатынасты қалай түсінесің?
6. Қазақ тілінде сөздердің қандай байланысу түрлері бар?
7. Мәтін ішінен қабыса байланысқан сөз тіркестерін теріп жазыңдар да, оны түсіндіріңдер.



2-тапсырма. Жоғарыдағы мәтінді пайдаланып, сөздердің байланысу түрлерін ажыратыңдар. Кестені толтырыңдар.

Сөздердің байланысу түрлері	Мәтін ішінен мысалдар
Қиысу	
Меңгеру	
Матасу	
Қабысу	
Жанасу	



3-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнымен танысып, мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

ҚОҒАМ, АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТ

Адамзат баласы мына қара жерде пайда болғалы бері небір оқылым заманалар өтіп, қаншама ұрпақтар жалғасын табуда. Алайда, өзге жаратылыстардан адамзат баласы ақылды сана-сезімі күшті болғанымен, нағыз әділетті, нағыз жаймашуақ қоғам құра алмай келеді.



Адам баласы өмірге бір-ақ рет келеді. Бұл жалған ешкімге мәңгілік, тұрақты емес. Әркім жарық дүниеде еркіндік пен бостандықта өмір сүргісі келеді. Әрине, адам жалғыз өмір кеше алмайды, қоғамдасып өмір сүреді, қоғамның белсенді субъектісі. Адам қоғамдық құрылымда, оның бірлігінде, институттарында, ұйымдарында, әрекет ететін шешуші тұлға. Сөйтіп, адам біртұтас, әлеуметтік жүйеге, яғни қоғамға бірігіп өмір сүреді. Алайда, қоғам деген құпиясы терең, күрделі материя. Қоғам деген түсінікті нақтылай түссек: қоғам деп бірігіп еңбек ететін жеке адамдардың жиынтығын және олардың арасындағы екі жақты қатынасты айтамыз. Нақты айтқанда қоғам адамаралық қатынастарды реттей отырып, адамның өмір сүруі мен дамуына материалдық жағдай жасайды, әрі рухани-мәдени құндылықтарды жасаудағы өзара байланыстарды реттейді. Қоғамдық қатынас өте күрделі әрі ерекшеліктерге толы. Ол – адам өміріндегі экономикалық әлеуметтік, саяси, мәдени салаларын реттейді, қоғамдық қатынас түрлерін жасайды. Қоғамдағы субъект топтық сипатты иеленеді әрі адам сол қоғамға енгісі келе ме, жоқ па? Соған қарамай өмір сүреді. Бұл ерекшеліктерсіз қоғам өмір сүру мүмкін емес. Жаратылыс әлем де, яғни табиғат және хайуанаттарда, сол сияқты өсімдіктер де өмір сүріп, олар да өз қағидаттарымен өмір кешуде. Олардың да өмір сүру заңдылықтары бар. Өмір сүру үшін таластартыстары жетерлік. Мысалы, биік ағаштар күн сәулесін өзі жұтып, төмендегілеріне жұтқызбайды, күшті хайуандар әлсіздеріне зорлық көрсетеді тағы сол сияқтылар. Сол секілді адамдар да егер



қоғамдасып, тәртіп орнатпаса, солар секілді, тіпті олардан да асып түсетіні шындық.

Қоғам дегеніміз адамдар арасындағы тарихи қалыптасқан саяси-әлеуметтік байланыстар мен қатынастардың тұрақты жүйесі. Адамзат баласы пайда болғалы топтасып өмір сүріп келе жатқаны тарихтан белгілі. Сонымен, қоғам белгілі бір өмірлік қажеттіліктер мен мүдделерді қанағаттандыру үшін

бірігіп еңбек ететін адамдардан құралады. Қоғамның ең кішкентай бөлшегі – отбасы.

Қоғамсыз адамдардың өмір сүруі мүмкін емес. Қоғамның құрамдас бөліктеріне жеке адамдар, әлеуметтік институттар мен ұйымдар, топтар мен қауымдар, байланыстар мен әрекеттер, нормалар мен құндылықтар, өзара қарым-қатынастар тағы басқалар жатады.

Қоғам өмірінде экономикалық, саяси идеология күнделікті тұрмыс-тіршілікте және басқа да алуан түрлі қоғамдық қатынастарда өзара күрделі – байланыста өтіп жатады. Қоғам – мақсаттылық, мүдделілік, бірыңғай бағыт ұстау негізі де адамдардың ерікті түрде бірігіп өмір сүруін сипаттайды. Қоғамдық қатынастарда бірыңғай бағытқа кереғар, айдауға көнбегендерді қоғам өз арасынан аластаған. Қоғам отбасылардан ұжымдарға, ұжымдардан қоғамға бірігеді. Әрине, мұндай бірігу ұзақ тарихи мерзімді өз ішіне алады.

Қоғамның дамып, жетілуіне қоршаған географиялық – табиғи орта да әсер етіп, олардың өмір сүру салты мен ұйымшылдығының орнығуына ықпал етеді.

Азаматтық қоғам әлемдегі барлық жүйелердің ең жоғары, ерекше сапалы даму дәрежесінің нәтижесі, адамдардың алуан түрлі сапалы іс-қимылы мен қызметінің негізінде қалыптасатын тарихи бірлік. Азаматтық қоғам бірыңғай шаруашылығы ұқсас, дүниетанымның бастауы бір, қандас, мүдделес адамдардан тұрып, бірге әрекет етеді, қоғамның ажырамас бір бөлігі әрі оған тәуелді болады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында азаматтық құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастар негізінен мүліктік қатынастардан туындаған. Мүліктік қатынас сату және сатып алуда, отбасы дауларында, өзгенің мүлкін иеленуде, сыйға тартуға бергенде, тауып алғанда, пайдалануға бергенде, т.б. қатынастарда көрініс тапқан. Азаматтық құқық жайлы айтудан бұрын адам, азамат, азаматтық қоғам жайлы, оның мәні мен мазмұны, ол жайлы түсініктерді зерделеп алуымыз шарт. Дәстүрлі қазақ қоғамы да бүкіл әлем халықтарының азаматтық құқық тарихына тән кезеңдерді басынан өткерген. Қайсы бір халық болмасын өздері біріккен қоғамдағы оның мүшелерін азамат, қоғам азаматы, мемлекет азаматы деп атаған.



1. Адам дегеніміз не?
2. Қоғамға қалай түсінесің?
3. Қоғамдық қатынас қалай амалға асады?

4. Қоғамның ең кішкентай бөлшегі не?
5. Қоғамсыз адамдардың өмір сүруі мүмкін бе?
6. Қоғамның құрамдас бөліктеріне нелер жатады?
7. Табиғи ортаға қалай түсінесің?
8. Қоғам азаматы, мемлекет азаматы дегеніміз не?



4-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен есімдіктерді табыңдар да, оларды мағыналық жағынан топтаңдар. Есімдіктердің түрленуіне мән беріңдер.



5-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен қыстырма сөздерді табыңдар да, олардың тыныс белгілерімен таныс болыңдар. Қыстырма сөздің сөйлемге қатыстық реңкін анықтаңдар.



Тұрақты сөз тіркестерін (идиома, фраза, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, ұлағатты сөздер) пайдаланып «Отбасы – қоғамның ең кішкентай бөлшегі» тақырыбына шағын мәтін құрастырыңдар.



Адам – қоғамның бөлшегі. Тіпті, «даланың бөрісі» деп, жалғыздықта еркін өмір сүремін дейтін адамдардың өзі саналы түрде бір ортаның мүшесіне айналады.



6-тапсырма. Мәтін ішінен сызықша қойылған сөйлемдерді көшіріп алыңдар да, сызықша белгісінің қойылу себебін түсіндіріңдер. Сызықша мен дефистің айырмашылығын біліп алыңдар.



7-тапсырма. Мәтін ішінен екі сыңары синонимдес немесе ұштас, мәндес қос сөздерді теріп жазыңдар да, оған талдау жасаңдар. Ол сөздердің сөйлемге қандай стилистикалық реңк беріп тұрғандығын анықтаңдар.



Бейнелеуіш құралдарды (перифразалар) қатыстырып «Жаңа Өзбекстан қоғамы» тақырыбында шағын шығарма жазыңдар.



8-тапсырма. Берілген мәтіннің мазмұнымен таныс болыңдар. Мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ

Ғасырлар сынынан екшеліп, ұрпақтан ұрпаққа-ұласып келе жатқан ұлттық мәдениеттің бір бөлігі салт-дәстүрлердің озық үлгілері жеке тұлғаның жан-жақты дамуына септігін тигізетіні анық. Бүгінгі таңда халықтың ежелден келе жатқан дәстүрлерінің жастарды тәрбиелеуде, жеке тұлға ретінде қалыптастырудағы





маңызы орасан зор. Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері ұлттық санасы биік, толық кемелденген, дамыған өркениеттің көшіне ілесер жан-жақты, заман талабына сай тұлғаны қалыптастыратынына кәміл сенеміз.

Дәстүр – ұрпақтан-ұрпаққа ауысатын, тарихи қалыптасқан нормалар мен үрдістер. Ол – қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез-құлқының, іс-әрекетінің

рухани негізі. Жалпы адамзат есіндегілерді және әлеуметтік тарихи тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші және жинақтаушы. Дәстүрде бірнеше ұрпақтың мәдениеті мен мәдениеттілігінің көп түрлігі және бірлігі жинақталған. Ол қоғамдық өмірдің барлық саласын, тәжірибесін қамти отырып, қоғамның әр деңгейіндегі ақылды даналықты бейнелейді. Дәстүр мәдениетпен тығыз байланысты, сондықтан мәдениеті дамыған ел дәстүрге де бай. Ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық, әділеттілік, мейірімділік сезімдері озық дәстүрлерге жатады.

Қазақ – салт-дәстүрге бай халықтардың бірі. Жалпы адам өмірі салт-дәстүр, той-томалақ рәсімге, ырымдар мен наным, ән мен күйге толы. Салт-дәстүр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан бір саласы. Ол адамдармен бірге туып, дамып қалыптасқан. Адам дүниеге келген күнінен бастап өмірінің соңғы демі шыққанға дейін салт-дәстүрдің ықпалында болады. Ол бір адамның шығарған ой-түйсігі емес, халықтық сана-сезімнің қалыптасқан үрдісі іспеттес. Халықтың сан ғасырлар ұлттық тағылымына қатысты өзіндік ерекшеліктерінен туындаған салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары мол.

Қазақ халқы ерте заманнан-ақ салтын берік ұстанып, аса қадірлеп келген, халқымыздың өзіне ғана тән, қайталанбас ерекше салт-дәстүрлері, әдет-ғұрып, жөн-жоралғылары бар. «Ұрпақтың ана бойына біткен кезінен бастап «құрсақ той» немесе «құрсақ шашу» ырымдарынан бастап, бала ер жетіп, ел қатарына қосылғанға дейінгі аралықты қамтитын түрлі ырым, жол-жоралғы, әдет-ғұрып тұтас бір тәрбие жүйесіне құралады.

Әдет-ғұрып жыры халықтың наным-сенімін, тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін мәдени мұраның бір саласы. Бесік жырынан басталатын түрлі өлең-жырлар бала психологиясына сәйкес жас ерекшеліктеріне лайықты айтылады. Діни және тұрмыс-салт жырлары халықтық салт-дәстүр, наным-сенім, түрлі тіршілікке өзектесе оның рухани байлығын, ішкі жан дүниесін бейнелейді. Бата беру игі тілек, ақ ниетті білдіреді.

Халықтық дәстүрлердің аса бір үлгілі нұсқасы мақал-мәтелдер, жұмбақтар, шешендік сөздер, айтыс сияқты жанрлар ұтымды сөз, ұшқыр ой, терең де жан-жақты білімдар қасиеттерге баулып, төрелі сөзге тоқтай білуді үйретеді.



1. Ұлттық мәдениетке нелер жатады?
2. Дәстүр дегеніміз не?
3. Қазақтың ұлттық дәстүрлеріне нелер жатады?

4. Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың өзіндік ерекшеліктері неде деп ойлайсың?
5. Қазақтың тұрмыс-салт жырлары туралы не айта аласың?
6. Халықтық дәстүрлерге түсінік бер.



9-тапсырма. Жоғарыдағы мәтінді пайдаланып, ондағы қос сөздерді теріп жазыңдар да, олардың қай сөз табына жататындығын анықтаңдар. Мәтіндегі синонимдерге назар аударыңдар.



Тұрақты сөз тіркестерін (идиома, фраза, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, ұлағатты сөздер) пайдаланып «Қазақтың саят – дәстүрлері мен әдет – ғұрыптары» тақырыбына шағын мәтін құрастырыңдар.



10-тапсырма. Берілген мәтінді оқып шығып, мазмұнын ұғыңдар да, қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына сипаттама беріңдер. Сәбиге ат қоюдың өзіндік салт-жоралғысына түсінік бер.

СӘБИГЕ АТ ҚОЮ ДӘСТҮРІ

Халқымызда жарық дүние есігін шыр етіп ашқан сәбиге есім беру рәсіміне қатысты өзіндік дәстүрі мен салт-жоралғысы бар. Мәселен, азан шақырып, ат қояр кезде кішкене сәби болашақта сыйлы, құрметті, үлкен азамат болсын деген ниетпен ырым етіп, сәбидің ата-анасы жасы үлкен, сыйлы адамға қолқа салады. Үлкендердің айтқаны бұлжытпай орындалатындықтын, міндетті түрде солар ұсынған ат қойылады. Кейде жастармен келісе отырып, бала есімін ата-әжелері таңдайды. Балаға есім үш күн ішінде берілуі қажет.



Жақын-жұрағат жиналып, ат қоятын адам сәбиді қолына алып, «Аллаһу әкбар» деп азан шақырып, сәбидің оң құлағына есімін үш рет қайталап айтады. Бұл баланың есінде сол есім қалсын, құлағына сіңсін деген ниетпен жасалады. Сондықтан азан шақырып, ат қою қазақ халқының мұсылмандық жоралғысының қалыпты қағидаларының бірі болған. Рәсім аяқталған соң дұға оқылып, қатысқан туысқандары нәрестеге, оның ата-анасы мен туысқандарына ақ тілектерін айтып, үлкендер батасын берген. Міне, осы салт бойынша, ат қою рәсіміне жиналғандардың ішінен біреуі қазанның құлағын даңғырлата қағып, балаға қойылған атты үш рет қайталап, жұртқа жария ететін болған. Ат қою рәсімі аяқталған соң, ат қоюшы ата-ананың қалауымен сәбидің бетін ашып, көпшілікке көрсетеді. Бұл аты қойылған баланың елімен алғашқы жүздесуі деп есептелген. Міне, сондықтан халқымыз тілінде «азан шақырып қойған аты» деген тіркес кең тараған.

Ырымдап ат қою – қазақтың қанына сіңген дәстүрі. Біздің дана халқымызда «Балаға қандай ат қойылса, оның болашақ тағдыры соған байланысты болады», – деген наным-сенім бар. Шаңырақтың

иесі болатын, әулеттің жалғаушысы болатын ұл баланы күтіп жүргенде туылған қызға Ұлболсын, Ұлбала, Ұлтуған, Ұлмекен сияқты есімдер қойылса, сәбидің дүние есігін ашқан сәтіндегі уақытқа қарап Рамазан, Наурыз, Таңатар есімдері қойылады.

Осы адам есімдерін зерттеуші ғалымдардың дәлелдеуінше, есім бала өміріне айтарлықтай әсер етеді, сәбилерді неғұрлым көркем есімдермен атаған сайын, баланың тұла бойы соған сәйкес көркем-деле түседі. Қазақ есімдерінің басым тобы халқымыздың өткен замандардан бастап күні бүгінге дейін мәдени-тарихи өмір бейнесін анық көрсетеді.

Халық батыры Бауыржан Момышұлы атамыз: «Адамға дүниеге келгенде берілетін есім оған өмір жолында бағыт сілтейтін жарық жұлдыз іспетті: өмір бойы жанында болатын алғашқы және қасиетті белгілердің бірі», – деген екен. Демек, ата-ананың міндеті балаға жақсы есім беру. Жақсы есім баланың болмысына, тұлға болып қалыптасуына тікелей әсер етеді.



1. Не себептен сәбиге ат қоярда азан шақырылады?
2. Сәбиге қандай адам ат қоя алады?
3. Балаға есім неше күн ішінде таңдалады және кімдер таңдайды?
4. «Азан шақырып қойған аты» деген тіркес қалай пайда болған?
5. Ырымдап ат қоюға сенің көзқарасын қандай?
6. Ұлболсын, Ұлбала, Ұлтуған, Ұлмекен есім не үшін қойылады?
7. Өз есімдеріңіздің мағынасын айтыңыз.
8. Бауыржан Момышұлы атамыздың адамға дүниеге келгенде берілетін есім туралы айтқан пікірін түсіндіріңдер.



Кісі есімдерінің жалпы жиынтығын антропонимия десе, оларды зерттейтін ғылым саласы антропонимика деп аталады.



Жоғарыдағы мәтін ішінен бас әріппен жазылған сөздерді теріп жазыңдар да, олардың неліктен бас әріппен жазылғандығын түсіндіріңдер. Қос сөздерді тауып, қандай сөз таптарынан жасалғандығын анықтаңдар.



11-тапсырма. Берілген мәтінді оқып шығып, салт-дәстүрлерге сипаттама беріңдер. Тілдік қолданыстан шығып, ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерге көркем шығармалар мен сөздіктер негізінде түсінік беріңдер.

Неке мен үйленуге қатысты салт-дәстүрлер:

Құдалық, келінге жасау, қалың мал, қыз айттыру, шашу, шымылдық тұту, бас құда, ілу, ілу басы, есік көре келу, ұрын келу (ұрын той), жыртыс сала келу, үкі тағу, қайындату, күйеуді киіндіру, бата беру, қол ұстату, шаш сипар, етік тартар, кит кигізу, құда-құдағи, жаушы.

Өлімге қатысты салт-дәстүрлерді білдіретін сөздер:	Қара тігу, жаназа, хабаршы, қырық жетісі, қара жығу, жоқтау, өлімді күту, жерлеу, мәйітті жөнелту, қаралы үй, қой тұяқ, тайтұяқ, азаға салу, аруағына арнау, тұл ат, көрісу, қаралы ту, қаралы мал, підия, қаралы туды жығу.
Қонақ күтуге қатысты салт-дәстүрді білдіретін сөздер:	Қонақасы, сыбаға, базарлық, ұйқыашар, табақ тарту, сауын айту, кісі күту, ас беру, соғым сою, дәм татқызу, ерулік
Сауық-сайран, қуанышты білдіретін сөздер:	Бастаңғы, көрімдік, саятшылық, сәлем бере келу.
Туыстық салт-дәстүрді білдіретін сөздер:	Бауырына салу, сүндетке отырғызу, сүндет той, әмеңгерлік, аунату.



1. Кестеде берілген салт-дәстүрлерге тиісті туынды сөздердің жасалуына көңіл бөліңдер.
2. Ауылдарыңда жоғарыдағы салт-дәстүрлердің қайсыбірі амалға асырылады?
3. Ауылдарыңда сүндет той қалай өткізіледі?
4. «Қалың мал» не үшін беріледі? Сеніңше қажет пе?
5. «Қонақасы» қай уақытта беріледі?
6. Өлімге қатысты салт-дәстүрлерден «көрісу» қалай амалға асырылады?
7. Ауылдарыңда қыз қалай айттырылады? Қыз айттыруға қалай түсінесің?



Қонақасы — қонаққа арналған дәм, мәзір. Дәстүрлі қазақ қоғамында үйге тосын келген немесе арнайы шақырылған қонақтың қадір-құрметіне, жас мөлшері мен туыстық қатынасына қарай сойылған малдың мүшелерінен сыбағалы табақ тартады: қонақасы — қазақша ет; мүше тарту.



Төменде берілген YouTube-тен көрсетілген адрес ссылкасы арқылы қойлымды көріп, шағын мазмұндама жазыңдар.



1. <https://www.youtube.com/watch?v=eW2soqBYAoU>
2. <https://www.youtube.com/watch?v=ddvTeKnv7YY>



12-тапсырма. Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар да, мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

ҚҰДАЛЫҚ ДӘСТҮР

Құдалық (дәстүр) — күйеу жігіттің әкесі баласымен, өзінің жақындары мен құда түсуге келеді. Құда түсу — аса қызықты өтеді. Құдалардың келуі «құда түсер» деп айтылады. Алдын ала ескерту бой-

ынша қыз әкесі өз туыстары мен жақындарына, сыйлас адамдарына хабарлайды. Құдаларды аса құрметпен, салтанатпен қарсы алады. Екі жақтың құдалары бірі-біріне құрметтеп сыйлықтар тапсырып қуанышқа бөленеді. Құда аттанар, құда тарту, атбайлар, құйрық-бауыр тағы басқа. Жігіт жағынан келген адам – «бас құда», күйеудің және қыздың әкесі – «бауыздау құда» – ең жақын адамдар. «Бас құда» жаңа жерге келген қыз үшін (келін) әр уақытты қымбат сыйлы адам болады. Жаңа түскен келін оны «ағеке» деп атайды, өйткені ол әр уақытта келінге назарын аударып жүреді. Келін оны әрқашан құрметтеп жүреді. «Құда түсу» – өте мағыналы, аса жоғарғы дәрежеде қазақтың ұлттық болмысын көрсетеді.

(С. Кенжеахметұлы. «Қазақ халқының салт-дәстүрі». – Алматы, 2007, 31 б.).



1. «Құдалық», «құда түсер» – қандай дәстүр? Бұған қалай түсінесің?
2. Құда түсу қалай амалға асырылады?
3. Мәтінде «Құда түсер» дәстүрімен байланысты қандай атаулар кездеседі?
4. Тырнақшаға алынған сөздердің мәнін ұғындар да, не үшін тырнақша қойылғандығын түсіндіріңдер.
5. «Бауыздау құда» кім? Түсінік беріңдер.
6. Ауылдарында «құдалық» қалай болады?
7. Жаңа түскен келін «ағеке» деп кімді атайды?



13-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығындар да, мазмұнын ұғып алындар. Мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

ҚЫЗ АЙТТЫРУ – ДӘСТҮР

«Қыз айттырудың мұндай тәртібі Есім деген ханның бұйрығы бойынша орнаған көрінеді»

(Ы. Алтынсарин)

Әр ата-ана өз ұлының болашақ қалыңдығын ерте ойластырады, өзінің теңін іздейді. «Анасын көріп қызын ал» деген қағиданы қатаң ұстайды, яғни болашақ құдасын орынды жерден, жақсы кісілерден, аталы, іргелі ауылдан қарайды. Тұқымында, тегінде ауруы бар отбасының қыздарына сөз салмайды. Лайықты деген адамдарына әдейі барып, балаларының болашағы туралы әңгіме қозғайды, өздерінің құда болу ниетін білдіреді. Мұны «қыз айттыру» дейді. Бұл жолдың да түрлі ереже, тәртіптері бар. Егер балалар (ұл, қыз) жас болса, тіпті іште жатса да ерте келіп сөз байласады. Мұндай адамдар көбіне бірін-бірі жақсы білетін, өте сыйлы, дос кісілер арасында болады. Олар алдымен іште жатқан балаларын бір-біріне (әрине бірі ұл, бірі қыз болса) қосу туралы келіседі. «Атастыру» деген осы. Мұны «бел құда» дейді. Бесікте жатқан балаларды атастырса – «бесік құда» дейді. Кейде қыз алған құда енді сол үйге өз қызын беретін болса, мұны «қарсы құда» дейді. Бұрын құда болған кісілер құдалықты тағы

жалғастыратын болса, оны «сүйек жаңғырту» деп атайды. Қыз бойжеткен, ұл ержеткен жағдайда екі жасты қосу «құда түсу» арқылы жасалады.

Қазақтың ертеден белгіленген заңы бойынша жеті атадан бері қыз алыспайды. Некелік ережеде әйел күйеуден 8 жас, еркек әйелден 25 жас үлкен болса, қосылуға рұқсат етілмейді. Әрине әмеңгерлік жолда бұл шектеуге қарамайтын жайлар да бола береді. «Қыз айттыру», баталасу жас отаудың беріктігін, сенім мен сыйластықтың негізін қалайды.

Қазақтың салт-дәстүрлері



1. «Қыз айттыру» дәстүрін қалай түсінесің?
2. «Қыз айттыру» қай уақытта пайда болған?
3. «Анасын көріп, қызын ал» қағидасына сенің көзқарасың қандай?
4. «Қыз айттыру» дәстүрінің қандай ережелері бар?
5. «Атастыру» дегеніміз не?
6. «Сүйек жаңғырту» деп неге айтылады?
7. «Әмеңгерлік» қай уақытта амалға асырылады?



14-тапсырма. Төменде берілген сөздерді қатыстырып шағын мәтін құрастырыңдар да, оған ат қойыңдар. Көнерген сөздердің жасалуына мән беріңдер.

Қонақ күтуге қатысты салт-дәстүрді білдіретін сөздер: *қонақасы, сыбаға, базарлық, ұйқыашар, табақ тарту, сауын айту, кісі күту, ас беру, соғым сою, дәм татқызу, ерулік.*



Көнерген сөздер – күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылмайтын, бірақ тілдің сөздік қорында сақталған, көпшілікке түсінікті сөздер. Көнерген сөздер көнелену дәрежесі, себебі және қолданылу сипатына қарай өзіндік лексика жүйесін құрайды. Көнеру дәрежесі бойынша:

- а) мағынасы түсініксіз сөздер;
- ә) мағынасы түсінікті, бірақ сирек қолданылатын сөздер болып бөлінеді.

Көнерген сөздер көнеру сипаты мен тілдегі қолданылу ерекшеліктеріне қарай екіге бөлінеді: **тарихи сөздер (историзмдер)** мен **архаизмдер**.



15-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін негізінде есімдіктердің мағыналық түрлерін тауып, кесте бойынша толтырыңдар.

Есімдіктің мағыналық түрлері	«Қыз айттыру» мәтінінен мысалдар
Өздік есімдігі	
Жіктеу есімдігі	

Жалғасы

Сілтеу есімдігі	
Жалпылау есімдігі	
Сұрау есімдігі	
Болымсыздық есімдігі	
Белгісіздік есімдігі	



Жоғарыдағы мәтінді пайдалана отырып, «Қарсы құда» тақырыбында шағын мәтін құрастырыңдар. Онда көнерген сөздерді пайдаланыңдар.



16-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін негізінде көмекші сөздерді тауып, оларды түр-түрлерге ажыратыңдар да, кесте бойынша толтырыңдар.

Көмекші сөздер		«Қыз айттыру» мәтінінен мысалдар
Көмекші есімдер		
Көмекші етістіктер		
Шылаулар	Жалғаулықтар	
	Септеуліктер	
	Демеуліктер	



Есімдіктер – заттың атын, сынын, санын, олардың аттарын білдірмейтін, бірақ солардың (зат есім, сын есім, сан есімдердің) орнына жұмсалатын сөз табы. Есімдіктер белгілі бір түсінікті я ойды жалпылама түрде мегзеу арқылы білдіреді. Есімдіктердің нақтылы мағыналары өздерінен бұрын айтылған сөйлемге немесе жалпы сөйлеу аңғарына қарай айқындалады. Есімдіктер **орынбасар сөздер** деп те аталады.

Есімдіктер мағынасына қарай жеті топқа бөлінеді: 1) жіктеу есімдігі; 2) сілтеу есімдігі; 3) сұрау есімдігі; 4) өздік есімдігі; 5) жалпылау есімдігі; 6) болымсыздық есімдігі; 7) белгісіздік есімдігі.



Жоғарыдағы мәтін негізінде ауылдарыңда өткізілетін салт-дәстүрлерден «Құда түсу», «Қыз айттыру» дәстүрі бойынша шағын мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрастыруда есімдіктің мағыналық түрлерін (өздік, жіктеу, сілтеу, жалпылау, болымсыздық, сұрау, белгісіздік) қатыстырыңдар. Шағын мәтінге ат қойыңдар.



Төменде берілген **«Жеті Жарғы»** қойылымдарын тыңдап, үйде шағын мәтін түзіп келіңдер. Мәтін құрастыруда сөздердің орын тәртібі арқылы байланысуына мән беріңдер.



1. https://www.youtube.com/watch?v=IYBMoX-R_yI
2. <https://45minut.biz/?p=103310>
3. https://www.youtube.com/watch?v=_OL3Rse2KWM
4. https://vk.com/video-133739959_456239024



17-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнымен танысып шығындар да, соңындағы сұрақтарға жауап беріндер.

ТҰСАУКЕСЕР

Қазақ халқында балаға қатысты наным-сенімдер өте көп. Қазақтар балаға, әсіресе бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген халық. Жалпы бала дүниеге келгеннен бастап, есейген шағына дейін 20 шақты әдет-ғұрып жасалады. Қазақ халқы секілді баланы ерекше қадірлеп, көңіл бөлетін халық жоқ десек те артық болмас. Біздің халық сәби дүниеге келгенде Шілдехана жасау, қырық күн толғанда «қырқынан шығару», «ат қою», «бесікке бөлеу» және «тұсаукесер» секілді ғұрыптарды әлі күнге орындап келеді.



Тұсаукесер – сәби бесіктен шығып, еңбектеуден өткен соң, қаз тұрып, тәй-тәй басқанда жасалатын дәстүр. Бала екі табанымен тұрып, алғашқы қадам жасауға талпына бастаған сәтте дана қазақ «баламыз тез жүріп кетсін» деген ниетпен, сәбидің тұсауын кестіріп, думандатып той жасайды.

Ырымшыл қазақ тұсауы кесілмеген бала сүріншек, болашақта жығылғыш болады деп пайымдайды. Ал тұсауы кесілген бала біреудің ала жібін аттамайтын адал, жолы ашық азамат болады деп санаған. Сондықтан, қаз тұрып, тәй-тәй басып келе жатқан баланың тұсауын кесу бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан ескі дәстүр. Тіпті, бұл күнге орай кішігірім думанды той жасалады.

Дана қазақ баланың тұсауын ала жіппен, малдың тоқ ішегімен және көк шөппен кестірген. Ала жіппен – бала ешкімнің ала жібін аттамасын, ақ пен қараны ажырата алатын, адал азамат болсын деген ниетпен кеседі. Ал малдың тоқ ішегімен кесу себебі, бала бай, дәулетті азамат болсын деп ырымдауында. Сондай-ақ, бала шөптей қаулап өссін, шөп сияқты көгеріп, көбейіп, көктесін, ұрпақты болсын деп ырымдап, тұсауын көк шөппен кеседі.

Бір қызығы, қазақ халқы баланың тұсауын жәйбасар, сүріншек адамдарға кестірмейді екен. Баланың тұсауын жиналған көпшілік арасынан шаруаға икемді, елгезек, қимылы ширақ, іске епті қасиеттерімен көзге түсетін қағылез, пысық адам таңдалып алынып, соған кестіреді. Болашақта бала сол адам секілді үлгі тұтарлық азамат болсын деген ниетпен пысық адам таңдайды.

Кейде баланың ата-анасы тұсау кесуші адамды ырымдап өздері таңдап жатады. Көбіне баланың тұсауын көп балалы салиқалы анаға



немесе абыройы асқан ақ жаулықты әжеге кестіреді. Сонымен қатар, тұсау кесетін адам тұсау кесу дәстүрінің негізгі жабдықтарына кіретін бір жарым метрдей ала жіп пен пышақты өзімен бірге алып кетуі тиіс.

Тұсау кесуші әже немесе әйел тәйтәй басқан баланың аяғына ала жіп байлап, өлеңдете отырып, тұсауын пышақпен кеседі.

Содан кейін тұсауы кесілген баланы жайылған ақ матамен немесе кілеммен қолынан жетектеп жүгіртіп, шашу шашады. Ал баланың ата-анасы тұсау кесушіге кәдесін табыстап, арнайы «тұсау кесер» сыйлығын береді. Кейбір жерлерде кілемнің үстіне кітап, қамшы, аспап секілді түрлі заттар қойып, балаға таңдатады. Бала қайсысын таңдаса, сол салаға бет бұрады деп есептейді.

Ескере кететін бір жәйт, баланың тұсауын қайшымен емес, пышақпен кесу керек. Қазақ халқы қайшылануды жақсы ырымға баламайтындықтан, баланың тұсауын қайшымен кестірмеген. Сол себептен, ата-бабамыз «баланың өмірі қайшыланып қалмасын» деп, тұсауын қайшы емес, пышақпен кескен.



1. Қазақта балаға қатысты қандай наным-сенімдер бар?
2. Тұсау кесер дәстүрі қашан өткізіледі? Өткізуден мақсат не?
3. Не үшін қазақ баланың тұсауын ала жіппен кестірген?
4. Қазақ баласының тұсауын және нелермен кескен? Неге олай?
5. Қазақ халқы баланың тұсауын жәйбасар, сүріншек адамдарға кестірмеуінің себебі неде?
6. Шашу шашуды қалай түсінесің?
7. Не үшін баланың тұсауын қайшымен кеспейді?



18-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен омоним сөздерді табыңдар да, сол сөздердің омоним екендігін дәлелдеңдер.

Үлгі: ат

Омоним сөз	Мағынасы
Ат	Жылқы – зат есім
	Есім – зат есім
	Мылтық ату – етістік



Перифраза – құбылыстар мен заттардың атын бейнелеуіш сөз тіркестері арқылы атап, түсін түстемей, айрықша белгі-қасиеттеріне негіздей отырып ауыстыру тәсілі.



Есімдіктерді пайдалана отырып «Шілдехана» тақырыбында шағын шығарма жазыңдар. Шығармада перифразаларды да пайдаланыңдар.



Шилдехана, шілделік, шілде күзет – өмірге келген нәрестенің құрметіне жасалатын той.



Паронимдер – дыбыстық және морфемалық құрамы жағынан ұқсас, бірақ лексикалық мағыналары әр түрлі сөздер, яғни дыбысталуы жақын, бір түбірлес, жалпы грамматикалық белгілері ортақ, қолданылуында мағыналық ерекшеліктері бар сөздер.



19-тапсырма. Берілген мәтіннің мазмұнымен танысыңдар да, мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

ТӘЖІК ХАЛҚЫНДА ҰЛ МЕН ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ

Тәжіктер отбасында берілетін тәрбиенің ең негізгісі еңбек тәрбиесі болып табылады. Баланың белі қатайып, буыны беки бастаған күннен-ақ ата-ана балаларын еңбекке баули бастайды. «Еңбекпен тапқан нан тәтті» деп бекер айтылмаса керек, балаларын жер анасын танып білуге, егінді салып, қалай орып алуға болатынын, малды қалай күтіп-баптау керек екенін, қол-өнердің әртүрлі қырлары мен сырларына машықтандырады.



Тәжік халқында ұл мен қыз тәрбиесіне де ерекше көңіл бөлінеді. Ұл баланы жастайынан еңбексүйгіштікке, адалдыққа, адамгершілікке баули отырып, болашақ отбасында көп бала болғанын қалайды. «Балалы үй – базар» демекші бала келешек сол үйдің ұрпағын жалғастырушы, байлығы мен берекесі, үміт артар ұландары екенін жастайынан құлағына сіңіріп өсіреді.

Халқымыз секілді тәжік ұлтында да баланың ержетіп, отбасылы болуы ерекше қуанышпен тойланатын мерекелі күндердің бірі. Келін түсіру мен қыз ұзату тойларын да ел есінде қалатындай ерекше өткізуге тырысады. Өзге халықтармен салыстырғанда тәжік халқында отау құрған екі жастың шаңырағының шайқалуы яғни ажырасуы өте сирек болады. Отбасылы адамдар тек арада бала болмаған жағдай да ғана ажырасады.

Екі жастың отау құрып, жаңа өмірге қадам басар сәттері тәжіктерде ерекше аталып өтілетін дәстүрлерінің бірі. Олар келін түсіру үшін ұлдарына алдымен қыз таңдайды. Егер жігіттің өзі ұнатқан қызы болса, алдын-ала әке-шешесіне айтады. Болмаса жігітке қызды айттырады. Ұлдың ата-анасы ағайын-туыстарымен ақылдаса келе, орталарындағы ең пысық, сөзге шешен адамды «елші» ретінде қыздың үйіне жібереді. Елші екі жақты келістіргеннен кейін құда түсу рәсімі басталады. Құда түсуге ауылға сыйлы ер адамдар келеді. Құда түсу



рәсімінде той хақында ақылдасып, тойға сойылатын малдар, берілетін сыйлықтар жағы келісіледі. Бір қызығы жігіт жағы қыздың үйінде өтетін той шығынын барлығын өздері көтереді. Екі жақ құдалар келісімге келген соң, екі жақта өтетін той күні белгіленіп, тойдың өту жоспары құрылады.

Қазақ халқы секілді тәжіктерде ұзатылатын қыздың артынан жасау апарады. Қыз жағы жасауы дайын болған соң жігіт жағына хабар береді. Келісілген күні жігіт туған-туыс, жора-жолдастарымен бірге той болатын үйге келеді. Күйеу жігітті арнайы қайын ағалары мен қайындары күтіп алып, қалыңдықтан бөлек үйге отырғызады. Барлық ырым, кәделері жасалынғаннан кейін ғана күйеу жігіт қалыңдығын көру құқығына ие болады. Осыдан кейін той күйеу жігіттің үйінде жалғасын табады. Келіннің беті ашылып, некесі қиылады. Неке қию рәсімінде ерекше жағдай неке рәсіміне қатысып отырған адамдар – астықтың дәнін сабақтаулы инеге өткізіп отырады. Рәсім біткен соң, жіпке тізген дәндерді ортадағы ыдысқа салады. Бұл дәстүрдің мәні – осы үйде бала, ырыс-береке, молшылық көп болсын деген ұғым. Сондай-ақ екі жастың қарым-қатынасы тату-тәтті болсын, үйден береке-бірлік кетпесін деген тілекпен некеге қатысқан қонақтарға тәттілер таратылады. Неке қиылып болғаннан кейін күйеу мен қалыңдық жолына орам-орам мата төселініп, оңаша бөлмеге шығарып салынады. Төселген матаны тойға жиналған қауым бөліп алады. Бұл – осындай «тойға жете берейік» деген ойдан туған ырым.

Осы уақыт кезеңіне дейін тәжік халқы діни әдет-ғұрып болсын, өздеріне қатысты қандай да бір салт-дәстүрлері болсын қатаң сақтап келеді. Оның айғағы ер кісілердің үстінен әйел адамдар кірмейді, күйеуінің атын дауыстап шақырмайды. Ер адамның атын атау күнә деп саналады.



1. Тәжіктер, ең алдымен, балаларын неге тәрбиелейді?
2. Не үшін тәжіктер отбасында балаларының көп болғандығын қалайды?
3. Тәжік пен қазақтың үйлену салтымен байланысты қандай әдеттері ұқсас келеді?
4. Тәжіктерде үйленумен байланысты қандай ырым-сырымдары бар?
5. Күйеу мен қалыңдық жолына төселген орам-орам матаны не үшін жиналған қауым бөліп алады?
6. Қазіргі күнде тәжіктерде қайсы салт-дәстүрлер қатаң сақталған?



20-тапсырма. Берілген мәтіннен омоним мен паронимдерді тауып, олардың өзіндік ерекшеліктерін айтыңдар.



Ауылдарыңда немесе көрші ауылдарыңда жасайтын басқа ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлері туралы шағын мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрауда болымсыз етістікті қолданыңдар. Мәтінге ат қойыңдар.



21-тапсырма. Берілген мәтінді оқып шығып, мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтін соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

ӨЗБЕКТЕРДІҢ ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҒЫ

Қазіргі отбасының басты түрі – ата-ана мен баладан тұратын кішкентай жанұя. Бірақ ұлдары үйленгеннен кейін әкесінің үйінің жанында тұруға тырысады, олар бір-біріне және ата-анасына (олармен әдетте кіші ұл бірге тұрады) болысуға тырысады. Әр отбасы жақсы құрылған туыстық байланысты мақтан тұтады, сондықтан балаларында туыстық сезімді тәрбиелеуге көп мән береді. Тұратын мекен арасында туыстыққа қарамастан тығыз байланыста тұру дәстүрі де сақталған (қишлоқ, ірі ауыл және қалаларда – орам (махалля). Бұл дәстүр өзбектердің ұлттық мәдениетінің бір нышанына, олардың мінезі мен психологиясына айналды.



Өзбектердің жергілікті өмірдің шайқалмас дәстүрлерінің бірі – қонақжайлылық. Бір-бірімен қарым-қатынаста өзбектер қарапайым және демократияшыл. Амандасқанда қолды беріп бәрімен, танымайтын адамдармен де амандасады (әйелдерден басқа). Қол бергенде дәстүрлі денсаулықты, жұмыс пен үй жағдайларын сұрайды. Әйелдермен оң қолды жүрекке жақындатып және әдепті бас июмен сәлемдеседі. Күніне бірнеше рет жақсы танитын адаммен де сәлемдесу – әдеттегі ереже айналған.

Қонақты қарсы алу өзбек қоғамында дастарқанның өзі мен отбасы молшылығынан да биік бағаланады. Түскі немесе кешкі астан бас тартуға болмайды. Қонақ үшін ұқыптылық өте маңызды. Қонаққа барған кезде өзімен бірге кішкентай сыйлықтар немесе балаларға тәттілер алып бару абзал. Қадірлі қонағын далада немесе аулада есіктің алдынан күтіп алады. Қонақпен сәлемдеседі, хал-жағдайды сұрап, үйге кіруді ұсынады. Қонақтарды кең орталық бөлмеде қарсы алады немесе аулаға кіруді ұсынады – жергілікті ауа-райы дастарқан шараларын жылына сегіз ай аулада өткізуге мүмкіндік береді. Үйге кірген кезде міндетті түрде аяқ киім шешіледі. Дастарқан бөлменің ортасында немесе аулада болса, жеміс ағаштарының саясында немесе басқа да көлеңке жерлерге жайылады. Қонақ үй иесінің айтқанын істеу керек, ал үй иесі қонақтың көңілін табуға тырысады! Бұл жағдайда әзіл және бұл театралдық процестің қатысушыларына деген әдептілігі жоғары бағаланады. Бірақ есте сақтау керек, ең құрметті



орындар – ол босагадан немесе қақпадан алыс орындар. Әйелдер ер адамдармен бірге бір дастарқанға отырмайды, бірақ қалалық жерлерде бұл ереже сақталмайды. Дастарқан басында әйелді мақтап оған қадалып қарау тиіс емес, дегенмен отбасының жағдайын және оның мүшелерінің денсаулығын сұрауға болады.



1. Өзбектер туралы не білесің? Олар қандай ұлт?
2. Өзбектердің қазақ және қырғыздарға ұқсас қандай салт-дәстүрлерімен таныссың?
3. Қонақжайлылық дегенде нені түсінесің?
4. Өзбектерде адамдар бір-бірімен қалай амандасады?
5. Өзбектерде қонақтарды қалай күтіп алады?
6. Өзбек жанұясына барған қонақтар не үшін өздерімен сыйлықтар мен тәттілер алып барады?
7. Өзбектердің және қандай салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын білесіңдер?



22-тапсырма. Берілген мәтіннен күрделі сөздерді тауып, оларды түр-түрлерге ажыратыңдар.

Күрделі сөздер	Мәтіннен мысалдар
Біріккен сөздер	
Қос сөздер	
Қысқарған сөздер	
Тіркескен сөздер	



23-тапсырма. Берілген мәтінді оқып шығып, мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтін соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

ҚЫРҒЫЗ МУЗЫКАЛЫҚ ФОЛЬКЛОРЫ



Орталық Азияның көптеген халықтары сияқты қырғыздар да керемет музыкалық қабілетке бай. Бұған бүгінгі күнге дейін сақталған, ұрпақтан-ұрпаққа тек ауызша түрде берілген ән шығармашылығының тамаша үлгілері куә.

Музыка ежелден көптеген рулық оқиғаларды біріктіреді: мерекелер, ас беру, отбасылық мерекелер және әскери жорықтар.

Қырғыздар сөздердің сиқырлы күшіне сенген, сондықтан ғасырлар бойы барлық өмірлік жағдайларда қолданылатын көптеген діни және әдет-ғұрыптық әндер пайда болған. Шамандар, емшілер, бақсылар немесе дәруіштер орындаған әндер көп ұзамай «халыққа сіңіп кетті» және ата-бабалардан қалған тамаша фольклор түрінде бай мұра болып қалды.

Қырғыздардың музыкаға деген сүйіспеншілігі туралы көптеген ежелгі жазбалар дәлелдейді, халық ежелгі ғасырлардан-ақ өздері-

не ғана тән музыкалық аспаптарын ойлап тапқан: чоор (сыбызғы тектес) және шыңғыратма. Жыл сайын музыканттар мен бишілер өнер көрсететін іс-шаралар өткізіліп тұрған.



Қырғыз халық музыкасының көркемдік стилінің негізгі белгілері қазақтардың, Алтайдың және Хакастың кейбір халықтарының музыкасына ұқсайды.

Бұл жерде таңқаларлық ештеңе жоқ, себебі қырғыздардың ұлттық музыкасы Орталық Азия туысқан халықтарының музыкалық мәдениетімен, сондай-ақ түркі мәдениетінің барлық тасымалдаушыларымен тығыз байланыста дамыды.

Осы күнге дейін жеткен қырғыз халқының музыкалық шығармашылығы вокалдық және аспаптық жанрларда көрсетілген. Ол өз стиліне ие, терең лиризмділігімен, эпикалық қарапайымдылықпен және ұстамдылықпен ерекшеленеді, жұмсақ және бірқалыпты әңгіме түрінде толық көрініс табады, ал шығармалардың шынайылық ноталары ырғақты құралдардың бай палитрасымен көркемделеді.

Бүгінгі таңда халықтық ән фольклорының үш құрамдас бөлігі бар: ақындар айтысы, эпикалық аңыздар мен жалпы әндер. Олар өз кезегінде речитативтер мен ұзақ айтылатын әндерге бөлінген.

Халық әндерінде қырғыздардың жүріп өткен барлық өмір жолы көрініс табатыны анық, сондықтан ән формаларының алуан түрлілігі таң қалдырады: өсиеттер, жарыстар (айтыс), жағдаяттар, сәлемдесу, құлақтандыру, жоғалту, сыңсу, балалар әндері, еңбек әндері, махаббат әндері және тағы басқалары. Олардың әуені өзара тығыз байланысқандықтан, әндерді алғаш тыңдағанда тыңдаушы оларды өзара айыра алмауы да ғажап емес.

Қырғыз орындаушылары – импровизация шеберлері, бұл әдіс вокалисттерге ғана емес, аспаптық орындаушыларға да тән. Қырғыз музыканттары бір мезгілде шығарманың авторы мен орындаушысы болып табылады, егер ол оны толығымен импровизацияламаса, онда міндетті түрде өз шығармашылығының маңызды бөлігін енгізеді. Импровизациялық жанрдың ең жарқын өкілдерінің бірі – ақындар.



1. Қырғыздар туралы не білесің? Олар қандай ұлт?
2. Қырғыздардың қазақтарға ұқсас қандай салт-дәстүрлерімен таныссың?
3. Қырғыздарда музыка қандай рулық оқиғаларды біріктірген?
4. Қырғыздар ежелгі ғасырлардан-ақ өздеріне ғана тән қандай музыкалық аспаптарын ойлап тапқан?
5. Қырғыз халық музыкасының көркемдік стилінің негізгі белгілері қай халықтардікіне ұқсас келеді?
6. Қырғыз халық әндерінің қандай формалары бар?
7. Бүгінгі таңда қырғыз ән фольклорының қандай құрамдас бөліктері кездеседі?
8. Импровизация терминіне түсінік беріңдер.



24-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен музыкамен байланысты атауларды (терминдерді) тауып, терминдер сөздігі арқылы оған түсініктеме беріңдер. Термин сөздерге жалғанған қосымшалардың түрлерін анықтаңдар.



25-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен көнерген сөздерді табыңдар да, оған талдау жасаңдар.



Фольклор – ағылшын сөзі, «халық даналығы» деген ұғымды береді. Фольклор – бір халықтың өмірімен, өткен тарихымен, күнделікті тіршілік-дағдысымен, сана-сезім, ой-әлемімен біте қайнасып, бірге жасасып келе жатқан халық шығармашылығы. Фольклор – халық шығармашылығы, яғни аңыздар, қиссалар, ертегілер, мақал-мәтелдер, жаңылт-паштар және тағы басқалар.



Тұрақты сөз тіркестерін (идиома, фраза, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, ұлағатты сөздер) пайдаланып «Қазақ пен қырғыз бір туған» тақырыбына шағын мәтін құрастырыңдар.



ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

1. Қоғам туралы өз пікірлеріңді айтыңдар.
2. Қоғамдық қатынас дегеніміз не?
3. Сен өзінді осы қоғамның бір мүшесімін деп санайсың ба? Неліктен?
4. «Қоғам», «ұжым», «адам», «азамат» сөздерінің бір-бірімен қандай мағыналық байланысы бар?
5. Не үшін отбасы қоғамның кішкентай бір бөлшегі саналады?
6. Өздеріңнің жанұяларың туралы бір-бірлеріңе айтып беріңдер.
7. Қазақтың қандай салт-дәстүрлерін білесіңдер?
8. Қазақтың салт-дәстүрлері ауылдарыңда қалай өткізіледі? Сөйлеп беріңдер.
9. Қазірде «әмеңгерлік» салтына сенің көзқарасың қандай?
10. Өздерің білетін өзге ұлт өкілдерінің қандай салт-дәстүрлерін білесіңдер?
11. Ауылдарыңда қандай ұлт өкілдерінің жанұялары өмір сүреді?
12. Омоним дегеніміз не?
13. Паронимдер қазақ тілінің қай саласында зерттеледі?
14. Синонимге қалай түсінесіңдер?
15. Перифраза терминіне түсінік беріңдер.
16. Сөз тіркестерінің қандай түрлері бар?
17. Етістіктің болымсыз түрі қалай жасалады?
18. Есімдіктің қандай мағыналық түрлері бар?
19. Есімдіктің түрленуі дегенде нені түсінесіңдер?
20. Есімдіктер сөйлемде қандай синтаксистік қызмет атқарады?

III ТАРАУ

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БОРЫШЫМЫЗ

Бұл бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

1. Жеке құқықтар, гендерлік теңдік, жеке жауапкершілік туралы ақпаратты мәтіндермен танысасыңдар.
2. Оқылған және тыңдалған мәтін негізінде анық және жасырын ақпаратты түсіну, пікір білдіру дағдыларын дамытатын жаттығуларды орындайсыңдар.
3. Пікірді ауызша жеткізуде бірізділікті сақтау, мәтінде ашық айтылған мәліметтерді түсіндіру, эпиграф және тезистермен байланысты заңдылықтармен танысасыңдар.
4. Терминдер, дауысты және дауыссыз дыбыстардың емлесі туралы білімдеріңді толықтырасыңдар.



1-тапсырма. Төменде берілген мәліметті біліп алыңдар да, Республикамыздағы Конституцияның рөлін аңғарыңдар. Мәтін ішінен түбір мен қосымша арасындағы ықпалға назар аударыңдар.

Үлгі: адам құқықтары – құқық+тар+ы. Түбір сөздің соңғы дыбысы қатаң дауыссыз дыбыс болғандықтан оған жалғанып тұрған қосымшаның да басқа дыбыс ілгерінді ықпал заңымен қатаң дауыссыз болып тұр.

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

Өзбекстан халқы: өзінің адам құқықтары мен мемлекеттік егемендік идеяларына адалдығын салтанатты түрде жариялап, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы өзінің жоғары жауапкершілігін сезіне отырып, Өзбекстан мемлекеті дамуының тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, демократия мен әлеуметтік әділеттілікке деген адалдығын таныта отырып, халықаралық құқықтың жалпы танылған нормаларын ескере отырып, республика азаматтары олардың лайықты өмір сүруін қамтамасыз етуге ұмтылады, гуманитарлық демократиялық құқықтық мемлекет құруды мақсат етеді және азаматтық бейбітшілік пен ұлттық ынтымақты қамтамасыз ету мақсатында өзінің автономды өкілдері түрінде Өзбекстан Республикасының осы Конституциясын қабылдайды.



Фонетика (грекше *phonetikos* – дыбыстық) – дыбыс туралы ілім, тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы. **Фонетика** – зерттейтін объектісі жағынан қарастыратын мәселесі жағынан да тіл білімінің басқа бөлімдерінен ерекшеленіп тұрады. А. Байтұрсынұлы фонетиканы **дыбыс жүйесі** деп ойлаған. Өрине, бұл екеуі синоним түрінде қолданылатынын ескеру керек. Дыбыс жүйесі қарастыратын мәселелер: тіл дыбыстарының пайда болуы, олардың түрлері, іштей жіктелуі, сөз ішінде біріне-бірі ықпал етіп, үйлесетін, үндесіп, тіркесіп тұрудың тетігі, буын, екпін, сөйлеу мен жазудың арақатынасы, орфография, орфоэпия т.б жазудың арақатынасы.

I ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІҢ ЕГЕМЕНДІГІ

1 бап

Өзбекстан – егеменді демократиялық республика. Мемлекеттің «Өзбекстан Республикасы» мен «Өзбекстан» атаулары бір мағынаға ие.

2 бап

Мемлекет халықтың еркін білдіреді және оның мүддесіне қызмет етеді. Мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар қоғам мен азаматтардың алдында жауапты.

3 бап

Өзбекстан Республикасы өзінің ұлттық-мемлекеттік және әкімшілік-аумақтық құрылымын, мемлекеттік әкімшілік пен басқару органдары жүйесін айқындайды, оның ішкі және сыртқы саясатын жүзеге асырады. Өзбекстанның мемлекеттік шекарасы мен аумағы тәуелсіз және бөлінбейді.

4 бап

Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тілі – өзбек тілі.

Өзбекстан Республикасы өз аумағында жасайтын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілдеріне, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарауды қамтамасыз етеді, олардың дамуына жағдай жасайды.

5 бап

Өзбекстан Республикасының заңмен бекітілген өз мемлекеттік рәміздері – туы, елтаңбасы және әнұраны бар.

6 бап

Өзбекстан Республикасының астанасы – Ташкент қаласы.



Орыс әліпбиіне негізделген қазақ әліпбиінде қазақ тіліне тән тоғыз әріп бар. Олар: **ө, ғ, ң, қ, ө, ұ, Ү, һ, і**.



2-тапсырма. Жоғарыдағы Конституциямыздың баптарымен байланысты мәтіндерден орыс әліпбиіне негізделген қазақ әліпбиіндегі қазақ тіліне тән әріптері бар сөздерді теріп жазыңдар да, олардың қай дыбысқа жататындығын анықтаңдар.

Үлгі: Өзбекстан – **ө** дыбысы; егеменді – **і** дыбысы, мемлекеттің – **ң** дыбысы,



3-тапсырма. Жоғарыдағы Конституциямыздың баптарымен байланысты мәтіндерден біріккен сөздерді тауып, оларды талдаңдар.

Үлгі: елтаңба – ел және таңба сөздерінен біріккен; біріккен екі сөзі де зат есім.



4-тапсырма. Жоғарыдағы Конституциямыздың баптарымен байланысты мәтіндерден түбір мен қосымша арасындағы ілгерінді ықпалмен байланысты сөздерді тауып, оларға талдау жасаңдар.

Үлгі: мемлекеттік – мемлекет + тік: сөздің соңғы дыбысы қатаң дауыссыз болғандықтан, қосымша да қатаң дауыссыздан басталып жалғанып тұр; Өзбекстанның – Өзбекстан+ның: сөздің соңғы дыбысы үнді дауыссыз дыбыс болғандықтан, қосымша да үнді дауыссыз дыбыстан басталып жалғанып тұр.



Я, ю әріптері **й+а, й+у** дыбыстарының қосындысы болып келеді де, қосарлы дыбыстар деп аталады.

Я, ю қатысқан сөздер айтылуы мен жазылуында және дыбыс саны мен әріп санында өзгеріс бар сөздер болып саналады. Дифтонг – буынға бөлінетін немесе бөлінбейтін екі дауысты дыбыстың қосындысынан тұратын дыбыс (и, у). Сөйлеу процесінде екі дауысты түйіскен жерде дифтонг тіркесі жасалады.



5-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнымен танысып болған соң, соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

АДАМДЫ ҚАДІРЛЕГЕН ЗАҢ



Тәуелсіз мемлекетіміз және халқымыз өмірінде Конституциямыздың бүгінгі Өзбекстан мемлекетінің тіктелуі және дамуындағы маңызы зор.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы күндерінен бастап, алға қойған ізгі мақсаттарымызға жету, яғни елімізде әлеуметтік бағыттағы базар экономикасына негізделген құқықтық-демократиялық мем-

лекет құру, адам және оның мүдделері, құқығы және еркіндіктері ең ұлы қасиет есептелетін азаматтық қоғамды қалыптастыруда Конституциямыз берік іргетас болып, қызмет етіп келеді.

Өткен қысқа уақыт ішінде тәуелсіз даму жолында Өзбекстан қол жеткен, дүние жұртшылығы тән алған жетістіктер мен мәселер, ең алдымен, жүйелі даму үстіндегі экономикамыз және оның тұрақты өсу қарқыны, тұрғындардың әл-ауқатының жылдан-жылға жақсарып, әлемде мемлекетіміз абыройының артып бара жатқаны – бұлардың баршасы Конституция негізіне қойылған терең ойланған мақсат, оған жетуге бағытталған реформалардың нәтижесі.

Расын айтқанда, Президентіміздің алға қойған атақты бес модельге негізделген даму моделінің құқықтық негізі, алдымен, Конституцияда нығайтылған. Бүгінгі күнге келіп осы әдіс қаншалықты нәтижелі екеніне экономикамыз дамуының тұрақтылығы, баршаны таң қалдырған қарқыны, халқымыздың тұрмыс деңгейі және сапасы артып бара жатқаны бұған айқын дәлел.

Бүгінде Өзбекстан Республикасы әлемдегі экономикасы жедел дамып келе жатқан мемлекеттер арасында бесінші орынды иелеп, халықаралық қаржы институттары жағынан кең көлемде талқыланып, тән алынды.

Республикамызда әлемдік дәрежедегі өзгерістер жүзеге асырылып, қала мен ауылдарымыздың бейнесі көркейе түсуде. Бұндай жаңару кезеңінде тұрғындардың дүниеқарасы және көңіл-күйі түптен өзгеріп, ертеңгі күнге сенімі артып, саяси дәрежесі және құқықтық мәдениеті арта түсуде.

Ата Заңымыздың 11-бабына сәйкес Өзбекстан Республикасы мемлекеттік әкімшілік тізімі заң шығарушы, орындаушылық және сот әкімшілігіне бөлінген принципке негізделген. Осы принцип өмірге енгізіліп, әкімшіліктер арасында өзара мүдделер тепе-теңдігін қалыптастыру, орталықтар мен басқа жерлерде заң шығарушы және уәкілдік әкімшіліктің бақылау міндеттері рөлін күшейту, сот тізімін либералдастыру және оның тәуелсіздігін қамтамасыз ету бойынша кең көлемді жұмыстар алып барылды.

Ўзбекистанда даму басқыштарында, Заң мәртебесін, үстемдігін биіктету, негізгі Заңымыздың өміршеңдігін және пәрменділігін асыру мақсатында өткен жылдар ішінде Конституциямызға тиісті өзгерістер мен қосымшалар енгізілді.

Ўзбекстан Республикасының Конституциясына, оның мазмұнына баға берілсе, қысқа және анық түрде бұл құжатты «Адамды қадірлеген заң» деп атасақ болады. Конституциямыздың арнайы «Адамдар мен азаматтардың негізгі құқықтары, еркіндіктері мен міндеттері» деп аталған екінші бөлімінде адамның жеке құқық және еркіндіктері, саяси құқықтары, экономикалық және әлеуметтік құқықтары жеке тараулар және баптарда тайға таңба басқандай етіп белгілеп қойылған.



1. Тәуелсіз егеменді мемлекет дегеніміз қандай мемлекет?
2. Конституциямыздың өміріміздегі маңызын қандай деп ойлайсыңдар?
3. Не үшін азаматтық қоғамды қалыптастыруда Конституциямыз берік іргетас болып қызмет атқарады?
4. Реформа сөзіне түсінік беріңдер.
5. Ўзбекстан Республикасы әлемдегі экономикасы жедел дамып келе жатқан мемлекеттер арасында нешінші орынды иелеп келе жатыр?
6. Ата Заңымыздың 11-бабында қандай мәселе орын алған?
7. Не үшін Ўзбекстан Республикасының Конституциясын «Адамды қадірлеген заң» деп атауға болды?



6-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтін ішінен қосарлы дыбыстары бар сөздерді тауып, олардың қандай дыбыстардың қосындысынан жасалғандығын анықтаңдар.

Үлгі: **демократия.** Бұл сөзде **я** әрпі қосарлы дыбыс саналады. Ол **й** және **а** дыбыстарының қосындысынан жасалған.



Айтылу кезінде ауаның еркін шықпай, кедергіге ұшырап шығуынан жасалған дыбыстарды **дауыссыз дыбыстар** дейді. Дауыссыз дыбыстар сөйлеу мүшелерінің бір-бірімен жанасуы немесе толық қабысуы арқылы пайда болады. **В, ф, щ, х, ц, ч** дауыссыздары негізінен орыс тілі арқылы кірген халықаралық сөздерде қолданылады.



7-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен орыс тілінен енген әріптері (дауыссыз дыбыстар) бар сөздерді тауып, оларға талдау жасаңдар.

Үлгі: реформа. Бұл сөздер **ф** дыбысы (әрпі) орыс тілінен енген әріп.



8-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен тақырыппен байланысты термин сөздерді тауып, оларға түсінік беріңдер.



Термин (лат. *terminus* – ғылым, техника, өнер) туралы және тағы басқа кейбір тұжырымдаманың атауы болатын сөз немесе сөз тіркесі.

Терминдер толық мәнінде сапалы болу үшін ол жалпыға түсінікті, мағынасы мейлінше нақтылы, айқын болуы шарт және ғылыми терминология құрамындағы басқа ұғымдармен тығыз байланысты, қолдануға ыңғайлы болуы керек.



9-тапсырма. Төменде берілген мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар да, соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

ӨЗБЕКСТАН АЗАМАТЫНЫҢ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЕРКІНДІКТЕРІ



Өзбекстан Республикасы Конституциясының екінші бөлімі «Адамдар мен азаматтардың негізгі құқықтары, еркіндіктері мен міндеттері» деп аталады да, оның VII тарауы «Жеке құқықтар мен еркіндіктеріне» арналады. Бұл тарау 8 баптан құралған (24-баптан-31-бапқа дейін):

24-бап. Өмір сүру құқығы – әрбір адамның ажырамас құқығы. Адам өміріне қастандық жасау – ең ауыр қылмыс.

25-бап. Әркім өз еркіндігі мен жеке тәуелсіздік құқығына ие. Ешкім заңсыз қамауға алынуға немесе қамауда сақтауға мүмкін емес.

26-бап. Қылмыс жасады деп айыпталған әрбір адамның ісі сотта ашық және заңды түрде қаралып, оның кінәсі анықталғанға дейін ол айыпты деп танылмайды. Сотта айыпталушыға өзін-өзі қорғауға барлық жағдай жасалады.

Ешкімді азаптауға, зорлық-зомбылыққа, қатыгездік жасауға немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынасқа түсуге болмайды.

Ешкімге оның келісімінсіз ешқандай медициналық немесе ғылыми тәжірибелер жасауға болмайды.

27-бап. Әркімнің ар-намысы мен беделіне зорлықтардан, жеке өміріне араласуынан қорғалу, жасайтын жерінің тәуелсіздігі құқығына ие.

Ешкім заңда көзделген жағдайлар мен тәртіптерден тыс біреудің жасайтын жеріне кіруге, оны тінтуге немесе тексеруге, хат алмасу мен телефон арқылы сөйлесу құпиясын ашуы мүмкін емес.

28-бап. Өзбекстан Республикасының азаматы Республика аумағындағы бір жерден екінші жерге көшуге, Өзбекстан Республи-

касына келуге және одан шығып кетуге құқылы. Заңда белгіленген шектеулер бұған қатысы жоқ.

29-бап. Өркім ойлау, сөз және сенімдік еркіндігі құқына ие. Қолданыстағы конституциялық құрылысқа қарсы бағытталған ақпаратты және заңмен белгіленген өзге де шектеулерді қоспағанда, әркімнің өзі қалаған ақпаратты іздеуге, алуға және таратуға құқығы бар.

Пікір айту және оны түсіндіру еркіндігі тек қана мемлекеттік құпиялы сырға және өзге де құпияға қатысты болған жағдайда ғана заңмен шектелуі мүмкін.

30-бап. Өзбекстан Республикасының барлық мемлекеттік органдары, қоғамдық бірлестіктері мен лауазымды тұлғалары азаматтарға олардың өз құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдер және басқа да материалдармен танысу мүмкіндігін жасауы тиіс.

31-бап. Барлығына ар-ождан еркіндігі кепілденген. Өркімнің кез келген дінге сенуге немесе ешбір дінге сенбеуге құқығы бар. Діни көзқарастарды күштеп енгізуге жол берілмейді.



1. Өзбекстан Республикасы Конституциясының екінші бөлімі қалай аталады?
2. «Жеке құқықтар мен еркіндіктер» деп аталатын VII тарауы неше баптан тұрады?
3. Нешінші бапта ешкімге оның келісімінсіз ешқандай медициналық немесе ғылыми тәжірибелер жасауға болмайтындығы көрсетілген?
4. Қайсы бапта Өзбекстан Республикасының азаматы Республика аумағындағы бір жерден екінші жерге көшуге немесе Өзбекстан Республикасына келуге және одан шығып кетуге құқылы екендігі көрсетілген?
5. Сотта айыпталушыға өзін-өзі қорғауға барлық жағдай жасалатындығы қайсы бапта көрсетілген?
6. Өркімнің кез келген дінге сенуге немесе ешбір дінге сенбеуге құқығы бар екендігі нешінші бапта көрсетілген?
7. Өркім ойлау, сөз және сенімдік еркіндігі құқына ие екендігі қайсы бапта баяндалған?



10-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен болымсыздық есімдігін тауып, олардың жасалуына мән беріңдер де, түрленуіне назар аударыңдар.

Үлгі: ешкімді. **Еш** және **кім** деген сөздердің бірігуінен жасалып, **-ді** табыс септігінің жалғауын қабылдап түрленген.



Қатаң дауыссыз дыбыстар мен ұяң дауыссыз дыбыстар жұп құрайды.

Олар: *п-б, ф-в, к-г, қ-ғ, т-д, с-з, ш-ж*. Бұл дыбыстар жұп құрауға қабілетті дауыссыз дыбыстар деп аталады.



11-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен кейінді ықпал заңы негізінде қатаң дауыссыз дыбыстың ұяң дауыссыз дыбысқа айналуына мысалдар келтіріңдер.

Үлгі: құқығы. Құқық деген түбір сөзге тәуелдік жалғауының III жақ көрсеткіші **-ы** жалғауы жалғанып, ол сөздің соңғы **қ** қатаң дауыссыз дыбысын **ғ** ұяң дауыссыз дыбысқа айналдырып жіберген.



12-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен **ө** әрпі бар сөздерді теріп жазыңдар да, оның позициясын анықтаңдар.

Үлгі: Өзбекстан, бөлім, өмір, өз, Сөздің басқы буынында, яғни бірінші буынында кездескен.



13-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен сингармонизм заңына бағынбайтын сөздер мен қосымшалы сөздерді табыңдар да, ол сөздерге қосымшалардың қалай жалғанып тұрғандығын анықтаңдар.

Үлгі: **Республика** – жуанды-жіңішкелі дауысты дыбыстар аралас келген сөз; **материалдармен** – әрі жуанды-жіңішкелі дауысты дыбыстар аралас келген сөз, әрі – **мен** көмектес септік жалғауы сингармонизм заңына бағанбаған.



14-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтін ішінен **Ү** және **Ө** дауысты дыбыс (әріп) қатысқан сөздерді теріп жазыңдар да, олардың позициясын анықтаңдар. Ерін үндестігіне назар аударыңдар.

Үлгі: **Үшінші.** Сөздің басқы буынында келген. **Ү** дауысты дыбысы еріндік дауысты дыбыс болғандықтан кейінгі екінші және үшінші буындағы **і** дауысты дыбысын орфоэпиялық заңға негізделіп айтқанда **ү** етіп өзгерткен; **Бөлімі:** сөздің басқы буынында келген. **Ө** дауысты дыбысы еріндік дауысты дыбыс болғандықтан кейінгі екінші және үшінші буындағы **і** дауысты дыбысын орфоэпиялық заңға негізделіп айтқанда **ү** етіп өзгерткен.



Терминдер – белгілі бір ғылымның, техниканың, спорттың салаларына жататын сөздер. Терминдер **бір ғана тура мағыналы сөз** болып келеді. Терминдегі сөздердің басты қасиеті мынадай: а) ғылым мен техниканың әр саласына тән болуы керек; ә) термин сөздер дара бір мағыналы болуы керек; б) термин сөздердің көпшілігі дүние жүзі тілдерінің бәріне ортақ болуы керек.

Термин сөздерді кейде **арнаулы сөздер** деп те атайды.



15-тапсырма. Берілген мәтіннің мазмұнын терең ұғып алыңдар да, соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

«ЖЕТІ ЖАРҒЫ» – БАБАЛАР ЗАҢЫ

Қазақ халқы небір ауыр күндерді бастан кешірсе де, бірлік пен ынтымақты ту етіп, тәртіпке бас иген құл болмайды деген қағиданы ұстанған. Өз кезеңінде билер мен хандар, сұлтандар құрылтайда бас қосып қабылдаған заңдар сол кезеңде ел билеген хандардың атымен «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» деп аталған.



1511 жылы Түркістан аймағының билеушілері және жошылық сұлтандар Қасымды «ақ киізге отырғызып» хан көтерді. Қасым ханның мақсаты бір орталыққа шоғырланған мемлекеттік басқаруды енгізу болды. Ол қоғамдық және мемлекеттік өмір қалыптарын сақтап қалу үшін әдет құқығын жаңғыртты. Кейбір ескі заңдарды жойып, сол тарихи дәуірдегі қазақ қоғамының өмірлік жағдайларына бейімделген жаңа құқықтық заңдар жинағын жасады.

Қасым ханның қабылдаған реформасы «Қасым ханның қасқа жолы» деген атпен белгілі заңдар топтамасы «Құдай жалғыз, хан жалғыз» деген басқару ұстанымын басшылыққа алды. Қасым хан өз заңында Құран талаптарына қайшы келмейтін қазақи әдет-ғұрып ерекшеліктерін сақтады. Мысалы, жеті атаға дейін үйленбеу, әмеңгерлік, құдалық жол-жоралар, қазылық билік және тағы да басқалар.

Бұл заңға енген ережелер: мүлік заңы (жер дауы, мал-мүлік дауы); қылмыс заңы (кісі өлтіру, талау, шапқыншылық жасау, ұрлық қылу); әскери заң (қосын жасақтау, аламан міндеті, қара қазан, тұлпар ат, ердің құны); елшілік жоралары (майталман шешендік, халықаралық қарым-қатынастағы сыпайылық, әдептілік, ибалылық); жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас, той, мереке, думан үстіндегі ережелер, ат жарыс, бәйге ережелері, жасауыл, бекеуіл, тұтқауыл міндеттері).

Ішкі саяси тұтастықты қалыптастырып, Қазақ хандығын бір орталыққа бағынған мемлекет етуді көздеген Есім хан өзіне дейін көп өзгеріске ұшырай қоймаған Қасым ханның заңдарын іс жүзінде қолдануды енгізді. «Қасым ханның қасқа жолы» аталып кеткен заңды Есім хан сол дәуірдің әскери-саяси және әлеуметтік қажеттіліктеріне, халықтың тұрмысы мен дәстүріне сәйкес жетілдірді. Заң ережелері жер, мал, қылмыстық іс, (ұрлық, кісі өлтіру), әскери міндеттілік сынды мәселелерді қарады.

Бұл заң жиынтығы Есім ханның құрметіне «Есім ханның ескі жолы» деп аталды. Есім ханның елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға арналған заңдары оның ірі мемлекет қайраткері екенін көрсетті. «Есім ханның ескі жолы» алғаш Күлтөбе басындағы жиындарда талқыланды. Кейіннен Күлтөбедегі мұндай жиындарды Есім ханның немересі Тәуке хан жалғастырды. «Есім ханның ескі жолы» реформасы бойынша қазақ даласын үш жүзге топтастырып, оларды Ұлы жүз аймағындағы «бас хан» басқаратын билік жүйесі енгізілді.



Бұл Тәуекел, Хақназар хандар тұсында басталған таққа таласу әрекетін тоқтату және қазақтың кең даласындағы ру тайпаларды тығыз топтастырып қорғау үшін жасалған шара еді. Сонымен қатар «Есім ханның ескі жолы» Қазақ хандығын билер арқылы басқаруды реттеу мақсатын көздеді. Бұл заң ережелері жермен, малмен

байланысты материалдық тарапарыз, қылмыстық іс туралы (ұрлық, кісі өлтіру және тағы басқалар), әйелдердің жағдайы, әскери міндеттілік, дәстүрлі шаралар, кедейлерге көмектесу, және тағы да басқа мәселелерді қарады.

Халық бұқарасы Қасым хан заңының ережелерін ұстауды қалады. 1680 жылдан Қазақ хандығындағы билік Жәңгірдің ұлы Тәуекел-Мұхаммед ханға көшті. Тәуке хан парасатты саясаткер, ұтқыр дипломат, әділ хан болғандықтан, ел арасында «Өз Тәуке» деген атқа ие болған. Тәуке Қазақ хандығының ыдырауына жол бермей, мемлекеттің абыройы мен күш-қуатын арттырды. Тарихқа «Жеті жарғы» деген атпен енген Тәуке ханның заңдарын зерттеушілер қазақтардың бұған дейін қолданылып келген құқық нормаларының бір жүйеге келтіріліп, толықтырылған нұсқасы деп қабылдайды.

Тәуке ханның әдеттегі құқық ережелерін толықтырған жаңа заңы «Жеті жарғыны» жасауға Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, хандар, сұлтандар, батырлар қатысқан. Бұл жаңа жарғы қазақ қоғамының дамуына байланысты өзгерістерді енгізген ережелер жинағы болды. Жарғыда әкімшілік, қылмыстық істер, құқық ережелері, салықтар, діни көзқарастар туралы қағидалар болған. «Жеті жарғы» хандық биліктің заң негізінде нығаюына зор үлес қосты.

«Жеті жарғы» қазақ халқының дәстүрлі мемлекеттік және құқықтық мәдениеттің алтын қорынан сақталған қымбат қазына. Бұл ұлы құжатқа байланысты ауызша және жазба деректерді қарастырып отырып «Жеті жарғының» мемлекет пен қоғамның тіршілігін үйлестіретін негізгі заң қағидаларының жинағы немесе мемлекеттік биліктің үлгісі ғана емес, сонымен бірге ұлттық танымның айшықты айнасы, халық рухының қамқоры, ұлттық мүдденің жаршысы екенін аңғарамыз. Жер жүзіндегі қандай да бір елдің арман тілегі де, мақсат-мүддесі де мемлекеттік және ұлттық тәуелсіздігі, осы ұлы түсінік «Жеті жарғының» ел құрметіне бөленіп, ел ақсақалдарының жадына берік жазылуына негізгі себепкер.



1. «Қасымханның қасқа жолы» қандай жол еді?
2. «Есімханның ескі жолы» ше?
3. Қасым хан қашан, қалай және қай жерде хан болып сайланады?
4. «Бас хан» басқаратын билік жүйесі қашаннан басталды?
5. 1680 жылдан Қазақ хандығындағы билігі кімнің қолына көшеді?
6. Жәңгірдің ұлы Тәуекел-Мұхаммедке не үшін «Өз Тәуке» атағы беріледі?

7. Тәуке ханның құқық ережелерін толықтырған жаңа заңы «Жеті жарғыны» жасауға кімдер қатысқан?
8. «Жеті жарғыны» қазақ халқының дәстүрлі мемлекеттік және құқықтық мәдениеттің алтын қорынан сақталған қымбат қазына деп атаймыз?



16-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен көнерген сөздерді тауып, олардың құрамы жағынан дара және күрделі топтарына ажыратыңдар.



17-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен тақырыппен байланысты қандай термин сөздер кездеседі. Ол терминдердің қай салаға жататындығын айтыңдар.



18-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен сингармонизм заңдылығына бағынбайтын сөздер мен қосымшаларды теріп шығыңдар да, оларға талдау жасаңдар.



19-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтін ішінен әрі дауысты, әрі дауыссыз дыбыс болатын тіл дыбысын тауып, оларға талдау жасаңдар.

Үлгі: күшейту – у дыбысы дауыссыз дыбыстан кейін келіп **қысаң, жіңішке, еріндік дауысты** дыбысын құрап тұр; дауыс – у дыбысы дауысты дыбыстан немесе екі дауысты дыбыстың ортасынан келіп, **үнді дауыссыз** дыбысын құрап тұр.



20-тапсырма. https://www.youtube.com/watch?v=3ktsZSrZv_U ссылака негізінде видеороликті көріп, тыңдап бір-бірлеріңмен пікір алысыңдар.



«Жеті жарғы» және қазіргі Ата заң» тақырыбында шағын көркем мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрастыруда көнерген және қазірдегі термин сөздерді пайдаланыңдар.



У дыбысы дауыссыз болады:

- 1) сөз соңында дауысты дыбыстан кейін келсе: *тау, дау, бау, ақтау, қолдау, дайындау, тербеу*, т.б.
- 2) сөз басында дауысты дыбыстың алдында келсе: *уақыт, уәде, уағыз, уық, уәж, уәкіл*, т.б.
- 3) екі дауысты дыбыстың ортасында келсе: *дәуір, жауын, сәуір, бауыр, тауық, тәуір*, т.б.



21-тапсырма. Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар да, соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

ОТАНДЫ СҮЮ – МІНДЕТІҢ, ОТАНДЫ ҚОРҒАУ – ПАРЫЗЫҢ!

Туған елге деген құрмет үлкенді сыйлау, кішіге ізет білдіру, сондай-ақ мәдениеттілікке бет бұрумен де қалыптасады. Хадисте «Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетпеген бізден емес» делінген. Демек,



ақ сақалды аталарымыз бен ақ жаулықты аналарымызды, жасы үлкен аға, әпкелерді құрмет тұту, қарындасты қарындас, ініні, іні деп сыйлай білудің де елді құрметтеуге жататынын ұққан жөн. Бүгінгі күні ата-әжелерді келеке-мазаққа айналдыратын түрлі сахналық қойылымдардың жиі ұшырасатыны, ақ шашты қариялардың алдында ашық-шашық би билеп, ән айтуды

өнер санап имену дегенді білмейтіндердің көбеюі іштей қынжылыс туғызады. Бұл мұсылмандыққа жатпайтын әдет. Осы орайда бүгінгі күні жастарды ұяттылық пен ибалылыққа тәрбиелеу турасындағы насихатты күшейтудің басты орында тұрғанын ұмытпаған жөн. Туған өлке, тарихи орданы сүю – ақылдың ісі емес, жүректің ісі. Ең аяғы, аң-құс та бір өңірді мекендеп, басқа аймақтарды жерсінбейді.

Біздің де сонау дәуірлерден бері тамырын тереңге жайған бір ғана Отанымыз бар. Ол – Өзбекстан. Осынау алып өзбек еліне көздің қарашығындай қорғап, оны шексіз сүю әр өзбекстандықтың міндеті және азаматтық борышы. Өйткені өзбекстандықтардың Өзбекстаннан басқа Отаны жоқ.

Егер осы бір төрт әріптен құралған сөздің түпкі мағынасына үңілер болсақ, оның қаншалықты қастерлі ұғым екендігіне көз жеткіземіз. Өйткені Отан деген тек туып өскен жерің ғана емес, ол – күнделікті отбасы, ошақ қасың, ауасын жұтып, суын ішіп, байлығын игілігіңе жаратып отырған кең-байтақ жерің, қазыналы қариясы мен ақ жаулықты анасы бар алтын бесігің, тай-құлындай бірге өскен құрбы-құрдастан құралған ыстық ауылың, қадірлі ата-ана, сүйікті жар, сүйкімді балаң жүрген туған елің. Қойнауы қазынаға, өрісі малға толы ырысты атамекен, «атамыз күйеу, анамыз келін болған жер». Міне, осы туған ел мен жерге ие болу, амандығын тілеу, ұрпақтың болашағына жауаппен қарау, ел тыныштығымен қатар рухани бірлікті сақтау – әрбір мұсылманның парызы.

Отанды, елді қорғағанда, атақ алу үшін, абыройға кенелу үшін емес, ұрпағым, елім болашақта жетім болмасын, Отансыздықтың азабын тартпасын деп қорғау керек. Жер бетінде Отансыз ұлттар қаншама?! Оларды дәл біздегідей бауырына басып, жақсылық жасап отырған елдер некен-саяқ. Жергілікті ұлттың ызғарына тоңып, қаһарына ұшырап отырғандары және бар. Біздің де ұрпағымыз біреудің қас-қабағына қарап жәутендемесін, қолына қарап дәметпесін десек, атадан қалған асыл мұраны сақтап, ақылды ұрпақ тәрбиелеу – мүлт кетпес парызымыз болу керек. Осы орайда «Халықты сүйем деп байбалам салмай, оған тек жан жүрегімен ғашық бола білу керек» деген Мұқағали ақынның мына бір жыр шумақтары ойға оралады:

Оңай сөз ғой Отанды сүйем деген,
Не тындырдың «басымды иемменен»?
Оңай сөз ғой, құрбым-ау, оңай сөз ғой,
Отан үшін өлемін, күйем деген.

Өлім деген ерліктің қорегі ме?
 Өлмей-ақ қой, өлімнің керегі не?
 ... Егер Отан сыңсыған орман болса,
 Жапырақ боп жармасқын терегіне.
 Самалы боп Отанның салқындаған,
 Сандуғаш боп, сайратсын алтын далаң.
 Семсері боп, Отанның қынабында,
 Сертке ұстаса, селт етпей жалтылдаған.
 Шетсіз, шексіз, қиырсыз ұлы дала,
 Шуақ болып шашылмай жылына ма?
 Сүй Отанды! Шыныңмен сүйіп өт те,
 Гүл боп қадал ойына, қырына да.
 «Жүз толғанып, күніне мың ойласам»,
 Ақ басты алып анаммен шырайласам.
 Қалай оны сүйем деп айта аламын,
 Бірге күліп, қуанып, мұңаймасам?!
 ...Оңай сөз ғой Отанды сүйем деген,
 Іс тынбайды «жанамын, күйемменен...»
 Өгей әке емес қой Отан деген,
 Отанды мен Атамдай иемденем!

Иә, «Отан үшін өлемін» деген құр сөзбен іс бітпейді. Қайта атына кір келтірмей, кетігіне кірпіш болып қалансақ қана өшпес із қалдырып, өнегелі іс тындырамыз хақ.

Қысқасы, Отанды сүюмен патриотизм, ұлтжандылық, туған елге ізет, туған жерге қызмет – бәрі қатарлас ұғымдар. Отанға деген сүйіспеншілік – оған жанашырлықпен қарауға, көркейтуге үлес қосуға, адал қызмет етуге, халықты сыйлауға, халықтың тілі, діні, салт-дәстүрі, қалыптасқан мәдениеті, сүннет жолы, мәзхабы, мемлекеттік рәміздері, шекара аумағы, атамекен секілді қастерлі ұғымдарын құрметтеуге негізделуі тиіс.



1. Туған елге деген құрмет қалай қалыптасады?
2. Қалайша туған өлкені сүю жүректің ісі болып табылады?
3. «Отан» деп аталатын төрт әріптен құралған сөздің түпкі мағынасын қалай түсінесің?
4. Сен Отаныңды, өз еліңді қалай қорғайсың?
5. Отан тақырыбындағы Мұқағалидің өлең шумақтарына талдау жасаңдар.
6. ...кетігіне кірпіш болып қалансақ... деген жолдардың мәнін ашып беріңдер.
7. Отанға деген сүйіспеншілікті қалай түсінесің?



22-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен **у** дыбысының дауыссыз дыбыс түрінде келетініне мысалдарды тауып, олардың неліктен дауыссыз екендігін дәлелдеңдер.

Үлгі: **сыйлау** – сөз соңында дауысты дыбыстан кейін келіп тұр.



23-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен **х** дыбысы қатысқан сөздерді теріп жазыңдар да, ол сөздің төл не кірме сөз екендігін анықтаңдар. Сол сөздің қай тілден енгендігіне назар аударыңдар.

Үлгі: **Хадис** – кірме сөз, араб тілнен енген.



24-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен біріге және қосарлана жасалған сөздерді тауып, оларға талдау жасаңдар.

Үлгі:

1. **Қос сөздер:** әпке-іні, ата-әже,
2. **Біріккен сөздер:** атамекен, ұлтжандылық,



«**Отан – оттан да ыстық**» тақырыбында шағын көркем мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрастыруда дауысты **у** дыбысы бар сөздерді пайдаланыңдар.



Эпиграф (грек. *epigraphe* – жазылған сөз) – әдебиетте жеке шығармалар алдынан келтірілген үзінді, өнеге сөздер, не өлең жолдары. Әдетте жазушы айтайын деген ойын аңғарту үшін осындай қысқа қайырма тағылым сөздерді келтіреді.



25-тапсырма. Берілген мәтінді оқып шығыңдар да, мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтін соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

ШАҢЫРАҚТЫҢ НЕГІЗІ – АТА-АНА

Ата-ананың қадірін білмеген-халық қадірін білмес.

Ғ. Мұстафин



Шаңырақтың негізі – ата-ана. Адам бойындағы жақсы да жаман қасиеттердің бәрі ата-анадан. Оның ішінде тәрбие әкеден болғанымен, ана әрқашанда басым болып тұрады. Өйткені, ананың тілі, ананың мейірбандығы, ананың махаббат сезімі, ақ көңілі, толассыз мейірімділігі – бәрі-бәрі адамға ана құрсағында жатқанда-ақ дарыды, ананың ақ уыз сүтімен бойға сіңіп, болмысымызға тарады.

Тіпті бұны ең білікті ғылым салалары да, ақындарда сөзсіз дәлелдеп отыр. Бұрынғы ата-бабаларымыз өмір сүрген заманда ананың осы бір абзал қасиеттерін ертеден-ақ білген екен. Сондықтан да шығар қазіргі болашақ ұрпақтың сай тасындай салауатты, саңлақ болып өсуі. Батыр да, бағлан да, көсем де шешен де, данышпан да барлығы әке мен анадан жаралды. Тоғыз ай құрсағында көтеріп,

кейін төрт ұйқысын төрт бөліп, бесік жырымен әлпештеп, бізді үлкен адам ретінде мына бір өмірге қалыптастырған. Сондықтан болар-ау, қазақ ана парызын әке парызынан әлдеқайда жоғары қояды. Біз әрқашанда ата-анамызға сол бір сәби қалпымызда қаламыз. Әке-шешеге деген біздің атқаратын парызымыз ешқашан бітпейді. «Ата-ананды көтеріп, Меккеге үш барып, үш келсең де, перзенттік парызыңнан құтыла алмайсың» деудің өзі «ата-анаға мәңгі бақи қарызсың» дегенді аңғартпай ма?! Сол үшін де ата-анаға жасаған істерімізді, көмектерімізді міндетсінбеуіміз керек. Ата-ана біз үшін қолдарынан келгенше бағып-қағып, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіреді. Осы жолда біз үшін барын жұмсайды. Тіпті өзінің жаның беруге де дайын тұрады. Бірақ уақыт шіркін әрқашан озады емес пе?! Осы бір күйбеңтіршілік, бала-шағаның қамы, ата-ананы тез қартайтып, қауқарсыз күйге түсіреді. Кейіннен әкеміз бен анамыздың қара шаштарының арасынан жаңа түскен қардай ақ басқанын, жүздерін әжім көлеңкелегенін байқап, ажарларын уақыт ұрлап бара жатқанын аңғарамыз...



Еңсені езген, тағдырының ісіне сыр бермей, балаларына білдіртпей барынша бақытты да ұзақ өмір сүруге тырысады. Бірақ қазір адамдар ата-ананың қадірін біле ме? Иә, көпке топырақ шашпаймын. Ата-анасын бағып қағып, бар қалған уақытын немере-шөберелірімен өткіздіріп, жүздерін жадыратып, разылығын алып жүрген ұл-қыздар да аз емес. Дүние кезек деген бар ғой, енді ата-анасы баласына сәби болып, Жаратушы иенің аманатын арқалау міндеті перзентінің мойнына жүктеледі. Жаңа жоғарыда айтып кеткенімдей, адамдар, ата-ананың қадірін біле ме? Ащы шындық болса да айтайын, себебі, қазір ата-анасының қадірін білмейтін балалар көп... Оған дәлел, қоғамдағы барлық адамдар өз ата-анасының қадірін біліп, бақытты етсе, әлпештесе, онда елімізде «Қарттар үйі» болмаушы еді... Бұрын-соңды, әке-шешесін «Қарттар үйіне» тапсыру, далаға тастау, қаңғытып қайыршы қылу деген жаман әдет болмаған еді. Қазір қатыгез адамдар көбейіп кетті ме? Әлде қоғам жауыз болды ма? Білмеймін... Әйтеуір жылдан-жылға «Қарттар үйі» ашылып, ішін сәбидей жаутаңдаған қау-қарсыз қарттармен толтырып қойдық. Бұл саналы деген ұрпақтарымыздың сана-сезімінің құлдырауының белгісі емес пе?! Менің ойымша, ең бірінші, ұрпағында ата-анаға деген құрмет болуы керек. Кейін сыпайылық, сүйіспеншілік, мейірімділік төгіуіміз қажет. «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» деп бекер айтылмаған. Бала өскеннен кейін менің жеке өмірім, жеке ойым бар деп анасына қарсылық білдіріп шығады. Сол уақытта анаға жұбаныш болатын жан, әрине, жары. Сондықтан да, ананың қасына әкені жіберген. Бір сөзбен айтқанда, өмірлік жолдас. Не үшін «Ата-ана» деп бірге осы екі сөзді қосып айтамыз? Осыған дейін бұл сауал сіздерді мазалмаған да шығар. Менің пікірімше, бұл



сөздердің астында үлкен мән-мағына жатыр. Олар өмірдің тәттісін де, ащысын да бірге татып, бірге бөлісуі үшін, бір-біріне қорған, жұбаныш, арқасүйері болу үшін құдай оларды табыстырды деп ойлаймын. Бірақ барлық тіршілік иесінің басына келетін өмірдің тосынан келген сыйы екіге айырады. Адам өмірде мәңгілік емес, бүгін бар ертең жоқ деген секілді. Өмірлік серігін, жұбанышын жоғалтқан жан қайғылы күндердің қойнауына енеді. Ол үшін бұл өмір қаңсырап, қалған бос дүниедей көрінеді. Осындай кезде қауқарсыз күйге түскен әкелерімізге немесе аналарымызға баласы ретінде қолдау көрсетуіміз қажет. Керісінше, жығылған үстіне жұдырық болып, оларды қарттар үйіне жіберіп немесе көшелерде қаңғыртып, қайысқан қабырғасын қаңсыратып, жіберетін дүниеге құмартып, көздері көрмей жататын жандар да мына ғасырда кездесіп жатады. Сол уақытта олар өздерін мына әлемде ешкімге керек еместей сезінеді, ең ауыр күндерді басынан өткізеді. Айналасынан қайғысын бөлісетін дос іздейді. Өмірінің үмітіне айналған баласының өзіне көңіл бөлгенін қалайды. Немерелерінің басынан иіскеп, қайғысын сейілтуге тырысады. Қартайған шағында әке де, ана да, көңілшең боп, жан-жарынан айырылып, қауқарсыз сәбидей қорғансыз күйге түседі. Ендеше, қадірменді оқырман, осы қысқа өмірде қолдағы қазынамыздың қадірін білейік! Ата-ана ол біздің – асыл қазынамыз!



1. Не үшін ананы әкеден басым көреді? Сенің ойың қандай?
2. Не үшін қазақ ана парызын әке парызынан әлдеқайда жоғары қояды?
3. Не үшін перзент «ата-анаға мәңгі бақи қарыз»?
4. «Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіреді» деген тұрақты тіркестің мәнін қалай түсінесіңдер?
5. «Ажарларын уақыт ұрлап бара жатқан» деген сөздің мәнін түсіндіріңдер.
6. «Жаратушы иенің аманатын арқалау» сөзіне ше?
7. «Қарттар үйі» – қандай үй?
8. «Ата-ана» сөзі не үшін бірге әрі қосарланып, ажыралмай жазылады?
9. «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» деген мақалдың мәніне түсінік беріңдер.
10. «Өмірдің тәттісі мен ащысы» дегенде нені түсінесіңдер?
11. Не үшін біз ата-анамызды – асыл қазынамызға теңейміз?



26-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен **ә** әрпімен келетін сөздерді теріп жазыңдар да, олардың позициясын (сөздің қай орнында келгенін) анықтаңдар.

Үлгі: әкеден, әрқашанда, бәрі-бәрі, әке, әлпештеп, ... – **ә** әрпі сөздің басында келіп тұр.



27-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен **й** әрпімен келетін сөздерді теріп жазыңдар да, олардың позициясын (сөздің қай орнында келгенін) анықтаңдар.

Үлгі: **бойындағы, бойға, сай, тасындай, ай, ұйқысын, ...** – **й** әрпі (үнді дыбысы) әрдайым дауысты дыбыстан кейін келіп қолданылады. Сөздің басқы буынында келіп тұр.



28-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен түбір соңындағы **ы** немесе **і** дыбыс түсіп қалған сөздерді тауып, оларға талдау жасаңдар.

Үлгі: **ақ көңілі – көңіл + і: көңіл** сөзінің соңғы буынындағы **і** дыбысы тәуелдік жалғауының III жақ көрсеткіші (**-і** жалғауы) жалғанғаннан кейін түсіп қалған.



«Әке – тірегің, ана – жүрегің» тақырыбында шағын көркем мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрастыруда **сый, тый** түбір сөздерінен өрбіген сөздерді пайдаланыңдар. Мәтін басына эпиграф келтіріңдер.



29-тапсырма. Берілген мәтінді мұқият оқып шығып, мазмұнын біліп алыңдар. Соңындағы сұрақтарға дәл жауап қайырыңдар.

АТА-АНАНЫҢ ОТБАСЫНДАҒЫ ПАРЫЗЫ ҚАНДАЙ?

Отбасында берген тәрбиенің негізгі көзі – балаға туыстық қатынастардың жүйесін, ұлт ішіндегі әлеуметтік рөлдердің мәнін түсіндіру, шежіресін таныту.

Ол үшін әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің негізінде алынатын нормалар жүйесі қолданылады. Туыстық байланыстардың беріктігі: ата-ананы сыйлау парызы, қартайған ата-аналардың балаларымен бірге тұруы, кенже немесе жалғыз ұлдың ата-ана алдындағы жауапкершілігі, туыс отбасыларының өзара көмегі және жесірлердің балаларын туыстардың өз қамқорлығына алуы сияқты әдет-ғұрыптар қазақ отбасыларының жазылмаған заңдары бола тұрып, балалар мен жастарды тәрбиелеуге жағымды ықпал жасағаны даусыз.

Ата-анасы парасатты болып, балаларына өздерінің шыққан тегі, руы, ел-жұрты туралы әңгімелеп, ағайын-туыстар арасындағы қатынасты, жекжат-жұрағатқа сыйластық таныту салты бойынша аталас ағайындар бір-біріне қарайласып, қамқор болу міндеттілігін түсіндіріп, олардың жақсы істерін мадақтап, үлгі етіп отырған.

Әдет-ғұрып, рәсімдер, салт-дәстүрлер арқылы тәрбиелеу отбасында қалыптасады. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, үлкендердің, ата-аналардың жеке басының үлгі-өнегесі балалар тәрбиесіндегі ұтымды әдістердің бірі.





Бала тәрбиесіне мектеппен бірге отбасының да әсері өте зор. Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя десек, ата-ана – баланың бас ұстазы. Отбасы таным бесігі, өркениет ошағы, үлгі өнеге бастауы.

Ата-ананың күнделікті өмір тіршілігінде еңбегі, адамгершілік қасиеттері, жақсы мінез-құлқы, өзара дұрыс қарым-қатынасы, құндылықтар жүйесі балаға үлгі. Ата-анаға баладан жақын ешкім жоқ, сондықтан да баласының саналы, салиқалы, арлы азамат болып қалыптасуы оларға тікелей байланысты.

Ж. Баласағұнның бала тәрбиесіне байланысты ата-аналарға арнаған кеңестері қазіргі таңда да үлгі боларлықтай. Ата-ананың басты парызы:

- баланың дұрыс тәрбиеленуі мен білім алуына көңіл бөлу;
- балаға шаңырақ иесі, бабалар ісін жалғастырушы екендігін ұғындыру;
- баланы аруақтарды ардақтауға, ата-баба дәстүрін сақтауға, құрметтеуге, ұрпақтан-ұрпаққа көздің қарашығындай жеткізе білуге баулу;
- балаға өзінің мінез-құлық этикасымен үлгі болу;
- балаға әділетті, қайырымды болу;
- өзінен туған балаға тәрбиені өзі беру («Ай маңдайлы ұл-қыз туса алдында, үйде өсір, бөтен жерде қалдырма»);
- баланы жас кезінен өнерге үйрету, еңбекке араластыру;
- баланы тәрбиелеп, оқыту барысында мінезін қалыптастыруға көңіл бөлу;
- баланың тәні мен жанының жақсы жетілуіне назар аудару;
- балаға өмірдің әрбір сағаты санаулы екенін, сол себепті оны дұрыс өткізу қажеттілігін ескерту («Кешіккен тірлік өте зая берер келгісіз, қалған өмір қанша екені белгісіз. Қалған күнді текке зая кетірме, елімді ибадат қып бекін де»).

Ал отбасы тәрбиесінің алтын діңгегі – ұлттық педагогика, ұлттық салт-дәстүр. Ұлтымызда бала тәрбиесіне қатысты сөз болғанда «баланы – бастан» деп айтып жатады. Бұл ұғымның астарында жатқан ой өте терең. «Ұлт боламын десең, ұрпағыңды ойла. Халық боламын десең – қалпыңды сақта. Ел боламын десең – елдігіңді сақта, халқың ел болып алдыға келсе – алдымен бесігіңді сақта» – деген заңғар жазушы М. Әуезовтың аталы сөзі отбасы тәрбиесінің маңызын айқындайды.

Кезінде М. Жұмабаев «Тәрбиедегі мақсат – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей етіп шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару» деп айтуы ата-ана алдында үлкен жауапкершілік тұрғанын дәлелдейді.



1. Туыстық байланыстардың беріктігі неде көрінеді?
2. Бала-шағаларды отбасында тәрбиелеу қалай амалға асырылады?
3. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» мақалының мән-маңызын ашып беріңдер.
4. Баланың бас ұстазын кім деп білесің?
5. Адамзат бесігін тербеткен ұя деп нені айтуға болады?
6. Ж. Баласағұнның бала тәрбиесіне байланысты ата-аналарға арнаған кеңестерін айтып беріңдер.
7. Ұлттық педагогика мен ұлттық салт-дәстүрлерге қалай түсінесің?
8. М. Әуезовтің отбасы тәрбиесінің маңызын айқындайтын аталы сөзінің маңызын шағындар.



30-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен **и** дыбысының жіңішке, ал **у** дыбысының жуан болып айтылуына мысал табыңдар да, оған талдау жасаңдар.

Үлгі: **туыстық** – **у** дыбысы жуан дауысты дыбыс болып тұр, себебі сөз құрамындағы басқа дауысты дыбыстар (**ы**) жуан айтылып тұр; тәрбиешінің – **и** дыбысы жіңішке дауысты дыбыс болып тұр, себебі сөз құрамындағы басқа дауысты дыбыстар (**ә, е, і**) жіңішке айтылып тұр.



31-тапсырма. Төменде берілген ссылкаларды YouTube арқылы көріп, өздерің эссе жазыңдар. Онда қосарлы дыбыстары бар сөздерден көбірек пайдаланыңдар.



1. <https://www.youtube.com/watch?v=HOrl-QWg4HQ;>
2. [https://www.zharar.com/kz/shygarma/554-ata_ana.html;](https://www.zharar.com/kz/shygarma/554-ata_ana.html)
3. [https://youtu.be/4DHzpeJhhy8.](https://youtu.be/4DHzpeJhhy8)



32-тапсырма. Төмендегі грамматикалық тестке жауап беріңдер.

1	Мәтін ішінен үш әріптен, төрт дыбыстан тұратын сөздері бар сөйлемді табыңдар.
A	Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя десек, ата-ана – баланың бас ұстазы.
B	Кешіккен тірлік өте зая берер келгісіз, қалған өмір қанша екені белгісіз.
C	М. Әуезовтің аталы сөзі отбасы тәрбиесінің маңызын айқындайды.
D	Ай маңдайлы ұл-қыз туса алдыңда, үйде өсір, бөтен жерде қалдырма.

2	Мәтін ішінен дауыссыз у және дауысты у дыбысы қатысқан сөйлемді табыңдар.
A	Ел боламын десең – елдігіңді сақта, халқың ел болып алдыға келсе – алдымен бесігіңді сақта» – деген заңғар жазушы М. Әуезовтің аталы сөзі отбасы тәрбиесінің маңызын айқындайды.

Жалғасы

B	Баланы жас кезінен өнерге үйрету, еңбекке араластыру керек.
C	Әдет-ғұрып, рәсімдер, салт-дәстүрлер арқылы тәрбиелеу отбасында қалыптасады
D	Балаға шаңырақ иесі, бабалар ісін жалғастырушы екендігін ұғындыру қажет.

3	Кезінде М. Жұмабаев «Тәрбиедегі мақсат – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей етіп шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару» деп айтуы ата-ана алдында үлкен жауапкершілік тұрғанын дәлелдейді деген сөйлемде қандай қазақтың төл дауысты дыбыстары кездеседі.
A	І, ө, ы, ң, ұ, ө, қ, ү, е, д.
B	О, ө, а, ә, е, ы, і, ұ, ү.
C	О, ө, ғ, ң, қ, а, ә, е, ү.
D	Қ, ғ, ә, а, ы, і, у, ұ, ү, е.

4	Мәтін ішінен орыс тілінен енген әріптері бар сөйлемді табыңдар.
A	Заңғар жазушы М. Әуезовтың аталы сөзі отбасы тәрбиесінің маңызын айқындайды.
B	Бала тәрбиесіне мектеппен бірге отбасының да әсері өте зор.
C	Ұлтымызда бала тәрбиесіне қатысты сөз болғанда «баланы – бастан» деп айтып жатады.
D	Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің.

5	Мәтін ішінен үш дыбысты тұйық буынды сөзі бар сөйлемдерді табыңдар.
A	Тәрбиедегі мақсат – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей етіп шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару.
B	Қалған күнді текке зая кетірме, елімді ибадат қып бекін де.
C	Ұлт боламын десең, ұрпағыңды ойла. Халық боламын десең – қалпыңды сақта.
D	Ақ маңдайлы ұл-қыз туса алдыңда, үйде өсір, бөтен жерде қалдырма.

Сұрақтар тәртібі	1	2	3	4	5
Дұрыс жауаптары					



33-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен сөз алдынан **ы** немесе **і** дыбыстары естілетін сөздерді табыңдар да, оған талдау жасаңдар



34-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен тырнақшаға алынған сөз не сөз тіркестерін теріп алыңдар да, олардың мән-мағынасын түсіндіріңдер.



35-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін негізінде ата-ана мен отбасы-жанұя тақырыбын 10 мақал-мәтел жазыңдар. Сол мақал-мәтелдің тәрибелік мәніне назар аударыңдар.



36-тапсырма. <https://youtu.be/rcIcVTj-kaE> ссылкасы арқылы берілген «Жанашырым анам аман болса екен!» деген тақырыпта мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрастыруда мақал-мәтел мен нақыл сөздерді пайдаланыңдар.



«Менің отбасым» тақырыбында шағын көркем мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрастыруда **л** және **р** дыбыстарынан басталатын сөздерді қолданыңдар.



ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

1. Өзбекстан Республикасының Конституциясы туралы не білесің?
2. Қазірде Конституциямызға қандай өзгерістер ендірілген?
3. Қазіргі Конституция мен «Жеті жарғы» заңының ерекшеліктері қандай?
4. Конституция тарихын білесің бе?
5. «Жеке құқықтар мен еркіндіктер» тарауы Конституцияның нешінші бөлімінде берілген? Онда не мәселелер орын алған?
6. Фонетика қандай ғылымды қарастырады?
7. Қазақ тілінде тіл дыбыстары қалай жіктеледі?
8. Терминдерге түсінік беріңдер.
9. Сен өз құқықтарыңды білесің бе?
10. Сенің Отан алдындағы борышыңды білесің бе?
11. Ата-анаңның алдында қандай борыштарың бар?
12. Эпиграф дегеніміз не? Ол не үшін жазылады немесе не үшін қажет?
13. Сингармонизм заңдылығы дегеніміз не?
14. Сингармонизм заңына бағынбайтын сөздер мен қосымшалар жайлы не білесің?
15. Қазақтың төл дыбыстары дегенде қай дыбыстарды түсінесің?

IV TAPAU

МЕН ЖӘНЕ БАСҚАЛАР



Әлеуметтік мәдениет – барлық адамдарға ортақ, нақтылы бір өмір салтымен байланысты, бүкіл қоғам немесе әлеуметтік топ аясындағы әлеуметтік реттеуге қызмет ететін құндылықтар мен ережелер, дүниетаным жүйелері.

Бұл бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

1. «Мен», «Әлеумет мәдениеті» және адамдардың басқалармен қарым-қатынасы туралы танымдық мәтіндермен танысасыңдар және талқылау жұмыстарын амалға асырасыңдар.
2. Оқылған және тыңдалған мәтіндер негізінде анық және жасырын ақпаратты түсіну, пікір білдіру дағдыларын дамытумен байланысты жаттығуларды орындайсыңдар.
3. Ауызекі әдеби тілде ойды жеткізуде диалект, жаргон, варваризм мен вульгаризм элементтерінен аулақ болу, мәтінде визуал берілген мәліметтерді оқу және абзацтарға тән заңдылықтармен таныстыру, меншіктік-тәуелділік қалыптары, жекеше және көпше түрі, қыстырма сөздер стилистикасына тән білімдермен танысасыңдар.



Тәуелдік жалғау – әдетте, бір заттың басқа бір затқа тәуелді екенін білдіретін қосымша. Негізінде зат есімге тән қосымша бола тұрса да, зат есім қызметін атқаратын, демек, субстантивтенетін (заттанатын) сөздердің барлығына да жалғана береді.

Тәуелдік жалғау – сөзді қатынасқа түсіретін қосымшаның бір түрі. Тәуелдік жалғау заттың біреуге немесе бір нәрсеге тәуелді (меншікті) екенін білдіреді. Тәуелденетін зат 3 жақтың біріне меншікті болып тұрады. Сол себепті, тәуелдік жалғауының 3 жағы және әр жақтың өзіне тән жалғаулары болады.



1-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнымен танысып, соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

ЖЕКЕ ТҰЛҒА ТУРАЛЫ ТҮСІНІК АДАМНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етеді де, өзі өмір сүріп отырған қоғамның, ұжымның, ұлттың, рудың мүшесі ретінде өзіндік ақыл-парасатымен, жеке бастың өзіне тән ақыл-ой, ерік-жігер, мінез-құлық ерекшелігімен көрінуге тырысады.



Қоғам мүшелерінің бәріне ортақ бір мінез-құлықтық қасиеттің болуы мүмкін емес. Әр адам өзінше жеке тұлға. Адамдар тұлға болып, өзіндік жеке бас ерекшелігі бірден дүниеге келмейді. Әрбір жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеп жетілдіру қажет. Өзіне немқұрайды қарайтын кейбір қоғам мүшелері басқалар қалай өмір сүрсе, мен де солай өмір сүремін деген принципті ұстанғанымен, шын мәнінде өмірде олай емес.

Жеке тұлғаның ерекшелігі дегеніміз – ол оның өзіне тән мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен даралануы.

Адамдардың қоршаған ортадағы құбылыстарды түсініп қабылдауы да әр түрлі. Ол әр адамның жеке басына физиологиялық, психологиялық, биологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Мәселен, біреулердің нәрсені жасауға іскерлік қабілеті болса, екінші адамда оның болмауы, біреудің ұйымдастырушылық қабілеті күшті болса, екінші бір адамның ұйымдастыру ісіне қабілетсіз болуы, біреуі білімді тез қабылдаса, екінші адамның білімді сылбыр, баяу қабылдауы, біреудің дене күші дамыған болып келсе, екінші адамның абстракциялық ойлау қабілетінің баяу дамуы, біреулері сурет салуға немесе ән салуға бейімділігі болуы мүмкін. Жеке бастың бұл ерекшеліктері адамдардың басқалар ұжымдық қарым-қатынасында байқалады.

Өмірде бір анадан туған егіз балалардың түр жағынан бір-біріне ұқсас болуы мүмкін, ал олардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, өмірге деген икемдік, қабілеті бірдей болмайды. Сондықтан әр адамды өзінше дараланған жеке тұлға деп қараймыз. Бір қоғамда өмір сүрушілерге ортақ әлеуметтік, моральдық-этикалық заңдардың ортақтығына қарамастан, жеке тұлғалардың әлеуметтік қарым-қатынаста айна қатесіз бірдей болуы да мүмкін емес.



Адамның саналық, мінездемелік қасиеттерінің қандай түрлері жеке тұлғаны анықтай алады дегенге, ол сана мен өзін-өзі саналандыру қасиеттері деуге тура келеді. Сана ақыл-ойдан туындайды, дегенмен адамның

ақыл-ойы біркелкі дамымайды. Адамдар бірін-бірі бағалауда қателіктер жіберуі де мүмкін. Олар көбінесе өзінің жеке басын басқалардан артық бағалауға тырысады. Абайдың өмірде «Көре алмас іші тар, несі артық менен» деушілердің көп болатынын дөп басып айтуы да осы ойға саяды. Сонымен бірге, жеке тұлға өзін-өзі бағалауға да, өзінің іс-әрекетін, оның нәтижелерін басқалардың бойындағы қасиеттермен салыстырып көре, тани білуге, соған теңелсем, сондай болсам екен деп ұмтылыс, іс-әрекет жасауға да қабілетті.

Жеке тұлғаның есте сақтауы өзге адамдардың тәжірибесін жинақтауға да негізделеді. Әрбір тұлға оларды оқып, көріп, оқығанын, естігенін, көргенін өз ойына тоқып, содан сабақ алу арқылы да өзінің іс-әрекетін, мінез-құлқын, сана-сезімін байытады, толықтырады.

Адам өмірде өзі жіберген қателіктерден де, басқалардың қателіктерінен де сабақ алады әрі оны қайталамауға тырысады. Мұны педагогикада адамның өзін-өзі тәрбиелеуі деп атайды. Басқалардың өнегелі іс-әрекетінен үйрену, оны өз бойының жақсы қасиетіне айналдыру өмір заңы. Осы қасиетті көре білген Абай:

«Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз,
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз»,

— деп текке айтпаса керек. Адамның есі оның ішкі ой-сезімімен тығыз байланысты.

Сонымен бірге, тұлға дегеніміз – сезімнің, әсердің, ішкі күйініш-сүйінішінің бойға жинақталған көрінісі. Мысалы, алаңдағы футбол жарысына қатысушылардың қызбалалығынан осыны байқаймыз. Театрда спектакльді көріп отырып, біреулердің солқыдап жылауы немесе ішегі қатып күлуі, әрбір жеке тұлғаның ішкі сезімінің сыртқа шығуы.

Алайда әр тұлғаның эмоциялық сезім дүниесі әр басқа. Біреу жауыздықты көргенде айғайлап, бақырып, ішкі сезімінің сыртқа шығуына еркіндік берсе, екінші біреуі іштей булығып, көгеріп-сазырып, тас-түйін болып қатып қалады. Бұл әр тұлғаның эмоциялық сезімін ұстай алу еркіне байланысты құбылыс.

Сонымен, жеке тұлғаның ерекшеліктеріне тән қасиеттер оның санасына, өзіне-өзінің сын көзімен қарауына, адам баласының есіне әсер ететін ішкі және сыртқы түсінік, түйсіктердің әсеріне және оның ерік-жігер күші мен әсерленушілік сезім дүниесіне байланысты құбылыс.

Әрине, бұл қасиеттер жеке адамның тұлғалық бейнесін айқындай алмайды. Жеке тұлғаны анықтауда оларды тұтас бірлікте қарастыруға тура келеді. Бұл қасиеттер бір-бірімен тығыз байланысты, бірінсіз-бірі жоқ деп қарағанда ғана әр тұлғаға тән өзіндік «менін» айқындай аламыз. Әр адамның тұлға ретінде қалыптасуы адам өмірінде сыртқы күштердің – табиғаттың және әлеуметтік жағдайлардың әсерімен, ішкі күштердің бірлігінде ғана іске асырылады.



1. Адам баласы қай жерде тіршілік етеді?
2. Адамның өзіндік жеке бас ерекшелігі дегенде нені түсінесің?
3. Өмірде бір анадан туған егіз балалардың мінез-құлықтарын салыстырып көріңдер.
4. Адамның саналық, мінездемелік қасиеттерінің қандай түрлері жеке тұлғаны анықтай алады?
5. Абай өмірде «Көре алмас іші тар, несі артық менен» сөзімен не демекші?
6. Адам қалайша өзін-өзі тәрбиелеуі мүмкін?
7. Адамның есі қайтіп оның ішкі ой-сезімімен тығыз байланысты болады?
8. Тұлға дегеніміз не?
9. Өр тұлғаға тән өзіндік «менін» қалай айқындай аламыз?



2-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен тәуелдеулі сөзді табыңдар да, олардың қалай тәуелденіп тұрғандығын анықтаңдар.



3-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен зат есімнің біреуге немесе бір нәрсеге тәуелді (меншікті) екенін білдіріп тұрған сөздерді табыңдар да, оған талдау жасаңдар.



4-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен ілік септік жалғаулы сөздерді тауып, жалғаудың қалай жалғанып тұрғандығын (сингармонизм және ассимиляциялық заңдылықтар негізінде) дәлелдеңдер.



«Досым – сырласым» тақырыбында шағын көркем мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрастыруда тәуелдеулі сөздерді пайдаланыңдар.



Абзац – қара сөздегі мәтіннің әр бөлімінің алдыңғы жолын тұтас қатардан сәл шегіндіріп бастау.

Бұл мәтіннің мағына жағынан бірыңғай тиянақты бөліктерін бір-бірінен ажырату үшін қажет. Логикалық мазмұн тұрғысынан мәтіннің бір тынысты кезеңін бөліп алып отыру, ой желісін дұрыс ширатып, өрбіте жүйелеуге өте ыңғайлы. Азат жол мәтіннің түсінікті, түйінді, тұжырымды болуына септігін тигізеді.

Абзац сөзі мынадай мағыналарды білдіреді:

1. Бір азат жолдан екінші азат жолға дейінгі күрделі синтаксистік тұтастықты білдіретін мәтін бөлігі;
2. Жаңа жолдан бастап жазуда оңға қарай жасалған шегініс.



5-тапсырма. Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып, соңында берілген сұрақтарға жауап қайырыңдар.

АДАМНЫҢ БІЛМЕГЕНДІ БІЛУГЕ ҚҰМАРЛЫҒЫ

Адам мінезіне тән қасиеттер – әсерленушілік сезімі-мен бірге оның түпсіз құмарлығы да болып саналады. Оның ауқымы өте кең: ол мейірімділік пен опасыздықтан басталып, аспандағы және жер бетін-



дегілердің бәріне, мәңгілік және діни ырымдарға деген құштарлықты қамтиды. Адамзаттың құмарлығын ашуға арналған мыңдаған көркем шығармалар, философиялық және діни трактаттар, публицистикалық эсселер бар. Адам жанына көсемдік, үстемдік пен жауыздық, көре алмаушылық пен қызғаншақтық, билік құмарлық пен сарандық тағы басқа қасиеттердің бәрі тән. Тіршілік атаулы бүкіл әлемдік құмарлыққа

негізделген. Онсыз адам баласының күйініш-сүйініші болмақ емес.

Білуге құмарлық күшті, ауқымды, күйреткіш немесе әлсіз, қалғыған болып келеді. Көбінесе ол адамдарды күйретуге қабілетті, оның бүкіл өмір жолын өзгертуге әкеп соқтырады. Біздің құмарлығымыз басқаларға ерекше әсер етіп, өлгенін тірілтіп, өшкенін жандыруы мүмкін. Құмарлық жақсы болсын, жаман болсын өмір сүреді. Сүйіспеншілік пен қызғаншақтық, жақсылық пен жамандық өмірде егіз жүреді. Мысалы, Дездемонаны құлай сүйген Отеллоның оны өлтіріп тынуы осы асқан құмарлықтың, ғашықтықтың әсері. Сол сияқты «Қыз Жібек» жырындағы Бекежанның Төлегенді өлтіруі, оның Жібекке деген сүйіспеншілігінен туған құмарлықтың нәтижесі. Әсіре құмарлық жақсылыққа да, жауыздыққа да апарып соқтыруы мүмкін.

Адам жаратылысынан білмегенді білуге құмар. Білімге құмарлық та қызығушылық туғызып, адамға білмегенді біліп тынғанша жай таптырмайды. Әсіресе әйелдердің құпияны білуге деген құмарлығы ерекше. Л. Толстойдың «Сырыңды жасырам десек, жарыңа айтып көр, жарты әлем білмесіне мен кепіл» – деуі осыны меңзейді.

Балада да білмегенді білуге құмарлық күшті болады. Ес білмейтін баланың қолына ұстағанның бәрін аузына салып, тістеп, сорып немесе ойыншықты қиратып, ішін ашып көруге құмартуы, бала бойындағы іштен туа біткен құпияны білуге деген инстинктік құмарлықтың әсері.

Адам баласына тән құмарлық – білмегенді білуге, табиғи, жасырын сырдың құпиясын ашуға деген ынталылық адам физиологиясының ішкі сырына тән қасиет. Сондықтан адамның құмарлығы дегеніміз – адамның бойындағы қарама-қайшы сырларды ашуға кілт болып табылады. Ол білмегенді білуге талпыныс жасауға, іс-әрекетке итермелейтін ішкі фактор. Әр адамға өзіндік жасырын сырға толы жұмбақ тұлға деп қарасақ, басқалардың мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі жұмбақ, ішкі сырын білуге деген құмарлық та әр тұлғада әр түрлі болады. Мысалы, біреу өз жолдасынан бір жасырын сырдың шетін естіп сезсе-ақ, соны тәптіштеп сұрап білуге құмартады. Ал екінші біреу өзі айтпаса, оған ерекше назар аудармайды.

Енді адамның өмір сүруінің құндылығы неде дегенге келсек, ол өзі өмір сүруге қажетті шекараны аттап өтіп, өзінің мүмкіндіктерінен арғы нәрсені де білуге тырысатын жан иесі.

Адам өзінің өмір сүру шекарасынан арғы жаратылыс құпиясын білуге үш түрлі жолмен талпыныс жасайды:

1. Біріншіден, ол өзінің өмірде бар екенін, осы өмірдегі тіршілік иесі екенін басқаларға білдіруді мақсат етеді. Адам өмірде де бір-біріне ұқсамайтын өзіндік мінез-құлық ерекшелігімен дараланса, өнерде де өз қолтаңбасымен дараланады. Мұны адамдардың өмірде өз бойындағы қабілеті мен талантын танытуы, ерекшеленуі дейміз.

2. Екіншіден, адамдар өздерінің бұл өмірде бар екенін айқындауды қоғамдық ортада басқалармен қарым-қатынастан табады. Ал басқа адам да сол сияқты қарым-қатынаста өзінің бойындағы қасиеті мен іскерлігін танытуға тырысады. Сөйтіп, әр адамның өмірдегі қабілеті мен іскерлігі адамдар арасындағы қарым-қатынаста ашылып, белгілі бола бастайды.

3. Үшіншіден, адам баласының өзі өмір сүріп отырған ортадан ары шығуға талпынуы, өзінің іс-әрекетін өзінен жоғары, үлкен өмірге қатыстыру арқылы іске асыруы.

Адам өз бойындағы мүмкіндігі мен қабілетін басқалармен қарым-қатынас арқылы іске асыратын болса, өзіне мұрат тұтатын, үлгі-өнеге алатын озық ойлы қайраткерлерді пір тұтып, бас иеді. Ол тілдік шеберлікке табыну, ақындарға, шешендерге немесе асыл ойдың иесі кемеңгер ғалымдарға табыну, немесе ұйымдастыру қабілетімен, ерекше іскерлігімен көзге түскен, халыққа танылған көсемдерге табыну немесе халыққа асқан өнерімен танымал болған артистерге табыну, соларды мұрат тұту сияқты болып келеді. Жастардың мектепте оқып жүргенде атақты батырлардың немесе актёрлардың, суретші, футболшылардың өнерін көгілдір экраннан көріп, олар жайындағы кітаптарды оқып, сондай болуды армандауы осындай мұрат тұтудың, табынудың нәтижесі, яғни әр уақытта өзінен жоғары тұрған ұлыларға табыну, соларға ұқсап бағу, солардың жолын қууды армандау да адам баласына тән табиғи қасиет. Мұны ғылым тілінде адамның өмірге деген ынта, ықыласының саналы түрде іске асуы деп қарайды. Әр адам өзінің «менін» саналы түрде өмірге ендіру арқылы «оны (өмірді) өз үйіме айналдырдым» деп есептейді.



1. Адам мінезіне тән қандай қасиеттерді білесіңдер?
2. Не үшін тіршілік атаулы бүкіл әлемдік құмарлыққа негізделген?
3. Отеллоның Дездемонаны, Бекежанның Төлегенді өлтіруінің себебі неде деп ойлайсыңдар?
4. Л. Толстой әйелдердің құпияны білуге деген құмарлығын қалай бағалаған?
5. Адам баласына тән құмарлық қандай қасиет?
6. Адам өзінің өмір сүру шекарасынан арғы жаратылыс құпиясын білуге қандай жолдармен талпыныс жасайды?
7. Әр адам өзінің «менін» саналы түрде өмірге қалай ендіруі мүмкін?



6-тапсырма. Жоғарыдағы мәтінде неше абзац бар екендігін біліп алыңдар, мәтіннің неге абзацтарға бөлінгендігін түсіндіріңдер.



7-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіндегі абзацтарға мән беріп, әр бір абзацтың абзац дәрежесін анықтаңдар. Азат жолмен абзацтың өзіндік ерекшеліктерін айтып беріңдер.



8-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіндегі ортақ тәуелдеулі сөздерді тауып, оларға талдау жасаңдар.



Жоғарыдағы мәтін құрамынан матаса байланыс-қан сөз тіркестерін табыңдар да, оның тіркесу жолына назар аударыңдар.



Тәуелденудің екі түрі бар: оңаша және ортақ.

Оңаша тәуелдену – бір немесе бірнеше заттың бір ғана затқа меншікті болуын білдіретін тәуелдену. Басқаша айтқанда, заттың жекеше түрде тәуелденуі.

Ортақ тәуелдену – бір немесе бірнеше заттың көп затқа меншікті болуын білдіретін тәуелдену. Басқаша айтқанда, заттың көпше түрде тәуелденуі.

Тәуелденген сөз үнемі ілік септігіндегі сөзбен тіркесіп келеді. **Біздің, сіздің** сөздерімен тіркескен сөздің тәуелдік жалғауы кейде түсіп те қалады.

3-жақтағы тәуелдік жалғауы 3-жақтағы адамға қатысты екенін білдіреді және заттың басқа бір затқа қатысты екенін де білдіреді.



Сөз жекеше түрде де, көпше түрде де тәуелденеді. Егер сөз (зат) жекеше түрде тәуелденіп тұрса, бір зат бір адамға (я затқа) тән екендігі білінеді. Ал, сөз (зат) көпше түрде тәуелденіп тұрса, көп зат я біртектес бірнеше зат бір адамға (я затқа) ғана меншікті екендігі білінеді. Тәуелдіктің бұл түрі оңаша тәуелдеу деп аталады.



9-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіндегі ортақ тәуелдеулі сөздерді тауып, оларға талдау жасаңдар.



10-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен ілік септігінің жасырын келгенін ажыратып, сол сөздің қай сөзбен байланысып тұрғандығын анықтаңдар.



Жоғарыдағы мәтін құрамынан матаса байланысқан сөз тіркестерін табыңдар да, оның тіркесу жолына назар аударыңдар.



Мәдениет дегеніміз – белгілі бір адамдар тобы үшін ортақ мінез-құлық нормалары мен үлгілері, сенімдер мен адамгершілік құндылықтарының жиынтығы.



11-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнын түсініп алыңдар да, соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

МӘДЕНИЕТ – ӘЛЕУМЕТТІК ТАНЫМ БЕЛГІСІ

Адамдардың өзара байланыстарының өзгеруі олардың мәдениетіндегі өзгерістер де туғызады. Осы жөнінен алғанда, адам мәдениетінің әлемі адамның аса мәнді қуатты күштері қалыптасуының дамуы мен көрініс табуының, олардың табиғат пен қоғамда іс жүзінде асырылуының аясы болып алады.



Күнделікті санада мәдениет ұғымы дербес адам, белгілі бір әлеуметтік тұтастық сипаттамасы үшін әдетте бағалаушылық қызмет атқарады. Ал мәдениеттің ғылыми ұғымына иеленетін болсақ, онда оны адамдардың жасампаздық қызметі нәтижесінде жасалған және жасалынатын материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы ретінде қарастырамыз. Рухани мәдениет – өркенді рухани құндылықтар жиынтығын тиісті мәдени-ағарту мекемелерінің құндылықтары мен өзіндік өндірісін танытатын рухани өмір дамуының нәтижесі, адам шығармашылығының жемісі. Бұл ұғым жасалынған құндылықтарды ғана емес, сондай-ақ оларды өндіру, бөлу және тұтыну процесінің өзінде қамтиды.

Социологияда мәдениет деп қоғам дамуының жеке тұлғалары мен субъектілері түріндегі адамдар – олардың өздерінің қатынастары түсініледі. Рухани мәдениет аса күрделі де өзіндік ерекшеліктері бар қоғамдық құбылыс.

Адам мәдениетінің көрінісі социология тұрғысынан үш негізгі белгімен анықталады.

Біріншісі: адамның қоршаған табиғатқа қатынасы. Қазіргі жағдайда мәдениет пен жеке адам, мәдениет пен қоғам адам тұрған ортасына түзетуге келмейтін зардаптарды болдырмайтын жауапкершілікпен қатынасуға тиіс хал-ахуалдың сана деңгейімен өлшенеді. Адам қоғамы мәдениеті – қоғамның табиғатпен өзара байланыстарының ең алуан түрлі аяларынан: өндірісте, демалыста, тұрмыста көрінетін үйлесімдіктен.

Екіншіден: мәдениет – адамның басқа, адаммен қатынасы. Адамдар, мемлекеттер, этникалық топтар арасындағы қатынастар мәдениетінің дәрежесі. Ұжымдағы күнделікті тұрмыстағы отбасындағы өзара қатынастары мәдени ахуалы адамдардың өзара байланысы фактісін жеке түсіну дәрежесіне тәуелді.

Үшіншіден: мәдениет – адамның өзіне-өзінің қатынасы. Индивидтің мәдени қызметі дегеніміз – бұл үнемі өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту. Жеке адамның мәдени деңгейі білім алуға деген ұмтылыстан, тұрақты адамгершілік принциптердің қалыпта-

суынан, әдемілікті кемелдікпен сезінуінен, байсалды сырт келбетінен, денсаулығын жақсы ұстауынан көрінеді.

Мәдениет адамдарға өз ортасында тұтуға, бірлестіктің басқа бірлестікпен өзара әрекеттігі, бірлік пен тұтастықты сақтауға көмектесетін адамның өзара әрекетінің маңызды механизмі ретінде қалыптасады.



1. Адамдардың өзара байланыстарының өзгеруіне не себеп бола алады?
2. Күнделікті санада мәдениет ұғымына қандай түсінік беріледі?
3. Рухани мәдениет дегеніміз не?
4. Социологиядағы мәдениетке түсінік беріңдер.
5. Адам мәдениетінің көрінісі социология тұрғысынан қандай белгілермен анықталады?
6. Адам қоғамы мәдениетіне қалай түсінесің?



12-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен тәуелдік жалғауының III жақ көрсеткішіне мысал табыңдар да, төмендегі кестеге жазып шығыңдар.

Көркем мәтіндегі толық сөйлем	Дауысты дыбыспен аяқталған сөзге	Дауыссыз дыбыспен аяқталған сөзге
Адамдардың байланыстары		байланыстар+ы
Бірлестіктің әрекеттігі	әрекеттік+і	



13-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен тәуелдік жалғауының III жақ көрсеткішінің қатаң дауыссызбен аяқталған сөздерге жалғанып, қатаңды ұяңға айналдыруына мысал табыңдар да, оны кестеге дұрыс толтырыңдар.

Көркем мәтіндегі сөйлем	Түбір сөз	Тәуелдеулі сөз	Қатаңның ұяңға айналуы
Рухани құндылықтар жиынтығы	жиынтық	жиынтығы	қ – ғ



Төмендегі суреттерге негізделе отырып, «Мәдениет – адамның жан дүниесі» атты тақырыпта шағын көркем мәтін құрастырыңдар да, онда тәуелдеудің оңаша түрін пайдаланыңдар.



14-тапсырма. Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып, соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

ТІЛ – МӘДЕНИЕТТІҢ ЕҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТІ

Мәдениеттің негізгі элементтеріне ең алдымен тіл жатады. Ол – адамзат объективтік формасы. Демек, тіл адамдардың қатынас құралы, ойлаудың тікелей шындығы бола отырып, олар туралы мәлімет берудің құралы болып табылады.

Белгілі бір халықтың дүниені қабылдауына тән ұғымдар, ұғымдар жүйесі тіл арқылы бейнеленеді, ол – кез келген мәдениеттің алғашқы негізі. Барлық халықтар дүниені өзінше ерекше түрде меңгереді, оның ұсақ-түйектеріне дейін ойлайды, белгілейді. Мысалы, қазақ халқына, қазақтарға ғана тән болып



келетін табиғат құбылыстарының көптеген түсініктері мен ұғым атаулары кездеседі. Жыл мезгілдері – қыс, көктем, жаз, күз және оларға сәйкес ай аттары мен ауа райындағы құбылыстар (қызыл шұнақ аяз, үскірік, бесқонақ, бес ешкі, құралай т.б.) туралы айтуға болады. Әрине, басқа халықтарда да өздеріне тән осындай ерекшеліктер бар. Бірқатар халықтар тілдерінде адамды ғана «кім» деп, жансыздарды «не» дейді. Міне, бұл айтылып отырғандардың бәрі де мәдениет ерекшеліктеріне қатысты. Өйткені адам қоршаған ортаны ұғымдар арқылы қабылдайды.

Тіл мәдениеті тіркеуде де маңызды рөл алады. Олай болатыны мәдениет дене қимылымен де, әдет-ғұрыппен, ыммен, бимен тағы тағылармен тарайды. Заттарда және басқа формаларда өмірден өткен ұрпақтар ой құрылысын, өз қабілеттері мен дағдыларын қазіргі заманға жеткізеді. Бірақ мәдениетті жеткізудің ең сыйымды да тиімді, дәлме-дәл жолы болып табылатын тілге ештеңе де тең келмейді.

Қазіргі жағдайда қазақ тілі мен мемлекеттік тіл болып табылатын Қазақстанда барлық азаматтар тегіне, тіліне және басқа да жағдайларына қарамастан заң алдына тең, сондай-ақ тілдер теңдігіне де кепілдік берілген. Мемлекеттік тілмен қатар қолданылатын орыс тілі Қазақстан Республикасында ресми тіл болып табылады. Тіл мәселесінің бұлайша өз шешімін табуы мәдениетіміз дамуына септігін тигізетіні даусыз. Қазақстан Республикасында қазақ тілі шынайы өзінің мемлекеттік деңгейіне жетуі үшін алдымен оған қазақ жастары патриоттық, отаншылдық таныту қажет.



1. Не үшін мәдениеттің негізгі элементтеріне тіл жатады деп ойлайсындар?
2. Мәдениет ерекшеліктері дегеніміз не?
3. Мемлекеттік тілге түсінік беріңдер.
4. Қос тілділікке сенің пікірің қандай?



15-тапсырма. Берілген мәтіннен есімдіктерді тауып, оларды мағыналық түрлеріне қарай жіктеңдер.



16-тапсырма. Берілген мәтіннен тәуелдік жалғауының III жақ көпше түріндегі сөздерді тауып, оларға талдау жасаңдар.



Тәуелдік жалғауларының 3 жағындағы жалғауларды пайдаланып, «Тілім – байлығым» тақырыбында шағын көркем мәтін жазыңдар.



Достық – адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті. Достық – өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі. Нағыз достық кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдеседі.



17-тапсырма. Жоғарыдағы достық туралы бір абзацтық мәтіндегі тәуелдеулі форманы табыңдар. Достық табырыбындағы мақал-мәтелдерден үлгі келтіріңдер.



18-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен сөздердің жіктелуі мен тәуелденуіне назар аударыңдар да, мәтін ішінен мысалдар тауып, олардың өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтарын ажыратыңдар.



19-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен есімдіктердің түрленуіне мысал тауып, олардың қай жалғау қабылдап тұрғандығын ескеріңдер.



20-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен заттанған (субстантивтенген) сөздерді тауып, оның түрленуіне көңіл бөліңдер.

ЖАҚ-ЖАҚТЫҢ КӨРСЕТКІШІ РЕТІНДЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУ ҚОСЫМШАЛАРЫ

Жақ	Соңғы дыбыс			
	Дауысты		Дауыссыз	
	Жуан буын	Жіңішке буын	Жуан буын	Жіңішке буын
I жақ	-м	-м	-ым	-ім
II жақ (анайы)	-ң	-ң	-ың	-ің
II жақ (сыпайы)	-ңыз	-ңіз	-ыңыз	-іңіз
III жақ	-сы	-сі	-ы	-і

Бұл қосымшалар жалғанған сөздер, әдетте өздерінен бұрын ілік септік жалғауында тұрып тіркесетін жіктеу есімдіктерімен тікелей байланысты болады. Сол себептен тәуелдеулі сөздің жақ жалғаулары да жіктеу есімдіктерінің жақтарына сәйкес келіп отырады.



21-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнымен танысып, соңында берілген сұрақтарға жауап қайырыңдар.

ДОС ЕГІЗ, ДҰШПАН СЕГІЗ

Достық – адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті. Достық – өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі. Нағыз достық кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдеседі.



Дос-жарандардың мінездері әр түрлі болып келуі мүмкін. Мысалы, біреуінде мінезділік не шабандық, екіншісінде тұйықтық не жі-



герсіздік байқалса да, бұлар достыққа кедергі бола алмайды, қайта нағыз достық осындай кемшіліктерден арылуға көмектеседі. Сатқындық, екіжүзділік, өтірікшілік, өзімшілдік достықпен сыйыспайды. Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінде достыққа үлкен көңіл бөлінеді. Халық арасында достық туралы мақал-мәтелдер жеткілікті: «Дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады», «Досы жақсының, өзі де жақсы», «Дүниеде адамның жалғыз қалғаны – өлгені, қайғының бәрі соның басында». Достыққа қарама-қарсы ұғым – қастық пен күншілдік. Мұндай сезімге ерік алдырғандар басқаның қуаныш-қызығын, ырыс-бағын көтере алмайды, дос дегеннің не екендігін білмейді. Дұрыс дос таңдай білу – өмірлік мақсаттардың бірі.

Нағыз достық кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдеседі.

Қазір бізге достық бұрынғыдан бетер қажет. Достық – бұл өмірдегі ешнәрсемен бағаланбайтын құндылық. Дос табу оңай, ал оны сақтау одан да қиын. Сенім мен жарқын көңіл – достықты берік ететін тірек саналады. Өзі шынайы дос бола білген адамның достары да көп болады және жер бетінде өзін жалғыз сезінбейді.

Достық қатынасқа нәзіктікпен қарап, берік сақтау керек, өйткені ол да баптауды қажет ететін нәзік өсімдік сияқты.

Достық – ең ұлы сезім. Достық жүрген жерде ешқашан жамандыққа жол жоқ. Сол сәтте нағыз достықтың қаншалықты құнды екенін түсіне бастайсың. Досты лотореядан ұтып алуға немесе жай ғана көшеден тауып алуға болмайды. Әрине, достықтың да сыннан өтер кезі болады. Бір сәтте құрылып, бірден нығая түседі деп ойласаңыз, қатты қателесесіз. Оның үстіне дос бола білу қасиеті барлық адамға бірдей берілмеген, ол өте нәзік ғылым. Кей өркөкірек, өзімшіл адам өзгелерді сыйламайды, себебі олар тек өздерін ойлап, үнемі бірінші орында жүруді ғана ойлайды.

Нағыз дос өзін бірінші орынға қойып, айналасындағыларды өзінің әңгімесін тыңдауға мәжбүрлейді деп ойласаңыз қатты қателесесіз. Ол өзінің жан сырын ақтарып қана қоймай, сізді де ден қойып тыңдайды. Досты тек қайғыда емес, қуанышта да танысыз. Өкінішке орай, көп адам достық атты ұлы сезімді бағалай бермейді. Бірақ... Олар күндердің бір күнінде жанына жақын адам іздеп шарқ ұрады.

Достық ортақ қызығушылық, түсінісу, сенім сынды қасиеттер негізінде құралады. Әңгімесі таусылған адамдар дұрыс қарым-қатынас құра алмайтындары анық. Уақыт өте келе адамдар жан-дүниесіндегінің барлығын шығарып, сырлас іздейді. Мұндай сәттерде достардың болмағаны өте жаман. Оның үстіне тек жақын достарыңа ғана айта алатын сырларың болады. Ең бастысы, осы сырды досың өзгелерге айтпайды, жадында құнды қазынадай сақтап қояды.

Дос – адам жанының айнасы тәрізді, себебі адам өзі қандай болса, дәл сондай жанына жақын жанды іздейді. Ойы, арман-тілегі, мақсаты, ең бастысы өмірдегі құндылығы бір адамдардың шынайы дос болып, өмір бойы араларынан қыл өтпейді. Адам баласынан досының қандай болғанын қалайтынын сұрасаң, талап-тілектерін тізіп сала береді. Алайда дәл осы талаптарға өзі жауап бере ме? Дәл өзі ондай мінсіз, адал досқа лайық па? Өкініштісі сол, оны ойлай бермейді. Досыңа талап қоярдан бұрын, ең алдымен, өзіңнің қандай дос бола алатыныңды ойлау керек. Досқа қояр талаптарды, алдымен, өзіне қоя білген адам – өзі де біреуге шынайы дос бола алмақ.



Адамдардың арасындағы қарым-қатынастың іргетасы – адалдық. Өзің адал болмай, өзгеден адалдықты күту – бекершілік. Достықта да адалдық болмаса, ол мәңгілікке ұласа алмайды. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев: «Достыққа жүрмін, достыққа жүрмін құмартып, өлгелі жүрмін өзіме-өзім мін артып», – дейді.

Қарап отырсақ, достыққа шөлдеген, достықты аңсаған ақын өзгеден мін іздеп, өзгеге кінә артпайды. Өзгеге талап қоймастан бұрын, өз жаныңа үңіліп, өзінің қандай дос бола аларын ойлаған ақын өлеңіндегі дәл осы жолдар жоғарыдағы ойымызды қуаттай түседі.



1. Достық пен нағыз достықты қалай түсінесің?
2. Қандай мінез бен қасиеттер достықпен сыйыспайды?
3. Халық арасында достық туралы қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер?
4. Не үшін дос табу оңай да, ал оны сақтау қиын?
5. Дос бола білу не үшін өте нәзік ғылым?
6. «Жаңа екі достан, ескі бір дос артық» мақалының маңызын ашып беріңдер.
7. Не үшін дос – адам жанының айнасы тәрізді?
8. Достың қандай түрлерін білесіңдер?
9. Адалдық туралы не айта аласыңдар?



22-тапсырма. Төменде берілген тест сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Нағыз достық не береді?

- | | |
|---------------|-------------|
| A. Сенім. | B. Шабыт. |
| C. Шынайылық. | D. Адалдық. |

2. Достыққа кедергі бола алмайтын не?




- | | |
|---------------|---------------|
| A. Сатқындық. | B. Адалдық. |
| C. Сыйластық. | D. Шынайылық. |

3. Өмірлік мақсаттардың бірі, бұл –



- | | |
|-------------------------|--------------------|
| A. Дос таңдай білу. | B. Нағыз дос болу. |
| C. Арманға қол жеткізу. | D. Бақытты болу. |

А. Сенімді арттыру үшін. В. Саяси тұрақтылық үшін.
С. Ынтымақтастық орнату үшін. D. Дос болу үшін.

A. Сенім мен жарқын көңіл. B. Татулық.
C. Саяси тұрақтылық. D. Шыдамдылық.



«Досы жоқ адам – тұзы жоқ тағам», «Досы жақсының, өзі де жақсы», «Өз басыңды дауға берсең де, жолдасыңды жауға берме», «Жаман туған болғанша, жақсы жолдасың болсын», «Досы көпті жау алмайды», «Жолдас көптің олжасы көп», «Дос – көңілдің күмбезі», «Досыңды әкеп көрсет, сонда сенің кім екеніңді айтамын», «Екі жақсы қосылса, өле-өлгенше дос болады», «Жаман дос жауыңмен бірге шабады», «Біреу жаныңа жолдас, біреуі малыңда жолдас», «Жолдасын тастаған жолда қалады», «Күлме досыңа, келер басыңа», «Айырылмас досыңа қайырылмас сөз айтпа», «Дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады», «Дүниеде адамның жалғыз қалғаны – өлгені, қайғының бәрі соның басында», «Жаңа екі дос-тан, ескі бір дос артық».



Әлеуметтік мәдениет – барлық адамдарға ортақ, нақтылы бір өмір салтымен байланысты, бүкіл қоғам немесе әлеуметтік топ аясындағы әлеуметті реттеуге қызмет ететін құндылықтар мен ережелер, дүниетаным жүйелері. Әлеуметтік мәдениет – күнделікті тұрмыс ырқымен дарып, ұрпақтан-ұрпаққа тарайтын әрі бүкіл қоғамның немесе әлеу-

меттік топтың аясында тәжірибені екшеп, реттеуге қызмет ететін, белгілі бір байланыстағы адамдар үшін ортақ болып саналатын әлеуметтік мәні бар құндылықтардың, мінез-құлық нормалары мен қағидаларының, түсініктердің, нанымдар мен дәстүрлердің жүйесі.



Әлеуметтік мәдениет қоғамдық өмірді ұйымдастырады, сол қоғамның немесе әлеуметтік топ мүшелерінің бірегейлік, бірлік сезімдерін оятады. Әлеуметтік мәдениет адамның қол жеткізген барлық табыстарын қамтитын, қоғаммен және әлеуметтік топпен мойындалатын әрі сіңірілетін көп қырлы, кең, күрделі құбылыс. Ол материалдық (ғимараттар, құрылғылар, еңбек құралдары, кітаптар, суреттер, тұрмыс құралдары, діни ордалар, табынатын орындар, әшекейлер) және материалдық емес, рухани (білім, пікірлер, заңдар, ережелер, құндылықтар, тіл, дәстүр, салт жоралары) түрінде көрініс табады. Ата-баба жасап, ұрпағына қалдырған мәдениеттің бөлігі мәдени мұра болып табылады.

Бұрынғы ұрпақтар қалдырған, кейінгі ұрпақтар қабылдап алып, игерген материалдық және рухани мәдениет бөлігі ғана мәдени мұра саналады. Бүкіл қоғамның емес, оның бір бөлігінің мәдениеті туралы айтқан кезде, социология ғылымында «субмәдениет» ұғымы жиі пайдаланылады. Бұл әлдебір әлеуметтік топтың немесе қауымның (мыс., таптың, ұлттың, ұлыстың, т.б.) мәдениеті болуы мүмкін. Әрбір жекелеген қоғам аясында баршаға ортақ немесе жұртшылыққа жетекші мәдениетпен қатар бірнеше субмәдениетте өмір сүре алады. Мәселен, Қазақстан Республикасындағы жалпы қазақстандық мәдениет шеңберінде орыс, неміс, татар, ұйғыр, әзербайжан, түрік, армян, т.б. субмәдениеттері; мұсылмандар, христиандар, иудашылар, т.б. қауымның ерекше мәдениеттері; қала мен ауыл тұрғындарының мәдениеті; жұмысшылардың, интеллигенциясының, кәсіпкерлердің, т.б. мәдениеттері өмір сүруде. Сондай-ақ, бүкіл қоғамның жетекші мәдениетіне қарама-қарсы контрмәдениет те осы субмәдениеттің бір түрі.

Әлеуметтік мәдениеттің аса маңызды бөлігі – әлеуметтік құндылықтар мен әлеуметтік нормалар болып саналады. Әлеуметтік құндылықтар дегеніміз – жұртшылық мойындаған мінез-құлықтық стандарттар, яғни діттелген мақсаттар және де осы мақсаттарға жету жолдары мен құралдары жөніндегі қоғам не әлеуметтік топ қолдаған иланымдар. Әлеуметтік құндылықтар – адамдар мен олардың топтары арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастардың жемісі.





Осы қарым-қатынастар барысында жеке адамның, әлеуметтік топтың, не тұтастай қоғамның мұқтаждығын, мүдделерін, тілегін қанағаттандыруға әлдебір әлеуметтік құбылыстың немесе процестің қабілеттілігі байқалып, бағаланады. Әлеуметті реттеудің басты элементі ретінде әлеуметтік құндылықтар оның жалпы, стратегиялық бағытын айқындайды. Мәселен, де-

мократиялық қоғамдағы аса маңызды әлеуметтік құндылықтар қатарына, әдетте, бейбітшілік, адамдардың бостандығы, теңдігі мен туысқандығы, ар-ожданы мен абыройы, әлеуметтік әділеттілік, ынтымақтастық, азаматтық борыш, материалдық игілік, рухани байлық және т.б. жатқызылады. Әлеуметті реттеу жүйесіне жалпы элемент ретінде қатысатын әлеуметтік құндылықтар өзгеше, бірақ өзіне ізбасар элементті әлеуметтік нормаларды туындатып, негіздеме қалайды. Егер әлеуметтік құндылықтар адамдардың мінез-құлқының жалпылама, стратегиялық реттелуін айқындаса, ал әлеуметтік нормалар адамдардың нақты тұрмыс-тіршілігіне қолдануға қаделі мінез-құлықтың шектерін анықтайды. Әлеуметтік нормалар дегеніміз – мінез-құлықтың, үміттің ережесі және белгілі бір мәдениет-құндылықтарына сәйкес адамдардың мінез-құлқын, қоғамдық өмірді реттеуші әрі қоғамның тұрақтылығы мен тұтастығын нығайтушы стандарттар. Әлеуметтік нормалар әр түрлі негіздемелер бойынша бөлінеді. Қоғам өмірін құндылық-жосындық тұрғыдан реттеу үшін оларды құқықтық және моральдық нормаларға бөлудің маңызы зор. Ал моральдық нормаларды сақтау ісі қоғамдық пікірдің, жеке адамның имандылық парызының күшімен қамтамасыз етіледі. Ал, әлеуметтік нормалар тек заңдық және адамгершілік нормаларға ғана емес, сондай-ақ әдет-ғұрпы мен жосындары дәстүрге де арқа сүйейді.

(Д. Дастан)



1. Әлеуметтік мәдениет дегеніміз не, оған қалай түсінесің?
2. Әлеуметтік мәдениет қандай құбылыс саналады?
3. Әлеуметтік мәдениет қандай түрде көрініс табады?
4. «Субмәдениет» ұғымына түсінік беріңдер.
5. Әлеуметтік құндылықтарға нелер жатады?
6. Әлеуметтік нормаларға түсінік беріңдер.
7. Демократиялық қоғамдағы аса маңызды әлеуметтік құндылықтар қатарына қандай құндылықтар енеді?
8. Құқықтық және моральдық нормаларды түсіндіріп беріңдер.



27-тапсырма. Жоғарыдағы мәтінді пайдаланып тақырыпқа тән термин сөздер мен атауларды анықтаңдар да, сөздіктерді пайдаланып ол сөздердің мән-мағынасын ашып беріңдер.



28-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен ілік септігінің жасырын келуіне мысалдар келтіріңдер.

[illegible]

Диалект – аумақтық немесе әлеуметтік жағынан біріктірілген, шоғырланып орналасқан ұжымның тілдік қарым-қатынас жасауының негізгі құралы болып табылатын тіл. Жалпы халықтық тілде қолданылып, сөздік құрамға енетін сөздер сол тілде сөйлейтін адамдардың бәріне түсінікті болып келеді. Сондай-ақ жалпылама қолданыла бермейтін, тек белгілі бір аймақ шеңберінде ғана жұмасалатын сөздер бар. Осындай жергілікті халық тілінде ғана қолданылатын, белгілі аймақ көлемінде ғана айтылатын сөздерді диалектизмдер дейді.



30-тапсырма. Берілген мәтіннің мазмұнымен таныс болыңдар, соңындағы сұрақтарға жауап қайырыңдар.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ ЖӘНЕ ЖАСТАР



Кез келген мемлекеттің болашағы – жастар. Жастардың өмір сүру әдебін, қызығушылығы мен талпыныстарын, жетістіктері мен кемшіліктерін сараптай отырып мемлекеттің болашағын болжауға болады.

Жастардың бүгінгі күні әлеуметтік-экономикалық мәселелері кеңінен талқыланып, шешу механизмдері іске асып жатыр. Дегенмен, біз қарастырған мәселе – жастарға зор пайдасы

әрі мол зияны бар – «Әлеуметтік желі мәдениеті».

Ғаламтор торабын, әлеуметтік желілерді ауыздықтау мүмкін емес. Алайда, қоғамның дұрыс дамуы үшін, жас ұрпақтың адами келбетіне, денсаулығына, ой-өрісіне келетін зиянды азайту мақсатында:

- отандық әлеуметтік желілерді дамытып, оларға мемлекет тарапынан қолдау көрсету;

- ғаламтордың ұлттық ресурстарын, әсіресе қазақ тілінде балаларға арналған ресурстарды дамыту;

- педагог ғалымдар тарапынан компьютерлік оқыту формаларын зерттеп, әдістемелік нұсқаулар жасау, сонымен бірге балалар, жасөспірімдер, ата-аналар арасында жүйелі түрде компьютерлік ойындармен, әлеуметтік желілермен аса әуестенудің зияндығы туралы түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;

- жасөспірімдер арасында ақпараттық мәдениет тақырыбына зерттеулер, арнайы курстар өткізу қажет.

Әлеуметтік желі үйдегі ас тұзы секілді, күнделікті қолданыста өте қажет, бірақ мөлшерден көп қолданса денсаулыққа зиян. Бір ғана айырмашылығы – ас тұзын қолдану есебі, ережесі, мәдениеті қалыптасқан. Ал, әлеуметтік желіні қолдануда бізде есеп те, ереже де, мәдениет те жоқ. Есеп пен ереже болмаған жағдайда мәдениет қайдан болсын?! Мүмкіншілігі мол, зияны зор ғаламды торда ұстап отырған ғаламтор әлеуметті ұлттық дамудан айырады. Сондықтан желі қолданушылары үшін әлеуметтік мәдениеттің біркелкі жолын жүйелеп қалыптастыру, оны қоғам санасына сіңдіру жаһандану заманында жастарға жүктелетін маңызды миссия. Себебі, әлеуметтік желінің көп қолданушылары да сол – жастар.

Әлем бойынша сайттың қолданушылары 50 миллион екен. Бұған дейінгі заманда әлеуметтік желі болған жоқ, сәйкесінше ешқандай әдет, қағида қалыптасқан жоқ. Біздің пайымдауымызша, әлеуметтік желі мәдениеті мәселесін көтеру, шешу жолдарын ұсыну бүгінгі күнің өзекті мәселесі.

Әлеуметтік желі – ақпарат алмасу, қарым-қатынас жасау және уақыты үнемдеу құралы. Әлеуметтік желі мәдениеті – әлеуметтік желіні қолдану, кез келген әлеуметтік желі қолданушысы қандай әрекетті істеуге болатындығын немесе болмайтындығын айқындайтын, жасағалы отырған жұмыстың шегін белгілейтін жалпы қағидаттарының жиынтығы.



Қазіргі таңда әлеуметтік желінің жастар өмірінің күн тәртібінде алар орны орасан зор. Бұл – қауіп. Қарапайым жас (ол мектеп оқушысы, студент, жас маман) таңертең ұйқысынан тұрған сәттен-ақ әлеуметтік желіге қосылуға мүмкіндік беретін аппаратқа (телефон, планшет, ноутбук және т.б.) қарай беттейді. Содан сабақта, жұмыста, көшеде, үйде де желіде отырады. Түсте, кешке тамақтанғанда, үй тапсырмасын орындағанда, үй шаруасымен айналысқанда жастардың барлығы аталған істермен бірге, әлеуметтік желідегі шаруасынан қол үзбейді. Соңында негізгі жұмыстары аяқталмайды және назар аударып орындамаған үй тапсырмасын көңіліне толық түймейді. Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Еріншектен – салақтық, салақтықтан – надандық, Бірінен-бірі туады, Жоғалар сөйтіп адамдық» дегендей, еріншектікке таң атқаннан жіпсіз байлайтын осы әлеуметтік желі.

Осы орайда әлеуметтік желі мәдениетін қалыптастыруда ең басты ескеретін 3 мәселені ұсынамыз:

1) Қолдану уақытын белгілеу. Тәулігіне өтетін 24 сағаттың 8 сағатын – күнкөріс жұмысқа, 8 сағатын – ұйқыға, 8 сағатын – өзімізге пайдалы өзге ісімізге жұмсауымыз қажет. Ал әлеуметтік желіні тұрақты қолданушылар 24 сағаттың 6 сағатын – күнкөріс жұмысқа, 6 сағатын – ұйқыға, 6 сағатын өзіне пайдалы деп санайтын өзге істерге, ал қалған 6 сағатын әлеуметтік желіге арнайды. Бұл – қазіргі заманда үйреншікті жағдай.

2) Ақпарат қабылдау, тарату, түсіну жолдарын үйрететін арнайы курстар ашу. Өйткені, жастар ақпараттың 90 пайызын дерлік әлеуметтік желіден алады. Алынған ақпараттың оң, солын ажырата алмай адасып жүреді. Оны желі арқылы таратады. Сонымен өздері адасып қана қоймай, қоғамды адастырады. Сөйтіп, бір құмалақ бір қарын майды шірітуі рас.

3) Тіл сауаттылығының сақталып қалуы үшін әлеуметтік желі қолданушыларына арналған, қарым-қатынас жасау нормаларын үйрететін интернет-нұсқаулық жасау керек.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні деп түйгеніміз, кез келген жас азамат өзінің күн тәртібіндегі әлеуметтік желінің әкелер пайдасын пайымдап, зиянын зерделеп, онымен жүйелі түрде айналысу керек.

(Шапағат Аманжол)



1. Қазірде жастардың өмір сүру әдебін қалай түсіндіресің?
2. Әлеуметтік желі мәдениеті дегеніміз не?
3. Ғаламтордың жас ұрпақтың адами келбетіне, денсаулығына, ой-өрісіне келетін зиянын азайту мақсатында қандай шараларды орындау қажет?

4. Ғаламтор әлеуметті ұлттық дамудан қалай айыруы мүмкін?
5. Әлеуметтік желі денсаулыққа қандай зиян келтіруі мүмкін?
6. Әлеуметтік желінің жастар өмірінің күн тәртібінде алар орнын қалай бағалайсың?
7. Әлеуметтік желіге қосылуға мүмкіндік беретін аппаратқа нелер кіреді?
8. Әлеуметтік желі мәдениетін қалыптастыруда ең басты ескеретін мәселелер не?
9. Әлеуметтік желінің әкелер пайдасы мен зиянын ажыратып алыңдар.
10. Тәуелдеулі сөздің нол формасы дегеніміз не және оған мәтін ішінен мысал табыңдар.



31-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен есімдіктерді тауып, оларды мағыналық тұрғыдан ажыратыңдар.



32-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен тәуелдеулі сөзді тауып, оларды жақ-жағына ажыратыңдар да, жасалу жолына мән беріңдер. Тәуелдеулі сөздің жекеше немесе көпше түрін ажыратыңдар.



33-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіндегі сызықшаның қойылу себебін түсіндіріп, тәуелдеулі сөздің септелуіне назар аударыңдар.



Қыстырма сөз – сөйлеушінің не жазушының айтылған ойға әртүрлі көзқарасын, сезімін білдіретін моральдық мәні бар сөздер. Қыстырма сөз бір сөзден де, бірнеше сөзден де тұратыны белгілі. Кей реттерде сөйлем түріндегі қыстырма сөз кездеседі.



ҚЫСТЫРМА СӨЗДЕР МАҒЫНАСЫНА ТОПТАЛУЫ

1. Сөйлемдегі ойға сендіру мақсатындағы қыстырма сөздер: *әрине, әлбетте, рас, шынында, шынын айту керек, жасыратыны жоқ, турасын айтқанда, әділіне келгенде*, т.б.

2. Сөйлемдегі ойға күмән келтіру мағынасындағы қыстырма сөздер: *сірә, мүмкін, шамасы, меніңше, қалай екені белгісіз*, т.б.

3. Алдыңғы айтылған ойға қорытынды жасау мақсатындағы қыстырма сөздер: *қысқасы, тоқ етері, демек, түйіп айтқанда, сайып келгенде, жалпы алғанда*, т.б.

4. Көңіл күйге байланысты қыстырма сөздер: *бәсе, бақытымызға қарай, амал не, өкінішке қарай, сәті түсіп*, т.б.

5. Ойды санамалап айту үшін қолданылатын қыстырма сөздер: *ең алдымен, екінші жағынан, біріншіден*, т.б.



34-тапсырма. Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар да, соңында берілген сұрақтарға толық жауап қайырыңдар.

ҒАЛАМТОРДЫ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНА БІЛУ – ҮЛКЕН БІЛІМ КӨЗІ

Әлеуметтік желі – бұл тек адамдарды бір-бірімен байланыстыратын веб-сайт қана емес, сонымен қатар жастар мәдениетін дамытатын құрал. Әлеуметтік желіде байланыс жасау үшін, әрине, бізге, ең алдымен, интернет керек. Ал ғаламторға қосылу дегеніміз – басқа жерлерде тұрған мыңдаған компьютерлік жүйелермен байланысу деген сөз.



Әлеуметтік желі тақырыбы түрлі ғылым салаларын ойландырып отыр десек қателеспейміз. Әлеуметтік желі және ондағы қауіпсіздік мәселелері дәрігер мамандарын да алаңдатады. Миға, көзге әсері жайында талқыланады. Психологтар психология тұрғысынан, дінтанушылар дін тұрғысынан, әлеуметтанушылар отбасыға әсерін өз көзқарас тұрғысынан қарастырады. Әр зерттеуші олардың пайдасы мен зиян жақтарын саралап, мәселенің шешу механизмдерін ұсынады.

Оқушылар қазіргі таңда көркем шығарманы аз оқиды деген тұжырымдар ұстаздар қауымын алаңдататын проблемалар. «Көбі ауызекі тілде қолданылатын сөздермен сөйлейді. Әдеби тілді білмейді, сөздердің айтылу ережесін сақтамайды. Мектеп оқушыларының тілі шұбар, сөздік қоры жұтаң, – деп дабыл қағады ұстаздар. Ал филолог мамандардың негізгі міндеті – тілдегі жаргонды жою және тіл мәдениетін сақтауға ат салысу.

Қазір жасөспірімдер жаргон сөздерді көп қолданады әрі бір тілде таза сөйлей алмайды. Орыс тілінде сөйлесе қазақ сөздерін, ал қазақ тілінде сөйлесе керісінше орыс сөздерін араластырады.

Қарапайым ғана мысал ретінде төмендегі диалогты келтіріп көрейік.

I-түрі

- Сәлем досым, хәл қалай?
- Шүкір жақсы, өзің қалайсың?
- Бүгінгі кешке дайындығың қалай?
- Ата-анам жұмыстан келгесін баратын болдым.
- Жарайды, ендеше кешікпе, күтеміз!
- Кездескенше!

II-түрі

- Салам кент каксын
- тема өзің
- тема ғой че там кешке не істейсің келесіңба
- проблема кеш барам
- давай, кешікпе ждем



Зейін салып саралап қарасақ, диалог жасаушы екі адамның сауаттылығы мен мәдениет деңгейін байқай аламыз. Сіздің ойыңызша, қай сөйлесушілердің қарым-қатынасқа түсуі көңіл толтырады? Әрине, бірінші. Неге дейсіздер ғой, себебі, көзге тартымды, ықыласпен жауап бергің келіп тұрады. Тыныс белгісі қойылған, түсінікті.

Жастардың сөздік қорында әдеби тілмен сөйлейтін адамға түсініксіз сөздер мен сөйлемдер көп. Олар сленг сөздерін ауызекі тілде ғана қолданбай, әлеуметтік желілерге де енгізіп жатыр. Жастардың жазбаша «жаңа тілі» мен әлеуметтік желілердегі постарында қаптап жүрген қателерге тіл маманы ретінде алаңдаймын.

«Балалар көбінесе ғаламтор мен телефон арқылы сөйлеседі. Әлем классиктерінің шығармаларын білмейді. Соның кесірінен балалар орфография мен жалпы грамматиканы нашар меңгереді» деген пікір кәсіби қазақ тілі жойылып кету қауіпін тудырады. Өйткені әлеуметтік желілер адамды мәдениетті сөйлеу ғана емес, мәдениетті ойлау мүмкіндігінен де айырады. Бұл әсіресе оқушылардың шығарма, диктант жазған сәтінде байқалады.

Кезінде ең бай, оралымды тіл деп бағаланған қазақ тілі замана ағымымен бірге жүріп, байырғы белгі-таңбаларынан нені сақтап, нені жоғалтты деген сауалдарға жауап іздеп, дәстүрлік пен даралықтың ара қатынасын, өткен мен бүгінгі арасындағы жанды байланысты зерделеу бұл қазақ деп соққан жүрегі бар әрбір азамат үшін міндет деп ойлаймын. Заманауи деп танылған интернет торабының қазақ тілінің тазалығын сақтаудағы әсері мен ықпалы қандай деген мәселелер толғандыруы тиіс.

Сонымен әлеуметтік желі пайдаланушылардың мәдениеті арқылы біз жалпы қазақ жастарының мәдениетін көре аламыз. Әсіресе mail.ru, контакт сайтында көп отыратын жастар ғаламтордың неге керек, мәні неде екенін саналы түрде ұғынуы тиіс. Ал, ғаламторды дұрыс пайдалана білу, ол – үлкен білім көзі.



1. Не үшін әлеуметтік желіні жастар мәдениетін дамытатын құрал деп атаймыз?
2. Әлеуметтік желі және ондағы қауіпсіздік мәселелері туралы дәрігер мамандары не айтады?
3. Ауызекі тілде қолданылатын сөздерді қалай түсінесің?
4. Жаргон және сленг сөздер қандай сөздер?
5. Жастардың жазбаша «жаңа тілі» қандай тіл?
6. Қалайша әлеуметтік желілер адамды мәдениетті сөйлеу ғана емес, мәдениетті ойлау мүмкіндігінен де айырады?
7. Сен ғаламторды қалай пайдаланасың?



35-тапсырма. Мәтін ішінен жаргондық, сленгдік, диалектілік қасиетке ие болған сөздерді тауып, олардың қазақша баламасын табыңдар.



36-тапсырма. Мәтін ішінен қыстарма сөздерді табыңдар да, оларды түр-түрлерге ажыратыңдар.



https://www.youtube.com/watch?v=1G_hpyMzKy8
адресі ссылқадан пайдаланып, ол туралы өз ойларыңды жазыңдар.
Қыстырма сөздер арқылы диалогтық мәтін құрастырыңдар.



ҚЫСТЫРМА СӨЗДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІСІ

Қыстырма сөздің тыныс белгісі – **үтір**. Қыстырма сөз:

- сөйлем басында келсе, одан кейін;
- сөйлем ортасында келсе, екі жағынан;
- сөйлем соңында келсе, алдынан үтір қойылады.

Сөйлеу барысында өз дәлелдемелерін ұсыну, негіздеу барысында *менің ойымша, меніңше, біздің көзқарасымызша, біздіңше* деген қыстырмалар арқылы берілетін бағалауыштық құрылымдар автордың өзіндік көзқарасын білдіру үшін жиі пайдаланылады.



37-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен тәуелдеулі сөздерді тауып, олардың қай жақта, жекеше не көпше түрде тәуелденіп тұрғандығын біліп алыңдар.



38-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен қыстырма сөздерді тауып, олардың тыныс белгілерінің қойылу себептерін табыңдар.



39-тапсырма. Берілген әңгіменің мазмұнын түсініп алыңдар да, соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

СӨЗДЕН ТОСЫЛУ

Наушабай дейтін кісі жол жүріп келе жатып, Абайдың үйіне түсіпті. Жайғасып отырған соң ол:

– Абайжан, өзіңе асыл сөз, алғыр ой тауып айтқан кісі болды ма? – деп сұрапты. Абай сәл ойланып отырыпты да:

– Менің Әбдірахман деген балам бар еді. Оны тоғыз жасында Семейдегі орыс мектебіне оқуға бердім. Оны бітірген соң, Петербургқа жібердім. Қыс оқып, жаз демалысқа үйге келді. Сұрастырып байқасам, оқуы жақсы көрінеді. Баламның алымдылығын сынап білейін деп ойлады да, бір күні жай әңгімелесіп отырып:





– Қалқам Әбіш, осы әлемдегі жаратылыста ақ зат асыл ма, қара зат асыл ма? – деп сұраған едім. Ол іркілместен:

– Ақ зат асыл ғой, – деді.

– Неге, қара зат асыл емес пе? – дедім мен. Әбіш бетіме қарап күлді де:

– Қараны қалай асыл дейсіз? – деді.

Мен:

– Біріншіден, адам баласы барлық дүниедегі жаратылысты көзбен көреді емес пе?!, – дедім. Бірақ көздің ағы көрмейді, ортасындағы кішкене қарашығы ғана көреді. Қараның асылдығына осы дәлел. Екіншіден, қағаз ақ, одан адам оқып білім ала алмайды, үстіне жазған

қара сиядан өнер-білім алады. Үшіншіден, жас шақта адамның сақал-шашы қара болады, осыған байланысты жас күнде адамда ақыл, білім, қайрат көп болады. Қартайғанда шаш-сақал ағарады, ал адамда ақыл, білім, қайрат та азаяды. Сондықтан ақтан қараны асыл ма деп ойлаймын, – дедім.

Сонда Әбіш:

– Оның бәрін қалай білдіңіз? – деді.

– Ақылмен білдім, – дедім мен.

– Олай болса, ақыл мида болмай ма, ал ми ақ зат емес пе?!

Екіншіден, ақыл – нұр, жарық зат. О да аққа ұқсамай ма? – деді.

Мен баламның тауып айтқан сөзіне риза болып, маңдайынан иіскедім.



1. Наушабай Абайға қандай сұрақ қояды?
2. Әбіш кім еді?
3. Абайдың баласы әлемдегі жаратылыста қандай зат асыл екендігіне қалай жауап қайырады?
4. Абайдың өзі қара заттың асыл екендігін қалай дәлелдейді?
5. Әбдірахман ақ заттың асыл екендігін қалай дәлелдеп берді?
6. Дүниедегі асыл зат туралы сенің өз пікірің қандай?



40-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен қаратпа және қыстырма сөздерді тауып, олардың ерекшеліктерін ажыратыңдар. Қыстырма сөздерді мағыналық түріне қарай дәлелдендер.



41-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен жіктік жалғаулы сөз бен тәуелдеулі сөздерді тауып, олардың қай жақта тұрғандығын анықтаңдар.



42-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен дерексіз зат есімді тауып, оларға талдау жасаңдар. Дерексіз екендігін анықтаңдар.



Жоғарыдағы мәтінге негізделіп «Ең асыл сөз» тақырыбында шағын көркем мәтін жазыңдар. Мәтін құрастыруда қыстырма сөздерді пайдаланыңдар.



43-тапсырма. Төмендегі грамматикалық тестке жауап беріңдер.

1	«Шынын айту керек», «жасыратыны жоқ», «турасын айтқанда», «әділіне келгенде» деген сияқты сөздер, қыстырма сөздердің қайсы мағыналық түріне жатады?
A	Сөйлемдегі ойға күмән келтіру мағынасындағы қыстырма сөздерге жатады.
B	Сөйлемдегі ойға сендіру мақсатындағы қыстырма сөздерге жатады.
C	Ойды санамалап айту үшін қолданылатын қыстырма сөздерге жатады.
D	Көңіл-күйге байланысты қыстырма сөздерге жатады.

2	«Мүмкін», «шамасы», «меніңше», «қалай екені белгісіз» деген сияқты сөздер қыстырма сөздердің қайсы мағыналық түріне жатады?
A	Көңіл-күйге байланысты қыстырма сөздерге жатады.
B	Алдыңғы айтылған ойға қорытынды жасау мақсатындағы қыстырма сөздер.
C	Сөйлемдегі ойға күмән келтіру мағынасындағы қыстырма сөздерге жатады.
D	Ойды санамалап айту үшін қолданылатын қыстырма сөздерге жатады.

3	«Бәсе», «бақытымызға қарай», «амал не», «өкінішке қарай», «сәті түсіп» деген сияқты сөздер, қыстырма сөздердің қайсы мағыналық түріне жатады?
A	Сөйлемдегі ойға сендіру мақсатындағы қыстырма сөздер.
B	Ойды санамалап айту үшін қолданылатын қыстырма сөздер.
C	Алдыңғы айтылған ойға қорытынды жасау мақсатындағы қыстырма сөздер.
D	Сөйлемдегі ойға күмән келтіру мағынасындағы қыстырма сөздер.

4	«Ең алдымен», «екінші жағынан», «біріншіден» деген сияқты сөздер, қыстырма сөздердің қайсы мағыналық түріне жатады?
A	Сөйлемдегі ойға сендіру мақсатындағы қыстырма сөздер.
B	Ойды санамалап айту үшін қолданылатын қыстырма сөздер.
C	Алдыңғы айтылған ойға қорытынды жасау мақсатындағы қыстырма сөздер.
D	Сөйлемдегі ойға күмән келтіру мағынасындағы қыстырма сөздер.

5	«Қысқасы», «тоқ етері», «демек», «түйіп айтқанда», «сайып келгенде» деген сияқты сөздер, қыстырма сөздердің қайсы мағыналық түріне жатады?
A	Көңіл-күйге байланысты қыстырма сөздерге жатады.
B	Ойды санамалап айту үшін қолданылатын қыстырма сөздер.
C	Алдыңғы айтылған ойға қорытынды жасау мақсатындағы қыстырма сөздер.
D	Сөйлемдегі ойға күмән келтіру мағынасындағы қыстырма сөздер.

Сұрақтар тәртібі	1	2	3	4	5
Дұрыс жауаптары					



ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

1. Өзіңнің «менің» мен өзгенің «менін» қалай түсінесің?
2. Әлеуметтік мәдениет дегеніміз не?
3. Жеке тұлға қандай болуы керек?
4. Қандай сөздерді диалект сөз деп атаймыз?
5. Жаргондар мен варваризмдерге түсінік беріңдер.
6. «Мәдениет» терминін түсіндіріңдер.
7. Тәуелдік жалғау дегеніміз не және олардың жалғануы қандай болады?
8. Оңаша және ортақ тәуелдеуге түсінік беріңдер.
9. Дос және достық қарым-қатынастар туралы өз ойыңды айтыңдар.
10. Достықта адамдардың мінез-құлықтарының орны қандай болады?
11. Тәуелдеудің жеке және көпше түрлері қандай болады?
12. Субмәдениетке қалай түсінесің?
13. Әлеуметтік желі мәдениетінің жастар өмірінен алатын орны туралы не айтасыңдар?
14. Қыстырма сөз дегеніміз не және олардың қандай мағыналық түрлері бар?
15. Қыстырма сөздердің тыныс белгілері туралы мысалдар келтіріп, түсінік беріңдер.
16. Ғаламторды қалай дұрыс пайдалана аласыңдар?
17. Мәдениеттің ең негізгі элементі не деп ойлайсыңдар?
18. Дос туралы мақал-мәтелдер, қанатты сөздер мен нақыл сөздерден мысалдар келтіріңдер.

V ТАРАУ

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ



Тәрбие психологиясы – балалар ұжымының, баланың іс-әрекетін мақсаттылық ұйымдастыру жағдайында жеке адамның дамуын зерттейтін педагогикалық-психологияның бөлімі. Тұлғаның мотивациялық саласының мазмұнын, оның бағыттылығын, құндық бағдарлануын, сондай-ақ әр түрлі жағдайда тәрбиеленіп жатқан балалардың өзіндік сана-сезімдеріндегі айырмашылықты, балалар ұжымы мен бозбалалар ұжымының құрылымын, олардың жеке тұлғаның қалыптасуындағы рөлін, психикалық депривацияның жағдайы мен салдарын зерттейді.

Бұл бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

1. Дін, ар-ождан бостандығы, адалдық, тамыры тереңде жатқан жат қылықтар (өтірік айту, жала жабу, өсек айту...) туралы танымдық мәтіндермен танысу және талқылау.
2. Оқылған және тыңдалған мәтіндер арқылы анық және жасырын ақпаратты түсіну, пікір білдіру дағдыларын дамытумен байланысты жаттығуларды орындау.
3. Ауызша әдеби тілде ойды білдіруде мағынасыз бірліктерді қолданбау (демек, яғни, мысалы, сол, т.б.).
4. Мәтінде ауыспалы мағынада қолданылатын сөздерді түсіну, ойды ауызша әдеби тілде жеткізуде дәлелдерді қолдану ережелерімен танысады.
5. Құрмалас сөйлем мен сөйлем мүшелерінің тәртібі стилистикасымен байланысты білімдерін нығайту.



1-тапсырма. Төменде берілген дін туралы мәлімет ішінен тақырыппен байланысты атауларды біліп, сөздікті пайдаланып олардың мағыналарын ұғып алыңдар.

Дін (ағылш. *Religion*) дегеніміз сенушілерінің әрекеті мен ойлауын, моралы мен сенімін белгілеуді және шектеуді көздейтін, табиғаттан тыс, яғни тылсым, трансцендентті құдіретке, рухани нышан-түсініктерге нанатын және сиынатын, бақи, періште, шайтан секілді тылсым



ғылыми келісім жоқ, әр діннің өз ерекшелігі бар, бәрін бір түсінікпен түсіну мүмкін емес.



Сөздің бастапқы (негізгі) білдіретін тура ұғымы – оның тура мағынасы болып есептеледі.



Ауыспалы мағына – сөздің қолданылуы барысында пайда болатын туынды мағынасы. Этимологиялық тұрғыда ол негізгі (тура) мағынадан өрбиді. Ауыспалы мағынаның жасалуына бір зат пен екінші бір заттың, бір құбылыс пен тағы басқа құбылыстың форма, сырты, түр, түс ұқсастығы, қызмет сәйкестілігі негіз болады. Сөздің ауыспалы мағынада қолданылу тәсілдеріне **метафора, метонимия, меңзеу, қызмет бірлігі** сияқты тағы басқалар жатады. Сөздердің қызмет бірлігі бойынша ауыспалы мағынада қолданылуы олар бейнелейтін заттар мен құбылыстардың тұлғасы, түрі мен түсі, басқа да белгілері жағынан әр түрлі бола тұрып, атқаратын қызметтері бір болуына байланысты.



2-тапсырма. Берілген мәтінді оқып, мазмұнымен танысыңдар, соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

ДІН МЕН МӘДЕНИЕТ БАЙЛАНЫСЫ



Дін – адам мен Құдай арасындағы өзара байланыс арқылы адам өмірінің мәніне айналған сана формасы болып табылады. Қай халықты, қай ұлтты алсақ та, соның негізгі мәдениетінің рухани діңгегі – дін болып келеді. Ол дінге сенушілердің өз сенімдеріне қатысты болып келеді және де оның өзіндік бір алатын орны бар. Яғни, ол қоғамдық өмірде, әлеуметтік топтарда өз орнымен ерекшеленеді. Ал мәдениет болса – ол адамның ақылымен, санасымен және өз қолымен жасаған-

дары. Жалпы мәдениет – бұл тарихи құбылыс болып табылады. Ол қандай да бір қоғамдық жағдайларға байланысты оның дәрежесі де өзгеріп отырады. Осы ежелден қалыптасып келе жатқан дәуірлердің алмасуы осы мәдениеттің мазмұны мен формаларына айрықша толықтырулар енгізді. Мәдениеттің жүйе құрастырушы факторы ретінде дінді деп анықтап көрсетуге болады. Сонымен бірге осы қоғамдық құбылыстардың ішіндегі ең күрделісі дін болып есептелінеді.

Дін – ешқашан адам таңдамайды. Адам әрқашан белгілі бір сеніммен өмір сүре білуі керек. Жалпы, дін – Алла Тағаладан. Ал мәдениет – адамнан. Ал адамды басқаратын нәрсе ол – дін. Ал адам – мәдениетті басқарады. Егерде осы мәдениет адамды басқаратын болатын болса, онда адмгершілік, адамшылдық ұғымдары жойылды. Себебі, адамды мәдениет басқара алмайды. Және де ол үшін жаратылмаған дүние болып келеді. Ол тек адамға қызмет етуге жаралған. Негізі мәдениет – форма, ал дін – мағына деп айтуға болады. Жалпы мәдениет тек қана осы дүниеге қызмет ете алады. Ал дін жалпы екі дүниеге де қатысты болып келеді. Ол екі дүниенің де мәселесін шешеді. Сонымен бірге барлық әлемдік діндер Құдайдың жалғыз екендігін мойындайды. Сол себепті, көптеген діндерде өзара сыйыспаушылығы діннің түпкі мақсаты мен шынайы ақиқаттарды өзгертуден шығып отырады. Дін – ізгіліктің басты белгісі болып келеді. Адамдарды имандылыққа шақыратын басты құрал деп білеміз.

Сонымен бірге, дін мен мәдениеттің арақатынасының ерекшеліктерін түсінуде әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Жалпы, көптеген ойшылдар дінді рухани мәдениеттің ең жоғары құндылығы ретінде қарастырған, және де дін мен мәдениеттің арақатынасы мәселесін анықтап көрсеткен. Дін мен мәдениеттің қарым-қатынасы жеке тұлғаның жетілдірілуімен бірге қоғамдық өмірдің өзгеруі жағдайында құндылық бағдарлар жүйесі арқылы жүзеге асады. Мәдени құндылықтардың мазмұны діни санамен анықталады. Сонымен бірге, оларға сәйкес мазмұнмен толтырылған діни дүниетаным айналасында ұйымдастырылады.

Дінсіз қоғам болмайтындықтан, дінсіз мәдениетте болмайды. Ал діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуіне және оның Жаратушыға деген сенімі болып келеді. Дін – ол мәдениет. Ал дін мен мәдениет бір-бірімен ұштаса келе қоғамды ізгілікке шақырады. Дін мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Әрбір мәдениеттің жүйе құрастырушы факторы ретінде діннің рөлін анықтауға болады. Адамдардың қоғамдық өмірде ертеден келе жатқан рухани және материалдық құндылықтарының қамтамасыз етілуі ол мәдениет болып келеді. Жалпы рухани мәдениет және материалдық мәдениет екеуі бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста. Адам ең бірінші материалдық жағдайын қанағат етпесе, руханилыққа аяқ басуы мүмкін емес. Ал дін болса, осы рухани мәдениетіміздің ерекше бір салаларының бірі.

(Аяжан Сеитнұр)



1. Дін дегеніміз не, оған қалай түсінесің?
2. Халықтың не ұлттың негізгі мәдениетінің рухани діңгегі не?
3. Мәдениет дегеніміз не, оған қалай түсінесің?

4. Адамды басқаратын не?
5. Дін мен мәдениеттің қандай байланысы бар?
6. Не үшін дінсіз қоғам да, мәдениет те болмайды?
7. Рухани мәдениет дегеніміз не?



3-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен ауыспалы мағынада қолданылған сөздерді табыңдар да, оларға талдау жүргізіңдер.

Үлгі: Дін – адам мен Құдай арасындағы өзара байланыс арқылы адам өмірінің мәніне айналған сана формасы болып табылады. Бұл сөйлемде «байланыс», «өмірдің мәні» деген сөздер ауыспалы мағынада айтылған сөздер.



4-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен метафоралық мағынада қолданылған сөздерді тауып, оған талдау жасаңдар.

Үлгі: **рухани дінгек** – дінгек сөзі метафоралық мағына. Тура мағынасы – бағана, тіреу.



5-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен омоним сөздерді табыңдар да, оның қай сөз табына тиісті екендігін анықтаңдар.

Үлгі: Сана: 1. Зат есім. 2. Етістік.



Метафора (грек. *metaphora* – ауыстыру) – троптың (құбылтудың) бір түрі. Құбылыстар мен заттардың ұқсастық белгілері негізінде астарлы мағынада қолданылуы.

Метафораны сөз өнері (поэтика, риторика), эстетика, логика, философия, тіл (стилистика, лексикология, психолінгвистика) ғылымдары зерттейді. «Метафора табиғатында жұмбақтылық бар» (Аристотель).

Сөз өнерінде метафораның символикалық, эмоционалдық ерекше мәні бар.

Метафора әрдайым ауыспалы мағынада жұмсалады. Соның өзінде кемінде екі мағына болуы мүмкін. Сонысына байланысты метафора екі түрлі қызмет атқарады: белгілі біз затқа, құбылысқа немесе адамға сипаттама беру және сол заттың, құбылыстың немесе адамның атын атау.

Ойды әсерлі жеткізу мақсатында метафора қолданылады.



Ар-ұждан – моральдық сана-сезім ұғымы әрі этика категориясы: жеке адамның өзінің қоғамдағы маңызын сезінуін және қоғамның осы маңыздылықты тану сәттерін қамтиды. Өзінің мазмұны және өзінде көрініс табатын моральдық көзқарастың табиғаты жөнінен ар-ұждан ұғымы «намыс» ұғымымен теңдес.



6-тапсырма. Берілген мәтінді оқып, мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

АР-ҰЖДАН – СЕНІМНІҢ ӨЛШЕМІ

Адамзат баласы бойындағы ең қажетті сезім – ар-ұжданы. Ар-ұжданның негізгі мақсаты ақтық пен нақақты анық айыру, бір нәрсені өтірік мақтамау, не оны жалған жамандамау.

Қазіргі күнде әркім ұждан туралы айта бастады. Мәселен, «арым таза», «арым көтермейді», «арым солай бұйырады» деген сөздер жиі естіледі. Бұл нәрселер – адам баласы сана-сезімінің оянып, өсіп келе жатқандығының дәлелі. Мәселен, Алла-Тағала адамзатты жаратқанда оған ар-ұятты қоса жаратқан, ал жануарларға да бірі-бірінен қызғану сезімін дарытқан. Демек, адамзат пен жан-жануарлардың қай-қайсысы да бойындағы осындай асыл қасиеттерімен өмір сүреді. Өсіресе, адамзаттың ар-ұжданы өте қасиетті және жоғары болып саналады. Ол әділдіктің бірден-бір өлшемі болып саналады. Осы өлшем болғанда ғана адам баласы нәпсінің құлы болудан сақтана алады. Егер осы жақсы қасиетті дұрыс пайдалана алмаса, онда адамның жануарлардан айырмасы болмай қалады.



Адамзат баласы өзінің жабайылық әлемінен осы жақсы қасиеті арқылы бөлініп шығып, өмірінің барлық салаларына осы жақсы қасиетті өлшем етіп алады. Сөйтіп, іс басына келген әкімдер, патшалар, халифалар осы өлшеммен жүрсе ғана, сол қоғамды һәм қоғам дәулетін дұрыс жолға алып бара алады. Құранның аятында да бұл туралы айтылған. Әлеуметтік заң, қағидалардың барлығы да адам баласы ақыл-ойымен жасалады. Адам өмірінің ішкі жағдайлары (дау-дамай, жанжал-ұрыс, т.б.) осы дәстүрлі заңдарға бойұсынуы керек. Осы қағидалар әуелі түрлі ғұлама, оқымыстылар тарапынан кітап боп шығып, ресми заңдарға айналады. Және бұл заң, қағидалар әлеуметтік өмірдегі барлық істерді толық, түгел қамти алмайды, сондықтан әркез толықтырылып, жаңартылып отыруы керек.

Құран Кәрімде де бұл ар-ұждан туралы өте толық айтылған. Онда әр нәрсенің анық-қанығына көз жеткізіп барып, үкім айтылсын деген. Мұхаммед пайғамбарымыз да бір нәрсеге екі не үш адам куәлік етсе ғана сенуге болады деген. Демек, әрбір жағдайда да ар-ұждан биік тұруы керек, сонда ғана оның қасиеті жоғары болмақ. Бұл туралы ғалымдар өз пікірлерін баспа арқылы көбірек жарияласа, әділеттік іс жолында үлкен қызмет еткен болар еді және ғылымға да зор пайдасы тиер еді, ғылымның өркендеуіне әсер етер еді.

Қазақ халқы ежелден баланы «ұят» болады деп тәрбиелейді. Ал, ұят деген не? Ұят дегеніміз адамның өз іс-әрекетінің орынсыздығын

ўғу. Сонымен қатар, намысқа кір келтірушілік, моральдық рухтың асқақтығын қорлау – масқара болушылық. Ұяты бар адамды арлы, намысшыл деп айтады.

Ар-ұждан адамның жан дүниесінен астап алып, оның Отан, отбасы, бауыр, қоршаған орта мен табиғатқа деген кіршіксіз сезімінен байқалады. Қазақта «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген мәтел бар. Бұл арқылы адам жан дүниесі армен өлшенгенін байқауға болады. Адам өз бойындағы ең асыл құндылық – иман, ар-ұждан қазынасы екенін танып білгеннен кейін, оны қорғау, ұлғайту қамымен ғылым, білім іздеп еңбектенсе ол шын мәніндегі намысты тапқаны күмәнсіз.

Осындай анықтамаларды оқи отырып, мен қаншалықты арлы адаммын деген сұрақ туады. Ұятты адамның әрекеті ең алдымен өзгеге деген көмек қолын созып, ашықтық танытып, өзге адам баласына құрметтен басталады.

Ар-ұждан дегеніміз – адамдықтың өлшемі. Адам болу үшін үлкен нәрсенің керегі жоқ, бәрі кішкентай заттан бастау алады.



1. Ар-ождан дегенде нені түсінесің?
2. Ар-ождан мен ар-ұят сөздерінің қандай айырмашылықтары бар?
3. «Арым таза», «арым көтермейді» деген сөздердің мәнісін түсіндіріңдер.
4. Әділдіктің бірден бір өлшемін не деп ойлайсыңдар?
5. Адамзат баласы өзінің жабайылық әлемінен қалай ажырап шықты деп ойлайсың?
6. Адам өмірінің ішкі жағдайларын қалай түсінесің? Ішкі жағдайлар дегеніміз не?
7. Құран Кәрімде ар-ожданға қалай түсінік берілген?
8. Ұят деген не?
9. «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген мәтелдің мәнін ашып беріңдер.
10. Не үшін адамдықтың өлшемін ар-ожданмен байланыстырамыз?



7-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен көпмағыналы сөздерді тауып, олардың түрлерін анықтаңдар.

Үлгі: сана-сезімінің оянуы – ояну (полисемия – метафоралық мағына); асыл қасиет – асыл (полисемия – метафоралық мағына).



8-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен омоним сөздерді тауып, олардың жасалуына мән беріңдер.

Үлгі: Бала. 1. Зат есім; 2. Етістік. Жан. 1. Етістік; 2. Зат есім; 3. Көмекші есім.



9-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен синоним сөздерді тауып, олардың жасалуына мән беріңдер.



10-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнымен танысып болғаннан соң, мәтін соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУ

Өзін-өзі тәрбиелеу – адамды дамытуға арналған тәрбие үрдісі. Кез-келген тәрбие жүйесінде адам өзін әлеуметтік тұлға ретінде сезініп, қоғаммен және табиғатпен біртұтас тіршілік етеді. Өзін-өзі тәрбиелемей жеке тұлға қалыптаспайды. Өзін-өзі тәрбиелеу барысында адам өз білімін дамытады. Өздігінен білім алу – мәдени мұраны игерудің өзіндік жүйесін жасау, өзін дамытушы жүйе құру. Өздігінен білім алу білімді дамытушы қозғаушы күш болып табылады. Өздігінен оқу – адамзат тәжірибесін өзінің ынтасымен, өзі таңдаған әдіспен игеру үрдісі. Өздігінен білім, тәрбие алу, оқу адамның ішкі жан-дүниесінің қажеттілігінен туындап, өздігінен дамуға өзін-өзі жетілдіруге тұлғаны бағыттайды.



Өзін-өзі тану – өз алдына жеке ғылым. Бұл – жас ұрпақтың тұлғалық рухани-адамгершілік құндылықтарын өзін-өзі тану арқылы қалыптастырудың әдістемелік негізі ретінде оқыту жүйесіндегі адамгершілік көзқарастар, тұлғаның шығармашылық және кәсіби дербестігін дамыту туралы идеялары; отандық және шетелдік оқыту теориясындағы, педагогика мен психологияда ізгіліктік дәстүрлер мен ой-пікірлер, бүгінгі тәрбиенің адамға бағытталған әлеуметтік-психологиялық қырларын қалыптастырудағы тәсілдерін оқыту мен үйретуге арналған.

Жастарға рухани тәрбие, білім беру адам дамуының тәндік, жандық, рухани үйлесімділігін, өмірді құндылық деп түсінуін, өзін табиғатпен үйлесімділікте ұстай білуін, жердегі тіршілікті сақтау үшін өзінің қажеттігін түсінуді қамтамасыз ететін өзін-өзі тану бүгінгі күні маңызды орынға ие болып отыр.

Адамгершілік адамдарға деген ізгі ниеттілік, құрмет, жанашырлық пен сенім, кеңпейілділік, басқалардың мүддесі үшін жан аяушылық сияқты жеке қасиеттерді қамтиды, сондай-ақ кішіпейілділік, адалдық шыншылдық та адамгершілікке жатады.

Адамгершілік принциптері бірлікте өмір сүру, бақытқа талпыну, мүдделерді үйлестіру мен ұжым болып жұмылудың, жоқ-жітік пен ауру-кемтарға, бала мен кәріге жәрдемдесудің қажеттігін сезіну мен мойындау сияқты факторлар негізінде қалыптасады деп ой түйіндей келе адамгершілік ұғымына мынадай анықтама беруге болады. Адамгершілік дегеніміз – тұлғаның өз бойындағы негізгі ізгі сезімдер мен терең руханилықтан туындап, моралдық нормаларға бағынатын еркін қарым-қатынас жүйесі.

Ғалия Абулбакиева.



1. Өзін-өзі тәрбиелеу қандай тәрбие үрдісі саналады?
2. Жек тұлға қалай қалыптасады?
3. Өздігінен білім алу мен өздігінен оқуды түсіндіріп беріңдер.
4. Өзін-өзі тану қалай амалға асырылады?
5. Өзін-өзі тану бүгінгі күнде маңызды орынға ие екендігін айтып беріңдер.
6. Адамгершілік дегеніміз не?



11-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен туынды сөздерді тауып, олардың мағыналарын анықтаңдар. Қай сөз табына жататындығын анықтаңдар.

Үлгі: Білім. Біл – түбір сөз, етістік; -ім – қосымша, жұрнақ, сөз тудырушы жұрнақ, етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ. Білім – туынды зат есім.



12-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен қос сөздерді тауып, қалай жасалғандығын біліп алыңдар. Қос сөз сыңарларының қай сөз табынан болғандығын анықтап, оларды мағыналық түріне ажыратыңдар.

Үлгі: ой-пікірлер. Қос сөз, екі сыңары да дерексіз зат есім, екі сөз бір-бірімен ұштас мәндес (синоним) болып байланысып тұр.



13-тапсырма. Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып болғаннан соң, мәтін соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПӘРМЕН НЕМЕСЕ ҚАЗАҚЫ ТӘРБИЕ



«Қазақ халқы – тағдыры күрделі халық. Қазақтардың ешкімге ұқсамайтын, сонау көне заманмен табиғи түрде ұштасып жатқан өзіндік дәстүр салты, өзіндік мәдениеті бар. Мұндай мәдениеттің дүние жүзінде сирек кездесетінін ұмытпағанымыз жөн...»

Марта Брилл Олкотт.

Айдай әлемге әулиелігін мойындатқан әл-Фараби бабамыз «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың хас жауы» депті. Өңгімені бастамас бұрын Ұлы ұстаз бірінші кезекке қойған тәрбие сөзінің мәнін ашып алғанымыз дұрыс болар. Тәрбиенің жақсы мен жаманы болатыны әмбеге аян. Жақсы мен жаманды айыру нәпсісінің ниетіне байланысты. Құдіреті күшті жаратқан пенде баласын бірін-бірі тәрбиелеуге тәуелді етіп, тәрбиеге зәру қалпында қара жерге қайырыпты. Сонан да болар

адамды адам әлімсақтан тәрбиелеп келеді. Халық педагогикасының қазаны оттан түспегелі қашан. Сөйте тұрсақ та, ғылым мен білім шарықтап, техникалық прогресс күннен-күнге дамып жатқан шақты тәрбиеге мұқтаждық қатты байқалуда.

Ұлттық негіздегі ділімізге бөтен бесіктен бел көтерген «тәрбиелер тәмсілі» өз ұрығын себуде. Мәңгірт сөзінің тілдік қорымызға қоныс тепкені соның айғағы. Дүбәрі ұрпақ тіркесі де үзеңгелісіп келеді.

XXI ғасыр – тасқындаған ақпараттар ғасыры. Адам ақылы тасты тасқа соғу дәрежесінен, айдың арғы бетін барлайтын күшке ие болды. Түймені басып қалсаң болды, жарты әлем тозаңға айналып шыға келеді. Арғы-бергі құрлыққа қатынасу көрші ауылға барып келгенмен бірдей. Компьютерлік техникаңыздың мүмкіндігі анау. Осының барлығы да адам ақыл-ойының жемісі. Ғажап емес пе, бірақ осы ғажап пәрменіміз тәлім мен тәрбиеге келгенде кері кетіп тұр.

Қазағымның тәлім-тәрбиесінің тағылымдары сонау есте жоқ ескі замандардан басталып, бүгінгімен жалғасып жатыр. Ғасырлар бойы қалыптасқан қисындар мен жөн-жоралғысында қазақы тәрбиенің жатқаны сөзсіз. Тәрбие мәселесі бүкіл адамзатты қамтиды, оған баршамыз қатыстымыз. Өткен ғасырларда да бұл мәселе өзекті болған, қазірде солай. Бір ауылдың тентегін түзетуге бүкіл ауыл болып ат салысқан. Қоғам дегеннің өзі сол – өмір сүретін ортаңның өзіндік тәртібі мен ережесін ұстану.

Халқымыз тәрбие туралы ұғымдарын өз өмірінде заң ретінде қолданып келді, ол ретте осы қағидалардың орындалуын ақсақалдар қадағалады. Олар кітап оқымаған шығар, аса білімді де емес шығар, бірақ дала заңын жақсы білді. Ол заңдар да кітап болып басылмады, бірақ жазусыз заң ретінде күнделікті өмірде қолданыста болды. Қазіргідей үгіт-насихат болмағаны анық, бірақ жөн-жосық деген нәрсе бәрін өз орнына қойып келді. Сол ізбен жүрген әр қазақ дәстүрден, қазақы қағидадан аттамады. Осының арқасында қағидаға жетік болғасын арамыздан қаншама ел билеген хандар мен сұлтандар, қара халықты аузына қаратқан билер мен шешендер, елін жерін қорғаған білекті баһадүр батырларымыз шықты. Кейіннен олардың орындарын оқыған ұрпақ басты.

Өткен ғасырлардағы қазақтардың ортасын еске алсақ, хандар мен билері, батырлар мен ақындары, ардақты ақсақалдары мен елді аузына қаратқан аналары, бармағынан бал тамған аспаздары мен шеберлері, небір ісмерлер мен зергерлері, атбегілері мен аңшылары тұтас ұлттың игілігіне қызмет жасады десек артық айтқандық емес. Сол үшін «Үлкен тұрып кіші сөйлегеннен без», «Шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ» деген сөз осыдан қалған шығар. Жоғарыда айтып кеткенімдей қазақтың мықты мектебі болған, олар ақсақалдар мектебі, әйелдерге ежелер мектебі. Осы мектеп қазақ қалам





ұстамай-ақ, ғасырлардан ғасырларға халқын аман сақтап келді, себебі олардың бәрі қазақы тәрбие алды, қазақы деп өсіп-өнді, дала заңын бұзбады. Соның негізінде өмір қағидасына сай әдет-салттар мен ғұрыптарда орнығып, олардан дәстүр қалыптасты. Дәстүрлер туралы ұғымдардың жаңа кезеңі басталған тұста мәдени тұтастық та бұзыла бастады. Оқу басты

мұрат деген тұста асыра сілтеп, кеңестік дәуірде жаппай орысша оқымасақ «наныңды тауып жей алмайсыңның» сойылын соқтық, айналып келгенде, тілімізге қауіп төндірдік. Өз тілінде сөйлей алмай емес, өз тілінде ойлай алмаудың қауіптірек екенін енді түсіндік.

Қазақы тәрбие немесе қазақы тағылым дегенде, көз алдымызға ұшы қиыры жоқ қазақ даласы елестейді. Сағынышқа айналғандай сартап даланың изені мен жусанын иіскегендей боласың. Күпі киген ауыл қазағы мен кимешек киген әйел анасын елестетесің. Кісінеген жылқы мен жылқы мінезді тарпаң жігітін, қызғалдағы мен бірге қызара ұялған қызыл шырайлы аруларды көресің. Бұл сенің қазақы тәрбие алып, қазақша ойлай алғаныңнан шығар, болмаса жастайыңнан Абай, Мағжан, Ғабит, Сәкендерді оқып өскеніңнен шығар. Қазақы көрегендік деген сөз, көрегенділік емес, соған апарар жолдың басындағы негізгі сөз.

Қазақы тәрбие ұлттық рухтың биік ұстар жалауы. Сол жалауды биікке көтеру үшін бірнеше бағыттарды қарау қажет. Ол, біріншіден, сөйлеу мәдениетінің дұрыстығы, сөзі дұрыстың ісі дұрыс болмақ. Қазақша сөйлеп, қазақша ойлайтын жандардың қатары көп болса екен. Ол үшін бізге көмекке келері халық ауыз әдебиеті, билер мен шешендер мектебі толып тұр ғой, толып тұр.

Әлем назарын тіккен қазағыма дос та, дұшпан да жетіп артылады, ал солардан сақтанудың жолы білімді ұрпақ тәрбиелеу. Білімді болғанда өзге тілдің бәрін білсе де, өз тілін құрметтейтін, елін жерін шексіз сүйетін рухы отаншыл ұрпақтың көп болғаны ләзім. Бұл қазақы тәрбиеден бастау алады. Айналып келгенде ұлттық тәрбие алған адамның ұлтынан бөлек өмір сүре алмасына бек сенуге болады.

Қазақтың әр өңірі рухы мықты өршіл тұлғалардың мекені. Біздің бүгінгі ұрпақтың осал болуға еш қақысы жоқ. Ата-бабасы мықты ұрпақтың болашақ ұрпағы одан да мықты болуы заңдылық.

Айнагуль Ойшыбаева



1. Марта Брилл Олкоттың қазақ мәдениеті жайлы қандай пікір айтқан?
2. Әлемге әулиелігін мойындатқан әл-Фараби бабамыз тәрбие жайлы ойлары қандай?
3. Не үшін біз XXI ғасырды тасқындаған ақпараттар ғасыры деп атаймыз?

4. Ғасырлар бойы қалыптасқан қисындар мен жөн-жоралғысындағы қазақы тәрбиеге түсінік беріңдер.
5. Өмір сүретін ортаңның қандай өзіндік тәртібі мен ережелері бар?
6. «Үлкен тұрып кіші сөйлегеннен без» деген нақыл сөздің мәнін түсіндіріңдер.
7. Не үшін қазақтың мықты мектебі – ақсақалдар мектебі мен ежелер мектебі саналған?
8. Қандай тәрбиені қазақы тәрбие деуімізге болады?



Сөйлем мүшелері – сөздердің мағыналық тұрғыдан өзара тіркесуі нәтижесінде синтаксистік қызметте жұмсалатын сөйлемнің дербес бөлшектері. Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен мағыналық байланыста болады, сол байланыс негізінде грамматикалық мағынаға ие болған сөздер, сөз тіркестері сөйлем мүшелері қызметін атқарады. Сөйлем мүшелері қызметінде сөйлемнің дұрыс құрылуының, әр сөздің өз орнында жұмсалуды мен ой желісі, стильдік жағынан нақты болуының орны ерекше. Сөйлем мүшелері үлкен екі топқа бөлінеді:

- 1) тұрлаулы мүшелер (бастауыш, баяндауыш);
- 2) тұрлаусыз мүшелер (анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш).



Бастауыш – сөйлемдегі ойдың иесі, ол нөлдік, көптік, тәуелдік тұлғаларда есімдіктен, есім сөз таптарынан жасалады. Бастауыш – сөйлемде атау септігінде тұрып, ойдың кім, не жайында екенін білдіріп, баяндауышпен қысса байланысатын тұрлаулы мүше. Бастауыш кім?, не?, кімдер?, нелер?, кімім?, нем?, кімі?, несі? және басқа сөз топтарының заттанып, атау септігіндегі сұрақтарына жауап береді.

Бастауыштар құрамына қарай дара және күрделі бастауыш болып екіге бөлінеді: дара бастауыш – жеке бір сөзбен айтылған бастауыш, ал күрделі бастауыш – екі я бірнеше сөз тізбегінен жасалып, бір-ақ ұғымды білдіретін бастауыш.



14-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтіннен күрделі бастауыштарды тауып, оларды құрамы жағынан ажыратыңдар.

Үлгі: *Қазақ халқы – тағдыры күрделі халық.* Бұл сөйлемде «**қазақ халқы**» – бастауыш, күрделі бастауыш, екі сөздің тіркесінен жасалған.



15-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтіннен дара бастауыштың тауып, олардың қай сөз табынан жасалғандығын анықтаңдар.

Үлгі: Халқымыз тәрбие туралы ұғымдарын өз өмірінде заң ретінде қолданып келді. Бұл сөйлемде **«халқымыз»** – бастауыш, дара бастауыш, зат есімнен жасалған.



16-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтін ішінен бастауыштың тәуелдеулі сұрақтарына жауап беретін бастауыштарды тауып, оларға талдау жасаңдар.

Үлгі: Тәрбие мәселесі бүкіл адамзатты қамтиды. Бұл сөйлемде **«тәрбие мәселесі»** – бастауыш, күрделі, тәуелдік жалғауының III жақ көрсеткіші арқылы жасалып тұр.



Жоғарыдағы мәтінді негізге ала отырып дара және күрделі бастауыштарды пайдаланып, **«Қазақтың салт-дәстүрлері»** тақырыбында шағын көркем мәтін құрастырыңдар.



Баяндауыш – сөйлемде жіктеліп келіп бастауыштың қимылын іс-әрекетін, кім екенін білдіріп, онымен жақ жағынан, кейде жекеше, көпше (I–II жақта) түрде қиыса байланысын қолданылатын тұрлаулы мүше. Баяндауыш не істеді, қайтті, неғылды деген сұрақтарға жауап береді. Кейде сөйлемде бастауыш тасаланып жасырын да тұрады, ал оның қай сөз екенін баяндауыштан анықтауға болады.

Баяндауыштар құрамына қарай дара және күрделі болып екіге жіктеледі: дара баяндауыш – жеке бір сөзден болған баяндауыш, ал күрделі баяндауыш – екі я одан да көп сөздерден құралып, бір-ақ ұғымды білдіретін баяндауыш.



17-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнын ұғып алыңдар да, мәтін соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

АДАЛДЫҚ

(өңгіме)

Шілде айының шуақты күндерінің бірі еді. Жайлау етегіндегі шұрат-шұраттан шапқан шөбін баулап, жинап болып, көңілі көншіген бұрынғы мектеп мұғалімі, қазіргі қатардағы зейнеткер Атабек мотоцикліне екі баланы мінгестіріп, қайдасың ауыл деп зырлап келе жатқан.

Кенет көзі жол шетіндегі әлденеге түсті. Күміс түймедей күнге шағылысып, жылт-жылт етеді. Мотоциклді тоқтатып, әлгі затты алды. Әмиян екен. Жемге тойған құстың бөтегесіндей бұлтиып, қомақты көрінеді. Әрі құмартып, әрі қызыға қарап қалған екі баланың көзінше

санады. Екі мың төрт жүз теңге екен. Атабек екі балаға қарап күліп қойды да, мотоциклді от алдырды. Кенет ұстазға бір ой келді. Осы тауып алған ақшаны желеу етіп, екі баланы сынап көрсе қайтеді. Екеуі де жасты, бірақ адалдығы қандай екен?



– Балалар, – деді үнсіз отырған Атабек ойлы пішінмен, – сонымен біз ақша тауып алдық. Енді сол ақшаны не істеуіміз керек? Қане, өз ойларыңды айтыңдаршы. Өрқашан саспай, салмақпен сөйлейтін Сатай ұстаздың өзіне қайыра сұрақ қойды:

– Өзіңіз қандай шешімге келдіңіз, әуелі сіз айтыңыз?

– Жоқ, сендер айтыңдар.

– Онда мен айтайын, – деді мотоциклдің қобдишасында шыдамы кетіп отырған Қойшыбек, – тең бөліп алалық.

Сатай дауласса кетті.

– Тапқан екенсің тең бөлгенді.

– Енді не істейміз?

– Оны Атабек ағай біледі.

– Тауып алдық, ұрлағанымыз жоқ. Енді бөліп алмағанда қайтеміз.

– Бұл біреудің табан ақы, маңдай терімен тапқан ақшасы. Иесіне қайтаруымыз керек.

– Айталық, осы ақша басқа емес, өзіңнің жақын туысқаның, не болмаса досыңдікі болса қайтер едің? Бала не дерін білмей күмілжіп қалды.

– Оны қойшы, – деді күлмең қағып, – мына ақша бізге бұйырған. Бөліп алу керек. Осыны айтып ол ұстазға қараған. Ол үндемеді. Өйткені ол ренжулі еді. «Дүние үшін туған бетшағар екенсің-ау» деп түйді ішінен. Бұлар ауылға таяп қалғанда алдарынан бір салт атты көрінді. Жақындай келе үшеуі де тани кетті. Қойшыбектің апасы – Күлзипа екен. Бұлар жамырай амандасты. Әйел сәлемді селсоқ, салқын қабылдады. Қабағы қатыңқы, көңілсіздеу екен.

– Иә, деніңіз сау ма? – деді Атабек қайталай амандасып, – Қоржыныңызды толтырып қайтқан боларсыз.

– Қоржын құрысын, – деді әйел жасық үнмен, – әмиянымды жоғалтып алдым.

– Қашан?

– Бүгін. Бағана осы жолмен келе жаттым. Өзеннен өткенде бар еді. Содан дүкеннен зат алып, енді ақшасын төлейін десем жоқ.

– Табылып қалар, – деді Атабек.

– Бұйырған дүние жоғалмас.

Қойшыбектің екі беті ду ете түсті... Әйел қош айтысып, жүріп кетті. Атабек ештеме болмағандай мотоциклді от алдыра бастағанда Қойшыбектің көзі бағжаң ете түсті. «Шынымен-ақ



кеткені ме, міне, кетіп те барады». Сәл жүрген соң шыдамы таусылған Қойшыбек:

– Ағай, мен түсіп қалайыншы, – деді.

– Неге?

– Тәтеме барам.

– Ым, қалай екен адалдық пен арамдық? – деді ұстаз көлігін кері бұрып жатып, – Ақшаны бөліп алайық па?

– Қойшыбектікі дұрыс, бөліп алайық, – деді Сатай кекетіп.

– Кешіріңіздер, – деген сөзді ол зорға айтты.

Ұстаз бен серіктес досының алдында ұяттан жерге кіріп кете жаздады.

– Адалдық керек, балалар, – деді ұстаз әйелдің алдын орай тоқтаған мотоциклден табылған әмиянды иесіне бергелі түсіп жатып, – қашанда адал болыңдар.

– Адалдық, – деп Қойшыбек осы сөзді іштей өзінше бір қайталады. Сөйтті де үнсіз қалды...

Дәнеш Ахметұлы.



1. Зейнеткер Атабек ата мотоцикліне екі баланы мінгестіріп қайдан келе жатыр еді?
2. Атабек ата жолдан не тауып алады?
3. Атабек ата мотоцикліне мініп келе жатқан екі жігітті қалай сынамақ болады?
4. Атабек атаның сұрағына Сатай мен Қойшыбек қалай жауап қайырады?
5. Атабек ата тауып алған әмиян иесі кім екен?
6. Әмиянын жоғалтқан өзінің апасы екенін білген Қойшыбек қандай хәлге түседі?
7. Екі жігітке мұғалім ұстазы қандай ақыл айтады?
8. Адалдыққа қалай түсінесіңдер?



18-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен дара баяндауыштарды тауып, олардың қай сөз табынан жасалғандығын түсіндіріңдер.

Үлгі: **Кенет көзі жол шетіндегі әлденеге түсті.** Бұл сөйлемде «түсті» сөзі баяндауыш, дара баяндауыш, етістіктен жасалған.



19-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен күрделі баяндауыштарды тауып, олардың қандай сөздердің тіркесінен жасалғандығын анықтаңдар.

Үлгі: **Атабек екі балаға қарап күліп қойды...** Бұл сөйлемде «күліп қойды» сөзі баяндауыш, күрделі баяндауыш, екі сөз де етістіктен жасалған.



20-тапсырма. Төмендегі грамматикалық тестке жауап беріңдер.

1	Мәтін ішінен есімдіктен болған бастауышы бар сөйлем қайсы қатарда берілген?
A	Осыны айтып ол ұстазға қараған.
B	Әйел сәлемді селсоқ, салқын қабылдады.
C	Ым, қалай екен адалдық пен арамдық? – деді ұстаз көлігін кері бұрып жатып.
D	Қойшыбектің апасы – Күлзипа екен.

2	Мәтін ішінен дара бастауышы бар сөйлем қайсы қатарда берілген?
A	Қойшыбектің екі беті ду ете түсті.
B	Бұлар ауылға таяп қалғанда, алдарынан бір салт атты көрінді.
C	Шілде айының шуақты күндерінің бірі еді.
D	...көңілі көншіген бұрынғы мектеп мұғалімі, қазіргі қатардағы зейнеткер Атабек мотоцикліне екі баланы мінгестіріп, қайдасың ауыл деп зырлап келе жатқан.

3	Мәтін ішінен бастауышы жасырын келген сөйлемдер қайсы қатарда дұрыс берілген?
A	Атабек ештеме болмағандай мотоциклді от алдыра бастағанда Қойшыбектің көзі бағжаң ете түсті.
B	Өйткені ол ренжулі еді.
C	Ұстаз бен серіктес досының алдында ұяттан жерге кіріп кете жаздады.
D	Бұлар жамырай амандасты.

4	Мәтін ішінен бастауышы сан есім болып келетін сөйлемдер қайсы қатарда дұрыс берілген?
A	Қане, өз ойларыңды айтыңдаршы.
B	Содан дүкеннен зат алып, енді ақшасын төлейін десем жоқ.
C	Кешіріңіздер, – деген сөзді ол зорға айтты.
D	Жақындай келе үшеуі де тани кетті.

Сұрақтар тәртібі	1	2	3	4	5
Дұрыс жауаптары					



Моральға жат қылық – қоғамның қалыптасқан моральды бастауларын қабылдамау, адамгершілік нормаларға нигилистік қатынас, жеке тұлғаның және әлеуметтік топтардың рухани күйзелісі.

Моральға жат қылықтың шектен шыққан формасына арсыздық, қоғамның барлық мәдениетіне, оның рухани құндылықтарына жаратпаушылық қатынас, мұраттар мен қалыптасқан әлеуметтік бастауларды келеке ету жатады.



Анықтауыш деп сөйлемде негізінде зат есімнен болған мүшені сын, сапа, сан, мөлшер және меншіктік жағынан сипаттайтын тұрлаусыз мүшені айтады.

Анықтауыштар *қандай?, қай?, қайдағы?, (недегі) қашанғы?, ненің?, қанша?, неше?, қайткен?, не еткен?* деген сұраулардың біріне жауап береді. Ол иреппен белгіленеді.

Анықтауыш негізгі және туынды сын есімдерден, сан есімнен, есімдіктен, түбір тұлғалы зат есімнен, етістіктің есімше түрінен, ілік септік жалғанған зат есімдер мен заттанған сөздерден болады. Құрамына қарай анықтауыш бір сөзден болып *дара анықтауыш*, сөз тіркесі, күрделі сөз бен тұрақты тіркестерінен, құралып *күрделі анықтауыш* болады.

Түрлі сөз таптарынан жасалатын анықтауыштардың мағыналары да әр түрлі болады. Оларды мағынасына қарай негізгі екі топқа бөлуге болады:

- 1) сапалық анықтауыш;
- 2) меншікті анықтауыш.

Сапалық анықтауыштарға сын есім, сан есім, есімдік, есімше, атау тұлғалы зат есімдерден болған анықтауыштар жатады, ал меншік анықтауышқа ілік жалғауында айтылған анықтауыштар жатады.



21-тапсырма. Берілген мәтінді оқып шығып, мазмұнын ұғып алыңдар да, соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

ЖАТ ҚЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ

Сөзінде тұрмау, уәдені орындамау. Адам бойынан табылуы керек ең жақсы қасиеттің бірі уәдеге берік болу. Қандай қоғам болмасын, қандай адам болмасын уәдеге беріктікті қашанда құптап, сөзінде тұратын жанды құрметтеп, сыйлап өткен. Біздің бабаларымыз үшін де уәдеге беріктік, сөзінде тұру мәселесі қоғамда үлкен маңызға ие болған. Қазіргідей құжатқа (нотариус) жүгінбейтін заманда бабалары-

мыз айтылған сөзге сенген, берілген уәдеге сай алыс-беріс жасаған. Екі сөйлегенді, уәдесінде тұрмағанды қатты сынға алып, өлімнен бетер қорлық санаған. Қазақ халқы үшін өлімнен ұят күшті болған. Уәдеге, сөз беруге қатысты ер азаматтың намысын жігерлендіретін нақыл сөздер әлі күнге дейін өз маңызын жоймады. Мәселен: «Екі сөйлеу – ерге сын», «Айтылған сөз – атылған оқпен тең», «Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені».

Өсек айту. Өсек дегеніміз – екі адамның арасын араздастыру үшін айтылатын опасыз сөз. Қазақ: «Әңгіме бұзау емізеді, ал бұзау таяқ жегізеді» деп бекер айтпаса керек. Сондықтан сөз қадірін өз қадірім деп ұғатын халқымыз: Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ – Бес дұшпаның білсеңіз (Абай), – деп, өсек айтуды дұшпанына, қас-жауына балаған.

Қазақ өсек айтуды ең жек көрінішті, жаман әдетке жатқызған. Оған дәлел ретінде жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романындағы қолынан гөрі аузы көп қимылдайтын Судыр Ахмет пен Қарақатын дейтін кейіпкерлердің ең бір жағымсыз, ұнамсыз образда сомдалуын айтуға болады. «Өтірік пен өсекті жүндей сабаған» бұл екеуі адамның азып-тозуы қайдан, неден басталатынын көрсететін типтік образ ретінде оқырман жадында мәңгілікке сақталып қалған.

Келемеждеу, кемшілік іздеу. Мұсылмандардың кемшіліктерін табуға ұмтылу – бұл мұнафық (екіжүзді) адамдарға тән белгі. Олардың мұндай әрекеті, яғни адамдардың кемістігін тауып, оны басқалардың алдында жариялауды жақсы көруі иманының әлсіздігін көрсетеді. Құранда айтылған «лүмәзәнің» (тілімен келемеждеуші адамның) сипаттарына жиіркенішпен жауап қатқан. Жалпы, Құдайдан қорыққан кез келген мұсылманның, ең алдымен, сөзіне, одан кейін көзіне ие болуға тырысатыны анық. Жақсы сөз сөйлеу де – адамның иманының, ақыл-парасатының көрсеткіші. Сондықтан да Шортанбай Қанайұлы: Иманы бардың белгісі – тілінен тamar шырасы, – деп тілдің шырайлы болмағы ойдың құнарлылығынан екенін дөп басып айтқан. Айтыскер ақын Мұхамеджан Тазабек ағамыздың да бір кездері:

Ақын намаз оқыса Хақты танып,
Алдымен аузындағы сөз түзелер.
«Он күнәнің тоғызы – тілден» екен,
Сөз түзелсе, ин ша Алла, ел түзелер,

– деп ел боп ұйысудың бірден-бір жолын тілмен байланыстыруы да осыны көрсетсе керек.

Жала жабу. Асыл дінімізде бір кісіге негізсіз жала жабуға тыйым салынған. Шариғат бойынша біреуді бір қателікте не қылмыста айыптау үшін алдымен оған айғақтар, куәгерлер келтіру қажет. Мұның өзін адамдардың арасында тыныштықтың, әділ үкімнің сақталуы үшін, жала жабу үрдісінің жайылып кетпесі үшін жасалынған шара деп ұғу керек.

Жалған айту. «Төрт түрлі белгісімен ерекшеленетіндер (толығымен) екіжүзді есептеледі, ал кімнің бойында осылардың бірі

болса, одан қўтылмайынша оның бойында екіжүзділіктің бір белгісі болады. Мұндай белгілер мына адамдарда болады: оған сеніп тапсырылса опасыздық жасайды, әңгіме айтса өтірік айтады, шарт-тасса шартын орындамайды, ал егер біреумен бір істе ортақ шешім таппаса заңсыз түрде шектен шығады». (Бұхари, Муслим).



1. Қандай қылықтар моральға жат қылықтар болып саналады?
2. Не себепті уәдеге беріктік, сөзінде тұру мәселесі қоғамда үлкен маңызға ие?
3. «Екі сөйлеу – ерге сын» мақалының мәнін анықтаңдар.
4. Өсек дегеніміз не?
5. Абай «бес дұшпан» деп нені айтып отыр?
6. Айтыскер ақын Мұхамеджан Тазабек он күнәнің тоғызы неден болады дейді?
7. Жала жабуға қалай түсінесіңдер?
8. Екіжүзділерге түсінік беріңдер.
9. Не үшін жалған айту – екіжүзділіктің бір белгісі саналады?



22-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен сапалық анықтауыштарды тауып, оған талдау жасаңдар.

Үлгі: Адам бойынан табылуы керек ең жақсы қасиеттің бірі уәдеге берік болу. Бұл сөйлемде «ең жақсы» деген сөз сапалық анықтауыш болып тұр. Сын есім арқылы жасалған. Асырмалы шырай.



23-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен дара анықтауыштарды тауып, оған талдау жасаңдар.

Үлгі: Асыл дінімізде бір кісіге негізсіз жала жабуға тыйым салынған. Бұл сөйлемде «асыл» деген сөз дара анықтауыш. Бір сөзден жасалған. Сын есім арқылы жасалған.



24-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен меншіктік анықтауыштарды тауып, оған талдау жасаңдар.

Үлгі: Мұсылмандардың кемшіліктерін табуға ұмтылу – бұл мұнафық (екіжүзді) адамдарға тән белгі. Бұл сөйлемде «мұсылмандардың» деген сөз меншіктік анықтауыш. Ілік септік жалғауы арқылы жасалған.



25-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен күрделі анықтауыштарды тауып, оған талдау жасаңдар.

Үлгі: ...Судыр Ахмет пен Қарақатын дейтін кейіпкерлердің ең бір жағымсыз, ұнамсыз образда сомдалуын айтуға болады. Бұл сөйлемде «дейтін кейіпкерлердің ең бір жағымсыз, ұнамсыз» деген сөздер күрделі анықтауыш. Бірнеше сөздерден және сөз тіркесінен жасалған.



Жоғарыдағы мәтінді негізге ала отырып «Өтіріктің адымы қысқа» тақырыбында шағын көркем мәтін жазыңдар. Мәтін жазуда анықтауыштың түрлерін пайдаланыңдар.



Сөйлемде атау мен іліктен басқа септіктердің бірінде тұрып, бір мүшені заттық мағына жағынан толықтырып тұратын тұрлаусыз мүшені **толықтауыш** дейді. Толықтауыштың сұрақтары: *кімді?, нені?, кімге?, неге?, кімде?, неде?, кімнен?, неден?, кіммен?, немен?, кім(не) туралы?, кім (не) жөнінде?, кім (не) жайында?*.

Толықтауыш құрамына қарай бір сөзден ғана болып **дара толықтауыш** және бірнеше сөзден, сөз тіркесінен, күрделі сөзден құралып **күрделі толықтауыш** болып бөлінеді. Мағынасы мен тұлғасына қарай **тура толықтауыш** және **жанама толықтауыш** болып екіге бөлінеді. **Табыс** септік тұлғасындағы толықтауышты тура толықтауыш, ал **атау, ілік, табыстан басқа септіктердің** бірінде немесе **туралы, тақырыпты, жөнінде, жайында** деген септеулік шылаулардың тіркесінен болған толықтауышты **жанама** толықтауыш дейміз.



26-тапсырма. Берілген мәтінді оқып шығып, мазмұнын ұғып алыңдар да, мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

ӘКЕГЕ ХАТ

(сырласу)

Көке, сіз білесіз бе, мен қазір өткен күндерге жиі көз жүгіртемін. Балалық шағымның әр бөлігі мен үшін ерекше естелікке толы. Қайта оралмас тәтті сәттерді, сағымға айналған сағынышты кездерді еске алып, оңашада ой құшағына бөленемін. Кейде өз-өзімнен күлімдеп, кейде үнсіздік әлеміне бет бұрып, мұңайып кетем... Тәубе, қазір арамызда асқар тау болып отырған өзіңіз барсыз. Көке, сіз – біздің биік шыңымызсыз. Біз сізге әлі де жас баладай еркелеп, ақыл-кеңес сұраймыз. Көке, мен алаңсыз асыр салып ойнаған балалығымды ғана емес, жаныма жақын жандарым – аяулы атам мен ардақты апамды (әжемді), анам Ләйләні сағынамын. Олар күні кеше біздің ортамызда болды ғой. Кеше ғана атам мен апам өсиетін айтып, басынан ақ жаулығын тастамайтын анам мейірі-міне бөлеп жүрді емес пе бізді?! Мына жарық дүние мәңгілік мекен емес екен ғой. Баяны да байлауы жоқ өмірдің қас-қағым сәтте өте шығатынын білмей қалыппыз. Енді, міне, олар біз көрмеген алыс сапарға аттанып кетті... Біле білсек, бақыт дегеніміз – байлық пен мансап емес, бақыт деген – шаңырағындағы қазыналы қарттар мен былдырлаған тәтті үнді бүлдір-шіндердің күлкісі екен. Көке, арамызда ақылшы бо-



лып қарайып отырған өзіңізді қанша-лықты бақытты ете алдық?! Сіз бөлеген мейірім-шуағының титтей бөлігін біз өзіңізге жасай алдық па? Осы мені ойландырады. Менің сағынышқа толы хатым өткен күннің белгісіне айналары хақ. Біздің әулеттің ұл-қыздары әркез бабалар салған ізді өшірмей, аналар жаққан шырақты сөндірмей, адалдықты ту ететініне сенімім мол. Өйткені біз сіздер берген тәлім-тәрбиені балаларымыз бен немерелерімізге үйретіп келеміз. Ертең олар да ұяда көргенін ұрпағына үйрететіні анық. Тек Жаратқан Ием бәле-жала, қауіп-қатер мен тіл-көзден сақта-сын... Сексеннің сеңгіріне шыққан шақта, өмір өткелдерін өткердің. Мақтан етер, сенімді ақтап өтер ұлағатты ұрпағыңа бек сенгін!

Сегізінші сыныпта оқып жүргенімде атам қатты ауырып, төсек тартып жатып қалды. Ауруханаға барардың алдында жастай өмірден өткен інісі Әбдіханның баласы Әбдіәлімді алдыртып: «Балам, енді жас емессің. Өмірдегі өз жолыңды дұрыс таңдай біл!» – деп өз әкесінің жинаған зейнетақысын аманаттап тапсырды. Одан соң жанына мені шақырып: «Әкімтай, келешекте кім боласың?», – деп сұрады. Мен күтпеген сауал. Көпке дейін үнсіз қалдым. Себебі, атам бұрын-соңды бұл сауалды маған қоймаған еді. Атам жауабымды күтіп тұрмын дегендей бетіме қарады. «Өзіңіз сияқты ұстаз болып, білімді шәкірттер тәрбиелеймін», – дедім. Осыны айтуым мұң екен, атам балаша мәз болып: «Әй, бәрекелді, өркенің өссін! Ниетің қабыл болсын, балам!», – деп батасын берді. Білмеймін, сол сәтте жүрегім жамандықты сезді ме екен, біртүрлі сыздай ауырды. Атам күлімдеп, арқамнан қаққанымен, менің жанарыма жас толды. Балаң жүрегім атамның қайтадан үйге оралмайтынын сездірсе керек... Көке, атамның қазасы отбасымыздың қабырғасын қайыстырып жіберді. Әсіресе, атамнан қалған жалғыз тұяқ сіздің еңсеңіз түсіп кетті. Алдыңызда арқасүйер ағаңыз, ізіңізден ерер ініңіз болмағандықтан, көке, көпке дейін күйзелісте жүрдіңіз. Екі қарындасыңыз ғана жаныңызға жанашырлық танытты. Олардың өзі тұрмыста болатын. Күлшәт әпке Келес ауданында тұрады. Ал Әлима әпке Алматыда еді. Көкемнің осы бір қайғысы маған да ауыр тиді. Көке, сізді өзімше жұбатқым-ақ келеді, бірақ, қолымнан келер дәнеңе жоқ. «Көке, ендігі сенің тірегің де, тілеушің де мен боламын. Өзімді дәлелдеймін. Атамның арманда кеткен істерін қалайда жалғастырамын», – деп сан мәрте айтқан шығармын. Бірақ оның бәрін ішімнен қайталадым. Атам дүниеден өтетін күннен бір күн бұрын сіз қырық жасқа толдыңыз. Оны ойлауға шамаңыз келмей, көз ілместен ауруханада атамның жанында болғаныңыз есімде. Берік қорғаныңыз, алып бәйтерегіңіз ертесіне құлап, жанына араша бола алмадыңыз... Содан бері әрбір жыл сайын туған күніңізді еске алғанда осы бір қайғылы күн көз алдыңызда көлбеп өтіп жататын шығар... Атамды ақ жуып, арулап жер қойнына тапсырғаннан кейін де үйге көңіл айтып келген кісілердің қатары көп болды. Қайғымызға ортақтасқандар саябырсығаннан соң апам екеуіңіз мені ортаға алып, атамның аманатын бердіңіздер. Бұл атамның ұрпағына қалдырған қалың екі дәптерден және бірнеше қойын кітапшалардан тұратын өнегелі өсиеті еді. «Е, балам, саған артылар жүк ауыр. Неге маған ауыр жүк артып жатыр деп сөкпе. Біле білсең,

адам болып өмір сүрудің өзі – қаншама жүкті арқалауға тура келеді. Өмірдің жүгі – қап арқалағаннан ауыр. Тереңіне мән бер. Өмір көрген түстей өтіп кететінін ұмытпа...

...Барынша сол парыз бен қарызға адал болдым деп өз арымның алдында еркін айта аламын. Көке, маған өмір бойы жеңгем болып кеткен, ғұмыр сыйлаған анам Ләйланың да қазасы ауыр тиді. Анамды еске алсам, әлі күнге жанарым жасқа толады. Ауылға бір барғанымда көзіне жас алып: «Үлкен бала (атаның баласы болғандықтан, ол мені осылай атайтын), саған ризамын. Қайда жүрсең де, абыройлы бол!», – деп жүрек сөзін айтып еді. Сөйтсем, осы жолы анам менімен қошта-сыпты. Соңғы сөзді есту адамға қашанда ауыр тиеді екен... Ал апам (әжем) қатты қиналып, науқастанып, есі біресе кіріп, біресе шығып жатқан кезінде қасында болдым. Апам ана дүниеге аттанарының алдында: «Айналайындарым, өздерің аман болыңдаршы. Бұл жалған келте келеді. Өмірде адасып кетпеңдер», – деген жылылыққа толы сөзін айтты. Көке, білесіз бе, перзент үшін ана разылығын алудан, ата мен әке үмітін ақтаудан артық бақыт жоқ шығар, сірә! Өмір бойы жанымды мазалаған, аманатқа адал болуды көздеген ниетімді алғаш рет ақ қағаздың бетіне ашық жазып отырмын. Бұл мойынға артылған перзенттік жүктің жауапты екенін сездірсе керек.

Сәлеммен, тұңғышыңыз Әкім Асқақ



1. Қайта оралмас тәтті сәт дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Не үшін біз әкені асқар тауға балаймыз?
3. «Бақытты» қалай түсінесің?
4. Өмірдің жүгі дегенде нені аңғарасыңдар?
5. Мойынға артылған перзенттік жүк дегеніміз не?
6. Әкеңе арнап сен де хат жазып көр.



27-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен тура толықтауышты тауып, оларға сұрақ қойып, талдаңыздар.

Үлгі: Қайта оралмас тәтті сәттерді, сағымға айналған сағынышты кездерді еске алып, оңашада ой құшағына бөленемін. Бұл сөйлемде «сәттерді» деген сөз тура толықтауыш. Заттық мағынадағы сөзге -ді табыс септігінің жалғауы жалғанып жасалып тұр.



28-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен жанама толықтауышты тауып, оларға сұрақ қойып, талдаңыздар.

Үлгі: Әсіресе, атамнан қалған жалғыз тұяқ сіздің еңсеңіз түсіп кетті. Бұл сөйлемде «атамнан» деген сөз жанама толықтауыш. Заттық мағынадағы сөзге -нан шығыс септігінің жалғауы жалғанып жасалып тұр.



Пысықтауыш – тұрлаусыз мүшенің бір түрі. Етістік-тен болған баяндауышты *мекен, мезгіл, қимыл-сын, мөлшер, себеп, мақсат* жағынан айқындайтын сөй-



лемнің тұрлаусыз мүшесі **пысықтауыш** деп аталады. Сұрақтары: *қашан?, қалай?, қайдан?, қашаннан бері?, қанша?, қалай?, қайтіп?, қалайша?, неліктен?, неге?, не үшін?*

Пысықтауыштың негізгі белгілері: 1) іс-қимылды мезгіл, мекен, мақсат, мөлшер, себеп, сын-қимыл жағынан пысықтап тұрады; 2) *қашан?, қайда?, қалай?, қайтіп?, неге?, не үшін?, неліктен?* деген сұрақтарға жауап береді; 3) байланысу түрлері: *қабысу, меңгееру, жанасу*.

Пысықтауыш құрамына қарай үшке бөлінеді: 1) *дара пысықтауыш*; 2) *күрделі пысықтауыш*; 3) *үйірлі пысықтауыш*.



Пысықтауыш мағыналық жағынан алты түрге жіктеледі: 1) *мезгіл пысықтауыш*; 2) *мекен пысықтауыш*; 3) *мақсат пысықтауыш*; 4) *амал пысықтауыш*; 5) *себеп пысықтауыш*; 6) *мөлшер пысықтауыш*.



29-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен пысықтауыштарды тауып, оларды түр-түрлеріне қарай ажыратыңдар.

Үлгі: 1. *Соңғы уақытта айтуға аузың бармайтын, жаға ұста-тып, денеңді тітіркендіретін жағымсыз жәйттар көбейіп кетті.* Бұл сөйлемде «**соңғы уақытта**» деген сөз пысықтауыш: *мезгіл пысықтауыш, күрделі пысықтауыш, қашан* деген сұраққа жауап беріп тұр; 2. Олардың аңсары Еуропаға ауып тұрғандай. Бұл сөйлемде «**Еуропаға**» деген сөз пысықтауыш: *мекен пысықтауыш, дара пысықтауыш, қайда?* деген сұраққа жауап беріп тұр.



30-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен қалай? деген сұраққа жауап болатын сөздерді тауып, оларға талдау жасаңдар. Пысықтауыштың қай түріне жататындығын анықтаңдар.



Құрмалас сөйлемдер екі немесе онан да артық жай сөйлемдердің бірігуінен жасалып, күрделі ойды білдіреді, яғни екі немесе бірнеше жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіретін, мағыналық жағынан өзара байланысты біртұтас сөйлем. Құрмалас сөйлемдердің құрамына енген жай сөйлемдер грамматикалық және мазмұн жағынан бір-бірімен байланыса түседі.

Құрмалас сөйлемдердің құрамына енген жай сөйлемдер өз ара теңдік қатынаста **салаласып та**, кейде біріне-бірі меңгеріліп, бірі екіншісіне бағыну арқылы **сабақтасып та** байланысады. Жай сөйлемдер байланы-



сының бұлай әр түрлі болуы – оларды байланыстырушы дәнекерлердің, амал-тәсілдердің әр алуандылығында.

Қызметі жағынан оның жай сөйлемнен өзгешелігі жоқ, екеуі де ойды екінші бір адамға білдірудің құралы. Құрмалас сөйлем жасалу жолына қарай үш түрге бөлінеді: а) *Салалас құрмалас сөйлем*; ә) *Сабақтас құрмалас сөйлем*; б) *Аралас құрмалас сөйлем*.



31-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнын ұғып болған соң, соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

АДАЛДЫҚ – АДАМ БОЙЫНДАҒЫ ТАЗА НИЕТ, БАҒАЛЫ ҚАСИЕТ

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени, ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Ата-ананың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер не айтса, соны айтатыны, не істесе, соны істегісі келетіні белгілі. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені ол үшін адамгершілік тәрбиенің ең үлкені. Демек, жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға берер тәлімі мол болмақ.

Адалдық – адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Адам бағасының бір өлшемі де іспетті. «Адалдық» деген сөз шыншылдық, айнымастық, шын берілгендік сияқты игі қасиеттерді еске салады. Қазақ пайымында адам бойында адалдық – пәктік, ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді т.б. асыл қасиеттердің жиынтығынан тұрады. Көшпелі қазақтардың адамгершілік, адалдық қасиеттері тұрғысынан кіршіксіз таза, мәрт болатындығы туралы шетелдік саяхатшылардың қолжазбалары мен күнделіктерінен де кездестіруге болады.

Сонымен қатар, жас өспірімдердің оқу орнындағы тәлім-тәрбиесі мен білімі, оның тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Қазіргі таңда елімізде жас ұрпақты адамгершілікке, адалдыққа, парасаттылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақтасында түрлі жобалар кешенді жұмыстар жүргізіп жатыр.

Шәкәрім қажы адалдық туралы: Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи, Ғибадат пен адалдық ар үшін жи, – деп, бақыттың өзі адалдыққа негізделетінін айта келіп, адалдықтың ар біліміне қатысына да ерекше көңіл бөледі. Адалдық қорғау қажеттігін, ол үшін адам бойындағы асыл қасиеттердің бірлікте болуын ашып көрсетеді.



Адалдық – адам мінезіндегі бағалы қасиет, жеке тұлғаның сана-сезіміне, ар-ұжданына қайшы келмейтін, халықтың мақсат мүддесін көздейтін, тарихи шындықпен, прогреспен ұштасып жататын іс-әрекеттер. Әрбір қоғамның адалдық жайында өзіндік пайым-түсінігі бар. Қарапайым халық әрқашан да адалдық қасиеттерін кіршіксіз таза ұстауға ұмтылады. «Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі – қазақтың әулиесі сол», – дейді Абай. Адалдық адамның жеке басы мен моральдық тұлғасын сипаттайды. Ол туа пайда болмайды. Қоғамның дамуына сәйкес әрбір адамның өнегелі тәрбиесіне, оқып білім алуы мен адал еңбектену процесінде қалыптасады. Адалдық жеке тұлғалар мен адамдардың абырой-атағын арттыратын ізгі қасиет.

Қазақ пайымында адам бойында адалдық, пәктік, ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді қасиеттердің қалыптасқан нормаға сай болуы керек.

Қысқасы, адамгершілік адам бойындағы ең маңызды, әрі керемет құндылық, себебі бұл ой тазалығымен қатар, жүректің адал болуымен егіз келетін қасиет. Бұл жалпы адамзаттың жан дүниесінің пердесі, жүрегінің айнасы. Адамгершілік – бұл рухани тәрбие. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, отбасын, достарын, мектебін сүюге үйретеді. Егер адамгершілік қасиеті болмаса, ол адам өзін-өзі реттей алмай, айналасындағы жандарды құрметтей алмайды.



1. Адалдық дегеніміз не?
2. Не үшін адалдықты адам бойындағы бағалы қасиет деп атаймыз?
3. Абайдың неге адалдықты адамның жеке басы мен моральдық тұлғасын сипаттайды?
4. Мораль мен этикаға қалай түсінесің?
5. Шетел саяхатшылары көшпелі қазақтардың адамгершілігі мен адалдығын қалай бағалайды?
6. Шәкәрім қажы адалдық туралы қандай пікір айқан?
7. Не үшін адамгершілікті рухани тәрбиеге жатқызамыз?



32-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен пысықтауыштарды тауып, оларды түр-түрлеріне (дара және күрделі, үйірлі; мағыналық түрлеріне қарай) ажыратып, талдау жүргізіңдер.



Жоғарыдағы мәтінді негізге ала отырып «Адалдық – ардың ісі» тақырыбында шағын әңгіме құрастырыңдар. Мәтін құрауда пысықтауыштың мағыналық түрлерін қатыстырыңдар.



<https://youtu.be/Ti1MsGyu5HnQ> адресі арқылы YouTube-тан бұл видеороликті көріп, өз пікірлеріңді эссе түрінде дәптерге жазып келіңдер.



33-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен құрмалас сөйлемдерді тауып, оларға талдау жасаңдар.

Үлгі: Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі. Бұл сөйлем **құрмалас сөйлем**, себебі құрамында екі жай сөйлем бар. Бірінші жай сөйлемнің баяндауышы **тиянақсыз**, сондықтан ол **сабақтас құрмалас** сөйлем.



34-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен құрмалас сөйлемдерді тауып, құрамындағы бағыныңқы жай сөйлемнің баяндауышы, басыңқы жай сөйлеммен қалай байланысып тұрғандығын анықтаңдар.

Үлгі: Адамгершілік ұжымдық ортада бойына сіңірген тәрбиесіне, біліміне, адал еңбектенуге байланысты қалыптасып, адамның жеке басы мен моральдық тұлғасын сипаттайды. Бұл сөйлем құрмалас сөйлем, себебі құрамында екі жай сөйлем бар. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз, ол -ып көсемшенің жұрнағы арқылы жасалған.



Салалас құрмалас сөйлем – құрамындағы жай сөйлемдері салаласа байланысқан құрмаластың түрі. Салалас құрмалас сөйлем баяндауыштары тиянақты тұлғада келіп, бір-бірімен тең дәрежеде байланысады. Салалас құрмалас сөйлемнің жай сөйлемдері өзара мағыналық тұтастықта болып, интонация (жалғаулықсыз) және жалғаулық шылаулар арқылы байланысады. Жалғаулықсыз (іргелес байланысқан) салалас мезгілдес, себептес, қарсылықты, түсіндірмелі, шартты, салыстырмалы түрлерге жіктеледі.



Сабақтас құрмалас сөйлем – құрамындағы жай сөйлемдері бір-бірімен сабақтаса байланысқан құрмаластың түрі. Сабақтас құрмалас сөйлем құрамындағы алғашқы жай сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз тұлғада келіп, екіншісіне бағына байланысады. Сабақтас құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің бірі басыңқы келіп, негізгі ойды білдіреді, қалғандары бағыныңқы болады да басыңқыдағы ойды айқындап, іс-әрекеттің орындалу шартын, себебін, мақсатын, мезгілін, амалын, т.б. қатынастарды білдіреді.



Құрамындағы жай сөйлемдері бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысқан құрмаластың түрін **аралас құрмалас сөйлем** дейміз.

Аралас құрмалас сөйлемнің құрамында кемінде үш жай сөйлем болады. Олардың екеуінің баяндауышы тиянақты да, біреуінің баяндауышы тиянақсыз болып келеді. Баяндауышы тиянақсыз сөйлем бірде аралас құрмаластың бас жағына орналасса, бірде тиянақты жай сөйлемдердің арасына орналасады.



35-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнын ұғып алыңдар да, соңында берілген сұрақтарға жауап қайырыңдар.

ШӘКӘРІМ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ АБЫРОЙ, НАМЫС, ҰЖДАН ҰҒЫМДАРЫ



Қазақ философиясында кәсіби философ ретінде танылған ойшыл дана Шәкәрім Құдайбердіұлының көзқарастары болды.

Абырой – өз борышын жан-тәнімен орындаудың жоғары әлеуметтік құндылығын түсіну және оны қоғамдық көзқараспен тану. Абырой категориясы мен намыс категориясы тығыз байланысты, яғни намыс – адамгершілік қасиеттерінің ең бағалы көрінісінің бірі.

Шәкәрім Құдайбердіұлы өз шығармаларында абырой, ар мәселелерін көп қарастырған. Сонда ар, ұждан деген не? Оның абырой, намыс сөздерімен қандай байланысы бар?

Қазіргі кезде «Ар» сөзіне ғылыми тұрғыдан анықтап қарайтын болсақ, *«Ар – адамгершілік сана, этика – философиялық категория. Адамгершілік (адамшылық, адамдық) қазақ халқында адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиынтық мағынасын білдіретін ұғым-өлшем болса, ар оның шығу тегі, бұлақ бастауы. Арды адам бойындағы жақсы қасиеттердің өлшемі, адамгершілік санасы деуге негіз бар»* – дейді А. Тоқсамбаева (Шәкәрім энциклопедиясы). Ал енді, «ар» ұғымы Шәкәрім философиясында қалай көрсетілген, оны қалай талдаған?

«Ынсап, ұят, ар, рахым, сабыр, сақтық – Талапқа алты түрлі нұқта тақтық...» (Талап пен ақыл)

*«...Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан,
Анық төмен болмай ма хайуаннан?!
Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса,
Өлген артық дүниені былғағаннан».*

(Талап пен ақыл)

Міне, Шәкәрім шығармаларын қарасақ, ар мәселесіне қаншама өлең жолдарын жазып, тура ойларын айтқан. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» атты фелсафалық трактатында сонау Пифагор дәуірінен бастап адамзаттың адасқандығы туралы айтқан. Ол еңбегінде *«Біздің атақты деп жүргендеріміздің дені адасушылар. Біразы адасып жүріп жол табушылар, ал бір парасы адамзатты одан әрі адастырушылар. Білемін деп білмей сөйлеушілер, түсінемін деп түсініксіз кітап жазушылар. Жаратушының алғашқы білімін қиратушылар. Ақылдымын дегендер менмендікке салынып, адамзаттың алдағы замандарда ашар есіктерін жаптырушылар»* – деп айтады. Шәкәрімнің «Үш анық» еңбегінде не туралы айтылған? Жалпы анық деген не? Сонда қазіргі анық деп танып отырған дүниенің барлығы да анық па? Өз қолымызбен ұстап, көзімізбен көрген нәрсе анық па? Әлде анық сөзінің

мағынасы мүлде бөлек пе? Шәкәрім осылай анық жолын күрделі қарастырады.

...Үшінші анық ретінде – ұждан мәселесін қарастырады. Ол – Шәкәрім философиясының негізгі категорияларының бірі. «Ұждан – екі өмірдің азығы»; «Ұжданды ақыл» идеясы Шәкәрімнің философияға қосқан үлкен үлесінің бірі. «...Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім, яғни «Абайдағы – ынсап, әділет, мейірім» үшеуін қосып айтқанда мұсылманша – ұждан...». «Бұл не? Бұны ұстап тұрған кім?» деп қойған сұрағына өзі «ұждан адам жанының басты қасиеті, онсыз жан тірексіз қалады, адам адамгершіліктен айырылатынын» – айтады. «Үш анықтың» алғашқы екеуі анық, рухқа келгенде әлгі екеуіндегідей анықтық жоқ, бірақ ұжданға нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, жан тазарта алмайды. Керісінше, ұжданы сол адамның азығы болса, оның жүрегін ешнәрсе қарайта алмайды. «Меніңше, ар-ұждан – жанның тілегі. Неге десеңіз, жан тіпті жоғалмайтын, бұзылмайтын нәрсе, барған сайын шыңға жоғарылайтын нәрсе, сондықтан тезірек жоғарылауды керек қылады. Мәселен, таза дене, таза, толық мінез ой істерін керек қылады. Соның қатты керегі – ұждан. Оны осы өмір үшін де, соңғы өмір үшін де керек қылады, себебі, егерде бұл осы өмір үшін ғана керек болса, ол не пайда, не мақтан үшін болады. Ол жоғарылаудың ең жоғарғы жәрдемі» – дейді Шәкәрім.

Шәкәрім танымал «Үш анық» еңбегінде:

Еңбекпенен, өрнекпенен
Өнер ойға тоқылса,
Жайнар көңіл, қайнар өмір
Ар ілімі оқылса»

– деп, «білім беру саласында «ар білімі» деген білім оқытылуы тиіс деп ойлаймын» – деген ойларын айтып өтеді. «Екінші мінез – намысқорлық екен...» (Абайдың 39 қара сөзі)

«Ар демек – адамшылық намыс деген,
Арың кетпес жағыңа қарыс деген.
Теріс ұғып жүрмесін мұны біреу,
Сөз емес күншіл болып, алыс деген.
Намыс сол – өзің қорлан кемдігіңе,
Құрбыңмен ұмтылып бақ теңдігіңе.
Алмай өз алдыңғының аяғынан,
Соқтықпай өзің ізден еңбегіңе».

(Талап пен Ақыл)



Шәкәрім философиясында ар-ұждан, намыс мәселелері ғана емес, заман шындығы, халық жағдайы, ел қамы жан-жақты қарастырылған. Тіпті бір өлеңнің өзінен жан, тән, рух, абырой, ұят секілді бірнеше мәселелерді кірістіргенін байқауға болады... Міне, осыдан кейін Шәкәрімнің қазақтың тұңғыш «Кәсіби философы» деген атағына қалай сенбеске?..



1. Шәкәрім Құдайбердіұлы кім?
2. «Философ» деген сөзге түсінік беріңдер.
3. Абырой және намыс категориясына қалай түсінесің?
4. Ар және адамгершіліктің өзіндік ерекшеліктерін түсіндіріңдер.
5. «Ар» ұғымы Шәкәрім философиясында қалай талданады?
6. Шәкәрімнің «Үш анық» еңбегінде не туралы айтылған?
7. Ұждан мәселесі Шәкәрімнің қай жағында қарастырылады?
8. Шәкәрім не үшін ар-ұжданды жанның тілегімен теңестіреді?
9. Шәкәрім философиясында ар-ұждан, намыс мәселелерімен бірге және қандай мәселелер орын алған?



36-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен сабақтас құрмалас сөйлемдерді тауып, олардың жасалу жолдарын анықтаңдар.



37-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен салалас құрмалас сөйлемдерді тауып, олардың жасалу жолдарын анықтаңдар. Тыныс белгілеріне назар аударыңдар.



38-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен құрмалас сөйлемдерді тауып, оларды кесте бойынша түр-түрлеріне ажыратыңдар.

Салалас құрмалас сөйлем	Сабақтас құрмалас сөйлем	Аралас құрмалас сөйлем
Абырой категориясы мен намыс категориясы тығыз байланысты, яғни намыс – адамгершілік қасиеттерінің ең бағалы көрінісінің бірі.	Адамгершілік (адамшылық, адамдық) қазақ халқында адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиынтық мағынасын білдіретін ұғым-өлшем болса, ар оның шығу тегі, бұлақ бастауы.	Оны осы өмір үшін де, соңғы өмір үшін де керек қылады, себебі, егерде бұл осы өмір үшін ғана керек болса, ол не пайда, не мақтан үшін болады.



Жоғарыдағы мәтінді негізге ала отырып «Ар-ождан – жан тілегі» тақырыбында шағын әңгіме құрастырыңдар. Мәтін құрауда салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдерді пайдаланып, олардың жасалу жолдарына мән беріңдер.



39-тапсырма. Берілген мәтіннің мазмұнымен танысып болған соң, мәтін соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

АР-ҰЯТ, НАМЫСТЫ САҚТАУ – ӘДЕПТІЛІКТІҢ БЕЛГІСІ

Адам құдіреттілігіне ой жете бермейтін, саналылығының, даналығының, қабілеттілігінің шегі, теңі мен телісі жоқ, киелі де қасиетті, аса күрделі жаратылыс. Өлемдік кеңістікте жасампаз тіршілік иесі ол – адамзат. Адамға қойылатын басты талап – асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты азамат болып шығу, өйткені адам –



өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты. Жаратылыстың барлығы екі қарама-қарсы нәрседен тұрады: ақ пен қара, күн мен түн, ыстық пен суық, жақсы мен жаман. Адам бойындағы барлық жақсы қасиеттер рухтан туындайды, ал жаман қасиеттер нәпсінің көрінісі болып табылады. Адам денесі бір болғандықтан оның ішінде билік үшін үнемі осы екі қуаттың – «рух пен нәпсі» күресі жүріп жатады. Шөкәрім атамыз айтқандай: Адамның ішінде болмайды аласы, Оларды бұзатын нәпсінің таласы.

Арлылық – адам бойындағы ең асыл қасиеттің бірі. Арлы кісі ұят, иба, намыс, қанағат, әдеп, шүкіршілік секілді бірқатар игі қасиеттерді бойына жинақтай білген мол парасат иесі. Қазақ халқы талайлы тағдырында сан түрлі қиындықтарды бастан кешсе де, арына дақ түсірмеген текті халық: артық күлкі, артық ұйқы, артық тамақтың өзін арсыздыққа балаған ата-бабаларымыз ар тазалығына өткір сынмен қараған. Ел ішінде кең тараған «Мал сақтама, ар сақта», «Ердің құны бір ділдә, абыройы мың ділдә», «Ар иманның жолдасы», «Ақылың болса, арыңды сақта, ар-ұят керек әр уақытта» деген нақыл сөздер соның белгісі. Ар-ұят, намысты сақтау әдептіліктің белгісі, ал әдептілік деген – үлкенге қамқоршы, кішіге мейірімді бола білу. Ұяты бар адам әдеп сақтай алады. Адам баласының бәрі бұл өмірде бақытты болсам дейді, сол бақытқа жету үшін қолынан келген бар мүмкіндігін істеп бағады, бірақ өкінішке орай, көбісі ақырет бақытына апарар жолды ұмытып жатады.

Ұят дегенді қолға ұстауға болмаса да, сезінуге, көзбен көруге әбден болады, сол сияқты ар-намысына тырысып, ұялғанын жүзінен байқауға болады. Бұған қоса, ата-бабаларымыз ар сақтауда нүктедей пайдаға бола үтірдей иілмеуге, болар-болмас дүниеге бола арын сатпауға, дүниеқоңызданып абырой төкпеуге, сақалын саудалап сүйкімін кетірмеуге, ешкімнің алдында төмендемеуге, шама келгенше кісіге қарыздар боп қалмауға, оның орнына не тілесе де Аллаһтан тілеуге шақырған. Рас, сахабалар арлылыққа қатты көңіл бөлді: бір-бірін бауыр тұтып, қолындағы байлығын тең бөліскенде де бұл мінезден таймады.

Арсыздық – ар-намысы жоқ, ұятсыз, абыройсыз адамның адамгершілікке жат қылықтары мен мінез-құлқы. Абай атамыз: «Өзін-өзі күн

дейді, Жақынын жалған мінейді, Ол – арсыздық белгісі», – деп айтса, Шәкәрім атамыз: «Айла, өтірік, арсыздық өнер емес, Мен де анаудай болсам деп таласарлық», – деп түсіндірген. Иә, арлылық ең ізгі қасиет десек, арсыздық адамға ешқашан да жақсылық, опа әкелмейді. Арсыз адамның екі дүниесі де қараңғы, ел де арсыз адамнан қашады. «Ұяттылық, арнамыстылық, тілге ие болу және ақыл – иманнан. Мұндай адамдардың ахирет қалауы көбейіп, дүние қалауы азаяды. Сараңдық, әдепсіздік, арсыздықтан, ұятсыздық пен екіжүзділіктен туындайды. Бұларда дүние қалауы көбейіп, ахирет қалауы азаяды», – деп Ислам ғұламасы Бәйһақи ой тастаса, Тәбарани: «Ер адамдар ар-намыссыз, (жүргіш) болса, жақындары да жаман жолға түсуі мүмкін. Пайғамбарымыз «Сендер арлы болсаңдар, әйелдерің де арлы болады», деген», – дейді. Алла Тағала Құран кәрімнің бірқатар жерінде арнамысын сақтай алған адамға үлкен марапаттар беретінін уәде еткен. Ал ар-намысын сақтамайтын адамға жаһаннам азабын білдірген. Алла Тағала арсыздарды адам өлтірген адамдармен бір тұтқан. Иә, арлылық ең ізгі қасиет десек, арсыздық адамға ешқашанда жақсылық, опа әкелмейді. Сондықтан барша мұсылман бауыр шайтанның азғыруынан аулақ болып, арымызды сақтай білейік.

Омаров Нұрперзент Еламанұлы



1. Адам немесе адамзат тұлғасына қалай түсінесің?
2. Адамға қойылатын басты талап не?
3. «Рух пен нәпсі» күресі дегенде нені түсінесің?
4. Арлылық пен әдептілікке түсінік беріңдер.
5. Не үшін біз қазақ халқын арына дақ түсірмеген текті халық дейміз?
6. Мысалмен дәлелдендер.
7. Ұят не, арсыздық не?
8. Абай мен Шәкәрім арсыздықты қалай түсіндіреді?
9. Құранда, дінде ар-ождан туралы қандай сөздер айтылған?



40-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтіннен құрмалас сөйлемнің түр-түрлеріне мысалдар тауып, оны кестеге салыңдар.

Салалас құрмалас сөйлем	Сабақтас құрмалас сөйлем	Аралас құрмалас сөйлем
Абырой категориясы мен намыс категориясы тығыз байланысты, яғни намыс – адамгершілік қасиеттерінің ең бағалы көрінісінің бірі.	Адамгершілік (адамшылық, адамдық) қазақ халқында адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиынтық мағынасын білдіретін ұғым-өлшем болса, ар оның шығу тегі, бұлақ бастауы.	Оны осы өмір үшін де, соңғы өмір үшін де керек қылады, себебі, егерде бұл осы өмір үшін ғана керек болса, ол не пайда, не мақтан үшін болады.



41-тапсырма. Төмендегі грамматикалық тестке жауап беріңдер.

1	Мәтін ішінен аралас құрмалас сөйлемді тауып, оның қайсысы қай жауапта дұрыс берілгендігін анықтаңдар.
A	Иә, арлылық ең ізгі қасиет десек, арсыздық адамға ешқашанда жақсылық, опа әкелмейді, сондықтан барша мұсылман бауыр шайтанның азғыруынан аулақ болып, арымызды сақтай білейік.
B	Сараңдық, әдепсіздік, арсыздықтан, ұятсыздық пен екіжүзділіктен туындайды, бұларда дүние қалауы көбейіп, ахирет қалауы азаяды.
C	Арсыз адамның екі дүниесі де қараңғы, ел де арсыз адамнан қашады.
D	Адам баласының бәрі бұл өмірде бақытты болсам дейді, сол бақытқа жету үшін қолынан келген бар мүмкіндігін істеп бағады, бірақ өкінішке орай, көбісі ақырет бақытына апарар жолды ұмытып жатады.

2	Мәтін ішінен алынған құрмалас сөйлемдердің қайсысы сабақтас құрмалас сөйлем?
A	Қазақ халқы талайлы тағдырында сан түрлі қиындықтарды бастан кешсе де, арына дақ түсірмеген текті халық.
B	Адам баласының бәрі бұл өмірде бақытты болсам дейді, сол бақытқа жету үшін қолынан келген бар мүмкіндігін істеп бағады.
C	Арсыз адамның екі дүниесі де қараңғы, ел де арсыз адамнан қашады.
D	Адам құдіреттілігіне ой жете бермейтін, саналылығының, даналығының, қабілеттілігінің шегі, теңі мен телісі жоқ, киелі де қасиетті, аса күрделі жаратылыс.

3	Мәтін ішінен алынған құрмалас сөйлемдердің қайсысы салалас құрмалас сөйлем?
A	Сендер арлы болсаңдар, әйелдерің де арлы болады.
B	Ұят дегенді қолға ұстауға болмаса да, сезінуге, көзбен көруге әбден болады.
C	Сондықтан барша мұсылман бауыр шайтанның азғыруынан аулақ болып, арымызды сақтай білейік.
D	Адам бойындағы барлық жақсы қасиеттер рухтан туындайды, ал жаман қасиеттер нәпсінің көрінісі болып табылады.

Сұрақтар тәртібі	1	2	3	4	5
Дұрыс жауаптары					



ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

1. Тәрбие психологиясына қалай түсінесің?
2. Тәрбие психологиясы не үшін қажет?
3. Дін дегеніміз не?
4. Дін мен мәдениеттің қандай байланысы бар?
5. Ар-ұждан түсінігі қандай түсінік?
6. Өзіңді-өзің қалайша тәрбиелей аласың?
7. Қазақы тәрбие дегенімізге қалай түсінесің?
8. Әділдік, адалдық, адамгершілік, таза ниет сияқты сөздердің мән-мағынасын түсіндіріп беріңдер.
9. Қандай қылықтар моральға жатқылықтар саналады?
10. Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншектік сөздеріне қалай түсінік бересің?
11. Шәкәрім философиясында ар, ұждан, намыс, абырой қалай баяндалған?
12. Әдептілік белгілерін түсіндіріп беріңдер.
13. Сөздің тура және ауыс мағыналары дегеніміз не?
14. Полисемия: метафоралық, метонимиялық, синекдохалық мағыналарға түсінік беріңдер.
15. Диалект және говор, жаргон жән арго сөздерге түсінік беріңдер.
16. Қазақ тілінің сөйлем мүшелері дегеніміз не және олар нешеге жіктеледі?
17. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері және олардың жасалу жолдарына түсінік беріңдер.
18. Бастауыш пен баяндауыш, олардың жаалу жолдары қандай?
19. Анықтауш, толықтауыш және пысықтауыш, олар қандай жолдармен жасалады?
20. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері және олардың жасалу жолдарына түсінік беріңдер.
21. Сөйлем мүшелері болатын қандай сөз таптары бар?
22. Құрмалас сөйлем және олардың қандай түрлері бар?
23. Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не және олар қалай жаалады?
24. Сабақтас құрмалас сөйлем дегеніміз не және олар қалай жаалады?
25. Аралас құрмалас сөйлем дегеніміз не және олар қалай жаалады?

VI ТАРАУ

ТІЛІМ – БАЙЛЫҒЫМ



Стилистика – тіл білімінің, тілдің көркемдегіш амал-тәсілдерін, қолданылу аясын, қатысымдық әрекет-қызметін зерттейтін саласы.

Стилистика тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тәсілдерді қолдану принциптерін реттейді, сөйлеу процесінде тілді пайдаланудың заңдылықтарын қарастырады, сондай-ақ тілдік амал-тәсілдер мен стилистикалық мүмкіндіктер арқылы коммуникативті-прагматикалық, эстетикалық қызмет үйретеді.



1-тапсырма. Төменде берілген мәтін мазмұнымен танысып шығып, сұрақтарға жауап беріңдер.



1. Мемлекеттік тіл дегеніміз не және ол қай тіл?
2. Ұлттық құндылықтарымызға нелер кіреді?
3. Не үшін тіл – қоғамдық құбылыс саналады?
4. Тілші-ғалымдарымыздың тіл туралы айтқан қандай пікірлерін білесің?
5. «Нұрлы жұлдыз – бабам тілі» дегенде нені аңғарасың?

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АНА ТІЛІ

Бүгінгі таңда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қалыптасып, тұрақтануы туған тілдің жүзеге асырылуын іс жүзінде бекітіп, қолданылу көкжиегін кеңейтіп берді. Қазақ тілінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып жариялануы қазақ халқының бұрынғы отарлық езгіден ажырап, енді ұлы тілі деп орыс тіліне жалтақтамай, ана тілінде еркін сөйлесуге, дәстүрлі үрдісті жалғастыруға мүмкіндік берді. Алайда мемлекеттік тіл болып қалыптасқанға дейін қазақ тілінің қаншама қиындықтарды бастан кешіргенін айтпай кетуге болмайды. Тіл тағдырының өз иелері қазақ халқы сияқты сан қилы замандарды бастан кешіргенін тарихтан байқай



Әр ұлт өзінің ана тілінде ғана бақытты.

аламыз. Біздің қаншама ұлттық құндылықтарымыз жоғалып кеткен кезде ана тіліміз асыл мұраның көзіндей болып сақталып қалды. Ке-
меңгер ақынымыз Мағжан:

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың,
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың.
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз бабам тілі сен қалдың,

– деп айтқандай мемлекеттік тіл болып нығайғанға дейінгі аралықта небір қиыншылықтарды өткерген қазақ тілінің тарихын саралауымыз, мемлекеттік тіл ретінде қалыптасу жолдарына назар аударуымыз қазіргі кезде басты мақсатымызға айналып отыр.

Қазақ тілі – қазіргі кездері жинақталып, бір ізге, бір нормаға түскен тіл. Қазақ тілі, ең алдымен, қазақ халқының ана тілі. Оның мемлекеттік тіл мәртебесін алып, өкілеттігін заңды түрде кеңейте бастағанына көп уақыт өткен жоқ.

Тіл – қоғамдық құбылыс. Ол адам баласының ғана келбетін, даму сипатын көрсетіп қоймайды, сонымен бірге қоғамның да ілгерілеуін, алға қадам басуын, көркеюін көрсетеді. Тіл – адам баласының ғана емес, ұлттың, халықтың, қоғамның болмысын көрсететін құбылыс. Адамзаттық құндылықтар қатарында тіл – ғылымнан да, мәдениет пен өнерден де бұрын аталады. Ғылым да, мәдениет те, өнер де материалдық игіліктер де, саясат та тілдің қатысуымен жасалады. Тілдің адамның жан-дүниесіне өлшеусіз әсер ете алатын құдіреті саяси тетік ретінде ертеден-ақ пайдаланылған.

Бүгінгі таңда, күнделікті өмірде қолданылып жүрген тілдерді тірі тілдер немесе қазіргі тілдер дейді. Әр мемлекеттің өз ішінде көбірек қолданылып, мемлекеттік маңызы бар ісқағаздары негізінен осы тілде жүргізілуі тиіс тілдерді – мемлекеттік тіл дейді. Мәселен, бұған қазіргі қазақ тілін, қазіргі өзбек тілін, сол сияқты бірнеше мемлекеттік тілдерді жатқыза аламыз.

Мемлекеттік тіл тақырыбы қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Өйткені мемлекеттік тіл – біздің бүкіл халқымыздың ортақ тілі, тарихы талай ғасырлардан бері келе жатқан құбылыс. Мемлекеттік тіл, бірақ дәл қазіргі кездегідей бұрын-соңды мүшкіл халді бастан өткеріп көрмеptі. Ана тіліміздің бүгінгідей жағдайға түсуі қазақ халқының ұлттық, отаншылдық сана-сезімінің қандай деңгейде екенін көрсетеді.

Қазақ тіл білімінің қай саласында болсын өз ізін қалдырған тілші ғалым Ахмет Байтұрсынов сөзімен айтқанда «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйінін түйгенінше айтуға жарау». Ендеше, тілдің маңызды міндеттерін атқару үшін халықтың өзіндік рухани тәжірибесінен туындайтын жетістіктер мен тарихи атамұра жазба ескерткіштер тілін жан-жақты зерттеу қажет. А. Саъади қазақ тіліне қатысты ойын: «Қазіргі ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай бұрынғы қалпында сақталып қалған

бір тіл болса, ол – қазақ тілі және қазақ әдебиеті, шын ғылым үшін біз мұны ашық айтуымыз керек» деп бағалайды.



2-тапсырма. Мәтіндегі тіл, ана тілі, қазақ тілі туралы айтылған пікірлерге өз сөздеріңмен толығырақ түсінік беріңдер.

А

Ғылым да, мәдениет те, өнер де материалдық игіліктер де, саясат та тілдің қатысуымен жасалады.

Ә

Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйінін түйгенінше айтуға жарау.

Б

Қазіргі ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай бұрынғы қалпында сақталып қалған бір тіл болса, ол – қазақ тілі және қазақ әдебиеті, шын ғылым үшін біз мұны ашық айтуымыз керек.



1. Сөздер қалай жасалады?
2. Берілген даналық сөздерде қандай туынды сөздер кездеседі және олардың жасалу жолдарын анықтаңдар?
 А) мәтіндегі шылаулар сөйлемге қандай реңк үстеп тұр?
 Ә) мәтінінде сингармонизм заңдылығы қалай берілген?
 Б) мәтінінде асырмалы шырай сөйлемде қандай стилистикалық қызмет атқарып тұр?



Ғаламтор арқылы «Ана тілі» туралы 10 мақал-мәтелдерді пайдаланып шағын мәтін құрастырыңдар. Мәтінге ат қойыңдар.



Сөз тұлғасына қарай екіге бөлінеді: 1) *негізгі сөз*; 2) *туынды сөз*.

Негізгі сөз – ары қарай бөлшектеуге келмейтін түбір тұлғадағы сөз. *Туынды сөз* – жұрнақ жалғану арқылы жасалған сөз.

Туынды сөз әр түрлі сөз табына сөз тудырушы жұрнақ жалғану арқылы жасалады.



3-тапсырма. Берілген мәтінді оқып шығып, мазмұнын ұғыңдар да, ондағы тіл туралы айтылған нақыл сөздер мен афоризмдерге мән беріңдер. Қызылмен жазылған сөздердің мәнін ашыңдар.

ТІЛ – ТАТУЛЫҚ ТІРЕГІ

Ұлтаралық достық, этносаралық татулық мәселесін айтқанда, тілді айналып өте алмаймыз. Өйткені тіл – бір-бірімізді түсінісуімізге, тереңірек ұғынуымызға жол ашатыны мәлім.



Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі елімізде барша азаматтар үшін ұлты мен нәсіліне қарамастан **темірқазық** тілге айналуы керек, басқаша болуы да мүмкін емес. Олай дейтін себебіміз, мәселен, өркениетті елдердің қай-қайсысына барсаңыз да, мемлекеттік тілдерінің **үстем** екенін байқайсыз. Сол елдің барлық азаматтары бір тілде сөйлеп, бір тілде **тіршілік** жасайды. Ал, бірақ ұлттары әртүрлі болуы мүмкін. Демек, мемлекеттік тілдің өзі қоғамды топтастырып, елді біріктірудегі **тигізер үлес-салмағы** аз емес. Осы тұрғыдан келгенде мемлекеттік тілді **ардақтап, құрметтеуді** әрбір қоғам мүшесі саналы түрде үйренсе дейсің.

Еліміздің ұлтаралық саясаты – достыққа, бірлік пен ынтымаққа негізделіп келеді. **Бірлік бар жерде – тірлік бар.** Ал енді осы **құндылықтар** арқылы қоғам мүшелері қазақ тілінің дәрежесін арттыруға **күш** салып, белсенділік танытулары керек-ақ. Бірақ ондай белсенділік әзірге байқалмай келе жатқанын несіне жасырайық?! Бұған қашан және қай уақытта жетеміз? Жету үшін соған деген ниет, ықылас та, ең бастысы қолдау керек. Әрбір азамат мемлекеттік тілді меңгеріп алуды өзі үшін **парыз** деп білсе және соған мақсатты түрде әрекет жасаса, нәтиже де **ойдағыдай** болады.

Мемлекеттік тілге басымдық берген елдің тұтастығы берік болатындығын да ұмытпағанымыз абзал.

Екінші бір мәселе, Кеңестік кезден қалған түсінік пе, біз мемлекеттік тілімізде **батыл** сөйлеп, кеңінен қолдануды үйрене алмай келеміз. Мұның да өз әсері бар. Көп жағдайда **қазақ тілінің мәртебесі биік** екені білінбей қалып жатады. Осыны қаперімізден шығармасақ екен. Қоғамның өзі мемлекеттік **тілді өркендетіп, туын биікке көтеруге серпіліс жасауы** керек.

Тіл – татулық тірегіне айналсын. **Бір шаңырақ астында** жарасымды тіршілік кешіп жатқан түрлі этнос өкілдері қазақ тілін жаппай меңгеруге **күш** салса, **«бір ұлт – бір ел»** ұстанымы жүзеге асқан болар еді.



1. Не үшін біз тілді татулық тірегіне теңейміз? Бұған қалай түсінесің?
2. Мемлекеттік тіл дегенде нені түсінесің? Ол туралы түсінік беріңдер.

3. Өзбек тілі мен қазақ тілінің қандай ерекшеліктері мен ұқсастықтары бар?
4. Қарамен жазылған сөз және сөз тіркестері сөздердің қайсы лексика-семантикалық топтарына жатады?
5. Мәтін ішінен туынды зат есімдерді тауып, олардың түбірін (негіз) табындар да, қай сөз табына жататындығын анықтаңдар.



4-тапсырма. Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, ол мақсат тек кездейсоқ рахат үшін емес, шынайы игілік үшін бағытталуында, адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, ізгілікке бағыттап отыруында.

Әл-Фараби

Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін кезде,
Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме.

Абай

Өзіңе-өзің ие бол. Өзіңе-өзің әмір етуді кішкентайыңнан үйрен. Мойның жар бермейтін, бірақ істеуге керек нәрсені атқаруға өзіңді-өзің үйрете біл. Оқуға бар ынта-жігеріңді сал – сенің бойыңа сол жарасады. Ойсыз, кітап оқусыз, ақыл-ой еңбегінсіз өткен күн – босқа өткен күн. Өзіңе тапсырылғаннан да көбірек істеуге тырыс. Өз алдыңа міндет пен тапсырма қоя біл.

В.А. Сухомлинский

Алға ұмтылу – өмірдің мақсаты осы ғой. Өмірдің мәні мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттің парасаттылығы мен пәрменділігінде, ендеше тұрмыс-тіршіліктің әрбір сәтінде алда үлкен мақсат тұруға тиіс.

М. Горький

Өзімшілдік – өліммен тең. Өзімшіл адам жападан-жалғыз өскен жеміссіз ағаш сияқты құрап қалады, ал өзімшілдік өзінің жан-жақты жетілуіне ұмтылумен ұштасса, ұлылықтың қайнар көзі болмақ.

И.С. Тургенев



1. Жаттығуда берілген афоризмдердің авторлары туралы мәлімет айтыңдар. Олар кімдер еді?
2. Әл-Фараби өзінің нақыл сөзінде не жайлы әңгіме айтқан?
3. Абай афоризмі қандай тақырыпқа арналған?
4. В.А. Сухомлинский өз сөзінде нені айтпақшы?
5. М. Горькийдің нақылы саған қандай әсер етті?
6. И.С. Тургенев «ұлылықтың қайнар көзі» деп нені айтпақшы?
7. Афоризм дегеніміз не?
8. Қандай афоризмдерді білесің?



5-тапсырма. Жоғарыда берілген афоризмдерді пайдалана отырып төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер. Кестеде бейнелеуіш сөздер арқылы жасырын бейнеленген сөзді табыңдар.

Бейнелеуіш сөздер	Бейнеленген сөз
Ұлылықтың қайнар көзі	
Жападан жалғыз өскен жеміссіз ағаш	
Өмірдің мақсаты	
Ойсыз, кітап оқусыз, ақыл-ой еңбегінсіз өткен күн	
Жүрек түбіндегі шын асыл	
Бақыттың мәні	



6-тапсырма. Абай өлеңін мәнерлеп оқыңдар да мәнін ұғыңдар. Өлең жолдарынан бейнелеуіш сөздерді тауып, оларды түр-түрлерге ажыратыңдар.

ӨСЕМПАЗ БОЛМА ӘРНЕГЕ



Өсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де – бір кірпіш, дүниеге
Кетігін тап та, бар қалан!

Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз
Біте қалса қазаққа,
Алдың – жалын, артың – мұз,
Барар едің қай жаққа?

Пайданы көрсен бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма.
Мініңді ұрлап жасырып,
Майданға түспей бәйгі алма

Өзіңде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден.

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстазтық қылған жалықпас
Үйретуден балаға.

Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса;
Күнді уақыт қызартып,
Көкжиектен асырса;

Күңгірт көңілім сырласар,
Сұрғылт тартқан бейуаққа.
Төмен қарап мұңдасар,
Ой жіберіп әр жаққа.

Өткен өмір – қу соқпақ,
Қыдырады талайды.
Кім алдады, кім тоқпақ,
Салды, соны санайды.

Нені тапсаң, оны тап,
Жарамайды керекке.
Өңкей уды жиып ап,
Себеді сорлы жүрекке.

Адасқан күшік секілді,
Ұлып жұртқа қайтқан ой.
Өкінді, жолың бекінді,
Әуре болма, оны қой...

Абай Құнанбаев



1. Өлеңде қандай мәселе көтерілген?
2. Шығарма қандай мәтін негізінде жазылған?
3. Мәтінде даналық сөздердің қандай түрлері ұшырайды?
4. Мәтіннен ауыс мағыналы сөздерді табыңдар да, оның қай түріне жататындығын анықтаңдар.
5. Туынды сын есімдерді тауып, олардың жасалуына мән беріңдер.
6. Түбір мен қосымша дегеніміз не?



Үйінде, аулында, жасап тұрған жерінде пайдаланатын диалектілік мәндегі сөздерді қатыстырып шағын мәтін жасаңдар. Мәтінге ат қойыңдар да, ондағы диалектілік сөздердің әдеби тілдегі балама-сын жазыңдар.



Идиома деп іштей бөліп-жаруға келмейтін және оның тұтас мағынасы құрамындағы сөздердің әрқайсысының лексикалық мағынасына байланысты тумаған тұрақты тіркес сөздер тобы.



7-тапсырма. Төменде берілген мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәнін біліп алыңдар да, ондағы астарлы мағыналары ұғыңдар. Жаттығу соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

1

Тіл тас жарады,
Тас жармаса, бас жарады.

2

Шебердің қолы – ортақ,
Шешеннің тілі – ортақ.

3

Жақсы байқап сөйлер,
Жаман шайқап сөйлер.

4

Аяғы жаман төрді былғар,
Аузы жаман елді былғар.

5

Шешеннің сөзі – мерген,
Шебердің көзі – мерген.

6

Ине көзінен сынады,
Шешен сөзінен сынады.

7

Тұз астың дәмін келтірсе,
Мақал сөздің мәнін келтіреді.



1. Елді былғайтын кім?
2. Кімнің тілі ортақ болады?
3. Сөздің сәнін келтіретін даналық сөз не?
4. Кім сөзінен сынады?
5. Тасты немесе басты жара алатын не?
6. Қандай адам шайқап сөйлейді?
7. Кімдердің сөзі – мерген?



Жоғарыдағы берілген мақал-мәтелдерден заттанған сөздерді тауып, оларды түбір мен қосымшаға ажыратыңдар.

Үлгі: Шешеннің сөзі – мерген... – заттанған сын есім.

Шешен – түбір сөз, сын есім;

-нің – қосымша, жалғау, септік жалғауы, ілік септігінің жалғауы.



Фраза – тұрақты тіркестің бір түрі. Ол да идиома сияқты түйдекті тіркес қалпында айтылады. Фраза құрамындағы сөздердің бәрі не біреуі өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан айырылып қалмайды.



8-тапсырма. Төменде берілген екі тілшінің қазақ тілі туралы айтқандары салыстырып, өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтарын айжыратыңдар.



«Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйінін түйгенінше айтуға жарау».



«Қазіргі ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай бұрынғы қалпында сақталып қалған бір тіл болса, ол – қазақ тілі және қазақ әдебиеті, шын ғылым үшін біз мұны ашық айтуымыз керек».



1. Суретте тұрған тілшілердің аты-жөнін табыңдар да олардың тілге қосқан үлесін айтыңдар.
2. Жоғарыдағы екі ғалымның мәтін түрінде қандай айырмашылық бар екенін біліп алыңдар.
3. Сингармонизм заңдылығы дегеніміз не? Жоғарыдағы мысалдар негізінде түсіндіріп беріңдер.
4. Асырмалы шырайдың сөйлемдегі стилистикалық қызметі қандай дәрежеде?
5. Екінші ғалымға тиісті афоризмдеріндегі сын есімнің мағыналық түрлері мен сөйлемдегі қызметін атқарыңдар.
6. ...шын ғылым үшін біз мұны ашық айтуымыз керек... – деген сөйлемдегі асты сызылған сөз қай сөз табына жатады және не үшін?



9-тапсырма. Кестеде келтірілген жоғарыдағы мәтін құрамындағы сөз тіркестерінің мәнін түсініп, оған түсінік беріңдер де, кестені толтырыңдар.

Ана тілінің мәртебесі мен абыройы	
Тілі құрыса, халық та жоғалады	
Қазақ қоғамындағы мәңгүрттіктің басы	
Өзінің даласындай кең пішілген жайдары тіл	
Туған тіл – бақытымыз, ырысымыз	
Домбыраның күмбір қаққан сазындай	
Туған тіл – ұлтымыздың тірегі	



Жоғарыда келтірілген мәтін негізінде тіл туралы идиома мен фразаларды, мақал мен мәтелдерді пайдалана отырып шағын мәтін құрастырыңдар. Мәтінге ат қойыңдар.



10-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, мазмұнын терең ұғып алыңдар. Мәтіндегі ауыс мағыналы сөздерге мән беріңдер. Оларға лексикалық талдау жасаңдар

СӨЗДІҢ ҚҰНЫ МЕН ҚҰДІРЕТІ

Қазіргі жаһандану мен ақпараттандыру заманында адамдар арасындағы қарым-қатынас сиреді, тіптен алшақтап барады. Жедел да-

мып кеткен әлеуметтік желілер тасқынында адамдар сөздің мәнісі мен мазмұнына көңіл аударудан қалды, сөз жансыздана бастады. Жансыз сөз – тұл болып, жауыр сөз бен қысыр әңгіменің заманы туды. Сөздің салмағы түсіп, қадірі кете бастады. Егер бұрын сөзге тоқтау деген болса, қазір ол да жоқ. Сәйкесінше сөзді еститін құлақ та қалмай барады. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болмай кетті. Қайда барсаң да еститінің кілең бықсық әңгімелер, өсек-аяң мен лепірме бос сөздер. Олардың дұрысы мен бұрысын айырудың өзі қиын. Сөздің мәні әбден кеткен. Оның грамматикасы мен емле қателері сын көтермейді.

Бұрын әкелік сөзбен бала өсіріп, ағалық сөзбен соңынан іні ертуші еді. Адал сөз көңілге сенім ұялатып, жылы сөз бен алғыс білдіру қанаттандырып, сөзі дуалылардың айтқандары халықты жігерлендіретін. Жастар сөз саптауға, ұйтқы сөзді ажыратып, астарлы сөзді түсінуге талпынатын. Осылайша қоғамдық ортада киелі сөзді қадірлеу, қанатты сөзге ден қою, сөздің қыр-сырын түсіну дәстүрі қалыптасатын. Нәтижесінде қазақ даласында Жиренше сынды шешендер пайда болып, жарыс сөз шеберлері мен сөз тапқыштар халықтың көңілін өздеріне аударатын. Сөзінің жаны бар адамдар мен істің тоқетерін айтатын сөзі мірдің оғындай кісілер қоғамдық пікірге ықпал етіп, салиқалы сөздері мен сыни көзқарастары халық жадында қалатын.

Өмірде сөз ұғатын адамдар, әдетте берген сөзіне, біреумен байласқан уәдесіне берік болып келеді. Сонымен қатар мұндай адамдар екі сөйлемей, сөзін жерге тастамай, өз сөзінде тұратын. Осыған қарамастан, қазір сөздің қадірі кетіп, құны түскен заманда отырмыз. Бүгін адамдар арасында көпе-көрнеу біреуге сөз тигізу, сөз таластыру, бықсық және былапыт сөздер, даурықпа және еліктеуіш, жел және көпірме сөздерге әуестену белең алып, қаңқу сөз бен сөз егесі, өз сөзінен гөрі біреудің сөзін «түсіндіргіштердің» қатары көбейіп барады.

Адамдар арасында сөз тасу, сөз құмарлық, сөз тыңдамау, сөз қайыру мен сөзбен түйреп мұқату, сөзбен шағу арқылы қатты сөзге келу сияқты жағдайлар кең өріс алуда. Ал сөз бағатындар мен сөз байлауға баратындар, сөздерінен танып, өзгелерге шарт қоюдан тайынбайды. Ондайлар кінәсін мойындамайды, өздеріне шаң да жуытпайды. Мұндайлардың жымысқы сөздері мен әрекеттері әлеуметтік ортаны ластайды, қолынан іс келетіндердің жолын кеседі. Оның сыртында сөзуарлық, аузына келгенін шататын сөзшендер, түйеден түскендей сөздер айтатындар, біреудің сөзін жөнсіз бөліп отыратын немесе басқаны сөйлетпеуге машықтанып алғандар тағы бар. Сөзінен жаңылып, ғибат сөздер айтып, біреулерді жазықсыз қарғайтындар да жетерлік.

Сөзбұйдалықтың өмір шындығына айналғандығы өкінішті-ақ. Сөзінде тұрмайтындар да үйреншікті құбылысқа айналды. «Айтылған сөз – атылған оқ» деген халықтың даналық сөзі мүлдем ұмыт болған. Осындайда сөз адамды құрдымға кетіріп, оларды арандатып, пиғылын бұзады, қоғамды іштей ірітіп-шірітеді. Ол жағдайдың мемлекет пен халықтың қоғами тұрғыда өркендеп дамуы мен кемел-

денуіне, мақсат-мұраттарға ұмтылып, нақты нәтижелерге қол жеткізулеріне тұсау болатындығы айтпаса да түсінікті.

Бабаларымыздан мұра болып қалған «аталы сөзге тоқтау» деген ұғым бар. Бұрынғылар тілді көңілдің тілмашы деген. Оның жетпейтін түпкірінің болмайтынын, тіл сүйексіз болса да, сүйектен өтетінін жақсы білген. Сол сияқты сөздің, яғни тілдің қылыштай өткір, тастай қатты екенін де түсінген. Сондықтан қисынды сөзге ешкім күмән келтірмеген. Оны қазақ қоғамы өз тіршілігінің қағидасы ретінде қатты ұстанған. Бұл ортада сөз ұстағандар ерекше құрметке ие болған. Себебі олар жеке бастың немесе жеке бір рудың намысы мен атағына жығылмай, ел мүддесін жоғары қойған. Олай болса, тек «жақсы сөз – жарым ырыс» қана жақсы іске ұласып, тіл табысуға, нақты нәтижелер мен жетістіктерге әкелетіні ақиқат. Ұлы Абай айтқандай, «естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген адамның өзі де есті болады». Ендеше естілік қана елдігіміздің кепілі. Сонда ғана адам мен адам, халық пен билік сөз табысып, араларында түсіністік пайда болып, этносаралық, дінаралық және қоғамдық келісім қалыптасады, тыныштық орнайды.

Жапсарбай Қуанышев.



1. Мәтінде қандай мәселе көтерілген?
2. Мәтіндегі неологизмдерге мән беріңдер?
3. «Сөз» деген атау мәтінде неше рет қайталанып келген және ол сөздің стилдік тұрғыдан мәтіндегі орны қандай?
4. Тырнақшаға алынған сөздер мен сөз тіркестеріне мән беріп, оған талдау жасаңдар.
5. «Аталы сөз» деген тіркеске қалай түсінесің?
6. Шығарма мәтіннің қандай түріне жатады?
7. Мәтіннен біріккен сөздерді ажыратыңдар да, олардың қандай сөздерден жасалғандығын түсіндіріңдер.



Жоғарыда келтірілген мәтіннен сөздердің түрлерін теріп шығыңдар да, оларға түсінік беріңдер.

Үлгі: жансыз сөз; жауыр сөз; лепірме бос сөз; әкелік сөз; ағалық сөз; адал сөз; жылы сөз ...

Сөздің түрлері	Сөздердің мән-мағыналары
Жансыз сөз	
Әкелік сөз	



13-тапсырма. Мәтіннің мазмұнымен танысып, ондағы туынды етістіктерді табыңдар да, талдау жасаңдар.

Үлгі: **Түнек.**

Түн – зат есім;

-е – зат есімнен етістік тудырушы жұрнақ;

-к – етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ.

Сөз байлығы – оралымды тілге қойылар талаптың бірі. Айтушының сөзі тыңдарман қауымға тартымды болуы үшін сөз байлығы жақсы, сөздік қоры мол болуы тиіс. Адамдар сөйлегенде бос қайталауларға бой алдырып, сөз жұтандығын танытады, тілдің коммуникациялық сапасын күрт төмендетіп жібереді. Өрбір айтылған сөздің салмақты болғаны жөн. Құр бос ауаға айтылған сөздің еш қадірі жоқ. Ол айтушының сөз байлығының төмендігін көрсетеді. Әдемі сөйлеуді, дұрыс сөйлеуді тіл мәдениетін үйрену арқылы жетілдіруге болады. Сөздік қорын молайту үшін кітапты көбірек оқу керек, аса көрнекті қаламгерлерден, тіл нақышы келісті сөз зергерлерінен үйрену керек.



1. Оралымды тілге қойылатын талаптар туралы не білесіңдер?
2. Сөздік қор мен сөз байлығына қалай түсінесің?
3. Тілдің коммуникациялық сапасы не?
4. Салмақты сөз қандай болуы керек?
5. Әдемі әрі дұрыс сөйлеуді қалай жетілдіруге болады?
6. Сөздік қорды қалай молайтуға болады?



11-тапсырма. Мәтіннің мазмұнымен танысып, ондағы айқындауыштарға көңіл аударыңдар.

СӨЗ ҚҰДІРЕТІ

Бір ауыз сөзбен ешбір күн шалмас қараңғы түнекке сәуле шашуға да болады, бір ауыз сөзбен ауру адамды жазуға да болады, бір ауыз сөзбен адамды өлтіруге де болады. Расында да солай ғой! Қазақ халқы ежелден сөз қадірін білген, сөзге тоқтаған. Ұрпағына «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле» деп үлкен міндет жүктеген. Себебі сөз біздің ата-бабамыз көтере алмаған үлкен жүкті ғасырлар бойы көтеріп, шашпай-төкпей бүгінгі күнге жеткізген. Сонау заманнан бері халқымыздың асыл қазынасы: тарихын, өнерін, жырларын бізге мұра етіп жеткізіп отырған да осы сөз еді.

Ұрпақ жадында сақталып бізге жеткен бұл сөздер бабаларымыздың аманаты еді. Сондықтан да сөзді сақтау, оны қадірлеу, орнымен сөйлеу, сөз қадірін білу қазіргі және кейінгі ұрпақтардың мәңгілік міндеті мен парызы болуға тиіс.

Сөз – қару, сөз – саясат, сөз – ел, сөз – құдірет деп бағалап аялайық. Сөздің дұрыс қолданылуына сөз болашағын өсіруге күш салайық. Сөз – ол біздің болашағымыз екені айдан анық. Сөз құдіреті

дегеніміз – тауып айтылған тапқыр сөз, ақылға қозғау салып, ой түсіретін даналық сөз, қиялға әсер етіп, сезімінді қозғайтын көрікті де әсерлі сөз, бұра тартпас дәлелімен тамсандырып, таңдай қақтыратын білгір-білімді сөз, өтіп кеткен не өтіп жатқан оқиғаны көз алдыға алып келетін суретті сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жеткізетін мағыналы, түйінді сөз дегім келеді. Сөздің құдіреті – дегеніміз осы.




1. Бір ауыз сөзбен қалайша ауру адамды жазуға болады?
2. Қалайша бір ауыз сөзбен ешбір күн шалмас қараңғы түнекке сәуле шашуға болады?
3. Қалайша бір ауыз сөзбен адамды өлтіруге болады?
4. «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле» мақалының маңызын шағындар.
5. Халқымыздың асыл қазыналарына нелер кіреді?
6. Сөз құдіреті дегеніміз не?
7. Не үшін сөз – қару, сөз – саясат, сөз – ел, сөз – құдірет?



Жоғарыда келтірілген мәтіннен сөз құдіретінің алты түрлі қасиетін тауып, кестені толтырыңдар.

Үлгі: Сөз құдіреті – тауып айтылған тапқыр сөз, ақылға қозғау салып, ой түсіретін даналық сөз.





Лингвоэкология сөйлеу мәдениетінің мәселелерін қамтитын тіл білімінің бір саласы ғана емес, ол адамзаттың рухани инабаттылығын сақтай отырып, балағат, әдепсіз және тұрпайы лексикадан қорғайды. Мәдени, рухани құндылықтарды сақтаушы ретінде тілге деген қызығушылықты арттырады.



12-тапсырма. Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар да, ондағы айтылған пікірлерге талдау жасаңдар. Мәтін ішінен тілдік терминдерге мән беріңдер.

ТІЛ ЭКОЛОГИЯСЫ



Тіл экологиясы негізінен тілдік орта мәселесін, тілдің өзгеруіне, дамуына, қолданылуына теріс әсер ететін себептерді, түрткі жәйттарды зерттейді. Сондай-ақ тілдің баюын, тілдік қарым-қатынасты әлеуметтік тәжірибелерді жинақтау сияқты тағы басқа жәйттарды қарастырады. Шыныменде,

экология деген терминді біз қоршаған орта тазалығына, табиғатты қорғауға байланысты қолданып жүрміз ғой. Ал, тілдің экологиясы деген ұғымда көп мағына тұнып тұрған сияқты.

Тіл экологиясы – бұл лингвистикалық теория мен тәжірибенің бір жағынан, тілдің қолданылуы мен дамуына кері әсер етуші факторларды зерттеумен байланысты, екінші жағынан, тілдік қатынас тәжірибесін жетілдіру мен тілді байыту тәсілдерін және жолдарын іздеумен байланысты бағыт болып табылады. Бұл тақырыптың көтерілуі уақыт талабынан туындап отыр. Себебі, қасиетті тілімізді әрі қарай дұрыс дамыта түсу, бұрынғы бар байлығы мен қалыптасқан нормаларын бұзбай сақтау бүгінгі парымыз ғана емес, ертеңгі ұрпақтың алдындағы жауапкершілігіміз. Тіл экологиясының қарастыратын мәселелерінің бірі – тілдік ортаның сөз тазалығы. Әсіресе жастардың арасында әрбір екінші немесе үшінші сөзінен кейін былапыт сөзді араластырып сөйлеу сәнге айналып бара жатқандай. Бұл жерде жаһанданудың қоғамымызға тигізген ауруының бірі – батыстан ешбір елеп-екшеусіз жаппай әкелініп таратылып жатқан өктемшіл саясаттың көркем фильм түріндегі туындылары, қала берді бүгінде әрбір төртінші адамның игілігіне айналып отырған интернет желісінде де тұрпайы лексиканың норма деңгейінде орныққаны болса керек. Бұдан бөлек қоғамдық көліктердің қай түріне мінсеңіз де құлақ жарардай жеңіл күлкіге құрылған мәнсіз әзілдерін сағаттар бойы жалғастырып, арасында бірді-екілі музыка беріп, тыңдарман қауымның бар назарын өзінде ұстауға тырысатын әуе толқынындағы шабуылдардың да жастарымыздың құлағына сіңісті болып, үйреншікті қалыпқа айналуына өз үлесін қосып жатыр.

Ең алдымен адам болып табылатын жеке тұлғаға қатысты тұрпайы лексиканың баспасөз бетінде жариялануы мораль тұрғысынан да, сөз мәдениеті тұрғысынан да құптарлық жай емес. Өйткені сөз – екі жүзді ұстара сияқты абайлап, сақтықпен қолдануды қажет ететін қауіпті құрал. Сондықтан өз пікірін сыпайы, мәдениетті түрде жеткізе білетін автормен салыстырғанда дөрекі, тұрпайы лексикаға көбірек жүгінетін журналистің оқырман қауым алдында беделі төменірек болуы заңды. Осындай әсіреқызылдыққа салынуға негіз болатын қолданыстар ретінде мыналарды атауға болады: тура мағынасында жұмсалатын жағымсыз реңкті сөздер; тырнақшаға алынып, ауыспалы мәнде қолданылатын бейтарап сөздер, ауызекі сөйлеу элементтері, варваризмдер, қарапайым лексика сияқты тағы басқалар. Түптеп келгенде, автордың прагматикалық ниеті тілдік бірліктер арқылы жүзеге асырылатындықтан кез келген сөзді таңдап, талдап қолдануға әрбір қаламгер мүдделі болуға тиіс. Алайда әр сөздің өз орны, мағынасы барын ескерген жөн.



1. Тіл экологиясын қалай түсінесің?
2. Тіл экологиясы қандай мәселелерді қарастырады?
3. Былапыт сөздер дегеніміз не? Бұған қалай түсінесің?
4. Жеңіл күлкіге құрылған мәнсіз әзілдерге көзқарасың қандай?
5. Сөз не үшін қауіпті құрал саналады?
6. Әсіреқызылдыққа салынуға негіз болатын қолданыстарға нелер кіреді?
7. Әр сөздің өз орны мен мағынасы бар екендігі неде көрінеді?



13-тапсырма. Төменде берілген Нұртас Иманқұлдың ана тілі туралы айтқан афоризмдерін оқып шығып, мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтін соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

«Тілі бар халық – халық, тілі жоқ халық – балық». Тіл толыққанды қызмет етпесе, ол өлі тіл, бұл тарихта дәлелденген. Қазақ тілі – Алланың қазаққа берген сыйы. Ана тілінде сөйлемей – адамның ойлау қабілетін, халықтың жасампаздық, шығармашылық қуатын нашарлатады.

Тіл – ұлттың жаны мен жүрегі, болмысы мен болашағы, ерекше белгілік коды, керек десеңіз, тіл – билік, мемлекеттік қауіпсіздік, үлкен саясат. Қай тілде сөйлесең, сол халықтың рухы, пәрмені үстем болады.

Тіл – ұлттың маңызды және міндеттік атрибуты, ерекше белгісі, мәдени-тарихи тәжірбиесінің көрінісі, күрделі идентификациялық нышаны және оның өркениеттегі өзіндік айқындалуының қайнар көзі. Тіл – қауышудың, коммуникацияның негізгі құралы ғана емес, сонымен бірге, саяси, экономикалық, әлеуметтік мәжбүрлеу мен бағындырудың да күшті пәрмені.

Қазақ тілі – бұрын жарты дүниені билеген ғұндар, түркілер, бұлғарлар, оғыздар, хазарлар мен қыпшақ тілдерінің тікелей мұрагері мен заңды жалғасы. Демек, қазақ тілінің тарихы ықпалды роман мен герман тілдерінен де көне, байырғы, ерте дүниеден бізге жеткен.

Кез келген өркениетті елде, қуатты мемлекетте мемлекеттік тіл – биліктің тілі, тұрақтылықтың тілі. Ана тілімізді, мемлекеттік тілімізді түбегейлендіріп-тиянақтамай, біз ешқашан шын мәніндегі тәуелсіз, өркениетті, еркін ұлт бола алмаймыз. Бүгінгі таңда қазақ үшін ұлттық идея – тіл, тіл және тіл!



1. Не үшін тілі жоқ халық балықпен тең?
2. Халықтың жасампаздық, шығармашылық қуатын нашарлануына не себеп болуы мүмкін?
3. Не үшін тіл халықтың жаны мен жүрегі?
4. Ұлттың маңызды және міндеттік атрибутын не деп ойлайсыңдар?
5. Қазақ тілі – бұрын жарты дүниені билеген қайсы ұлттардың тікелей мұрагері?
6. Қандай тіл биліктің тілі, тұрақтылықтың тілі?



Тіл мәдениеті негізінен сөз мәдениеті, сөзді орынды қолдану деген ұғымды білдіреді. Өйткені, тіл мәдениетінің негізгі зерттейтін объектісі – сөз, сөздің дұрыс айтылуы, дұрыс жазылуы, дұрыс қолданылуы, сол арқылы ойдың айқын, әсерлі жетуі, екі ұштылықтың, күңгірттіктің болмауы. Соған орай тіл мәдениеті ғылымын үлкен екі салаға: ауызша сөйлеу мәдениеті, сөз қолдану мәдениеті деп бөлуге болады.



14-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар да, ондағы кірме сөздерге мән беріңдер. Сөздікті пайдаланып кірме сөздердің әдеби тілдегі баламасын табыңдар.



Омар Хайям



Фирдоуси



Рудаки



Низами

ШЫҒЫСТЫҢ СӨНБЕС ЖҰЛДЫЗДАРЫ

Шығыстың әлемге әйгілі ғұламалары мен ойшылдары Хафиз, Фирдауси, Рудаки, Низами, Омар Хайям, Сағди, Жалалиддин Руми, Насир Хусрау, Жәмилердің арасында Әлішер Науаи мен Захириддин Мұхаммед Бабырдың алар орны ерекше. Олардың жазған шығармалары мен өнегелі, ғибратқа толы өмірі мен еңбек жолы ғасырлар бойы адамзатқа рухани азық болуда. Ұлы ақындардың шығармалары және өмір жолымен барлығымыз таныспыз, олардың туындыларын оқымаған жан жоқ шығар. Сол үшін біз олар туралы деректерді жазуды емес, бүгінгі таңда ақындардың туындыларын жастар арасында насихаттау, осы дүниелер арқылы олардың бойына адамилық құндылықтар мен қасиеттерді сіңіру мақсатында елімізде атқарылып жатқан іс-шараларға тоқталуды жөн санадық.

Шығыстың ұлы ғұламалары Науаи және Бабырдың өлеңдері өзіндік ерекшеліктерге ие. Бірінің өлеңін оқып рухани тұрғыдан кемелденсең, тағы бірінің лирикалық өлеңдері туған жер мен табиғатты сүйеге баулиды. Науаидың өлеңдеріне Абайдың тәнті болғаны, оның шығармашылығын қазақ жазушылары Мұхтар Әуезов, Есмағамбет Ысмайылов, Рахманқұл Бердібаевтардың зерттегені туралы, сондай-ақ белгілі ақын Несіпбек Айтовтың рубайларды қазақ тіліне аударғанын да тілге тиек етіп, олардың бұл еңбектерін қатысушылар әдеби достыққа балады.

Шынында да, жастардың бойына жақсы қасиеттерді дарытуда олардың шығармалары мен рубайлары таптырмайтын тәрбие құралы.

Айгүл Еркінқызы



1. Шығыстың әлемге әйгілі ғұламалары мен ойшылдарынан кімдерді білесіңдер?
2. Захириддин Мұхаммед Бабыр туралы әңгімелесіңдер.
3. Рубайы дегеніміз не?
4. Науаи шығармаларын қазақтың қай жазушылары мен әдебиеттанушы ғалымдары зерттеген?
5. Ғаламторды пайдаланып Несіпбек Айтов туралы мәлімет жинаңдар.



15-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар да, ондағы тырнақшаға алынған сөздерге көңіл бөліңдер. Неге тырнақшаға алынғандығын түсіндіріңдер.

СӨЗ БҰЗЫЛСА, ОЙ ДА БҰЗЫЛАДЫ

Егеменді ел болғанымызға біраз жыл болса да күні бүгінге дейін ана тіліміздің мәртебесі өз деңгейіне көтерілмей-ақ келе жатыр. Өрине бұл өте өкінішті-ақ. Оның өз дәрежесінде көтерілмеуі – өзімізден екендігіне де мән бере бермейтін сияқтымыз.

Рас, әлемде қазақ тілінен бай, қазақ тілінен құнарлы тіл жоқ десем, ол асыра сілтегендік бола қоймас. Мәселен, бізден бөлек



бірде-бір халық өз балаларын: «құлыным», «қарағым», «жаным», «шыбыным», «қарлығашым», «қанатым», «ботам», «қалқам», «шырағым», «жарығым», «күнім» деп айнала алмайды. Оның үстіне өзге ұлт тілінде жылқы мен түйенің сан алуан түрлері де біздегідей бай атаулармен аталмайды. Мәселен «құлын», «тай», «құнан», «дөнен», «бесті», «бие», «айғыр», «бота», «тайлақ», «інген», «бура», «аруана», «лөк», «нар», «атан» сияқты тағы басқалар.

Тіптен, Нұрекең: «Сөз бұзылса, ой да бұзылады. Тіліміз ішкі әуезінен айырылып, сынын жоғалтады» деп, одан әрі «Бір кездесуде ортаға шыққан кария «Қоңырау таққан құба нар-

дай боп» деп сөз бастады» дейді де, «Қойын кітапшама түртіп алдым. Қараңызшы, біздің тіл – қандай бейнелі, құдіретті тіл» деген ойды алға тартқан болатын.

Шынында да қазақ тілі аса бай, құнарлы да құдіретті тіл. Оны өзіміз ардақтап, аялап мәртебесін биіктетпесек, ешкім де оны биікте-те түспек емес. Мұны кез келген көзі ашық, көкірегі ояу қазақ түсінуге тиіс. Өйткені халқымызда «Өзін-өзі сыйламаған, жатқа қор болады» деген қанатты сөз бар. Өз тілінің қадір-қасиетіне мән бермеген адам, ешнәрсенің айырмашылығына да бара бермейтін жандар.

Өз ана тілін сыйламау – өз анасын қастерлемеу, ардақтамау деген сөз. Ол – өз Отанын да сүйіп жарытпайды. Елінің қадір-қасиетін білмей өседі. Ата-анасын қарттар үйіне тапсырып жүргендер де өз ана тіліне мән бере бермейтін қуыс кеуделер.

Тіл тағдыры – қашанда ел тағдыры. Оның үстіне жастар – ел болашағы, мемлекетіміздің тірегі. Аса сауатты да салауатты, өз Отанын жанындай жақсы көретін, оны ардақтай білетін, өз ана тілін сүйетін жастарды тәрбиелеу – әрбір ата-ананың, ұстаздың борышы. Ең қызығы, ел-елден, ауылдық жерлерден келген кейбір жастарымыз жоғары оқу орнына түсіп алғаннан соң, дәл бір жерден жеті қоян тапқандай-ақ, шала-шарпы орысша үйренген болып, оны сөз арасына қосып, тілдерін шұбарлап барады. Соның салдарынан не таза қазақша, не таза орысша емес ортадан аралас-құралас бір тіл шығарып жүргені.

Ана тілін ардақтамаған адам, ауыр да болса айтайын, ол шын мәніндегі толық адам емес. Әйтеуір бір қуыс кеуде, шала жансар, дәрменсіз жан – сүйкімсіз адам.

Ең бастысы, жастарды адамгершілікке үндейтін, ұят-аятқа баулитын жыр-термелер, тамаша ән мен күй мәселесіне айрықша көңіл бөлу өз жемісін береріне дау жоқ. Жас нәресте таңертең күй, жыр, терме тыңдап оянса, ол нағыз қазақ азаматы болып қалыптасқан болар еді. Сонда ғана, жастарымыз салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, тілге айрықша мән беріп, жалаңдықтан, жадағайлықтан іргені аулақ салып, үнемі биіктен көрінер еді. Бұл – ынтымақ-бірлікке, достық пен туысқандыққа баулып, өз Отанын айрықша қастерлей білуге жұмыл-

дыра түсері анық. Әрі бұл бүгінгі таңда кең қанат жая түскен жаһандануға килігіп, кіріп кетпеу үшін да керек-ақ. Сондықтан да, садағаң кетейін, Мұхтар Омарханұлы Әуезов кезінде: «Ел боламын десең – бесіңді түзе» деп тектен-текке айтпаған. Онда талай ойдың, терең тебіреністің жемісі жатыр.

Рас, кей адамда ақыл аса көп, бірақ онда парасат жетісе бермейді. Ақыл мен парасат астаса келген адамды нағыз шын мәніндегі толық адам деуге болады. Өз халқының салтын, дәстүрін, ана тілін ардақтай білетін толық адам болуға ұмтылайық, ағайын!



1. Қазақ халқы өз балаларын қайсы жануарлардың төлдерімен атаған? Неліктен атаған?
2. «Қоңырау таққан құба нардай боп» деген тұрақты сөз тіркесінің мағынасын табыңдар.
3. «Өзін-өзі сыйламаған, жатқа қор болады» деген фразеологизмге қалай түсінесің?
4. Не үшін жастар – ел болашағы, мемлекет тірегі?
5. «Ел боламын десең – бесіңді түзе» деген фразеологизмге қалай түсінесің?
6. Мәтіндегі қос сөздерді табыңдар да, олардың жасалу жолдарына мән беріңдер.
7. Мәтіннен қыстырма сөздерді тауып, олардың тыныс белгілеріне назар аударыңдар.



Жалпы халықтық тілде қолданылып, сөздік құрамға енетін сөздер сол тілде сөйлейтін адамдардың бәріне түсінікті болып келеді. Сондай-ақ жалпылама қолданыла бермейтін, тек белгілі бір аймақ шеңберінде ғана жұмсалатын сөздер бар. Диалект – аумақтық немесе әлеуметтік жағынан біріктірілген, шоғырланып орналасқан ұжымның тілдік қарым-қатынас жасауының негізгі құралы болып табылатын тіл.



16-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтін ішінен диалектілік мәні бар сөздерді тауып шығыңдар да, төмендегі кестені толтырыңдар.

ДӘМДІ ПАЛАУ

Азанымен мен әпшем мен тәтемді ертіп базарға аттандым. Папам қолымызға ақша беріп, базардан не алып келу керек екендігін түсіндірді. Әпшемнің қолына базарлық тізімі бар бір парақ ұстатты. Ол парақта базардан алып келетін заттардың тізімі жазылған екен.

Татем машинасын оталдырып, біздерді кабинасына отырғызды. Базарға





қарай жол алдық, жол-жәнекей қонымыз Пәти мен кластасы Муканы да алып алды. Машинаның іші лық толды. 10–15 минут өтер-өтпес базарға жетіп келдік, астановкада бірінен соң біріміз машинадан түстік.

Күн ыстық, самал жоқ, дегенмен базардың іші абыр-сабыр, дабыл-дұбыл – адам жүріп болмайды. Базар күні адамдардың барлығы базарға ба-

рады ғой, сондықтан да базардың іші адамдарға толы болса керек.

Біздер базардың бақша өнімдері сататын жеріне бардық. Базарда бірі картошка мен сәбіз, бірі бәдірең мен помидор, бірі пияз бен балгарский, бірі баклажан мен зелен сатып отыратын. Біздер өздерімізге қажет болған заттарды сатып ала бастадық.

Тәтем палауға керек болатын масалықтарды алатындығын еске салды. Май, гүріш, пияз, сәбіз, гөш, зирә сияқты заттарды бөлек алып, оны өзімен бірге алып жүрді.

Шаршап-шалдығып базарлықты да қылып болып, үйге қайттық. Үйде қазан жағылып, палау істеуге кірісіп кеттік. Біріміз қазанның астына от жақтық, біріміз пияз бен сәбізді аршыдық, біріміз күрішті күрмегінен ажыратып, тазаладық. «Көппен көрген – ұлы той» демекші, бәріміз біргелесіп палау жасадық.

«Еңбекпен табылған дәм тәтті» демекші біріге жасаған палауымыз өте дәмді болды. Әпшем палаумен бірге қосып жейсіндер деп помидор, бәдірең, балгарский және пияздарды қосып, араластырып салат жасады. Жасаған ащыма-тұщысы да тамаша болыпты.

Палауды жеп болған соң, тамаққа бата жасап, дастарқан басында тілауат түсірілді.



1. Диалект сөз дегеніміз не?
2. Мәтінде қай жердің диалектісі кездеседі?
3. «Көппен көрген – ұлы той» мәтеліне түсінік беріңдер.
4. Еңбекпен табылған дәм тәтті болатындығын түсіндіріңдер.
5. Палау қалай жасалады?
6. Бірыңғай мүше дегеніміз не?
7. Қос сөздердің лексикалық мағынасын түсіндіріңдер.



Жоғарыдағы мәтін ішінен диалект сөздердің әдеби тілдегі баламасын тауып, кестені толтырыңдар.

Диалект сөздер	Әдеби тілдегі баламасы
Бәдірең	Қияр
Әпше	
Палау	



Варваризмдер – сөйлеу не жазу кезінде орынсыз қолданылған басқа тілден енген сөздер, яғни тілге етене болып сіңбеген, соншалықты зәрулігі жоқ, бөтен тілдің сөзі деген ұғымды білдіреді.

Варваризм – қолдану қажеттілігі аз, дәл аудармасы табылатын өзге тілден кірген сөз. Варваризмдер этимологиясы жағынан кірме сөздерге ұқсас болғанымен, құрылымы жағынан өзгеше болып келеді. Кірме сөздер бастапқы тілдегі қалпын өзгертіп, қабылдаушы тілдің ерекшеліктеріне сәйкес жаңа рең, қосымша сипат алса, варваризмдер қабылдаушы тілге сәйкестендірілмей, бөтен тілдің сипатын сақтап қолданылады.



Шағын мәтінді оқып шығып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

Кез келген тілдің лексикасы әдеби және бейәдеби болып екіге бөлінеді. Осы бейәдеби тілге жастардың жаргондары мен сленгтерін жатқызуға болады. **Жаргон** сөздер – белгілі бір әлеуметтік немесе қызығушылығы ортақ топтардың басқаларға түсініксіз құпия түрде сөйлесуі. **Сленг** деп белгілі бір ортада қолданылатын, қалыпты тілден ауытқыған, мысқылды сөздерді атайды.

Бүгінгі жастар сленгтер мен жаргондарды әр түрлі себептерге байланысты қолданады:

- әсер қалдыру үшін;
- елден ерекше болу;
- өзгелер түсінбеу үшін;
- белгілі бір әлеуметтік топқа жататынын көрсету үшін;
- өзіл ретінде де қолданады.



1. Әдеби лексика мен бейәдеби лексиканың өзіндік ерекшеліктерін айтыңдар.
2. Жаргон сөздер дегеніміз не?
3. Сленгтер нелер?
4. Жастар не себептен жаргон сөздер мен сленг сөздерді пайдаланады?
5. Жаргон мен сленг сөздер қай лексикаға енеді?



17-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтін ішінен жаргон және сленг сөздерді теріп жазыңдар да, оған түсінік беріңдер.

ТҰРСЫНБЕК ӨЗІЛДЕРІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН БІР ДҮНИЕ

Өзіл көпшілікке түсінікті, қабылдауға жеңіл, жету жылдамдығы жоғары болғандықтан тап қазіргі жастарға кеңінен түсінікті сөздер есебінде қолданылады. Ондай сөздер қазіргі таңда өлең сөздерінде,



әзілдерде, әлеуметтік желідегі бейне-жазбаларда кеңінен қолданылып келеді.

Тұрсынбек әзілдерінде кездесетін дүние – паразит сөздер. Паразит сөздер – қарым-қатынас кезінде адамның кей сөздерді қайта-қайта айту әдеті. Ауыз екі сөйлесу тілінде, сөйлемдер арасын байланыстыру мақсатында, қатты қобалжу байқалғанда, ойын жинақтай алмағанда, орыс

тілді сөздерді қайталай қолдану немесе жаңағы, әлгі, яғни, мына, мысалы, негізі, шын мәнінде, не ғой, аты не еді, ы-ы-ы (і-і-і), ал, жалпы, қысқасы, барғо тағы басқа сөздерді қолдану жатады. Орыс тілді сөздер й (и) – және, и-то – оның өзі, и-щө (еще) – тағы, дажы (даже) – тіпті, тожы (тоже) – да, де, вапше (вообще) – тіпті, псегда (всегда) – әрқашан, хөть (хоть) – еш болмағанда, пастаянно (постоянно) – үнемі, мөләдес (молодец) – жарайсың, давай (давай!) – кеттік, бастайық, как раз (каз раз) – тура сондай, дәл, көнешнө (конечно) – әрине, әлбетте, па любому (по любому) – қалайда болғанда, как сказать (как сказать) – қалай айтсам екен, не может быть – (не может быть) – мүмкін емес, между прочем (между прочим) – айтпақшы, айтқандай, міне кәжится (мне кажется) – меніңше, менім ойымша, кароче (короче) – қысқасы, қысқаша айтқанда, типа (вроде) – сықылды, сияқты, тәрізді, ал давай (давай!) – ал, кеттік!, ал, бастайық, имею виду (имею в вилу) – деп ойлаймын, ну впринципе (в принципе) – асылында, непатеме (не по теме) – мағынасыз, может быть – (может быть) – мүмкін, на-при-мер (наприме-р) – мысалы, псе рабно (все равно) – бәрібір, паходу (по ходу) – бара-бара, никагда (никогда) – ешқашан, сразым – (с разу) – бірден, харашо (хорошо) – жақсы, тышто (ты что) – қой, ей, у-же (уже) – әлдеқашан, у-жас (ужас) – сұмдық, точьно (точно) – дәл, білин (блин) – әттең, так (так) – сонымен, ой – әттеген-ай. Күнделікте өмірде тіл мәдениетін бұзатын бұл бөтен сөздер бір қырынан қазақтың құлдық психологиясын көрсететін белгілердің бірі. Елден ерекше, өзінше болып (немесе «блатной»), қазақша айтқанда төкаппарлана сөйлеуге тырысудан шығатын жаман әдет. Ал кей жерлерде қазіргі жастардың сөйлеу стилі ретінде еніп кеткен.

Тұрсынбек әзілдерінде «жаңағы», «барғо», «никогда», «даже» сияқты паразит сөздерін жиі қолданады. Мысалы: «Жатсаң оң жағыңмен жат дид жаңағы, біреуді жұмысқа кіргізсең оң көзіңмен қара дид жаңағы. Сол жақ қызықтырып тұрады барғо, қарағың келіп, бұрын тек оң қол болған, қазір сол қолы да бар басшылардың барғо..»

Мұндағы «жаңағы» сөзі он үш минуттық сөзінде 11 рет қолданылса, «барғо» сөзі 12 рет қайталанған. Кей сөздер паразит сөздерге емес, диалектіге көбірек келеді. Мысалы «өлә» сөзі. Ал енді «апашка», «ағашкаларың» бұлар паразит сөздер емес. Бұлар варваризм сөздер деп аталады және оның ішінде шала «варваризмдер»

деп атар едік. Жартысы орысша болады да, оған жалғанған қосымшалар қазақша болып кетеді. Бұл сөздерге орыс тілінің «уменьшительно-ласкательный суффикс» дейтін қосымшалары қосылған. Тіл – адам қатынасының, ойлаудың, мәдениеттің аса маңызды құралы, өмірдің ұлы қаруы. Қарым-қатынас майданына түскен сайын бұл құралдың икемділігі артып, шындала береді. Бірақ тілдің мұндай қасиеті оның қызмет етуіне, жетілуі мен дамуына айрықша көңіл бөліп, шынайы қамқорлыққа алып отырудың барысында ғана ерекше жандана түседі.



1. Өзіл ретінде қолданылатын сөздерге қандай сөздер енеді?
2. Тұрсынбек Қабатовты қалай танысың? Ол кім?
3. Тұрсынбек Қабатов саған ұнай ма? Несімен ұнайды?
4. Паразит сөздер – қандай сөздер?
5. Сен өзің қандай паразит сөздерді пайдаланасың?
6. Паразит сөздерді не үшін пайдаланасың?
7. Варваризмдер қандай сөздер?
8. Сен қайсы орыс және өзбек сөздерін көп пайдаланасың?



Төменде берілген адресті YouTube арқылы тамашалап, ондағы Тұрсынбек тіліндегі паразит сөздерді тауып, дәптерлеріңе көшіріңдер.



1. <https://www.youtube.com/watch?v=BkuTcAQ4xAo>;
2. <https://www.youtube.com/watch?v=pls2t085ZQw>;
3. <https://www.youtube.com/watch?v=8lGZnkykNgA>;
4. <https://www.youtube.com/watch?v=1HPZJVJupKQ>



ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

1. Тіл экологиясына қалай түсінесің?
2. Сөз экологиясы қандай экология?
3. Сөйлеу мәдениеті дегеніміз не?
4. Тіл мәдениеті ше?
5. Стилистиканың зерттеу нысаны не?
6. Стилдердің қандай түрлерін білесің?
7. Не үшін тіл татулық тірегі саналады?
8. Ана тілі мен қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері неде?
9. Сөздің құдіреті қандай болады?
10. Даналық сөздерге қандай сөздер жатады?
11. Мақал мен мәтелге түсінік беріңдер.
12. Нақыл және қанатты сөздер дегеніміз не?
13. Афоризмдерге мысалдар келтіріңдер?
14. Ана тілі туралы тамаша пікірлер айтқан қай ғалымдарды білесіңдер?
15. Неологизм мен кірме сөздердің өзіндік ерекшеліктері неде?
16. Көнерген сөздер дегеніміз не?
17. Диалектология нені зерттейді?
18. Жаргондар нелер?
19. Сленг дегеніміз не?
20. Паразит сөздер қандай сөздер?

VII TAPAU

ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯ

Бұл бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

1. Нобель сыйлығы; Нобель сыйлығы лауреаттарының сөзі; Силикон алқабы: болашақ мамандықтары, табиғаты мен жаңалықтары; Инновациялық даму министрлігі туралы мәтіндермен танысасыңдар.
2. Оқылған және тыңдалған мәтіндерге негізделген анық және жасырын ақпаратты түсіну, пікір білдіру дағыдыларын дамытатын жаттығуларды орындайсыңдар.
3. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыра білу; жазбаша сөйлеуде тақырыпқа тиісті мақал-мәтелдерді, астарлы сөздерді, идиомаларды, дәйексөздерді қолдана білу; ауызша әдеби тілде ойды білдірудің новербалды құралдарын қолдану; мәтінді мағыналық блоктарға бөлу; жазбаша сөйлеуде қайталаудан аулақ болу; ауызша сөйлеуде дауысты көтеру және бәсеңдетуден ұтымды пайдаланумен байланысты ережелерімен танысады.
4. Шақ, шақтық қосымшалар, етіс, көмекші сөздер стилистикасы, қосып жазу, бөлек жазу және сызықшамен жазуға байланысты емле-ережелермен байланысты білімдерін нығайтады.



МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР, АСТАРЛЫ СӨЗДЕР ЖӘНЕ ИДИОМАЛАР

Мақал – нақыл сөз. Ол өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, түйіп, ықшамдап беріп, бір не екі тармақтан тұратын, алдыңғы жолдарында пайымдап, соңғы жолдарында қорытылған ой айтатын халықтық бейнелі поэтикалық жанрдың бір түрі. Ғасырлардан екшеліп жеткен терең мазмұнды, тақырып аясы кең сөз мәйегі. Мақалдар көбіне өлең үлгісінде кейде қара сөзбен де айтылады. Ұйқасқа, аллитерацияға, ассонансқа құрылады. Мақалдар тура және ауыспалы мағынада қолданылады. Ауыспалы мағынадағы сөздер ішкі астары бар, тұтас бір ойды білдіреді.



Мәтел – өзінің негізгі түйіндеуін кесіп айтпайтын, бір-бірімен кереғар шендестіруі жоқ, қорытындысы тұспалды, қысқа да нұсқа нақыл сөз. Мақалға өте жақын. Мәтел сыңар тармақ болып келеді. Сөз үстемелене келіп, мақалға айналады. Мәтел тура, ауыспалы, астарлы мағынада қолданылады. Мәтел адамның айтқан пікіріне ой қосады, сезімін әсерлі де айшықты жеткізеді.

Тұрақты сөз тіркесі (фразеологиялық тіркес) дегеніміз – екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуінен жасалып, бір мағынаны білдіретін бейнелі сөздер тобы.

Тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздер өздерінің дербес мағыналарынан ажырап, жеке-дара сөздерге балама ретінде жұмсалады, олардың тіркестегі мағынасы жеке тұрғандағы мағынасына сай келе бермейді.

Тұрақты сөз тіркесі бірнеше топқа жіктеледі: идиома-лық тіркестер немесе идиома.

Идиома – тіркес құрамындағы сөздерді бөлуге келмейтін, мағына тұтастығы тіркеспен бірге анықталатын сөздер тобы.



1-тапсырма. Лингвистикалық сөздікті пайдалана отырып жоғарыдағы грамматикалық ережелердегі қарамен жазылған тілдік терминдердің өзіндік ерекшеліктерін түсіндіріп беріңдер.



2-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнын ұғып алыңдар да, соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

СӨЗДІҢ АСТАРЫ – ОЙДЫҢ АСҚАРЫ

Ұлттық рухымыздың өзегі, елдігіміздің бет-бейнесі – қазақ тілінің байлығына көз жеткізген сайын тамсана түсесің. Тоқсан ауыз сөзді тобықтай түйінге сыйғызған халқымыздың қолданысындағы бір ғана нақыл мен мақал-мәтелдерінің ауқымы ұшан-теңіз. Алуан ой, терең мазмұнға мұрындық болған сөз тіркестерінің кейбіріне бірден бойлай алмай жататынымыз бар, өйткені біздің қазақ айтар ойды тұспалдап, көңілге ауыр тимейтіндей етіп жеткізу жағынан да кенде емес. Ойнаса да ойлап сөйлеуге шеберлік – тіл мәдениетінің нақты мысалы іспетті.

Нысанаға алынған сөйлем тіркестерінің негізгі мазмұны жасырын тұрғанын көпшілік аңғармай жүргенінің куәсі де болып жүрміз. Бір қызығы, мысалға алынып отырған бұл сөйлемдердің түпкі мағынасына қарапайым адамдарды қойып тіл төңірегіндегі кейбір мамандар да ден қоймай келе жатқан секілді. Сол себепті, осы төңіректегі бірер мысалды көптің назарына ұсынамыз.

Әсілі, айтылу бір бөлек те, мағынасы басқа болып келетін сөздерді өз орнымен қолданғанға не жетсін. Біз мысалға алып отырған

тіркес түйінінің тасаланып тұрғаны соншалық, көбінесе айтылуы бойынша қабылданып келе жатқандай. Мәселен, «Бәленнің құлағына алтын сырға» дегенді кейбір телеарна тілшілері шенеуніктерге құлаққағыс ретінде пайдаланып жүр. Негізі, бұл сөз сын бағытында емес, өтініш ретінде айтылатынын аңғарған абзал. Нақтырақ айтқанда, «мен сенің құлағыңа алтын сырға тағам, сен бұл жағдайды естімеген немесе көрмеген бол» – деген мазмұн да білдіріп тұр. Яғни, екі адам арасындағы әңгімені үшінші біреу тыңдап отырған, естіп қалған, байқап қойған жағдайда, сол адамды көзжұм-байлыққа шақыруға құрылған тәсіл. Куәгерді өз дегендеріне әзілмен икемдеу болып табылады. Тіпті, ауызбастырықтың бір түрі десек те орынсыз емес. Жалпы, «жеңгеміздің құлағына алтын сырға» деп жүрген бұл сөздің шығу тарихын мазмұнына қарай мөлшерлеуге болар. Ертеде қалыңдығына ұрын келетін күйеудің қыз жеңгесінің сеніміне енудің, басынасын өткізудің, бойжеткендермен байланысу төңірегінде туындайтын мәселеде жол табуға көбірек ұқсайды. Сондықтан, өз орнымен қолданбағандықтан астарлы сөздің мазмұны айдалада қалып, өзіндік құнын жоғалтып алатынын ескере білейік дегім келеді.

Сұмырайдың суға қатысы жоқ «Сұмырай келсе, су құриды» дегенді бәріміз білеміз әрі реті келіп жатса бірден қолданып жатамыз. Алайда, әлгі бір сұмырайдың су мәселесіне еш қатысы жоқ көрінеді. Айтушы мен есітушінің арасында өзгеріске ұшыраған бұл сөздің дұрыс мәтіні «Сұмырай келгенде» емес, «Суыр айы келгенде су құриды» екен. Айтулы тіркестің шығу тегі арғы бабалар заманымен сабақтас. Ертеректе жыл мезгілдері мен ай аттары басқаша аталуымен қатар, мизам, зауза секілді амал (10–15 күндік мерзім) атаулары да болған. Сол секілді, қазіргі шілденің шіліңгір ыстығының бір сәті бұрынырақта «Суыр айы» деп аталыпты. Жаз маусымының бел ортасындағы аптап ыстықта дала төскейіндегі шағын бұлақтар мен сай-саладағы жылғалардың суы құрғап қалатыны бар. Қыр жайлаған елдің аңқасы кеуіп, тілі аузына сыймай шөлдей беретін кезі де осы сәт. Нағыз «су семіз» уақыт. «Суыр айы келгенде су құридының» астары, міне, осында жатыр. Даланың сыры мен табиғаттың тылсымын танып өскен байырғы қазақ өміріне үңілген адам бұл мерзімнің «Суыр айы» деп аталғанына күмән келтірмесе керек. Жайлаудың сан алуан құбылысына қанып өскен жандар дәл осы шілденің ыстығында суырлардың тас үстінде жағалай қыздырынып жатқанын көрген болар. Сол себептен де, ол «Суыр айы» деп есептелген сыңайлы. Олай болса, ортамызға «Суыр айын» кері қайтарып, сұмырайды су мәселесінен босатайық. Судың толысуы мен тартылуын сұмырайларға қаратып қойғанымыз жарамас.

«Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» деген нақыл да жиі қолданылады. Міне, осы сөйлемдегі «қазан» сөзі нені білдіреді, осы төңіректе де ой өрбітіп көрсек. Қазақтың бүкіл даласы уәлі сөзге жүгініп тұрған кезден айтылып келе жатқан нақылдарда басы артық сөз болмайтынын ескерсек, қазан сөзінің босқа қолданылмағаны анық. Бұл жерде біз осы сауал арқылы қазан сөзі кәдімгі ас пісіретін қазан ба, әлде басқадай мағынаны меңзейтін дүние ме, екеуін айыру

мақсатында біраз ортаға сауал жолдаған едік. Қызығушылық білдіргендер қатары да аз болған жоқ. Түрлі болжамдар айтылды. Соның ішінде көкейге қонымдысына кезек бермекпіз. Біздің тіл қорымызға өзге тілден сіңісіп кеткен сөздер баршылық. Қолданысымызда араб тілінен енген кісі есімдері мен түрлі атаулар да жоқ емес. Келтірілген деректерге қарағанда қазан сөзінің арабша мағынасы жүз жылдықтың атауын білдіреді екен. Яғни, «қазан – жүз жылда бір ғасыр болады» дегенге саяды. Ал, елу жылда екі ұрпақ ауысып үлгеретіндіктен елдің көзқарасы, ұғымы, ұстанымы мүлдем жаңаратындығы табиғи шындық. Байыптап қарасақ, кез келген буынның өмірі әке заманына жақын болғанымен, ата заманынан әлдеқайда алшақ жатады. Осыншама ойды біздің бұрынғы сөз шеберлеріміз «Елу жылда – ел жаңа» деп екі-ақ сөзбен екшей салғанына қалай қайран қалмайсыз? Сондықтан бұл сөздің қолданыстағы салмағын жеңілдетуден аулақ болайық.

Қайрат Сабырбаев



1. Ұлттық рухымыздың өзегі мен елдігіміздің бет-бейнесі дегенде нені түсінесің?
2. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін қалай бағалайсың?
3. Сөздің астары дегеніміз не?
4. «Ойнасаң да, ойлап сөйле» деген мақалды түсіндіріп беріңдер.
5. «Сұмырай келсе, су құриды» мақалының астары қандай болады?
6. Қандай мерзімді «Суыр айы» деп атаған?
7. «Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» деген нақылдың астары қандай?
8. Өздерің қолданылып жүрген қандай астарлы сөздерді білесіңдер.
9. Астарлы мағынадағы мақал мен мәтелдерден мысалдар келтіріңдер.
10. Не үшін біз астарлы сөзді асқар оймен байланыстырамыз?



3-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен тырнақшаға алынған сөздерді теріп жазыңдар да, неліктен тырнақшаға алынғандығын түсіндіріңдер.



4-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен тұрақты сөз тіркестерін тауып, оларға талдау жүргізіңдер. Мақал-мәтелдерді идиомалармен салыстырыңдар. Мәтіндегі сызықшаның қойылу себебін түсіндіріңдер.



5-тапсырма. Мәтін ішіндегі тұрақты сөз тіркестерін – мақал-мәтел, идиомаларды пайдалана отырып сөйлем құрастырыңдар. Оларға талдау жасаңдар.



Дәйек сөз (цитата) (лат. *cito* – келтіремін, шақырамын) – қандай да бір түп нұсқадан сөзбе-сөз алынған үзінді. Дәйек сөз автордың ойын неғұрлым дәл бей-



нелейтін беделді пікірлермен тиянақтау үшін; біреудің пікіріне сын айту үшін, құнды дерек ретінде пайдалану үшін қолданылады. Дәйек сөз, негізінен, баспасөз материалдарында, ғылыми еңбектерде, кітаптар мен әр түрлі қолжазбаларда, баяндамалар мен сөйлеген сөздерде келтіріледі. Дәйек сөздер ғылыми еңбектерде пайдаланылғанда, сол еңбекте айтылатын оймен логикалық тұрғыдан қабысып, жарасым табуы тиіс. Айтылмақ ойды одан әрі дамытып, жаңа деректермен толықтырып тұру керек. Сонда ғана ол өз міндетін атқарады. Әдетте зерттеу еңбектерде, көбінесе, әдебиет, мәдениет, өнер, ғылым қайраткерлері пікірлерінен дәйек сөздер алынып отырады. Мұның өзі егер үлкен талғаммен орынды алынса, еңбектің сапасын арттыруға себін тигізеді. Дәйек сөз, көбінесе, ықшам түрде алынады. Сөйлем ұзақ болған жағдайда керекті жерін алып қысқартылған сөздер орнына көп нүкте қою шарты бар. Дәйек сөз мәтін ішінде пайдаланылғанда тырнақшаға алынып беріледі де, міндетті түрде цитата авторының аты-жөні, еңбегінің тақырыбы нақтылы көрсетіледі. **Эпиграф** та дәйек сөздің бір түріне жатады.



6-тапсырма. Төменде берілген дәйексөздерді оқып шығып, жаттап алыңдар да, мазмұны мен мән-мағынасына назар аударыңдар.

1. Адам әлемді қаншалықты таныса, соншалық өзін де тани түседі. Өзін-өзі қалай тануға болады? Борышынды өтей бастаған сәттен бастап-ақ, өзінді тани аласың. *(И. Гёте)*.
2. Дүниедегі ең оңай нәрсе – кісіге ақыл айту, ең қиыны – өзінді-өзің тану. *(Әл-Фараби)*.
3. Кімде-кім сырттан есітіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол көп жинағаны бар адам. Ондай кісі жаңа есітіп, көріп білгендерін сынап, орынды-орынсызын бағанағы жиған нәрселеріне қарай есеп қылады. Бұлай еткен адамды ақылды дейміз. *(Абай)*.
4. Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ол әуелі ниет, күш, тәртіп керек. *(М. Әуезов)*.
5. Әрқашанда таза болсын ар-ұжданың, жүрегің, Өзгелер де саған адал, әділ болар білемін. *(Мұхаммед Бабыр)*.
6. Егер адам қолынан келетін, істеуге міндетті нәрсесін жүзеге асыра алса, сол адамды бақытты және жарасымды деп атауға болады. *(Леонардо да Винчи)*.
7. Ауырып ем іздегенше, Ауырмаудың жолын ізде! *(Мақал)*.
8. Әділдікті мойындау – адал кісінің ісі. *(Б. Момышұлы)*.
9. Өтірікші бірінші өзін алдайды. *(Халық нақылы)*.
10. Жастық шағың – жарқын жаздың бейнесі, Құтты жаздың ала алсаң, жоқ бермесі. *(С. Мұқанов)*.

11. Жасы кіші ініні – ақылы артса, аға тұт.

Жасы үлкен ағаны – жақсы сыйлап жаға тұт. (М. Әуезов).

12. Адамдағы білім, ақыл және жігер жақсылыққа, ізгілікті істерге, адамдарға деген сүйіспеншілікке бағытталуы тиіс. (Абай).



7-тапсырма. Жоғарыдағы дәйексөздердің құрастырмақшы мәтін үшін қажеттілерін пайдаланып, шағын мәтін құрастырыңдар.



8-тапсырма. Жоғарыдағы дәйексөздердің ішінен мақал мен мәтелдерге тән түрін ажыратып жазыңдар.



9-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен әділдік, адалдық, ақыл және білімге байланысты болған дәйексөздерді ажыратып алыңдар да, шағын шығарма жазыңдар.



«Жастық шағың – жарқын жаздың бейнесі» тақырыбында шағын көркем мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрастыруда дәйексөздермен бірге күрделі сөздерді де пайдаланыңдар.



Етістіктің шақ категориясы – іс-әрекет, жай-күйдің болу мезгілі мен сөйлеп тұрған уақыт арасындағы қарым-қатынасты білдіретін грамматикалық категория. Етістіктің шақ категориясы қимыл, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен байланысты болып өткендігін немесе болып жатқанын, не әлі болмағанын, бірақ болатынын білдіріп, әр түрлі жолдармен жасалады. Қимыл мен әрекеттің жүзеге асу кезеңін білдіру етістік шағы деп аталады. Етістік шақтары етістік түбірге *-ды, -ді, -ты, -ті, -мақ, -мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек* жұрнақтары қосылу арқылы жасалады. Шақтық мағына дара етістікпен де, күрделі етістікпен де беріледі.

Ал шақ жұрнақтары арқылы іс, қимылдың өту кезеңдері сөйлеп тұрған кезбен анықталады. Осыған орай етістік шақтары үшке бөлінеді: өткен шақ, осы шақ, келер шақ.



Осы шақ – сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың, іс-әрекеттің болып жатқанын, не дағдылы түрде болып тұратынын білдіреді.

Осы шақтың 2 түрі бар: *ауыспалы осы шақ; нақ осы шақ.*

1. **Ауыспалы осы шақ** *-а, -е, -й* көсемше тұлғалы етістіктің жіктелуі арқылы жасалады.

2. **Нақ осы шақ** қалып етістіктің (*жүр, жатыр, отыр, тұр*) тікелей жіктелуі арқылы немесе негізгі етістіктерге осы қалып етістіктердің тіркесіп, жіктеліп келуі арқылы жасалады.

Күрделі нақ осы шақта негізгі етістік *-ып, -іп, -п* жұрнақтарымен келіп, *отыр, тұр, жүр, жатыр* етістіктері көмекші етістік қызметінде жіктеліп жұмсалады.



Өткен шақ – іс-әрекет, қимылдың сөйлеп тұрған уақыттан бұрын болып өткенін білдіретін етістік шақтарының бір түрі.

Өткен шақ 3 топқа бөлінеді: *жедел өткен шақ*, *бұрынғы өткен шақ және ауыспалы өткен шақ*.

1) **Жедел өткен шақ** *-ды, -ді, -ты, -ті* жұрнақтары арқылы жасалып, іс-әрекеттің жуық арада ғана болып өткенін, аяқталғанын көрсетеді.

2) **Бұрынғы өткен шақ** – іс-әрекеттің сөз болып отырған уақыттан көп бұрын іске асқанын білдіріп, айғақты түрі есімшенің *-ған, -ген*, айғақсыз түрі көсемшенің *-п, -ып, -іп* тұлғаларындағы етістіктің тікелей жіктелуі арқылы жасалады.

3) **Ауыспалы өткен шақ** – іс-әрекеттің бірнеше дүркін болып өткенін білдіреді. Есімшенің *-атын, -етін, -йтін* формалары арқылы жасалады. Келер шақ іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәттен кейін болатынын білдіретін етістіктің бір шағы.



Келер шақ – қимыл, іс-әрекеттің дәл қазір емес, болашақта істелетінін білдіретін етістік шағы. Келер шақтың негізгі 3 түрі бар: *болжалды, мақсатты және ауыспалы келер шақ*.

1) **Болжалды келер шақ** есімшенің *-ар, -ер, -р, -с* қосымшалары арқылы жасалады. Болжамды келер шақ аналитикалық тәсілмен: *-атын, -етін* есімше тұлғалы етістікке шығар, секілді, тәрізді сөздері тіркесуі мен *-і* тұлғалы тұйық етістіктің тәуелдік немесе барыс септік формасына мүмкін, тиіс, қажет, керек тәрізді сөздердің тіркесуі арқылы жасалады.

2) **Мақсатты келер шақ** етістік түбірге *-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* қосымшалары жалғану арқылы жасалады.

3) **Ауыспалы немесе жалпы (анық) келер шақ** етістік түбіріне көсемшенің *-а, -е, -й* қосымшалары жалғанып, жіктеліп жасалады.



10-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнымен танысып болған соң, мәтін соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯ

Қазіргі заманғы экономика инновациялар мен ғылыми әзірлемелерге негізделетін дамудың интенсивті әдіс-тәсілдеріне сүйенеді.

Кез келген елдің экономикасы озық идеяларды, заманауи ашылымдар мен серпінді технологияларды қажетсінетіні ақиқат. Халықтың рухани және материалдық сұраныстарының қамтамасыз етілуі, ең әуелі, елдің ғылымы мен білімінің, мәдениетінің тұрақты даму деңгейіне байланысты екені дау туғызбайды.



Адамзат бүгінгі таңда әлеуметтік шиеленісті өршітетін қоғамдық індеттердің бұғауынан құрық үзіп, құтыла алмай отыр, бірақ көңілге үміт ұялатар мүмкіндіктер де жоқ емес. XIX–XX ғасырларда адам баласы ғылым мен техникалық прогресте бұрын-соңды болмаған ғаламат жетістіктерге қол жеткізді. Сонымен қатар, осынау жетістіктерді жақсыға да, жаманға да арқау етіп, ізгілік пен зұлымдықтың бәйгеде қатар шауып, өзіндік із қалдыруымен тарихтағы ең айтулы кезең болды. Адамзат ғылым мен техникалық прогресте қол жеткізген орасан жетістіктерді ізгілік жолында тиімді пайдалана білгенде, жұмыр жерді әлдеқашан «жұмаққа» айналдырар еді.

Қазіргі жағдайды байыппен барлап, бағамдайтын болсақ, алыс көкжиектен бақытты да баянды болашақтың сұлбасы ағараңдайды. Ғылым мен техника өз жетістіктерімен адамзатқа бейне бір «ізгілік үшін игілігіңе жарат» деп үн қатқандай... Бір өкініштісі, осынау ұлан-асыр, көл-көсір мүмкіндікті қажетінше пайдалана алмай жатқанымыз да белгілі. Бүгінге дейін жанын шүберекке түйген ізгілік жаршыларының адамзатқа бағыт-бағдар беру секілді салмақты да салиқалы жауапкершілікті мойнына алмауы жалпыға ортақ баянды өмірдің орнауын кешеуілдеткенімен қоймай, мәңгілік өмірде қауышар игілігі тұрғысынан да көңілді күпті ететін көптеген күдік-күмәндардың шырмауына түсуіне сеп болды. Бұл келеңсіз жағдай адамзат игілігін мұрат тұтқан ізгілік жаршылары өз жауапкершілігін шынайы тұрғыдан ұғынып, санасы сілкінген сәтке дейін осылай жалғаса бермек.

Қазіргі дала мен қала рухани құндылықтардан мүлдем жұтаң, жансыз көлеңкедей қалт-құлт еткен қансыз, сөлсіз. Рухына қарасаң, мұздан сауыт кигізілгендей сап-салқын, буланған әйнектей күңгірт тартқан тіршілігі бар, масатыдай құлпырған бұрынғы шуағынан мақұрым, жөнсіз-жобасыз, бейбастақ өмірдің ызу-қызуымен әлек... Жұқпалы аурулар мен кедейшілік дерті әлемнің еңсесін езуде. Моральдық азғындық әлеуметтік өмірді жегідей жеп, қоғамды ауыр дерт жайлаған. Адам баласы осы құбылысты үнсіз тама шалап, «сірә, өмірдің заңдылығы осы болса керек» деп, шарасыздықтан жалған жадағайлыққа салынған. Дегенмен де, бүгінгі таңда адами болмыстың шындықтарымен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын аққан жұлдыздай алдамшы пікірлермен өмір сүрудің мүмкін еместігі айдай анық көрінуде. Қазіргі жағдайға қарап, «алған бетінен жарылқасын» деп қалыс қалу түбінде құрдымға батыратын батпаққа өз еркіміз-



бен кіргенмен бірдей. Ендеше, алтын бесік, аялы дүниеміздің бойын ғылым-білімнің көмегімен түзеп, сәні мен мәнін келтіреміз не болмаса «көппен көрген ұлы той» деп өз-өзімізді құздан тастап жібереміз...

Базбіреулер ғылым мен технологияға негізделген дүниені тұтастай жатсынып, адам баласының бұл беталыспен тобырлық санасыздыққа ұшы-

райтындығын алға тартады. Бұл, әрине, дұрыс емес. Тарихқа көз жүгіртсек, өткеніміз ғылымнан кенде болмаған, ендеше болашақты да ғылым-білімсіз елестету мүмкін емес. Ғылым болмаса, дүниенің адамға берер ештеңесі де жоқ. Себебі, бұл дүниедегі көптеген нәрсенің түйіні ғылым-білімге барып тіреледі.

Ашығын айту қажет, қазіргі таңда қалаларда адамның сана-сезімі қаланың қым-қуыт тіршілігінің дырдуынан жаттанып, жадағайланғандығы, ой-пікірі көмескі тартып, денсаулығының да күрт нашарлағаны, бәрінен бұрын адамдық құндылықтардың аяқ асты болғандығы қынжылтады. Дегенмен, барлық кінәратты ғылым мен технологияға аудара салу да жөн емес. Бұған кінәліні алыстан іздеудің қажеті жоқ. Қандай да бір кінәрат іздеу қажет болса, ар-ожданы таза, нағыз ғалымдардың жауапкершіліктен жалтаруынан іздеген жөн. Өйткені, қоғам игілігін ойлап, өзінің қадір-қасиетін бағалаған нағыз ғалымдар өздеріне жүктелген осынау жауапкершілікті сезініп, міндеттерін орындаса, қазіргідей қиын жағдайға душар болмас па едік?

Нағыз ғылым дегеніміз – ғалам мен ондағы құбылыстардың астарына үңіліп, шынайы мәнін ұғыну және оның арқасындағы Ұлы Құдіреттің мұратын сезіну. Табиғатты өзіне бағындырарлықтай мүмкіндікте жаратылған адам баласы ғаламды танып-білуге, білгендерін көкейінде түюге тиісті. Көңілге түйіп, көкейге тоқығандары арқылы табиғатты құрық атып бас білдірген тайыншадай дегеніне көндіріп, ықпал жасаудың жолдарын қарастырады. Бұл табиғаттың адамға аманат етілуі, ал адамның жаратушының әмірлеріне мойынсұнып, құл екенін сезінуі дегенге саяды.



1. Халықтың рухани және материалдық сұраныстарының қамтамасыз етілуі неге байланысты деп ойлайсыңдар?
2. Адамзаттың ғылым мен техникалық прогресте қол жеткізген орасан жетістіктері қандай?
3. Ғылым мен техникаға қалай түсінесің?
4. Қазіргі дала мен қала рухани құндылықтары қай дәрежеде деп ойлайсың?
5. Өмір заңдылығына қалай түсінесің?
6. Алтын бесік, аялы дүниеміздің бойын қалай түзетіп дамытуға болады?
7. Нағыз ғылым дегеніміз не?



11-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен осы шаққа тән сөздерді табыңдар да, оларды мағыналық жағынан ажыратыңдар.

Нақ осы шақ	Ауыспалы осы шақ
Сүйенеді	Құтыла алмай отыр



12-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен өткен шаққа тән сөздерді табыңдар да, оларды мағыналық жағынан ажыратыңдар. Сонымен бірге мәтін ішіндегі бірге жазылған сөздерге де мән беріңдер.

Үлгі:

1. Жедел өткен шақ: *болды*, ...
2. Бұрынғы өткен шақ: *құлпырған*, ...
3. Ауыспалы өткен шақ: *қажетсінетін*, ...



13-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен келер шаққа тән сөздерді табыңдар да, оларды мағыналық жағынан ажыратыңдар.

Болжалды келер шақ	Мақсатты келер шақ	Ауыспалы келер шақ
Түгеге тиісті	Жалғаса бермек	Келтіреміз



14-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен етістіктің шақ категориясына тән сөздерді табыңдар да, оларды мағыналық жағынан ажыратыңдар.

Үлгі:

1. Келер шақ: *барар*, ...
2. Осы шақ: *болды*, ...
3. Өткен шақ: *құлпырған*, ...



Етіс (етіс категориясы) деп амалдың (істің) субъекті мен объектіге қатысын, сондай-ақ, керісінше субъекті мен объектінің амалға (іске) қатысын білдіретін формалардың жүйесін айтамыз.

Етістер – етістіктен етістік тудыратын, өздерінше морфологиялық және синтаксистік сипаттары басқашау болып келетін, бір алуан жұрнақтардың жүйесі.



Етістер жұрнақтарының түрлеріне, мағыналары мен қызметтеріне қарай, төмендегідей төрт түрге бөлінеді: *ортақ етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс және өздік етіс.*

Қимыл, іс-әрекеттің иесі, орындаушысы біреу емес, бірнешеу болып, *-ыс, -іс, -с* жұрнақтары арқылы жасалатын етістің түрі ортақ етіс деп аталады.

Қимылдың, іс-әрекеттің сөйлемдегі іс иесі яғни субъектінің өзі емес, екінші бір басқа субъект, қимылды орындаушы арқылы істелінетінін білдіріп, *-ғыз, -гіз, -қыз, -кіз, -дыр, -дір, -тыр, -тір, -ыр, -ір, -т* жұрнақтары арқылы жасалатын етістің түрін **өзгелік етіс** деп аталады. Өзгелік етісті сөйлемде қимылды, іс-әрекетті іске асырушы екі субъект болады: бірі – сол қимылды орындатушы, екіншісі – қимылды тікелей орындаушы, бұл ғылым тілінде агенс деп аталады.

Іс-әрекеттің атқарушысы, қимыл иесі арнайы айтылмай, қимыл өздігінен істелетіндігі көрінеді де, *-ыл, -іл, -л*, түбірдің ішінде *-л* дыбысы болса *-ын, -ін, -н* жұрнақтары арқылы жасалатын етіс түрі **ырықсыз етіс** деп аталады. Ырықсыз етіс тек сабақты етістіктен жасалады, өзі жалғанған сабақты етістікті салт етістікке айналдырады.

Қимылдың іс-әрекеттің орындаушысына, іс иесіне тікелей қатыстылығын білдіріп, әдетте сабақты етістіктерден *-ын, -ін, -н* жұрнағы жалғану арқылы жасалатын етістің түрі **өздік етіс** деп аталады.



15-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнымен танысып болған соң, мәтін соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер

ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯ АДАМ БАЛАСЫНЫҢ ИГІЛІГІ ҮШІН

Қазіргі жағдайға ой жүгіртсек, физика, химия, астрономия, медицина, тағы басқа ғылым салалары уақыт озған сайын адам баласының игілігі үшін түрлі жетістіктерін алға тартуда. Осыған қарап ғылым мен технология адам баласының игілігі үшін екендігін пайымдаймыз. Бұ-



дан үрейленіп қорқудың да жөні жоқ. Басқа келер қатерді ғылым-білімнен немесе ғылым-біліммен қаруланған дүниеден іздеу бос әурешілік, нағыз қатер надандықта, санасыздықта және жауапкершіліктен жалтарған табансыздықта.

Кейде ғылым-білімге сүйеніп, он ойланып, тоғыз толғанған іс-әрекеттеріміздің өзі оңды нәтиже бермей

жататындығы белгілі. Бұған түсіністікпен қараған жөн, бірақ білімсіздіктің, жоспарсыздықтың әрдайым тұйыққа тірейтіндігін ұмытпау қажет. Сондықтан да ғылым мен технологияның жетістіктеріне қол сілтеп, теріс айнарудың орнына, оны адамзат игілігі үшін қолданудың жолдарын іздеген жөн. Бұл бүгінгі таңда адамзаттың ең үлкен мәселесі болып отыр. Әйтпесе, ғылымды тек ядролық бомба жасау мен табиғатты тағылықпен ойрандау деп түсінетін сана-сезімнен құтылуымыз неғайбыл.




Ендеше, алдымызда бір ғана таңдау тұр: ғылым мен технологияны, оның жетістіктерін теріс мақсатта қолданып, адамзатты орны толмас қасіретке ұрындырғандардың тар шеңгелінен босату қажет. Осылайша, ғылым мен технологияның қуатын пайдаланып, екі дүние бақытын қатар көздейтін жасампаз жаңа көзқарас қалыптастыру керек, әйтпесе қол қусырып қарап отырып, өндіріс машиналары мен зауыт-фабрикаларға лағынет айтудың ешбір мәні жоқ. Дұрыс, өндіріс машиналары да, зауыт-фабрикалар да қажет. Бізге рухани құндылықтар мен ғылым-білімді қос қанат қылып, жүрек пен ақылды бір арнада тоғыстырған ізгілік жаршыларының үрей мен үмітсіздіктен бойын арылтқаны керек. Әйтпесе, жүгі ауыр жауапты іске бел буып кіріскенге дейін адамзат ғылымды теріс мақсатта қолданудан туындайтын қасіреттен құтылмасы анық.

Сондықтан да, ғылым-білімнің жетістіктерін жатырқап, орынсыз үрей-лену аяқ-қолымызды жіпсіз матап, еркімізден айырады. Жауапкершіліктен мақұрым ат төбеліндей топтың шеңгелінде қалған ғылым-білім жер бетін жаһаннамға айналдыруға жетіп артылады. Міне, негізі осыдан қорқу керек. Альберт Эйнштейн атомдық физика саласында ашқан жаңалықтары теріс пиғылда қолданылғанын Хиросима мен Нагасакиге атом бомбасы тасталғанда бір-ақ аңғарды. Жан түршіктіретін осы оқиғадан кейін Эйнштейн жапондық ғалым досынан өзегі өртеніп, кешірім сұрағаны белгілі. Алайда, тым кеш еді...

Әрине, әлдекімдердің ғылым мен технологияны бас пайдасы үшін теріс мақсатта қолдануы мұнымен тынбады. Арам пиғыл, жетесіздік салдарынан талай теңіздің табаны құрғап, өзен-сулардың батпаққа, ауа ластанып, уға айналғаны өкінішті-ақ...

Ғылым мен техниканың екі тізгін, бір шылбыры ары таза, санасы жат пікірмен уланбаған жандардың қолына тисе, бұдан адамзат жапа шекпейді. Барлық қасірет әділдік пен әлімжеттікті бір деп түсінетін, көңілін қараңғылық тұмшалағандардан келеді. Бұл қасірет рухани құн-



дылықтар мен ғылымды бір арнада тоғыстырған ізгілік жаршылары тізгінді қолына алғанға дейін жалғаса бермек.

Адамзат қазіргі жағдайды парасат-пайымымен ұғына көргей.



1. Қазіргі жағдайда қайсы ғылым салалары адам баласының игілігі үшін түрлі жетістіктерін алға тартуда?
2. Ғылым мен технологияның жетістіктерін қалай түсінесің?
3. Ғылым мен технологияны, оның жетістіктерін теріс мақсатта қолдану мүмкін бе? Не деп ойлайсың?
4. Не үшін ғылым мен білімді қос қанат деп есептейміз?
5. Не үшін Альберт Эйнштейн жапондық досынан кешірім сұрайды?
6. Қай уақытта адамзат ғылым мен техниканың жетістіктерінен жапа шектпейді?



16-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен ортақ етісті тауып, олардың жасалу жолдарын анықтаңдар. Мәтін ішінен дефиспен жазылған сөздерге де мән беріңдер.



17-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен ырықсыз етісті тауып, олардың жасалу жолдарын анықтаңдар.



18-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен өзгелік және өздік етісті тауып, олардың жасалу жолдарын анықтаңдар.



Көмекші сөз деп дербес лексикалық мағыналары я солғындаған, я мүлдем жоғалған жәрдемші сөздерді айтамыз. Дербес мағыналары болмайтындықтан, көмекші сөздер тек атаушы сөздермен тіркесіп жұмсалады және соған орай сөйлемде өз алдына мүше бола алмайды немесе күрделі мүшенің құрамына енеді немесе сөйлемдердің я сөз тіркестерінің дербес мүшелерінің араларын байланыстыратын дәнекер есебінде қызмет етеді. Көмекші сөздерден туынды жаңа сөздер жасалмайды.

Көмекші сөздер *көмекші есімдер, көмекші етістіктер, шылаулар, модаль сөздер* болып бірнеше түрге бөлінеді. Көмекші сөздер тілдің грамматикалық құрылысына кең таралған.



Көмекші есім — лексикалық мағынасынан айрыла бастаған, сөйлемде зат есімдердің жетегінде қолданылып, олардың кеңістікке, уақытқа қатысын білдіретін есім сөздер. Оған *алд, арт, аст, қас, маң, жан, іш, туп, сырт, бас, бет, шет, түс, бой* сияқты толық лексикалық мағынасы жоқ сөздер жатады.

Көмекші есімдер сөйлемнің дербес мүшесі болып жұмсалмайды. Негізгі сөздермен тіркесіп барып, сөйлемнің бір мүшесі болады.



Көмекші етістік – толық лексикалық мағынасы жоқ, жеке тұрып сөйлем мүшесі бола алмайтын, тек негізгі етістіктермен, есім сөздермен тіркесіп қолданылатын етістіктер. Қазақ тілінде төрт көмекші етістік бар: *е (еді, екен, емес), жазда, ет, де (деді, деген, десе, дейді)*. Жеке тұрып лексикалық мағына білдіре алмайтын, сөзге әр түрлі грамматикалық мағыналар үстейтін мұндай көмекші етістіктер *мәнсіз көмекші етістіктер* деп аталады.



19-тапсырма. Берілген мәтінді мұқият оқып шығындар да, мазмұнын ұғып алындар. Мәтін соңындағы сұрақтарға жауап қайырындар.

НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫНА БІР НАЗАР

Нобель сыйлығы жоғары ғылыми тәжірибелер, төңкерістік жаңалықтар, мәдениет және қоғамның дамуына қосқан үлкен қызметтері үшін берілетін жоғары сыйлықтардың бірі. Нобельмен ерекше тұлғалар ғана марапатталады. Тек қана бейбітшілік саласына берілетін сыйлық бұдан өзгеше. Бейбітшілік бойынша нобель сыйлығы ресми және қоғамдық ұйымдарға да берілуі мүмкін. Ереже бойынша бір адам тек қана бір рет нобель иегері атана алады, бірақ белгіленген заңның тарихта бірнеше рет бұзылған жағдайлары кездеседі. 1968 жылдан бері сыйлықты бір уақыттың ішінде (бір сала бойынша) үш кісіден артық адамдарға берілмеуі де заң ретінде бекітілді. Үміткерге сыйлық берілуі хабардар етілген уақытта тірі болып, (бұл әдетте қазан айына тура келеді) сол жылдың 10 желтоқсанына дейін өмірден өткен болса, оған осы сыйлық қайтыс болған соң да берілуі жайында үкім 1974 жылы қабылданған. Нобель сыйлығы Альфред Нобель өсиетнамасы бойынша белгіленген.



Альфред Бернхард Нобель 1833 жылдың 21-қазанында Швеция астанасы Стокгольмда дүниеге келген. Альфред Эммануэль және Андриетта Нобельдердің үшінші ұлы. 1842 жылдың күз айларының бірінде Нобельдер жанұясы Санкт-Петербургке көшіп келген. Болашақ ғалымның әкесі бұл жерде торпедоларды дайындау бойынша іс бастайды. 1849 жылы Альфред білім алу мақсатында Еуропа және Америкаға жол алады. Ол Дания, Германия, Италия, Франция және кейін АҚШ-та болады. Бұл сапар екі жылға жуық жалғасады. Ресейге қайтқан соң Альфред, жанұясына тиісті Ресей армиясының әскери тапсырыстарын орындайтын фабрикаларды басқарумен айналыса-

ды. Бұл істері дағдарысқа ұшыраған соң әкесімен Швецияға қайтуға мәжбүр болған Альфред, жарылғыш заттарын үйренуге кіріседі, әсіресе нитроглицеринді қауіпсіз жасап шығару және оны пайдалану Альфредті көбірек қызықтырады.

1868 жылы Нобель динамитке патент алады. Ол өзі ойлап тапқан жарылғыш затының мүмкіндіктерін паш ету және оның қандай жүзеге асатындығы жайында баяндамалар оқиды. Нәтижесінде Нобель жаңалығына адамдар қызыға бастайды.

Альфред динамит және басқа жарылғыш заттарын істеп шығару сонымен бірге Бакудегі нефть майдандарын ашу істерінен үлкен мал-мүлікке ие болған.

1888 жылы тілшілер қателігінен Альфред Нобельдің өлімі жайлы хабар таратылған. Бұл хабар оған үлкен әсер қалдырады. Оны журналистер «қанға батқан миллионер», «динамит патшасы» деп атар еді. Бұдан әсерленген ғалым тарихта «әлем бойынша қылмыскер» атауында қалмау үшін ойланып қалады. Нобель 1889 жылы дүние жүзілік бейбітшілік конгресіне қатысады. Ол 1896 жылы 10-желтоқсанда жүрек қантамыры ауруынан (стенокардия) қайтыс болады. Ғалым Стокгольмдағы Норра қорымына қойылған. Нобельдің 1895 жылдың 27-қарашасында жазылған өсиетнамасында мынадай сөздер бар еді: «менің барша жылжитын және жылжымайтын мүлкім өсиетнамамды іске асыратын адамдар тарапынан тез ақшаға айналатын құнды қағаздарға айналдырылған. Сол жолмен табылған ақшалар сенімді банкке орналастырылған. Осы құнды қағаздардан келетін табыстар, оларды әр жылы, жыл соңында адамзатқа ең үлкен пайда келтірген кісілерге сыйлық ретінде тапсыратын қорға тиісті болуы ләзім... Сөз етіліп жатқан пайыздар мынадай бес бағытқа тең бөлінеді: бірінші – физика саласында ең үлкен жаңалық ашқандар; екінші – химия бағытында ең ерекше жаңалық ашқан немесе осы саланы дамытуға үлес қосқандар; үшінші – физиология мен медицина саласында ең үлкен жетістікке жеткендер; төртінші – әдеби бағытта ең ерекше көркем шығарма тудырғандар; бесінші – ұлттарды ынтымақтастыру, құлдықты жою, армия санын қысқарту және бейбітшілік әрекеттерін амалға асыруға үлес қосқандар үшін... Менің жеке қалауым сыйлықтарды беруде үміткерлердің қайсы ұлттан екеніне мән берілмесін!»

Сонымен нобель өсиеті бойынша осы сыйлық тек қана бес бағытта берілетін болған. Олар: әдебиет (1901 жылдан Швецияда беріледі), физика (1901 жылдан Швецияда беріледі), химия (1901 жылдан Швецияда беріледі), физиология және медицина (1901 жылдан Швецияда беріледі), бейбітшілік (1901 жылдан Норвегияда беріледі).

Бұдан бөлек Швеция банкі тарапынан 1969 жылы «Экономика» саласы бойынша да нобель сыйлығы берілетін болған. Осы сыйлықты беру шарттары ілгерідегілермен бірдей. Содан соң нобель қоры басқармасы номинациялар санын көбейтпеуді бекітті. Сонымен бірге ғылымның көп тармақтары мен салалары нобель сыйлығымен байланысты. Алғашында Альфред Нобель салалар тізімін жасағанда оған математиканы да кіргізген екен, әйтсе де кейінірек оның орнына бейбітшілік саласын қосады. Мұның не үшін бұлай болғаны нақты мәлім

емес. Негізгі себептерінің бірі есебінде сол кезде, Швецияда математика саласының жетекшісі болған Миттаг-Лöffлер есімін келтіреді. Оны Нобель Стокгольм университеті үшін қайта-қайта қайырымдылық жасауын өтініп келе бергені үшін жақтырмай қалған. Басқа бір болжам бойынша Нобель ұнатып қалған Софья Ковалевскийдің оны тастап, Миттаг-Лöffлерді таңдағаны себеп болған. Және бір болжам Нобель,



сыйлық үшін салаларды таңдау кезінде олардың адамзатқа анық және көрініп тұратын пайда келтіретіндерін таңдап алуды мақсат еткен. Математика ауқымды қоғам назарында мұндай санатқа кірмейді. Экономика бойынша нобель сыйлығымен байланысты қаражаттар, Нобель меншігіне тиісті қордан бөлінбейді. Сол үшін оны шын дәрежеде нобель сыйлығы деп есептеу қиын. Экономика бойынша нобель сыйлығының иегерлері әр жылы 12-қазанда жарияланады. Барша сыйлықтар иелеріне 10-желтоқсанда тапсырылады. Нобель сыйлығын алған адамдардың «нобель баяндамасымен» шығуы талап етіледі. Бұл баяндама сол аттағы ұйым тарапынан жеке басылады. Енді нобель сыйлығымен берілетін ақшалар жайында сөз етсек, нобель қоры 1900 жылы тәуелсіз, үкіметке тиісті емес ұйым ретінде құрылған болып, оның бастапқы капиталы 31 миллион Швеция кронасы немесе бүгінгі нарықта 1,5 миллиард кронаны құрайды. Бірінші сыйлықтар 150 мың кронадан берілген. Қазіргі уақытта қор капиталы 2 миллиард 966 миллион Швеция кронасы немесе 450 миллион АҚШ долларына тең болып, сыйлық көлемі 10 миллион Швеция кронасын құрайды.



1. Нобель сыйлығы кімдерге беріледі?
2. Нобель сыйлығы кімнің өсиетнамасы бойынша белгіленген?
3. Альфред Бернхард Нобель кім болған? Өмірбаянын айтып беріңдер.
4. «Қанға батқан миллионер», «динамит патшасы» деген айдар кімге және не үшін берілген?
5. Нобельдің 1895 жылдың 27-қарашасында жазылған өсиетнамасында қандай сөздер бар еді?
6. Нобель сыйлығы неше және қандай бағыттағы ғылым үшін берілетін болған?
7. «Экономика» саласы бойынша да нобель сыйлығы қашан және не үшін берілетін болған?
8. Не үшін математика бұл сыйлыққа ұсынылмаған?
9. Нобель сыйлығымен берілетін ақшалар пайызына сенің өз пікірің қандай?



20-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен көмекші есімдерді тауып, оларға талдау жасаңдар.

Үлгі: **ішінде** – **іш** деген көмекші есімге **-і** деген тәуелдік жалғауы жалғанып жасалып тұр.



21-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен көмекші етістіктерді тауып, оларға талдау жасаңдар. Күрделі етістіктің бөлек жазылуына мән беріңдер.

Үлгі: **кіргізген екен** – **екен** деген көмекші етістік, **е** етістігіне **-кен** есімшенің жұрнағы жалғанып жасалып тұр.



«Мен таңдаған мамандық» тақырыбында шағын көркем мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрастыруда көмекші есімдер мен көмекші етістіктерді пайдаланыңдар.



Шылаулар – сөз бен сөздің немесе сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстыру, құрастыру үшін қолданылатын, өздері тіркескен сөздерінің ұғымдарына әр қилы реңктер үстеп, оларға ортақтасып, тұлға жағынан тиянақталған, лексика-грамматикалық мағынасы бар сөздер немесе тілімізде толық лексикалық мағынасы жоқ, бірақ сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып немесе сөзге қосымша мән үстеп тұратын көмекші сөздер.

Грамматикалық сипаттарына қарай, шылаулар ішінара үш жікке бөлінеді: олар – *септеуліктер, жалғаулықтар және демеуліктер*.



Жалғаулықтар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді салаластыра (тең дәрежеде) байланыстырады. Жалғаулықтар өзара тең бірыңғай сөздерінің, бірыңғай сөз тіркестерінің және бірыңғай сөйлемдердің араларындағы әр қилы қатынастарды білдіреді. Жалғаулықтар ең кемі өзара тең екі сөзге не екі сөз тіркесіне бірдей қатысты болады. Жалғаулық шылаулар жалғаулықтар деп аталады. Олар мыналар: *-мен (-бен, -пен), -да (-де, -та, -те), не, не болмаса, яки, немесе, және, әрі, біресе, бірақ, алайда, әйтпесе, әйткенмен, дегенмен, сонда да, әлде, өйткені, себебі, сондықтан, сол себепті, т.б.*



22-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнын ұғып алыңдар соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

РЕНЕ СЮЛЛИ ПРЮДОМ


Француз ақыны Рене Сюлли-Прюдом (Рене Франсуа Арман Прюдом) 1839 жылдың 16-наурызында Парижде дүние есігін ашқан. Рене екі жасқа толмастан әкесі қайтыс болады. Нәтижеде анасы Кейо, әпкесі және Рене атасының үйіне көшіп келеді. Сегіз жасынан бо-

лашақ ақын Бонапарт лицейінде математика, классик тілдер және французша өлең құрылымын үйренеді. Лицейді бітірген соң инженер болу мақсатында Политехника институтына дайындық көреді, дегенмен көзіндегі сырқат себепті бұл арманынан бас тартуға мәжбүр болады. Фабрикаға жұмысқа орналасқан ол, күндіз жұмыс істеп, түнде кітаптар оқып, өлең жазар еді. Рененің тырнақалды туындысы 1865 жылы жарыққа шықты. Ол кітабына Сюлли-Прюдом деп қол қояды (бұл әкесінің толық есімі). Жинаққа сыншы Шарл Огюстен Сент-Бев жоғары баға береді. Арадан бір жыл өтіп Альфанс Лемер өзінің «Заманауи Парнас» жинағына Сюлли-Прюдомның өлеңдерін қосады. Бұл кітап романтика мектебінің лирик сезімдеріне қарсы шыққан «парнасшы» жас ақындардың әдеби манифестіне айналып кетеді. Лемер бұл жеңістен соң Сюлли-Прюдомның алғашқы жинағын қайта бастырып, оған қоса жаңа сонеттер жинағы – «Сынауларды» да жарыққа шығарады. Үш жыл барысында ақынның антик аңыздар бағытындағы – «Авгий атқорасы», «Италия беттері», «Жалғыздық» атты кітаптары баспадан шығады. Бұл шығармаларында ақын жауапсыз махаббат, ғылым-білім мен дін арасындағы қарама-қайшылықтар жайында қалам тербеген. Жақын туысының қызына үйленбекші болған Рене ол жақтың келіспейтіндігі жайлы жауапты естігесін өмір бойы жалғыз жасауға бекінеді. 1870 жылы Рене өте ауыр жағдайды бастан өткізеді. Бірнеше күн ішінде әжесін, анасын және әпкесін қара жер қойнауына тапсырады. Осы жылдың шілдесінде Франция-Пруссия соғысы басталып, ақын ерік-тілер қатарында қолына қару алып соғысқа кіреді. Париждің Прус әскерлері тарапынан ұзақ уақыт қоршауда болуы ақынның онсызда сыр беріп жүрген денсаулығына қатты әсер етеді. Франция астанасы қоршаудан азат етілер уақытта ол аяғынан айырылады, сол себепті емделу жылдарында ақын патриоттық өлеңдер жазады. Оны 1870 жылы «Әскердегі естеліктер» тақырыбымен кітап етіп шығарады. Сюлли-Прюдомның Лукреций өлеңдерінің әсерімен жазған «Әділет» дастаны диалог түрінде болып, әділеттілікті сыртқы дүниеден емес, адамның жүрегінен, ішкі әлемінен іздеу керектігін айтады. 1888 жылы Рене «Бақыт» деп аталатын 4 мың жолдан тұратын эпикалық дастанын жазып бітіреді. Ақын бұл дастанда адам бақытқа – ғылым-білімге ұмтылуы, мейірбандылығымен, әділеттілігімен жетеді деген пікірді алға тартады. Француз әдебиетіне ақынның гуманистік ойларының әсері жайында сөз етіп, негізі Француз болған Америкалық сыншы Жан Албер Беде мынадай дейді:

«Ол позитивизм жақтаушыларының псеимизмімен ұзақ уақытқа зұлматта қалған өлеңін жарыққа шығарды және мынадай деп үйретті: бақытқа – қайғымен, мәрттікпен, бауырмалдықпен, мейірбандылықпен және махаббатпен жету мүмкін!»

1901 жылы «Әдебиеттегі мінсіз жеңістері, жоғары идеализмі, көркем күрделілігі мен өнердің таңғаларлық үйлесімділігіне жеткені





үшін» делінген сыйлықты беру жайындағы шешімнің пребуласында Сюлли-Прюдомға әдебиет саласындағы алғашқы нобель сыйлығын тапсырды.

Сыйлықтың Сюлли-Прюдомға берілуі ең лайық жазушы ретінде Толстойды көздеп отырған әдебиет әлемі үшін күтпеген жағдай болды. Құттықтау сөзінде академия мүшесі Сюлли-Прюдом Вирсен ақынның «Ізденімпаз және ештеңені қалт жібермейтін ақылымен

адам жүрегіне жол таба алған, міне осынысымен Альфред Нобель айтқан «әдебиеттің идеал дәстүрлерін» деген сөзін, іс жүзінде басқа жазушыларға қарағанда көбірек амалға асырғанын айрықша атап өтті. Бұл уақытта ақын сырқат болып марапаттау рәсіміне қатыса алмады. Лауреаттық диплом Францияның Швециядағы елшісіне тапсырылды. Қатты сырқаттанып жатқан ақын «Еркін таңдау психологиясы» деп аталатын соңғы шығармасында «таңдау еркіндігі табиғатқа ғана тән және солай болып қала береді» деген пікірді алға қояды. Сюлли-Прюдом 1907 жылы 7-қыркүйек күні Париж жанындағы Шатн-Малабри қаласында орналасқан вилласында қайтыс болады.

Бір кездері әдеби және академик дәуірде өте үлкен құрметке ие болған жазушы бүгінге кеп тіпті Францияның өзінде де назардан тыс қалған. Ақынның кейбір өлеңдерін аударарды, аналогияларға кіргізеді, бірақ бүгінгі таңда әдебиеттанушылар оның шығармаларына мән беріп қарамайды. Сюлли-Прюдомды нобель сыйлығынан қалған ақшалар есебінен Франциядағы жас ақындарға берілетін әдеби сыйлықтың негізін қалаушы ретінде таниды.

Хусан Эрматов.



1. Француз ақыны Рене Сюлли-Прюдом қашан және қай жерде дүниеге келген?
2. Рененің тырнақалды туындысы қашан жарыққа шығады?
3. Үш жыл барысында ақынның антик аңыздар бағытындағы қандай шығармалары баспадан шыады және ондағы көтерілген мәселе не еді?
4. Сюлли-Прюдомның қайсы дастаны диалог түрінде жазылған?
5. Рене «Бақыт» деп аталатын 4 мың жолдан тұратын эпикалық дастанында қандай мәселелер орын алады?
6. Нешінші жылы және не үшін Сюлли-Прюдомға әдебиет саласындағы алғашқы нобель сыйлығы тапсырылады?
7. Сюлли-Прюдомды нобель сыйлығынан қалған ақшалардың тағдыры не болды?



23-тапсырма. Мәтін ішінен ыңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулықтарды тауып, оған талдау жасаңдар.

Үлгі: Бұл шығармаларында ақын жауапсыз махаббат, ғылым-білім мен дін арасындағы қарама-қайшылықтар жайында қалам

тебiреткен. Бұл сөйлемде **мен** деген шылау жалғаулық шылау, бірыңғай мүшелерді байланыстырып тұр.



24-тапсырма. Мәтін ішінен қарсылықты қатынасты білдіретін жалғаулықтарды тауып, оған талдау жасаңдар.

Үлгі: Ақынның кейбір өлеңдерін аударады, аналогияларға кіргізеді, бірақ бүгінгі таңда әдебиеттанушылар оның шығармаларына мән беріп қарамайды. Бұл сөйлемде **бірақ** деген шылау қарсылықты қатынасты білдіретін шылау, жай сөйлемдерді байланыстырып тұр.



25-тапсырма. Мәтін ішінен талғаулықты, себеп-салдарлықты және шарттық қатынасты білдіретін жалғаулықтарды тауып, кесте бойынша жазыңдра.

Талғаулықты	Себеп-салдарлық	Шарттық



Септеуліктер деп объекті мен объектінің не предикаттың арасындағы түрлі грамматикалық қатынастарды білдіру үшін қолданылып, белгілі бір септік жалғауын меңгеріп тұратын көмекші сөздерді айтамыз.

Септеуліктер өздері тіркесетін есімдерге, субстантивтенген өзге де атаушы сөздерге *себептік, бағыттық, мақсаттық, көмектік, мезгілдік, қайталау, талғау, үдету, ұқсату* сияқты әр қилы грамматикалық мағыналарды жамап тыңғылықтандырып отырады.



Демеуліктер деп өздері тіркесетін сөздерге әр қилы қосымша реңктер (мағыналар) жамайтын сөздерді айтамыз.

Лексика-грамматикалық мағыналары жағынан демеулік шылаулар: *сұраулық, шектік, нақтылық, күшейткіш, болжалдық, болымсыздық, қомсыну демеуліктері* болып бөлінеді.



26-тапсырма. Берілген мәтінді оқып, мазмұнымен таныс болыңдар. Мәтін соңындағы сұрақтарға жауап қайырыңдар.

СИЛИКОН АЛҚАБЫ (КРЕМНИЙ АЛҚАБЫ): АМЕРИКАНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ ЖӘНЕ ТУРИСТІК ЫСТЫҚ НҮКТЕ

Силикон алқабы (ағылш. Silicon Valley) – АҚШ Солтүстік Калифорниядағы Сан-Франциско шығанақ ауданының оңтүстік бөлігінде орналасқан, әлемдік жоғары технологиялар мен инновациялардың орталығы ретінде танымал аймақ. Географиялық тұрғыдан бұл өңір шамамен Санта-Клара алқабына сәйкес келеді. Сан-Хосе – Силикон алқабындағы ең үлкен қала, ол Калифорнияда үшінші, ал АҚШ-та оныншы қала есептеледі. Силикон алқабындағы басқа ірі қалалар: Саннивейл, Санта-Клара, Редвуд-Сити, Маунтин-Вью, Пало Альто, Менло-Парк және Купертино сияқтылар. Брукингс институтының мәліметі бойынша, Сан-Хосе Метрополитен ауданы жан басына шаққанда әлемде үшінші орында (Швейцарияның Цюрихі мен Норвегияның Ослосынан кейін) тұрады.

«Силикон» атауы латын тілінен аударғанда «Кремний» деген мағына береді. Кремний негізіндегі MOSFET транзисторлары мен интегралды микро-схемаларға маманданған аймақтағы тапқырлаушылар мен өндірушілерге қатысты қалыптасты. Кезекте бұл өңірге әлемдегі ең ірі жоғары технологиялық компаниялары шоғырланған, олардың арасында Fortune 1000-дағы 30-дан астам ірі бизнестің штаб-пәтері және мыңдаған стартап компаниялар орналасқан. Силикон алқабы АҚШ-тағы барлық венчурлік капиталдың үштен бір бөлігін иелейді, бұл оның жоғары технологиялық инновация үшін жетекші хаб және стартап экожүйе болуын белгілеген. Силикон алқабында кремний негізіндегі интегралды микро-схемалар, микропроцессорлар және микро-компьютерлер, жаңа бағдарламалаулар және смартфон, iPhone секілді ақпарат технологиялары жоғары деңгейде дамыған, зерттейтін және өндіретін компаниялар тығыз орналасқан. 2013 жылғы жағдай бойынша облыста шамамен ширек миллион ақпараттық технологиялар жұмысшылары жұмыс істейді.



«Кремний алқабы» термині бізге технология мен әлемдік жетекші технологиялық корпорацияларды еске түсіреді. Силикон алқабы АҚШ-тағы жетекші технологиялық хаб және инновациялық технологиялық корпорациялардың орталығы болып табылады. Қолданыстағы оңтүстік Сан-Франциско, Калифорния, Силикон алқабында 2000-нан астам технологиялық корпорациялар орналасқан және бір жерде ең тығыз технологиялық шоғырланған.

Силикон алқабында әлемді басқаратын жетекші корпорациялардың кеңселері бар. Бұл компанияларға бағдарламалық қамтамасыз ету, әлеуметтік медиа компаниялары және басқа да технологиялық өлшемдер кіреді. Бұл жер сонымен қатар технологиялық компаниялар үшін ең тиімді орталық болды және жыл сайын миллиондаған жұмыс орындарын, пайданы және акциялар бағасының өсуін қамтамасыз етті. Силикон алқабының атауы жартылай өткізгіш компьютерлік чиптерді жасау үшін қолданылатын кремнийден шыққан.

Силикон алқабына Санта-Клара аңғары кіреді және Сан-Францисконың оңтүстігіндегі қалалар мен елді мекендер бар. Бұл аймақтың шығысында Сан-Франциско шығанағы, батыс жағында Санта-Крус таулары және солтүстік жағында Редвуд Сити бар.

Сан-Хосе мен Санта-Клара алқабы аралығында, одан әрі солтүстіктегі Шығанақ ауданындағы екі ірі қала – Сан-Франциско мен Оклендке қарай жоғары технологиялық компаниялар көптеп құрыла бастаған кезде, «Силикон алқабы» терминінің екі анықтамасы болды: тар географиялық мағынада, ол Санта-Клара округін және Сан-Матео округінің оңтүстік-шығысын көрсетті. Ал, метонимиялық мағынада, ол бүкіл Шығанақ аймағындағы жоғары технологиялық бизнесті білдірді. Силикон алқабы термині американдық жоғары технологиялық экономикалық сектор үшін синеқдоха ретінде жиі қолданылады. Бұл атау сондай-ақ жетекші жоғары технологиялық зерттеулер мен кәсіпорындардың, сондай-ақ әлем елдеріндегі осы секілді құрылымы бар зерттеу парктері мен технологиялық центрлердің әлемдік синониміне айналды.

Адам мен компьютер технологиялары арасындағы тұлғалық байланыстар себепті, көптеген компанияның штаб-пәтері Кремний алқабында туризмдік ыстық нүктеге айналды.

Жоғары технологиялық және шығармашылық кеңістіктің анықтамасы, Силикон алқабы мыңдаған мильдік кеңселерге, технопарктерге, қорықтарға, тауларға және туристерге арналған бірнеше ойын-сауық даңғылдарына таралады.

Силикон алқабы жоғары технологиялық инновациялардың жүрегі болып табылады және оның аумағында жетекші технологиялық компаниялардың бас кеңселері бар. Көптеген жоғары технологиялық компаниялардың кампустары келушілер үшін жабылғанымен, кейбіреулері келушілерге сыйлық дүкендеріне, мұражайларына баруға және нысанды көруге мүмкіндік береді.



1. Силикон алқабы қай жерде орналасқан?
2. Силикон сөзінің беретін мағынасы не?
3. Силикон алқабындағы ең үлкен қала қалай аталады?

4. Силикон алқабында қандай компаниялар орналасқан?
5. «Кремний алқабы» деген терминге қалай түсінесің?
6. Технологиялық корпорацияларға түсінік беріңдер.
7. Силикон алқабының атауы қалай пайда болған?
8. Кремний алқабында туризмдік ыстық нүктені түсіндіріп беріңдер.
9. Не үшін біз Силикон алқабын жоғары технологиялық инновациялардың жүрегі деп есептейміз?



27-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен септеулік шылауларды тауып, мағыналық жағынан түр-түрлерге ажыратыңдар.

Үлгі: бойынша – атау септігін керек ететін шылау, **кейін** – шығыс септігін керек ететін шылау, ...



28-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен демеуліктерді тауып, мағыналық жағынан түр-түрлерге ажыратыңдар.

Демеуліктердің мағыналық түрлері	Мәтіннен мысалдар
Сұраулық демеуліктер	
Күшейткіш демеуліктер	
Шектік(тежеу) демеуліктер	
Болжалдық демеуліктер	
Болымсыздық немесе қарсы мәнді демеуліктер	
Нақтылау мәнді демеуліктер	



29-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен күшейткіш демеуліктер мен ыңғайлас мәнді жалғаулықтарды тауып, оларды кесте негізінде ажыратып жазыңдар.

Ыңғайлас мәнді жалғаулықтар	Күшейткіш мәнді демеуліктер



«Силикон алқабында болсам, ...» тақырыбында шағын көркем мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрастыруда шылау сөздерді пайдаланып, оларды түр-түрлеріне ажыратыңдар.



Модаль сөздер – сөйлеушінің сөйлем мазмұнына көзқарасын білдіретін сөздер. Қазіргі қазақ тілінде модальдылықты толық мәнді есім де, етістік те, көмекші сөздер де білдіреді. Модаль сөздер *есімді (керек, қажет, тиіс, сияқты, сықылды, тәрізді, секілді, мүмкін, бәлки, бәлкім, әрине, әлбетте, рас, анығынан, шамасы, тәрізді)* және етістікті (*екен, шығар, болар, дейді, көрінеді, білем*) деп екіге бөлінеді.

Модаль сөздер *болжалдық, міндеттілік, мүмкінділік, қажеттілік* тағы басқа мағыналарда қолданылады.



30-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен модаль сөздерді тауып, оларды жазып шығындар да, жасалу жолына назар аударындар.

Үлгі: Ғаламтордың пайда болуынан, жас буынның кітап оқуға деген құлшынысы төмендеп кеткені рас. Бұл сөйлемде рас сөзі модаль сөз, есім сөзден жасалған.



31-тапсырма. Берілген мәтінді оқып, мазмұнын ұғып алындар. Соңындағы сұрақтарға жауап беріндер.

САНАНЫ ТОРЛАҒАН ҒАЛАМТОР НЕМЕСЕ КІТАПҚА ҚҰЛЫҚСЫЗ ҚОҒАМ

Бүгінде көпшіліктің санасы ғаламторға шырмалған. Заманауи ақпарат құралынсыз тіпті, бір күнді елестету мүмкін емес. Кез келген жерден компьютер мен ұялы телефонға телмірген жасты да, жасамысты да көреміз. Есесіне, кітап оқу үрдісі кенжелеп қалды. Кітапханаларымыз бен кітап дүкендері жетім баланың күйін кешіп кетпесе игі еді. Сөрелердегі сықиған кітаптарға қызығушылық танытатын адамды ілуде бір кездестіресің. Осыған қарап «кітапты ғаламтор алмастырған уақыттың келгені ме?» дейсің.



Жаһанданудың жақсы жағы да, жаман жағы да бар. Жақсы жағы әлемнің көшінен қалыспай, алға бірге жылжимыз, ал жаман жағы біздің ұлттық құндылықтарымыздың құлдырауына себепші болуда. Абай атамыз: «Барлық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге», – деп бекер айтпаған. Соны біле тұрсақ та, көпшіліктің кітап оқуға деген ынта-ықыласы төмендеді. Қазір шынымен де сананы ғаламтор жайлаған қоғам, кітапқа құлықсыз уақытта өмір сүріп жатырмыз. Бұлай жалғаса берсе, болашағымыз не болмақ? Сол себепті жастарды кітап оқуға тартудың жайын ойлайық.

Кітаптың құны түсіп кетті дегенге келіспеймін. Кітаптың құнын түсіріп жүрген өзіміз. Ғаламтордың пайда болуынан ба, жас буынның кітап оқуға деген құлшынысы төмендеп кеткені рас. Ал, кітапты жата-жастана оқитын, оның қадірін білетін біз үшін кітаптан құнды дүние жоқ. Ғаламтор қанша сананы торлағанымен, кітапты алмастыра алмайды деп ойлаймын, өйткені оны қолыңа ұстап, бар жан дүниеңмен сезініп, табиғатына еніп оқисың. Ғаламтордан көркем-өдеби шығарма оқу дәл сондайлық әсер бермейді.

Ал, адамдар неге кітап оқымайды дегенге келсек, ол әрбір жан-ның өз түйсігіне байланысты дер едім. Құдай адамның өзінің санасына, ынтасына берсін. «Оқы, оқы» деп айта берсең, балалардың оқымауы да мүмкін. Адамның өзінің болмысында болмаса, қазіргі қарны тойған заманда кез келген жанның кітап оқуға құлқы болмауы да таңғаларлық емес. Айналаға қараңыз, дүниенің бәрі керемет. Теледидардың тетігін басып қалса, дүниежүзі көз алдында. Кітап түкке де керек емес сияқты көрінеді, бірақ соның ішінде ақыл-ой, парасаты түзу балалар, бәрібір, кітап оқиды. Кітап оқыған бала ұлтын сүйеді, ал ұлтын сүйген бала Абайды, Әуезовті міндетті түрде оқиды. Ол арқылы халқымыздың бар жақсы болмыс, қасиетін бойына сіңіреді. Сондықтан баланы кітап оқуға, өз ұлтын сүйіп, мақтан етуге тәрбиелеуіміз қажет.

Көп ел қазақ халқын дұрыс бағаламайды. Біздің ұлттың ешкіммен теңдесі жоқ. Біз дарқанбыз. Ата-бабаларымыз жазылмаған дала заңына бағынған, тәртіп пен тәрбие болған. Қазіргі қаланың балаларын аяймын. Олар осынау кең даланың қасиетін сезіне алмайды. Сондықтан тауға-тасқа көп апару керек. Кезінде бізді мектепте оқып жүргенде есекке мінгізіп, сақпанға жіберетін. Бәленбай мың қойды алдыңа салып береді, оны бағамыз. Мал бағып жүріп, табиғаттың сырын ұғамыз, шырылдаған торғайдың үніне құлақ асамыз, кітап оқып, қызығына батамыз. Бүгінгі заманда да болам деген бала ғаламторды да қарап, кітапты да оқып үлгереді. Бізден де бетер білімді болуы мүмкін. Тек ол үшін кітаптан қол үзбеу керек.

Абай атамыз айтпақшы, «тамағы тоқтық, көйлегі көктік аздырар адам баласын». Бүгінгі ұрпақтың кітаптан алшақтап кетуінің бір ұшығы осында жатса керек. Адам жайлы өмірге тез бейімделеді, алайда осы тұста рухани құндылықтың әлсірей түсері ақиқат. Қарны тоқ, бар жағдайы жасалған адамның ештеңе ойлауға да құлқы болмайды. Мұндайда кітап оқу туралы ойдың санаға кіріп-шықпасы да анық.

Байқасақ, бүгінгі таңда өркениетті елдер кітап оқуға ден қоя бастады. Оған себеп, көпшіліктің ұялы телефонға тәуелді болуы. Бала тұрмақ үлкендердің өзі одан бас алмайды. Соған орай әлем кітапқа бет бұрып, кітапқұмарлар ұйымы құрылуда. Баланы кітап оқуға баулу мәселесіне келсек, меніңше, жеткіншектің табиғатына сай, сұранысын өтейтін кітап қолына тиюі керек. Содан баланың кітапқа құмарлығы оянады.

Кітап оқығанда адам соның кейіпкеріне айналып, оның ішіне еніп кетуі керек. Көркем шығарманың адамға ерекше әсері болады. Ол армандауға үйретеді, қиялыңды дамытады, адамның ойлау қабілетін артты-

рады. Баланы кітап оқуға баулу отбасынан бастау алғаны дұрыс. Оны мұғалімге, мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына итере салуға болмайды. Үйдегі ата-ана кітап оқыса, балалар да соған қарап ішінде не қызық бар екен деп үңіледі. Кітап оқу қажеттігін санасына сіңіреді.

Иә, расында да «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» демекші, ата-анадан дұрыс тәлім-тәрбие алған бала ертең сол өнегесін қайталайды. Әкесінің газет-журнал оқығанын күнде көріп, көкейіне түйіп өскен жеткіншек оны өз бойына сіңіреді. Ата-ана баланы кітап оқуға баулып, күнде сабаққа бара жатқанда қолына тамақпен бірге, кітап ұстатып жіберсе немесе күн сайын көркем әдебиет оқуын қадағалап отырса, жасөспірімнің кітап оқуға деген дағдысы қалыптасар еді.



1. Ғаламтор дегеніміз не?
2. Компьютер мен ұялы телефон не үшін қажет?
3. Кітапты қалай оқыған дұрыс? (компьютер арқылы ма, әлде кітаптың өзін алып оқыған ба?)
4. Адамдар неге кітап оқымай қойған?
5. Абай атамыз «тамағы тоқтық, көйлегі көктік – аздырар адам баласын» деген сөздерінің мәнін ашыңдар.
6. Кітапты қалай оқыған жөн?
7. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» мақалының мәнін ашыңдар.



32-тапсырма. Төмендегі грамматикалық тестке жауап беріңдер.

1	Мәтін ішінен күшейткіш мәнді демеулік қатысқан сөйлем қайсы қатарда тұрғандығын көрсетіңдер.
A	Қарны тоқ, бар жағдайы жасалған адамның ештеңе ойлауға да құлқы болмайды.
B	Әкесінің газет-журнал оқығанын күнде көріп, көкейіне түйіп өскен жеткіншек оны өз бойына сіңіреді.
C	Олар осынау кең даланың қасиетін сезіне алмайды, сондықтан тауға-тасқа көп апару керек.
D	Оны мұғалімге, мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына итере салуға болмайды.

2	Мәтін ішінен келтірілген атау септікті керек ететін септеулік шылау бар сөйлем қай қатарда тұрғандығын анықтаңдар.
A	Күнде сабаққа бара жатқанда қолына кітап ұстатып жіберсе немесе күн сайын көркем әдебиет оқуын қадағалап отырса, жасөспірімнің кітап оқуға деген дағдысы қалыптасар еді.
B	Байқасақ, бүгінгі таңда өркениетті елдер кітап оқуға ден қоя бастады.
C	Ал, адамдар неге кітап оқымайды дегенге келсек, ол әрбір жанның өз түйсігіне байланысты дер едім.
D	Мал бағып жүріп, табиғаттың сырын ұғамыз, шырылдаған торғайдың үніне құлақ асамыз, кітап оқып, қызығына батамыз.

3	Мәтін ішінен келтірілген есім сөзден болған модаль сөз қатысқан сөйлем қай қатарда тұрғандығын анықтаңдар.
A	«Оқы, оқы» деп айта берсең, балалардың оқымауы да мүмкін.
B	Баланы кітап оқуға баулу мәселесіне келсек, меніңше, жеткіншектің табиғатына сай, сұранысын өтейтін кітап қолына тиюі керек.
C	Бүгінгі ұрпақтың кітаптан алшақтап кетуінің бір ұшығы осында жатса керек.
D	Сондықтан баланы кітап оқуға, өз ұлтын сүйіп, мақтан етуге тәрбиелеуіміз қажет.

4	Жауаптағы мәтін ішінен келтірілген сөйлемдердің қайсысында себеп-салдар қатынастағы жалғаулық шылау қатысады?
A	Ғаламтор қанша сананы торлағанымен, кітапты алмастыра алмайды деп ойлаймын, өйткені оны қолыңа ұстап, бар жан дүниеңмен сезініп, табиғатына еніп оқисың.
B	Үйдегі ата-ана кітап оқыса, балалар да соған қарап ішінде не қызық бар екен деп үңіледі.
C	Ол армандауға үйретеді, қиялыңды дамытады, адамның ойлау қабілетін арттырады.
D	Иә, расында да «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» демекші, ата-анадан дұрыс тәлім-тәрбие алған бала ертең сол өнегесін қайталайды.

5	Жауаптағы мәтін ішінен келтірілген сөйлемдердің қайсысында қарсылықты қатынастағы жалғаулық шылау қатысады?
A	Кітап түкке де керек емес сияқты көрінеді, бірақ соның ішінде ақыл-ой, парасаты түзу балалар, бәрібір, кітап оқиды.
B	Байқасақ, бүгінгі таңда өркениетті елдер кітап оқуға ден қоя бастады, оған себеп – көпшіліктің ұялы телефонға тәуелді болуы.
C	Бүгінгі заманда да болам деген бала ғаламторды да қарап, кітапты да оқып үлгереді.
D	Кезінде бізді мектепте оқып жүргенде есекке мінгізіп, сақпанға жіберетін әрі бәленбай мың қойды алдыңа салып береді, оны бағамыз.

Сұрақтар тәртібі	1	2	3	4	5
Дұрыс жауаптары					



«Сүйіп оқыған кітабым» тақырыбында шағын көркем мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрастыруда әрі есім сөзден болған, әрі етістіктен болған модаль сөздерді пайдаланыңдар.



ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

1. Ғылым мен технологияға қалай түсінесің?
2. Нобель сыйлығы кімдерге және қалай, не үшін беріледі?
3. Астарлы сөз дегеніміз не және олар қалай жасалады?
4. Дәйексөзге қалай түсінесің? Бірнеше дәйексөздер келтіріңдер.
5. Ғылым мен технологияның жетістіктерін қалай бағалайсың?
6. Қандай ғалымдармен кездескенсіңдер?
7. Силикон немесе Кремний алқабы қай жерде жайласқан?
8. Силикон алқабы дүниеге несімен танылған?
9. Қандай кітаптарды оқығансың? Оқыған кітабың туралы айтып беріңдер.
10. Мақал мен мәтелдің қандай ерекшеліктері бар?
11. Тұрақты сөз тіркестері дегеніміз не?
12. Етістіктің шақ категориясына түсінік беріңдер.
13. Шақтың қандай түрлері бар?
14. Етіс дегеніміз не?
15. Өздік етісі мен ырықсыз етістің қандай ұқсастықтары бар?
16. Ортақ етіс пен өзгелік етістер қалай жасалады?
17. Көмекші сөздің атауыш сөздерден айырмашылығы неде?
18. Көмекші есім мен көмекші етістіктерге мысалдар келтіріңдер.
19. Шылау дегеніміз не, олар нешеге бөлінеді?
20. Модаль сөз қалай қолданылады және қалай жасалады?

VIII TAPAU

ЕГЕРДЕ БАЙ БОЛСАМ, ...

Бұл бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

1. Байлық ұғымы, байлардың кешегі мен бүгіні; ақша, кедейліктің себептері, байлардың өмірі туралы танымдық мәтіндермен танысасындар және талдау жүргізесіндер.
2. Оқылған және тыңдалған мәтіндерге негізделген анық және жасырын ақпаратты түсіну және пікір білдіру дағдыларын дамытатын жаттығуларды орындайсындар.
3. Мәтіндегі негізгі және көмекші ақпаратты анықтау, жазба мәтіннің кіріспесін қалыптастыру, өз бетінше еркін сөйлеу және оны білдіру ережелерімен танысасындар.
4. Ауыс мағыналы сөздердің түрлері, септік жалғау стилистикасы, вульгаризм және варваризм, субъективті қатынасты білдіретін сөздер стилистикасымен танысасындар.
5. Тыныс белгілері: нүкте, сұрақ және леп белгілерінің қолданыумен байланысты білімдерді нығайтасындар.



БАЙЛЫҚ

Әркім байлықты әрқалай түсінеді: бірі денсаулық десе, бірі отбасы амандығы, енді бірі экономикалық қаражат. Әркімдікі өзінше дұрыс. Әлемде байлық жайлы санқилы түсінік бар. Әуелгіде, байлық – денсаулық. Дені сау адамның өмірі жайдарлы, көңілі көтеріңкі болары хақ. Денсаулығы мықты адамның өмірге деген махаббаты риясыз болып, келешекке биік мақсаттар қойып, оны орындау жолында табанды іс-әрекеттер жасайды.

Байлықтың бір түрі – жанұя жарасымдылығы. Жалғандағы ең ыстық мекен – жанұямыз. Өмірде бізді әркезде де қолдап, көмектесіп отыратын жандар бауырларымыз екені мәлім. Олармен өткізген әр сәт алтынға бергісіз ғажап сәттер. Отбасы қашанда құтты мекен. Өмірдегі ең басты жетістігіміз бірлігі жарасқан отбасы мен сыйластығы мықты бауырлар арасындағы риясыз махаббат. Байлықтың моральдық түрі – ақша. Қазіргі таңда барлық мәселені ақша арқылы шешеміз. Киетін киіміміз бен жейтін тамағымыз,



алар біліміміз – бәрі ақша арқылы жүзеге асады. Қалтасы мықты адамның өмірі де жақсы болары анық. Не жеймін, не киемін деп ойланбайды, алайда адами қасиеттер ақшамен шешілмейтіні рас. Өзгені қуанту мен жақсылық жасау, қолұшын беріп көмектесу сынды жақсы істерді жасау ешқандай ақшаны талап етпейді. Ақша қолдың кірі – бірде бар, бірде жоқ. Бастысы өмірдегі баға жетпес байлығымыз – бір-бірімізге деген бауырмашылдығымыз бен сыйластығымыз әрі арамыздағы риясыз махаббатымыз.



1-тапсырма. Жоғарыдағы микромәтіннен ауыс мағынада қолданылған сөздерді тауып, оның тура мағынадан қалай өрбігендігін анықтаңдар.

Үлгі: қалтасы мықты, мықты сыйластық, ...



Ауыспалы мағына – сөздің тура мағынасының негізінде қалыптасқан, ойды көркемдеп жеткізу үшін қолданылатын келтірінді мағына, яғни сөздің қолданылуы барысында пайда болатын туынды мағынасы. Этимологиялық тұрғыда ол негізгі (тура) мағынадан өрбиді. Ауыспалы мағынаның жасалуына бір зат пен екінші бір заттың, бір құбылыс пен тағы басқа құбылыстың форма, сыртқы түр, түс ұқсастығы, қызмет сәйкестілігі негіз болады.

Сөздің ауыспалы мағынада қолданылу тәсілдеріне метафора, метонимия, меңзеу, қызмет бірлігі тағы басқалар жатады. Сөздердің қызмет бірлігі бойынша ауыспалы мағынада қолданылуы олар бейнелейтін заттар мен құбылыстардың тұлғасы, түрі мен түсі, басқа да белгілері жағынан әр түрлі бола тұрып, атқаратын қызметтері бір болуына байланысты.



2-тапсырма. Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар да, соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

БАЙЛЫҚ – ҚОҒАМҒА ЖӘНЕ ЖЕКЕ АДАМҒА ҚАТЫСТЫ МАТЕРИАЛДЫҚ ИГІЛІКТЕР МЕН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Байлық – қоғамға және жеке адамға қатысты материалдық игіліктер мен рухани құндылықтарды білдіретін ұғым. Байлық рухани және материалдық болып ажыратылады. Рухани байлық ұғымы әлемде немесе белгілі бір елде жасалған рухани қазыналардың жиынтығын, сол қазыналарды игеруді мұрат тұтқан жеке адам басындағы сезім, ақыл, парасат, өнер, білім қабілеттерін қамтиды. Ал, материалдық байлық



ұғымы адамзат қауымына, жеке мемлекетке не адамға тиесілі материалдық игіліктерді білдіреді. Ол алғашқыда адамдардың күнделікті табиғи қажетін қамтамасыз ету мақсатымен сол адамдардың әрекеті арқылы жасалып, кейіннен меншіктену процесі барысында әлеуметтік қарым-қатынас құралына айналған. Сондықтан адамдар қарым-қатынасындағы билік, әділдік ұғымдарын қарастырып, адамзат қоғамында үйлесімділікке жету жолдарын іздеген ойшылдар «Байлық» ұғымын айналып өте алмаған. Жеке меншігіндегі материалдық игіліктерді еселеп өндіріп, мемлекетті (қоғамды) дамытуға ықпал еткен іскер адамдардың тәжірибесін талдаған зерттеулер мен тұтас мемлекеттегі, аймақтағы, әлемдегі материалдық игіліктерді молайту әдістерін ұсынатын экономикалық теорияларда «Байлық» әлеуметтік құндылықтардың бірі ретінде бағаланады. Байлықтың жеке меншіктік, қоғамдық және мемлекеттік түрлерінің тиімділігі мен әділдігі мәселесіне қатысты бір-біріне қарама-қайшы философия және социологиялық көзқарастар қалыптасқан.

Кез келген қоғамда адамдардың рухани және материалдық байлыққа қол жеткізуіне жағдай туғызылғанда ғана сол қоғамның дамуы орнықты болады. Мұндай қоғамдағы мүмкіндікті ақылмен пайдаланып, қажымай күш-жігер жұмсағандар бай болады. Ал, жалқаулық пен енжарлыққа бой салғандар кедейшілікке ұрынады. Бұл пікірді Абайша білдірсек, «Байлықты, кедейшілікті жаратқан – құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес». Дәстүрлі қазақ қоғамында материалдық байлықтан рухани игілікті жоғары қоятын «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген моральдық ұстан қалыптасқан. Осы рухани принцип қазақ қоғамындағы әлеуметтік құндылықтар мен құқықтық нормалардың имандылыққа, әділеттілікке негізделуіне себепші болды. Соған қарамастан қазақ халқы «Байлықты» адам мұратының, әлеуметтік құндылықтардың бірі ретінде бағалаған. «Түстік өмірің болса, күндік мал жи» деген нақыл соның айғағы. Мал – дала өркениетіндегі байлықтың басты өлшемі болды. Мыңғырған мал өсірген байлар дәстүрлі қазақ қоғамындағы экономика және әлеуметтік жүйенің негізін құрады. Олар ауылдастарына, руластарына көмектесіп, мешіт-медреселер ұстап, алғашқы газет-журналдарға демеушілік жасап, талантты жастарды шет елдерде оқытып, қоғамдағы рухани байлықтың сарқылмауына, өсіп-өркендеуіне ықпал етті.

Кеңес заманында материалдық байлық ортақтастырылып, жалпыхалықтық меншік ұранымен бірте-бірте адамдарды байлықтан жатсындыру саясаты жүргізілді. Мұның өзі әміршілдік-әкімшілдік жүйе құрсауының орнығуына, бұл құрсау әлсіреген кезеңде ортақ байлықты талан-таражға ұшыратуға, нәтижесінде адамдардың байлықты молайтуға деген ынтасының әлсіреп, қоғам дамуының әлем өркениеті көшінен кенжелеп қалуына соқтырды.

Кеңес заманында материалдық байлық ортақтастырылып, жалпыхалықтық меншік ұранымен бірте-бірте адамдарды байлықтан жатсындыру саясаты жүргізілді. Мұның өзі әміршілдік-әкімшілдік жүйе құрсауының орнығуына, бұл құрсау әлсіреген кезеңде ортақ байлықты талан-таражға ұшыратуға, нәтижесінде адамдардың байлықты молайтуға деген ынтасының әлсіреп, қоғам дамуының әлем өркениеті көшінен кенжелеп қалуына соқтырды.

Дербес мемлекеттігін қайта қалпына келтірген әрбір елде қоғамды демократияландыру, экономиканы ырықсыздандыру процесі жүзеге асты, әлем өркениетінің үлгісімен «Байлықты» меншіктену нысанының барлық түрін қорғауға мемлекет кепілдік береді.



1. Байлық қандай ұғымды білдіреді?
2. Байлықтың қандай түрлері бар?
3. Рухани байлық пен материалдық байлықтың қандай ерекшеліктері бар?
4. Жеке меншіктегі материалдық игіліктерге қалай түсінесің?
5. Мемлекеттегі материалдық игіліктер дегенге қалай түсінесің?
6. Байлықтың әлеуметтік құндылықтарға қандай қатысы бар?
7. «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген сөздің мән-мағынасын түсініп алыңдар.
8. Түстік өмірің болса, күндік мал жи» мақалының мәні неде?
9. Сенде байлықтың қай түрі кездеседі?



3-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін құрамынан метафоралық мағыналы сөздерді табыңдар да, олардың тура мағынасына назар салыңдар.

Үлгі: рухани қазына, дала өркениетіндегі байлық, ...



4-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін құрамындағы тире мен дефис арқылы жазылған сөздерді ажыратып алыңдар да, не үшін ондай тыныс белгісі қойылғандығын түсіндіріңдер.



5-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен дерексіз зат есімдерді тауып, ажыратып жазыңдар. Не үшін дерексіз екендігін түсіндіріңдер.



Төменде берілген www.youtube.com адресі арқылы видеороликті тыңдап, шағын эссе жазыңдар. Мәтін құрастыруда ауыспалы мағынадағы сөздерден пайдаланыңдар.



1. <https://www.youtube.com/watch?v=eJ1TcxgxuSg>.
2. <https://www.youtube.com/watch?v=6XIBASpPdfM>.



НҮКТЕ (.) ТЫНЫС БЕЛГІСІНІҢ ҚОЙЫЛУ ЖӘНЕ ҚОЙЫЛМАУ ТӘРТІБІ

I. Мынадай орындарда нүкте белгісі қойылады:

1. Хабарлы сөйлемнен кейін нүкте қойылады;
2. Жай, екпінсіз айтылған бұйрық, тілек мәнді сөйлемнен кейін нүкте қойылады;
3. Драмалық шығармаларда кейіпкер атынан кейін нүкте қойылады;
4. Кейіпкерлердің айтқан сөзіне тікелей қатысы жоқ, автордың түсінігі ретінде айтылған ремаркадан кейін жақша ішінде нүкте қойылады;



5. Жазуда кісі аттары, газет-журнал атаулары, басқа да сөз тіркестері шартты түрде қысқартылған жағдайда, әрбір әріптен не буыннан кейін нүкте қойылады;

6. Дәйексөздің, келтірілген мысалдың қайдан екенін, авторын көрсететін сөздер жақшаға алынып, жақша жабылған жерге нүкте қойылады.

II. Мынадай қысқартылуға нүкте белгісі қойылмайды:

1. Бас әріптерден және буындардан қысқарған сөздердің әріптерінің немесе буындарының арасына нүкте қойылмайды;

2. Ұзындық, көлем өлшемдерінің және басқаларының қысқартылып қолданатын шартты белгілерінен кейін нүкте қойылмайды.



6-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнымен танысып болған соң, соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

АДАЛДЫҚ ПЕН АРАМДЫҚ

Адалдық пен арамдық – адамгершілік құлық талаптары тұрғысынан бір-біріне қарама-қарсы моральдық ұғымдар. Адалдық – адамгершіліктің аса маңызды талаптарының бірін бейнелейтін моральдық қасиет. Ол шыншылдық, әділдік, принциптілік, алған міндеттемелерінен жалған сөйлеп, жалтармаушылық, уәдесінде тұрушылық сияқты қасиеттерді қамтиды.

«Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолы өнерлі – қазақтың әулие-сі сол», – дейді кемеңгер Абай. Адалдық адам мінезіндегі таза ниет, бағалы да ізгі қасиет. Адамның сана-сезіміне, ар-ұжданына қайшы келмейтін, адами мақсат-мүддені көздейтін, тарихи шындықпен, прогреспен ұштасып жататын іс-әрекеттер. Әрбір қоғамның адалдығы жайында өзіндік пайым-түсінігі бар. Қазақ халқы әрқашанда адамгершілік пен адалдық қасиеттерін кіршіксіз таза ұстауға ұмтылады.

Адалдық – адамның жеке басы мен моральдық тұлғасын сипаттайтын қасиет. Адалдық туғаннан пайда болмайды, ол қоғамның дамуына сәйкес әрбір адамның өнегелі тәрбиесіне, оқып білім алуы мен адал еңбектену процесінде қалыптасып отыратын ізгі қасиет. Адалдық – жеке тұлғалар мен адамдардың абырой-атағын арттыратын ізгі қасиет, адам мінезіндегі аса ұнамды сапа. Адал – араб тілінде «рұқсат етілген», «таза» деген мағына беретін, білімімізге шарифат қағидалары арқылы енген сөз.

Арамдық – моральдық қасиеттің адалдыққа қарама-қарсы кесепатты түрі. Оған алдау-арбау, суайттық, жымысқылық, ұрлық, опасыздық, екіжүзділік сияқты т.б. жаман қылықтар жатады. Халық арамдық бар жерде – сатқындық; әділетсіздік бар жерде – жәбір; жалғандық бар жерде – қиянат болатынын өмір тәжірибесінен анықтаған.

Мўсылман халықтарында «адал», «арам» ўғымдарына өте зор мән беріледі. Алғашқысы «жақсы адам» дегенді білдірсе, соңғысы «жаман, оңбаған адам» дегенді ұқтырады. Адал – ешкімнің ақысын жеп, ала жібін аттамай, өз еңбегімен дүние жинап, күн көріп жатқан, ғайбат сөйлемейтін, кісіге қиянат қылмайтын жан, ал арам – дүние-малы еңбексіз: ұрлық-қарлық, қулық-сұмдық, алдау-арбаудан жиналған, сонымен күн көріп жатқан екіжүзді, обал-сауаппен санаспайтын, жымысқы адам.

Адамдар саналы түрде бірге өмір сүргенде, өздері орындайтын, басшылыққа алатын талаптар жасап, оларды әрі қарай да жетілдіріп, толықтырып отырды. Соның нәтижесінде адамдар өздерінің іс-қимылына, жеп-ішулеріне, әдет-қылықтарына қатысты қойылатын талаптарды, олардың шекарасын анықтаған. Сондықтан олар жеке басының қалауымен өмір сүріп, ойына келгенін істей алмаған. Өздері мойындаған, өмірде сынақтан өткізіп, пысықтаған, қоғамға сыйымдылығын қамтамасыз ететін шарттар аумағын да әрекет жасаған.



1. Адалдық пен арамдық қандай ұғымдар саналады?
2. Адалдық қандай қасиет саналады?
3. Кемеңгер Абай атамыздың нақыл сөзіне түсінік беріңдер.
4. Не үшін қазақ халқын әрқашанда адамгершілік пен адалдық қасиеттерін кіршіксіз таза ұстауға ұмтылады деп айтамыз?
5. Адалдықты адам мінезіндегі аса ұнамды сапа екендігін дәлелдендер.
6. Адал сөзі қай тілден алынған, қандай мағына береді?
7. Арамдық дегеніміз не?
8. Арамдық, әділетсіздік және жалғандық араласқан жерде не болатындығын өмірден түсінік беріңдер.
9. Қандай шарттар қоғамға сыйымдылығын қамтамасыз ететін шарттар саналады?



7-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтін ішінен метонимиялық мағынадағы сөздерді тауып, оған талдау жасаңдар.



8-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтін ішінен меңзеу (синекдоха) мағынадағы сөздерді тауып, оған талдау жасаңдар.

Үлгі: жеке басың – толық адам мағынасында қолданылып тұр.



9-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтін ішінен метафоралық мағынадағы сөздерді тауып, оған талдау жасаңдар.

Үлгі: ақысын жеу, таза ниет, ...



10-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтінде нүктенің қойылу себептерін түсіндіріңдер.



«Адалдық – адамгершілікті бейнелейтін қасиет» тақырыбында шағын көркем мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрастыруда ауыспалы мағынадағы сөздерден пайдаланыңдар.



Септік жалғаулары арқылы есімдер сөйлемдегі етістіктермен де, шылау сөздермен де, есімдер өзді-өздері де жалғасып әр алуан қарым-қатынасқа түседі. Сөйлемдегі сөздерді бірі-бірімен жалғастырып, септестіріп тұратын қосымшаларды **септік жалғаулары** дейміз. Сөздердің жалғауларды қабылдап өзгерту жүйесін сөздердің септелуі деп немесе септеу деп атайды. Септік жалғау зат есімге жалғанып, әр түрлі грамматикалық мағына үстеп, сөйлемде оны басқа сөздермен байланысқа түсіреді.

Қазақ тілінде жеті септік түрі бар: *атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес* септіктер. Атаудан басқа септіктің арнайы жалғаулары бар. Атау септіктің тұлғасы зат есімнің түбір (негізгі және туынды) тұлғасымен сәйкес келеді, арнайы жалғауы жоқ. Септік жалғаулары сөзге буын үндестігі мен ілгерінді ықпал заңдылықтары бойынша жалғанып, әр септік жалғауы сол сөзге белгілі-белгілі грамматикалық мағына үстейді. Тек көмектес септік жалғауы буын үндестігіне бағынбайды.



11-тапсырма. Берілген мәтінді оқып, мазмұнын ұғып алыңдар. Соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

ӘКЕ МЕН БАЛА ДИАЛОГЫ

Ұстанған қасиеті қарымына қарай түрленіп отыратын ер азамат болмысы айшықталған сәтте тектілік тұрпаты көрініс табады. Жалпы, қоғамда әкенің алар орны ерекше. Еркек түзде де, үйде де отбасына қорған бола алуы тиіс. Үлкен салған сара жолды жалғаған кез келген азаматтың бағыты айқындалғанда саналы ғұмырын текке жұмсамайды, қайта табандылығы мен қайратын бойына жинап, ұрпағына үлгі болады. Құндылық өлшемі өмір бойы таразыға түсетін ұсақ дүниеден құралған үлкен мағыналы ұстаным. Ендеше, бүгінгі әкенің отбасындағы рөлін аттырудағы екі тараптың әңгімесін назарға ала отырып, біраз нәрсеге тоқталатын боламыз.



Бесіктегі баласына құшырлана қараған әкенің кескін-келбетінде ашылмаған сыр жатыр. Кенжесін барынша айналып-толғанғанда бала күлкісінен артық бақыт жоқ секілді. Тұңғышы әкесінің жанына келіп, біраз уақыттан бері өзін мазалап жүрген сауалына жауап алғысы келетінін білдірген. Бала ниетін аңғарған Жомарт назарын үлкен ұлына аударды. Сонда ұлы:

– Өке менің жасым он бестен енді асса да, өмірде толғандыратын талай дүниені аңғарып жүрмін. Қазіргі таңда қатарластарымның арасында әкесін қадірлемейтін, мүлде адам құрлы көрмейтіндер кездеседі. Аузынан шыққан екі сөздің бірінде жатқан өшпенділік бар. Неге олай?

– «Әкесі бар баланың жебесі тастан өтеді» – дейді балам. Сауалың орынды. Біз мейілінше жақсы көрінуге тырыссақ та, іште жатқан бір ойлағанымыз маза бермейді. Қашанда перзент санасына жақсылықты сіңірген жағдайда оның болашағынан үміт күтуге болады. Тәлім-тәрбиесін сан бағытта нұсқаған әке артынан өшпес із қалдырады. Ал, мардымсыз дүниеге малданып, мына өмірден мақұрым қалған кей кісі таусылып бітпейтін сөзден құтыла алмайды. Қай кезде де жамандық атаулыға жаны құмар адамның қадірі көпшілік тұрмақ отбасында да жоғалады. Сен айтқан қадір-қасиеттің жоғарғы сатысы балаға берген мейірім-шапағатта жатыр. Күні бойы әкесінен оңды сөз естімеген қатарластарыңның өшпенділікке бой алдыруы отбасындағы тұрақсыздықтан туындайды.

– Тұрақсыздық демекші, кейде отбасындағы кикілжің ерлі-зайыпты арасында жиі орын алатын құбылыс. Өлденеге келісе алмаған екеудің көкsegені өз дегенін орындату екені рас. Осындай жағдай белең алғанда көбіне бала психологиялық тұрғыдан қатты соққы алып жатады. Баланың пікірі тасада қалып, ата-ана екі жаққа айырылысып кетеді. Бұл тұста, өмірлік сүйген ерімен ұғыса алмаған әйелдің басты ұстанымы кенет басқа арнаға түседі. Өке жат секілді баласынан теріс айналады. Осы ретте, әділдігін ұға алмай тағы Сізге жүгінемін.

– «Әйел үшін сұлулық ақылдан гөрі маңыздырақ, өйткені еркекке ойланғаннан гөрі қараған оңайырақ» деген тәмсілдің астарына үңілсең көкейіңдегі сауалға жауап табасың. Жалпы, ер мен әйелдің сан түрлісі бір-бірімен жұптасып жатады. Қыз бен жігіт ретінде танысқан уақытта тек сыпайы сыйластық шеңберінен шыға алмайды. Өз кезегінде отбасы құрған жағдайда ортақ міндетті жүзе асыруда жауапкершілікті сезіне алмай қалады. Сосын ортақ түсіністік таба алмай екі бөлінуге тура келеді. Өкенің бала алдындағы борышы жанынан тысқары жүрсе де өтелуі тиіс. Өшпенділіктің бір ұшы кішкентайында дұрыс қамқорлық жасалмағандай шығады. Шындығында, ер азаматтың отбасындағы орны әйелі құрмет тұтып, төрден орын берген кезде айқындалады. Ал, бет алды балағат сөзге ерік беріп, перзенті алдында әкесін төмендету әрбір отбасында сый мен құрметтің пайымына бара алмайтын ұрпақ өсуіне әкеліп соқтырады. Кімге болса да айтарым, жат бауыр болу оңай, зая кеткен уақытты қайтару, сенімге кіру, ардақты әке атану, мейірімді ана болу, ізгілігі мол перзент болу қиын. Перзентінен теріс айналып, жетімге айналдыру құптарлық жағдай емес.

– Өке, соңғы сұрайтыным артыңнан ерген ұрпағыңнан не күтесің? Кемшілік пен ағаттықты кешіре білу зор қасиет. Атадан балаға аманат болған дәстүр сабақтастығын бұзбау да басты назарға алына-тын не нәрсе? Әкесі еккен саялы бақтағы жеміс ағашын суғармай, айтқанды орындамайтын талай баланы көріп жүрміз. Сіз де отбасы

алдындағы міндетті орындадыңыз. Сіз абырой биігінде болуыңыз үшін не істеуіңіз керек?

– «Адам ақылды болған сайын қарапайым келеді» дейді ғұлама Цицерон. Мен ұрпағымның ақылды, парасатты ер жеткенін қалаймын. Қай іске бармас бұрын ақыл таразысына салып, ойланғанын абзал көремін. Кез келген істің кейбірінен жиреніп, жақсысын бойына сіңірсе деймін. Ағайынның арасында тату болған дұрыс. Әрбір перзентім баптап өсірген жемісім. Әрі қарай мен салған ізден адаспай ұлт дәстүріне берік болғанды қалаймын. Теледидардан сен көрген сан құбылған, қызға ұқсаған жігіттің әкесі олай өмір сүрмеген. Бала кезінде дәл мендей тәрбиесін берген, бірақ баласы ортасына қарай бейімделіп кеткен. Айтарым жүретін ортаңды дұрыста. Біреу саған шапағатын тигізсе, сен оған мың жақсылық жасауды ойла. Сонда адами болмысың да, қасиетің де жоғалмайды. Ұрпақтар сабақтастығы өзара байланысқан сәтте ұлт қаймағына іріткі түспейді. Дәстүрдің қайнар көзі әкенің тәлімінде жатыр. Оны ұғынған перзент жамандықтан өзін алшақ ұстайды. Менің қалайтыным көз қуаныштарымының амандығы, болашағынан күтетінім – саналы азамат болуы.

Қоғамдағы әкенің рөлі, жоғарыда аталғандар перзент тарапынан мүлтіксіз орындалған жағдайда айшықталады. «Әкесіз бала жиын болса бара алмас, барса орын ала алмас» деген Бұқар жырау сөзін берік ұстанғаным соншалық көзімнің тірісінде өз орындарыңды жаңылыспай тапқандарыңды қалаймын.



1. Ер азамат дегеніміз не?
2. Отбасында әкенің орны қалай деп ойлайсың?
3. Он бес жастағы бала әкесі Жомартқа бірінші қандай сұрақ қояды? Не үшін ол сұрақты қойғысы келді?
4. Баласының сұрағына әкесі қалай жауап қайырады?
5. Отбасындағы тұрақсыздыққа қалай түсінесің?
6. Отбасындағы ерлі-зайыпты арасында болып тұратын кикілжіңдерге сенің көзқарасың қандай?
7. Әкенің баласы алдындағы борышына мән беріңдер.
8. Қай уақытта ер азаматтың отбасындағы орны білінеді?
9. Қандай дәстүрлер атадан балаға аманат болған дәстүрлер?
10. Цицеронның «Адам ақылды болған сайын қарапайым келеді» деген сөзін қалай ұғынасыңдар?
11. Бұқар жыраудың «Әкесіз бала жиын болса бара алмас, барса орын ала алмас» деген сөзінің мәні мен маңызын біліп алыңдар.



12-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін құрамынан қайда, қайдан және қалай деген сұрақтарға жауап болатын септік жалғаулы сөздерді тауып, олардың қай септік жалғауын жалғап тұрғандығын анықтаңдар.

Үлгі: *Баланың пікірі тасада қалып, ата-ана екі жаққа айырылысып кетеді.* Бұл сөйлемде **тасада** және **жаққа** деген сөздер кездеседі.

Тасада – **-да** деген жатыс септігінің жалғауын қабылдап, қайда? деген сұраққа жауап береді;

Жаққа – **-қа** деген барыс септігінің жалғауын қабылдап, қайда? деген сұраққа жауап береді.



13-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін құрамынан септік жалғауларының жасырын келуімен байланысты сөздерді тауып, олардың қай септікпен байланысты екендігін аңғарыңдар.

Үлгі: Құндылық өлшемі өмір бойы таразыға түсетін ұсақ дүниеден құралған үлкен мағыналы ұстаным. Бұл сөйлемде **құндылық өлшемі** деген тіркесте ілік септігінің жалғауы жасырын келіп тұр. Негізінде **құндылықтың өлшемі** болуы қажет, бұл орында ілік септігінің жалғауы түсіп қалған.



14-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін құрамынан матаса байланысқан сөз тіркестерін тауып, олардың қалай байланысып тұрғандығын анықтаңдар.

Үлгі: Жалпы, қоғамда әкенің алар орны ерекше. Бұл сөйлемде **әкенің алар орны** деген сөз тіркесі матаса байланысқан. Мұнда **әкенің** сөзі ілік септігінің жалғауын қабылдап, **алар орны** сөзімен матаса байланысып, тәуелдік жалғауының III жақ жалғауын қабылдап тұр.



«Әке – отбасы тірегі» тақырыбында шағын көркем мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрастыруда тәуелдеулі сөздерге жалғанған септік жалғаулы сөздерді пайдаланыңдар.



СҰРАУ БЕЛГІСІНІҢ ҚОЙЫЛАТЫН ОРЫНДАРЫ

1. Сұраулы сөйлемдерден кейін қойылады;
2. Сұраулық мәнін көтеру үшін кейде бірыңғай мүшенің әрқайсысынан кейін қойылады;
3. Сұрау белгісі кейде сөйлемдегі белгілі бір сөздің мәні оқушыға түсініксіз, неге олай деген күдік туғызғанды аңарту үшін қойылады, мұндайда ол сол сөзден кейін жақшаға алынады.



15-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнын ұғып алыңдар да, соңындағы сұрақтарға жауап қайырыңдар.

БАЯҒЫДА ҚАЗАҚ БАЙЛАРЫ ҚАНДАЙ БОЛҒАН?

Қазақтың байлары халқының қамын жеп, жағдайын ойлап отыратын менеджер болған. Алайда қазір бай адам туралы пікір түбегейлі өзгерген. Оған не себеп?

Қазақ байлары халқына тек байлығымен ғана емес, ақыл-парасатымен, жомарттығымен сыйлы болған. Өйткені олар бай мен кедей арасындағы тепе-теңдікті сақтап, қол астындағы халықтың әл-ауқаты мен қал-жағдайының жақсы болуын бақылауда ұстаған.

Сонымен қатар бір рудың атақты шешендері мен батырларының жағдайын жасаған. Тіпті ел қорғайтын әскерінің барлық шығынын



көтерген. Сондықтан қазақта малдың, байлықтың иесін емес, рухани жағынан ішкі діңгегі мықты, ақылы толысқан, түсінігі жоғары, өзі текті адамды бай деп атаған.

Байлықтың екі түрі болады. Бірі – материалдық, екіншісі – рухани. Кезінде рухани бай адамды дәулетті деп атаған. Ілім-білім, ақыл-парасат бай-

лық арқылы келеді. Мысалы, атақты Құнанбай малы болған соң, Абайды оқытты. Оның шығармашылықпен еркін айналысуы үшін інісі Оспан да барын аямаған. Міне содан Абай Абай болды, халқына баға жетпес құнды мұра қалдырды. Ал жоқшылықтың азабын тартқан, қарны аш адамның хайуанға айналатыны белгілі емес пе? Өйткені, қу тамақты ғана ойлайтын, өзі аш-жалаңаш адамнан не күтесің, онда қандай сана-сезім болады?!

Кезіндегі байлар осыны жақсы түсінген. Олар өз руының жағдайын жасай отырып, тепе-теңдікті ұстап отырған. Абай «сұлу аттың көркі – жал, адамзаттың көркі – мал» деген. Адам мінезінің көркемдігі, жомарттығы, пейілінің кеңдігі барлығы байлықтан, яғни байлық – адамның көңілін тойдырады. Көңілі тоқ адам айналасына шапағат-нұр төгуге әзір болады.

Қазақ «жемесең де май жақсы, бермесе де бай жақсы» деген бір ғана мақалымен бай адамның рөлін анықтаған. Өйткені байлыққа өркімнің қолы жетпейді, бай болу кез келгеннің қолынан келе бермейді.

Бай адамға деген түсінік-көзқарасты Кеңес үкіметі өзгертті. Бізге байларды жау қылып көрсетті. Ал олар бір ауылдың, бір рулы елдің, қала берді жауға шабатын әскердің де жағдайын жасаған. Мысалы, Кенесары бастаған көтерілісте сарбаздарды ас-су, тамақ, мініс ат, қару-жарақ, киіммен байлар қамтамасыз еткен.

Ал ауыл-ауылды аралаған ақын-жыршыларды, жыраулар мен сал-серілерді де бай адамдар айлап қонақ қылған. Соның арқасында ел жұрт ән-жырға қаныққан, рухани азық алған. Бұқар жырау «шүлдірлеген қызыл тілден не пайда, алдыңа салып айдаған малың болмаса» деген. Сондай-ақ «ақыннан да, батырдан да бай жақсы» дейді қазақ. Адамның әлеуметтік жағдайы бірінші орында тұрады. «Қанша шешен болса да, дауға салма малсызды, қанша батыр болса да жауға салма жалғызды» деген бар. Ауылдың бетке ұстар азаматтарына



артынан ерген руластары мен ауылдың байлары демеу көрсетіп отырған.

Байлар бұл әрекеті арқылы өздерінің тектілігін танытқан, өйткені руханияттан өзі ғана емес, халқының да сусындап өсуіне мүмкіндік берген. Содан келіп, жақсы әке, жақсы ана, тәрбиелі ұл-қыз өсірген. Әрі ән-жырдың таралуына себепкер болған.

Бай болу үшін адамға биік парасат, терең ақыл керек. Өйткені адамды арманына жетелейтін, жеткізетін байлық. Ал қазақ байлықты Алла Тағаланікі деп түсінген. Сондықтан байлар құдайдың сүйікті құлы болуы үшін жан-жағына, туған-туыстарына көмек беріп, қарасып отырған. Осылай үйлесімді өмір сүргендіктен, қазақ қоғамында құл деген болмаған. Байдың малын баққандар өз малым деп есептеген, өйткені басына күн туса, көмектесетін бай болған.

«Адам ғапыл дүниені дер менікі,
Менікі деп жүргеннің бәрі онікі.
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда ойла, болады не сенікі?»

– деп Абай атамыз Пайғамбар сөзін уағызбен дәл жеткізген.

Оспан інісінің әйелі Еркежанды Абай әмеңгерлік жолмен алған кезде, бақташысы Шәукімбай ере келеді. Ол жаққан оттың шоғының үстіне киіз төсеп далада жатып, өмір бойы мал бағумен жүрген екен. Сол Абайдың малды есепсіз жұмсағанын көріп, «Мына біреу басы қазандай болып алып, малдың бәрін тауысып болды. Өзі балта қайрауға да жарамайды» деп ренжиді.

Оны естіген Абай «Бұл шындықты айтып тұр. Еңбек осылардікі» деген екен. Шәукімбайдың бұл сөзінен байдың малын өз малындай қарағанын білуге болады.

Байлардың да түр-түрлісі болады. Сараң бай – сасық бай. Сараң байдың қашанда халық арасында қадірі болмаған. Оларды «сасық бай» деп атаған. Тіпті ауыл-ауылды аралап жүретін сал-серілер, жыраулар да ондайлардың үйіне бармаған.

Ал олардың ауылына түспей кетуі бай үшін үлкен мін, сүйекке таңба болған. Ақтамберді жырау «Қайырлы болса баяжан, айдын шалқар көлмен тең, қайырсыз болса жаман бай, тартылып қалған шөлмен тең» деген теңеуді қайырсыз байға айтқан.

Тарихта дүниесін игілікке жұмсаған бай аз болмаған. Оның бір дәлелі, «Қазақ» газетінің алғаш шығуына байлар ат салысқан. Құнанбайдың да байлығын құдай жолына жұмсап, «малым – жанымның садағасы» деп, Меккеде мешіт салдырған.

Қазақта елдің құтына айналған байды ерекше құрметтеген. Байлық адам бойындағы қасиетті танытады деп есептеген. Байлар табысының он пайызын жылына бір рет таратып, халықты жарылқаған, әрі елдің алғысын алған. Сондықтан оларды «құтпан бай» деп атаған.

Біздегі бай адамға деген түсінікті, көзқарасты кеңес үкіметі өзгерткенмен, дәл қазіргі кезеңде байға деген теріс пікірдің қалыптасуына олардың арам жолмен баюы себеп болып отыр. Арам жолмен байығанын көрген соң, ондайларға деген халықтың сый-құрметі де жоғалады. Сонымен қатар, қазір бізде елдің тұтастығын ойлайтын байлар жоқ.



Қазіргі уақытта адамның қолы байлыққа әр түрлі жолмен жетуі мүмкін. Ол үшін барлық мүмкіндік бар. Ақылына жүгініп, баюға болады дегенді жастардың миына құйып, соған үйретуіміз керек. Сонда байлыққа деген көзқарас түбегейлі өзгереді.



1. Кезінде қазақтың байлары қандай болған?
2. Байлықтың қандай түрлері бар?
3. Байлық пен дәулет деген сөздердің қандай айырмашылығы бар?
4. Абайдың «сұлу аттың көркі – жал, адамзаттың көркі – мал» деген сөзінің мәнін түсіндіріңдер.
5. Қазақтың байларына деген түсінік-көзқарастар қашан өзгере бастады?
6. Бай болу үшін адамға не қажет болады?
7. Өмірде қандай байларды көргенсің? Байлардың қандай түрлері бар?



16-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін құрамынан сингармонизм заңдылығына бағынбайтын септік жалғаулы сөздерді тауып, оларға талдау жасаңдар.

Үлгі: байлығымен: -мен жалғауы, көмектес септігінің жалғауы, **байлық** сөзіне жалғанып тұр, буын үндестігіне бағынбаған.



17-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін құрамынан тәуелдеулі сөздердің барыс, табыс және жатыс септік жалғауларындағы сөздерді тауып, олардың өзіндік ерекшеліктерін анықтаңдар.

Үлгі: арасында, астында, ... бұл сөздерде жатыс септігінің жалғауы **-нда** формасында жалғанған, себебі тәуелдеулі сөздерге жатыс септігінің жалғауы осындай формада жалғанады.



18-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін құрамындағы сөйлемдерге не үшін сұрау белгісі (?) қойылғандығын түсіндіріңдер.



«Бай болсам, ...» тақырыбында шағын көркем мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрастыруда қайда деген сұрауға жауап беретін септік жалғаулы сөздерді көбірек пайдаланыңдар.



ЛЕП БЕЛГІСІНІҢ ҚОЙЫЛАТЫН ОРЫНДАРЫ

1. Леп белгісі көтеріңкі дауыспен айтылған лепті сөйлемдерден соң қойылады.
2. Ерекше бір көңіл-күйіне байланысты көтеріңкі дауыспен бұйыру, өтініш мағынасында айтылған сөйлемдерден соң қойылады.
3. Ұранды сөйлемдерден кейін қойылады.



4. Ерекше көтеріңкі дауыспен айтылған қаратпа, одағай сөздер мен «жоқ», «ия» деген сөздерден кейін қойылады.

5. Ерекше мән бере көтеріңкі айтылған атаулы сөйлем сияқты сөздерден кейін леп белгісі қойылуы мүмкін.

6. Сәлемдескенде айтылатын, ішінде сұраулық шылауы бар тіркестерден кейін леп белгісі қойылады.



19-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнымен танысып болған соң, ондағы леп белгісі мен сұрау белгінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.

БАЙЛЫҚ ПЕН КЕДЕЙЛІК ТУРАЛЫ ТӘМСІЛ

Бірде ауқатты отбасының отағасы кішкентай ұлын ауылға, малшылардың ортасына ала барыпты. Адамдардың тұрмысының қаншалықты кедей екендігін өз көзімен көрсін деген ойы болған. Олар өте кедей тұратын отбасында бір күн және бір түн болыпты. Үйіне оралғасын әке баласына мынадай сұрақ қойыпты:

- Қалай, саған сапарымыз ұнады ма?
- Әке, бұл бір ғажап болды!
- Адамдардың қаншалықты кедей болатынын өз көзіңмен көрдің бе? – деп сұрапты әкесі.
- Иә, көрдім.
- Ал осыған қарап не ұқтың?

Ұлының жауабы:

– Біздің үйде бір итіміз болса, олардың төрт төбеті бар екен. Бақтың ортасында біздің хауызымыз болса, олардың ол шеті мен бұл шетіне көз жетпейтін шексіз, шетсіз теңіз айлағы бар екен. Бақшамызда шам жағамыз, ал олар жарықты жұлдыздардан алады. Біздің ауланың сыртында патио бар, ал оларда – керілген көкжиек.

Ұлының жауабын естіген әкенің тілі байланып қалыпты. Ал ұлы сөзін былай жалғапты:

– Әке, көп рахмет, сен маған біздің қаншалықты кедей екендігімізді көрсеттің.

Бәрі де мына жарық дүниеге қандай қырынан қарауыңа байланысты болып отыр ғой! Шынайы сүйіспеншілігі, достары, отбасы, денсаулығы, жақсы көңіл-күйі мен өмірге құштарлығы бар адамда бәрі де болады!

Алайда жоғарыда көрсетілгеннің ешқайсысын да ақшаға сатып ала алмайсың. Ойыңа келген материалдық игіліктердің кез келгенін сатып алуға болады, тіпті келешекке қор жасау мүмкіндігі де бар. Бірақ көңілің тоқ болмаса, жан-дүниенің қаңыраған бос болса, бұның бәрі бекер, құр әурешілік, өзің де қуыс дөңбексің! Сенен не үміт, не қайыр?!



20-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен *-ға, -қа, -а, -на, -ның, -тың, -дың, -да, -та, -нан, -дан, -тан, -ды, -ты, -ны* септік жалғаулары жалғанған сөздерін ажыратыңдар да, неліктен бұлай жалғанғандығын түсіндіріңдер.



21-тапсырма. Төмендегі грамматикалық тестке жауап беріңдер.

1	Мәтін ішінен тәуелдеулі барыс септігі қатысқан сөзі бар сөйлемнің қайсы қатарда тұрғандығын белгілеңдер.
A	Бірде ауқатты отбасының отағасы кішкентай ұлын ауылға, малшылардың ортасына ала барыпты.
B	Алайда жоғарыда көрсетілгеннің ешқайсысын да ақшаға сатып ала алмайсың.
C	Бірақ көңілің тоқ болмаса, жан-дүниең қаңыраған бос болса, бұның бәрі бекер, құр әурешілік, өзің де қуыс дөңбексің!
D	Шынайы сүйіспеншілігі, достары, отбасы, денсаулығы, жақсы көңіл күйі мен өмірге құштарлығы бар адамда бәрі де болады!

2	Мәтін ішінен тәуелдеулі табыс септігі қатысқан сөзі бар сөйлемнің қайсы қатарда тұрғандығын белгілеңдер.
A	Бірде ауқатты отбасының отағасы кішкентай ұлын ауылға, малшылардың ортасына ала барыпты.
B	Бәрі де мына жарық дүниеге қандай қырынан қарауыңа байланысты болып отыр ғой.
C	Бақшамызда шам жағамыз, ал олар жарықты жұлдыздардан алады.
D	Біздің үйде бір итіміз болса, олардың төрт төбеті бар екен.

3	Мәтін ішінен табыс септігі жасырын келген сөзі бар сөйлем қайсы қатарда тұрғандығын анықтаңдар.
A	Біздің ауланың сыртында патио бар, ал оларда – керілген көкжиек.
B	Бақшамызда шам жағамыз, ал олар жарықты жұлдыздардан алады.
C	Бірде ауқатты отбасының отағасы кішкентай ұлын ауылға, малшылардың ортасына ала барыпты.
D	Олар өте кедей тұратын отбасында бір күн және бір түн болыпты.

4	«Бақтың ортасында біздің хауызымыз болса, олардың ол шеті мен бұл шетіне көз жетпейтін шексіз, шетсіз теңіз айлағы бар екен» деген сөйлемде қандай септік жалғаулары қатысқан?
A	Ілік септігі, жатыс септігі, барыс септігі жалғаулары.
B	Ілік септігі, жатыс септігі, көмектес септігі жалғаулары.

C	Табыс септігі, жатыс септігі, барыс септігі жалғаулары.
D	Шығыс септігі, табыс септігі, барыс септігі жалғаулары.

5	Жауаптағы мәтін ішінен келтірілген сөйлемдердің қайсысында сингармонизм заңына бағынбаған септік жалғаулы сөздер кездеседі?
A	Кезінде рухани бай адамды дәулетті деп атаған.
B	Оның шығармашылықпен еркін айналысуы үшін інісі Оспан да барын аямаған.
C	Кезіндегі байлар осыны жақсы түсінген. Олар өз руының жағдайын жасай отырып, тепе-теңдікті ұстап отырған.
D	Бай адамға деген түсінік-көзқарасты Кеңес үкіметі өзгертті.

Сұрақтар тәртібі	1	2	3	4	5
Дұрыс жауаптары					



«Менің байлығым» тақырыбында шағын көркем мәтін жазыңдар. Мәтін құрастыруда қалай? деген сұрауға жауап беретін септік жалғаулы сөздерді қатыстырыңдар.



ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

1. Байлыққа қалай түсінесің?
2. Байлықтың қандай түрлерін білесіңдер?
3. Ілгеріде қазақтың байлары қандай болған?
4. Рухани және материалдық байлықтардың қандай ерекшеліктері бар?
5. Байлық пен дәулеттің қандай айырмасы бар?
6. Бай мен кедейдің қандай айырмашылығы бар?
7. Не үшін бірінші байлықты денсаулықпен байланыстырамыз?
8. Сен өзіңді баймын деп санайсың ба?
9. Сен бай болсаң не істер едің?
10. Ауыс мағыналы сөздерге қандай мағынадағы сөздер енеді?
11. Көп мағыналы сөздерге қандай сөздер кіреді?
12. Қазақ тілінде неше септік жалғауы бар?
13. Сингармонизм заңдылығы дегеніміз не?
14. Сөйлеуде не жазуда тыныс белгілердің қажеті не, қандай қызмет атқарады?
15. Сөйлемде нүкте тыныс белгісі қай жерлерге қойылады?
16. Сұрау белгісі ше?
17. Леп белгісі қай жерге қойылады?
18. Қай уақытта тыныс белгілері қатар қолданылады?

IX ТАРАУ

КИНОИНДУСТРИЯ

Бұл бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

1. Киноиндустрия, саудасы жүрген фильмдер, әдебиет және кино, сериалдар, қазақ кинематографиясы бойынша танымдық мәтіндермен танысасыңдар.
2. Оқылған және тыңдалған мәтіндер негізінде анық және жасырын ақпаратты түсіну, пікір білдіру дағдыларын дамытатын жаттығуларды орындайсыңдар.
3. Пікірталас және пікірталас этикеті ережелерімен танысу, мәтін бойынша қорытынды шығару, жазба мәтіннің қорытынды бөлімін шығарасыңдар, әңгімелесу әдебі мен автордың көзқарасын бағалайсыңдар.
4. Үтір, сызықша, тырнақша, қос нүкте, нүктелі үтір туралы білімдерін кеңейту.



АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Авторлық құқық – бағдарламалық бұйымды әзірлеуге қатысты автордың құқықтық жағдайын анықтайтын заң шығаратын нормалар жиынтығы. Авторлық құқық ғылым, әдебиет, өнер шығармаларын шығару және пайдалануға байланысты қатынасты реттейтін азаматтық құқық тарауы; ол ұлттық құқық пен авторлық құқықты қорғау жөніндегі халықаралық конвенциялармен реттеледі.

Авторлық құқық және сабақтас құқығы авторлардың өнер туындыларын, қойылымдарды, орындаушылықты, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын қорғайды.

Авторлық құқық мақсатына, мазмұны мен маңызына, сондай-ақ берілу әдісі мен нысанына қарамастан, шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларына қолданылады. Авторлық құқық белгілі бір объективті түрге ие болған: *жазбаша (қолжазба, машинкаға басылған, нотаға жазылған және сол сияқты); ауызша (көпшілік алдында айтушылық, көпшілік алдында орындаушылық және сол сияқты); үнжазба немесе*



бейне-жазба (механикалық, сандық, магниттік, оптикалық және сол сияқты); бейнелеу (сурет, нобай, көркемсурет, жоспар, сызба, кино, телебейне немесе фотокадрлар және сол сияқты); көлемді-кеңістікті (мүсін, үлгі, макет, ғимарат, және сол сияқты); өзге де нысанда жария болған да (жарияланған, жарыққа шыққан, баспадан шыққан, көпшілік алдында орындалған, көпшілік алдында көрсетілген), жарияланбаған да туындыларға қолданылады.



1-тапсырма. Жоғарыдағы микромәтіннен авторлық құқық туралы мәліметті ұғып алыңдар да, күрделі сөздерді түр-түріне қарай ажыратыңдар.



Тыныс белгілері (не пунктуация) – тіл білімінде жазуға тән шартты белгілер жүйесі. Тыныс белгілері айтайын деген ойды нақтылы, дәл түсінікті етіп жеткізу үшін, сондай-ақ баяндалмақшы пікірді ала-құла етпей, айқын білдіру үшін қолданылады. Бұл – тыныс белгілерінің басты қасиеті.



ТЫРНАҚШАНЫҢ ҚОЙЫЛАТЫН ОРЫНДАРЫ

1. «Айтылмаған» сөздер, яғни біреудің ойлағаны, айтуға оқталып, бірақ әлі айтпаған сөздер тырнақшаға алынады.
2. Көркем шығармада жалпы әңгіме желісінен ауытқып келтірілген диалог (яғни әңгіме түсінікті болу үшін, бұрын болып өткен уақиғаны суреттеу ішінде келтірілген диалог) тырнақшаға алынады.
3. Сызықшамен жазылған төл сөздің ішінде келген төл сөз тырнақшаға алынады.
4. Өлең ішіндегі төл сөздер көбінесе тырнақшаға алынады.
5. Көркем шығармалардың ішінде келтірілген үлкенді-кішілі хаттар тырнақшаға алынады.
6. Дәйексөз (цитат) тырнақшаға алынады.
7. Мақалдар да тырнақшаға алынады, бірақ оның алды-артынан төл сөзге тиісті тыныс белгілері қойылмайды.
8. Біреудің сөзі мағына жағынан сөйлемге жанастырыла алынады. Олар да тырнақша арқылы жазылады, бірақ алды-артынан төл сөзге тән тыныс белгілері қойылмайды және кіші әріптен басталып жазылады.



ҮТІРДІҢ ҚОЙЫЛАТЫН ОРЫНДАРЫ

1. Бірыңғай мүшелер жалғаулық шылаусыз келгенде және жалғаулық шылаулар бірыңғай мүшелердің әрқайсысымен қайталанып айтылғанда, араларына үтір қойылады.

2. Оңашаланған айқындауыштың алды – артынан қойылады.

3. Құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдер арасына қойылады.

4. Төл сөз хабарлы сөйлем болса, автор сөзі алдынан үтір, сызықша қойылады.

5. Оқшау сөздер (қаратпа, қыстырма, одағай) сөйлем басында келсе, одан кейін үтір қойылады. Сөйлем ортасында келсе, екі шетіне үтір қойылады, сөйлем соңында келсе, алдынан үтір қойылады.



Кино (гр. *kineo* – жылжытамын, жылжимын), кино өнері – өнердің бір саласы, кинематографияның техникалық негізде қалыптасқан көркем шығармашылық түрі. Фильмді жасауға әр алуан мамандықтағы шығармашылық қызметкерлер: кинодраматург, режиссёр, актёр, оператор, суретші, композитор, продюсер, каскадёр, экономист, менеджер, тағы басқалар қатысады.



2-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнымен танысып болыңдар да, соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

КИНО ӨНЕРІ



Кино өнері ғасырдан астам уақыт ішіндегі даму жолында алғашқыда тарихи, көркем жанрларынан бастап, орта кезеңінде қиял-ғажайыпқа ұласты. Ал, бүгінгі күні комикалық көп сериялы туындыларды арқау еткен блок-бастер сипатқа көшіп отыр. Жалпы, кино жасау үшін адам факторы, еңбек күшінен бастап, техника-технологиялық құралдармен қамтамасыз етілетін қыруар қаржы көзі керек. Осы себептен де, оның барлық талаптарына жауап бере алатын ірі киностудия индустриясы жасалады. Оны, әрине, өнер арқылы пайда табуды мақсат ет-

кен бизнес құрылымдары ғана қолға ала алады. Әлемдегі мұндай жүйенің алып мекені – Голливуд екені баршамызға аян.

Голливуд голливуд болғалы, қазірдің өзінде «20 the Century Fox», «Warner Bros», «Paramount, Columbia», «Universal» деген 5 алпауыт студия үстемдік етсе, кейін «Walt Disney» келіп қосылды. Коммерциялық мақсатқа басымдық беретін ірі студияларды негіз етіп алған Голливуд мазмұны жағынан жұртшылық назарын ерекше аударарлықтай тақырыптарды таңдауға тырысады. Кинотуынды жасайтын басты тәсілдеріне келсек, сценарий жазудан бастап түсірілім жасау, монтаждау, өңдеу, дыбыс режиссурасы дегендей әр кезеңдерінде әбден маманданған шебер атқарушылар қызмет етеді. Мұны дәл өндірістегі қатаң тәртіппен жұмыс істейтін жүйемен ұқсастыруға болады. Голливудтық стандарт деп аталатын қалыптасқан тәртіптері де бар. Қалай десек те, қазіргі күні киноны бизнестен, пайда табу көзінен бөліп қарастыра алмаймыз. Әлем зерттеушілерінің арасында киноны «коммерциялық» және «қоғамдық» деген екі түрге бөліп қарастырушылық бар. Кино қай кезеңде де, адам баласының демалыс уақытын тиімді өткізуге, көңіл көтеруге бағытталып келгендіктен оны коммерциялық құралдан бөліп қарау мүмкін емес. Бүгінгі таңда әлемнің кино рыногінде Голливуд өнімдерінің зор сұраныс тудырып отырғандығынан-ақ аталмыш заңдылықты аңғаруға болады.

Кино бір жағынан көңіл көтерсе, екінші жағынан бизнес ретінде пайда таба отырып, таза өнер туындысы ретінде де дамып жатқан жанды организмге айналды. Киноның енді ғана қоғам өміріне қадам басқан сонау 1916 жылы ол тек өнерге ғана тән бейне мен динамикаға негізделген футуристік сипатта еді. Кейін кино өнеріне дадаизмдік, сюрреалистік ағымдар басым болса, бүгінде авангардтық, андерграундтық кинолар алға шықты дегенді кинотанушылар мәлімдеп отыр. Мұның басты ерекшелігінің өзі киноның байырғы миссиясы болған бейнесюжет эстетикасына негізделіп, шығарманың бастан-аяқ бір ғана монолог түрінде баяндалуынан ажыратылуында еді. Луй Бунуэл, Мая Дерен, Стэн Брэкиж секілді туындыгерлер осы бағыт бойынша классикалық санатқа көтерілді.

Киноны коммерциялық тауар емес, таза өнер туындысы деп түсінетін шығармашылық иелері де болды, әрине. Мұндай бағыт 1960–1970 жылдары өзінің шарықтау шегіне жетті деуге болады. Аталмыш тұста Еуропада «арт-кино» деп аталатын өнертану термині пайда болды. Луй Бунуэль, Ингмар Бергман, Федерико Феллини, Микеланжело Антониони, Роберт Брессон сынды арт-киноның көрнекті режиссёрлері бір кезеңде иық тірестіре өз туындыларын жарыққа шығарды. Дәл осы кезде, кино дегеніміз көңіл көтеретін, бос уақыт өткізетін құрал деп саналған баршаға ортақ ұғымның тас-талқанын шығарды. Кино дегеніміз туындыгердің философиялық ой-өрісінің, эстетикалық талғам-танымының, әлемге деген көзқарасының жемісі әрі өнер екендігін айқындап берді. Сол тұстан бастап киноның нағыз авторы әрі жасаушысы режиссёр болып саналды. Әлемдік тәжірибеде режиссёрдің өзі кинотуындының мәтінін жазып, режиссурасын жасап, түсіріп, монтаждап және продюсерлік етуі жиі кездеседі. Осы-

лайша, әлемдегі кино өнері «коммерциялық» және «арт» деген екі салаға бөлінген жайы бар.

Коммерциялық кино дәстүрін Америкалық Голливудқа, арт киноның үрдістерін еуропалықтар оның ішінде Франция, Италия, Германияға көбірек телігенімен әлемнің барлық елдерінде кино туындылар осы екі бағытта жасалады. Негізінен, Азия елдері «артхаус» кино жанры бойынша алға шығып тұр. Голливудтың өзінде де студиялық құрылымнан тыс жұмыс істеп, пайда табуды алға қоймайтын independent (дербес) киношыларды тудырды. Киноның өзі көзқарас, философия, эстетика, мәдениет және қоғам өмірінің типтік бейнесі болғандықтан көрерменге бәрін де кешенді түрде бере алатын мазмұны ауқымды құрал. Олай болса, киноның өнер ретіндегі сипаты арта түсері анық. Қазіргі жағдайды бажайлар болсақ, әлемде арт пен коммерциялық бағыттар бір-біріне жақындап, ықпалдары арта түскендері аңғарылады. Сондықтан, оны бірыңғай коммерциялық немесе тек қана арт мағынасында түсіну сыңаржақтық болар еді. Әлем кино өнері 122 жылды артқа тастап бүгінге жеткенде әлі күнге дейін коммерциялық ірі нарық әрі қоғамдық ортаға ерекше ықпалды өнер ретінде өзінің басты сипаттарын сақтап отыр.

Кино өнері пайда болған кезден бастап кинотеатр – оны таратушы басты құрал болып келеді. Бүгінгі күні киноны кең экранда кинотеатрда отырып көру мәдениеттіліктің белгісі ретінде қалып, телевизия мен үйдегі бейне құралдарына орнын бермей келеді. Ал, ғаламтор ресурстарына сүйеніп, онлайн түрінде ақылы фильмдер көруге мүмкіндіктің тууы таяу болашақта кино өнімдерін таратудың басты әрі жаңа нысанына айналуы бек мүмкін. Әлемдегі ең ірі онлайн кино қорын жасаушы «Netflix»-тің табысы 2010 жылы 2,1 миллиард доллар болса, қазір 3–4 есеге артып кеткен.

Қысқасы, әлемнің кино рыногі барған сайын ұлғайып, шекарасыз алып кеңістікке ауа жайып барады.



1. Кино өнері дегенде қандай өнер көз алдыңа келеді?
2. Кино өнерінің тарихы туралы не білесің?
3. Голливуд қандай мекен?
4. Кино қашан өмірге келді және қалай?
5. «Арт-кино» деп аталатын өнертану терминін түсіндіріп беріңдер.
6. Арт-киноның көрнекті режиссерлеріне кімдерді білесіңдер?
7. Коммерциялық киноға көзқарасың қандай?
8. «Артхаус» кино жанры қандай жанр?
9. Өлкендегі қандай кинотеатрларды білесіңдер?
10. Кинотеатрда көрген ең соңғы киноң жайлы әңгімелеп беріңдер.



3-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен тырнақшаға алынған сөздерді теріп жазыңдар да, олардың қойылу себептерін анықтаңдар.



4-тапсырма. Жоғарыдағы мәтінде үтірдің қосылу себептерін түсіндіріңдер.



5-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен жалқы есімдерді тауып, олардың жазылу емлесіне назар аударыңдар.



ҚОС НҮКТЕНІҢ ҚОЙЫЛАТЫН ОРЫНДАРЫ

1. Жалпылауыш сөзден кейін, бірыңғай мүшелердің алдынан қойылады.
2. Жалғаулықсыз себеп-салдар салаласта салдар мәнді сөйлемнен кейін қойылады.
3. Жалғаулықсыз түсіндірмелі салаласта жай сөйлемдердің арасына қойылады.
4. Төл сөздің алдында келген автор сөзінен кейін қойылады.



НҮКТЕЛІ ҮТІРДІҢ ҚОЙЫЛАТЫН ОРЫНДАРЫ

1. Нүктелі үтір санамаланып берілген құрылымдардың араларына қойылады.
2. Бір күрделі ойдың, шумақтың, сөйлемнің ішінде мағынасы, құрылысы жағынан ұқсас келетін сөйлемдер арасына қойылады.
3. Бірыңғай мүше түрінде келген, мазмұндас сөйлемдерден кейін қойылады.
4. Өз ішінен үтірмен айырылған ыңғайлас мәнді құрылымдардың (сөйлемдердің) арасына қойылады.
5. Жайылма (күрделі) бірыңғай мүшелердің әрқайсысының (немесе бірқатарының) өз іштерінде үтір кездесетін болса, бірыңғай мүшелердің жігіне нүктелі үтір қойылады.



6-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнын ұғып алыңдар да, соңында берілген сұрақтарға жауап қайырыңдар.

КИНЕМАТОГРАФ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІКТЕР

Кинематограф – грек тілінен алынған сөз тіркесі: *kinematoc* – қозғалыс, *grapho* – бейнелеу, жазу, тұтас алғанда «қозғалысты бейнелеу» деген мағынаны береді. Бұл ұғымның француз тіліндегі алғашқы қолданылымы «синематограф» деген атпен фильмдер өндірісінің тұтас жүйесін (түсірілуі және таратылуы) білдіретін болды. Экрандық шығарманың өндірістік сатыларын жүзеге асыра алатын көркемдік тәсілдері мен комплексті техникалық құрылым жиынтығы кино өнерінің даму тарихында талай өзгерістерге ұшырады.

Кинематографтың техникалық ерекшеліктерінің негіздері қатарында:



– қозғалыстағы объектінің фазаларын қамту және киноплёнкаға түсіру (жүйелі түрде алмасып отыратын фотокөріністердің жылдамдығын арттыру арқылы немесе кинокөріністік кадрларды түсіру);

– плёнкаға түсірілген көріністердің үлкен экранға проекциялануы.

Осы мүмкіндіктердің жүзеге асырылуы кинематографтың өзіндік ерекше коммуникативтік принципі болып табылады.

Кинематография – фильмдер өндірісін және дайын киноөнімдерін проекциялау техникасымен арнайы жабдықталған мекемелерде (кино көрсетілетін залдар, кинотеатрлар) көрсету тәсілдерін жүзеге асыратын сала болып табылады. Кинематографияның даму сатыларында мәдениет пен экономика салаларының даму заңдылықтары тең дәрежеде қамтылады. Фильмдер өндірісі киностудияларда, фильм көрсету кинотеатрларда, телеарналарда, жылжымалы киноқондырғылар арқылы ашық алаңдарда жүзеге асырылады.

Кино өнері – кинематографияның техникалық негіздерінде қалыптасқан көркем шығармашылықтың бір түрі. Экран өнері (аудиовизуальді коммуникация түрлерінің бәрі – теледидар, бейнетаспалар, бейнедискілер т.б.) уақыт өлшемі мен кеңістіктегі өнердің барлық ресурстарын қамтиды. Экрандық шығарма – коллективті өнердің нәтижесі, оның сапасына түсіру тобына енген шығармашылық тұлғалардың әр деңгейдегі өз тарапынан қосқан үлестері болады. Шығармашылық тұрғыдан алғанда кино өнімінің жетістігінде негізгі роль режиссёрға байланысты.

Кино өнерінің пайда болуы қоғам дамуындағы көркем-мәдени шығармашылық тарихының заңды кезеңі болып табылады. Әдебиеттің, театр және бейнелеу өнерінің, музыканың суреттеу тәсілдерін қамти отырып, кино өнері арқылы көркем шығармашылықтың жаңа суреттеу формалары табылды. Тарихи тұрғыдан алғанда кино өнерінің пайда болуы кинематографтың (техникалық өндіріс жүйесі мағынасында) бастапқы кезеңіне сәйкес келеді. XIX-ғасырдың соңында көрсетіле бастаған алғашқы киносеанстардың сапасы жағынан төмен деңгейде болғандығына қарамастан кино өнерінің түрленуіне мысал бола алады.



1. Кинематограф деген сөз қандай мағынаны білдіреді?
2. Кинематографтың қызметі неде?
3. Кинематографтың қандай техникалық ерекшеліктері бар?
4. Кинематография қандай сала?
5. Кино өнері қандай шығармашылық?
6. Экран өнері, экрандық шығарма дегендерге қалай түсінесіңдер?
7. Фильмдер өндірісі қандай жерлерде амалға асырылады?



7-тапсырма. Жоғарыдағы мәтінде қос нүкте мен нүктелі үтірдің қолданылуына мән беріңдер де, неліктен бұл тыныс белгілердің қойылғандығын түсіндіріп беріңдер.



8-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен сингармонизм заңдылығына бағынбаған сөздерді тауып, оларға талдау жасаңдар.



«Ең жақсы көрген фильмім» тақырыбында шағын шығарма жазыңдар да, онда қос нүкте және тырнақшамен келетін сөздерді қатыстырыңдар. Неге ол тыныс белгілерін қайғандарыңды түсіндіріңдер.



9-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнын ұғып, соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ КИНОСЫ

Бала күнімде халық батыры Амангелді Иманов туралы түсірілген фильмді сан мәрте көрдім, бірақ оның ұлттық кино тарихындағы алғашқы қазақ фильмі екенінен хабарсыз едім. Одан сол кездегі саясаттың «лебі» соғып тұрса да, қазақ киносының тарихы осы туындыдан басталады. Фильм 1938 жылы түсіріліп, 1939 жылы 25-қаңтарда премьерасы өтті.



Сол жылдардағы ел өкіметі көрнекті жазушылар Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсіреповке, Амангелді Иманов туралы материал жинап, сценарий жазуға тапсырма берді. Сондай-ақ олардың қасына Кереку өңірінде туған белгілі қаламгер Всеволод Ивановты қосады. Қаламдары жүрдек үш суреткер аз уақыт ішінде сценарийді жазып, даяр етеді. Енді киноны түсіру керек.

Осы жерде көрнекті публицист, қоғам қайраткері, кезінде Мемлекеттік кино комитетінің төрағасы болған Камал Смайыловтың «Амангелді – тұңғыш қазақ фильмі» атты мақаласынан үзінді келтірейік:

«Қазақстан мен Ленинград арасында бір-бірімен жасасқан шарт бартұғын. 1934 жылы Киров келіп қайтқаннан кейін, олардың арасында өнеркәсіп, ғылым мен өнер саласында екіжақты байланыстар өрбіген. Қазақстан өкіметі Ленинград киностудиясынан осы фильмді қоюға жәрдем сұрады. Режиссер М. Левин мен оператор Х. Назарьянц бастаған кино тобы келіп, «Амангелді» фильмін түсіруге кірісті. Фильм оқиғасы Торғай жерінде өтсе де, жақын жерде, Алматының айналасына түсірілетін болды. Әйгілі Суықтөбені кино адамдары сонда «игере» бастаған. Одан кейін сол жерде талай фильмдер («Жамбыл», «Алдар көсе», «Шоқ пен шер», т.б.) түсірілді» дейді Камал ағамыз.

Қазақ өмірінен түсірілген тұңғыш киноға ең талантты деген актёрлер таңдап алынды. Олардың дені алғаш құрылған Қазақ театрының тарландары еді. Айталық, Амангелді рөліне Елубай Өмірзақов бекітілсе, батырдың әйелі Балымды – ғажайып биші Шара

Жиенқұлова ойнады. Сонымен қатар фильмдегі басқа рөлдерде – Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Құрманбек Жандарбеков, Рахметолла Сәлменов, Қапан Бадыров ойнады. Осы фильмге белгісіз сарбаз болып Шәкен Айманов та түскен. Музыкасын А. Жұбанов пен М. Гнесин жазған. Суретшісі – Қ. Қожықов.

Фильмге Амангелді Иманов бастаған 1916 жылғы Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісі арқау болды. Осы көтерілістің басталуына үстем елдің отаршылдық саясаты ғана емес, патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы майданның қара жұмысына 19 бен 43 жас аралығындағы қазақ ер-азаматтарын шақыру жарлығы түрткі болды. Осыған байланысты еліміздің әр өңірінде халық бас көтерді. Соның ішінде Торғай даласындағы қарсылық үлкен көтеріліске ұласып, оған Қызылорда, Қостанай, Ақтөбе, Ақмола, Семей аймақтарынан адамдар қосылып, ғылыми деректерде халық батырының соңынан ерген көтерілісшілер саны 50 мыңға жеткендігін айтады. Көтерілісшілер жанында әскери кеңес жұмыс істеген. Бас сардардың соңынан ерген сарбаздар мұздай қаруланған жазалаушы отрядқа қарсы тұрып, тойтарыс береді. Кинода осы оқиғалар нанымды бейнеленген. Ақыры, Амангелді батыр әйелі Балымның қолында жан тапсырады.

Қайбір жылдары осы киноны «Қазақтың алғашқы дыбыстық көркем фильмі деп санай аламыз ба?» деген түрлі пікірлер туғанда, оған Камал Смайылов тұшымды жауап беріпті.

«Санай алмаймыз, дегендер – біріншіден, оны қойған режиссер мен оператор қазақтар емес, екіншіден, ол басқа киностудияның базасында түсірілген» (ол кезде қазақ киностудиясы құрылмаған) деген «дәлел» айтады, екінші жағынан бұл фильмнің сценарийін жазған қазақ жазушылары, ойнаған қазақ актерлері, музыкасы қазақша, ол қазақ өмірін, қазақтардың тұрмыс-салтын, киім-жиһаздарын алғаш рет экранда көрсетеді. Демек, ол – тұңғыш қазақ фильмі, қазақ киносының тарихы содан басталады» деп қадап айтыпты қайраткер.

Сондай-ақ Камал ағамыз жоғарыда айтып өткен мақаласында аталған туындының сценарийін жазған Ғабит Мүсірепов пен фильм редакторы Қасым Тоғызақовтың естелігін келтіреді.

«1936 жылы Мәскеуде қазақ өнерінің бірінші декадасы болғанда Сталин басшыларды қабылдап: «Сендердің Чапаевтарың бар ма?» деген көрінеді. Ол кезде «Чапаев» киносы шығып, жер-көкті дүбірлетіп жатқан кезі. Сонда «бар» деп біздің адамдар кімді көрсеткен көрінеді.

Қасым Тоғызақов: Амангелдіні.

Ғабит Мүсірепов: Жоқ. Әліби Жангелдинді. Ол сол топтың ішінде екен. Сонда Сталин: «Жоқ, ол емес, – депті. – Анау, әлгі Торғайдың, тургайский комиссар, тургайский» деп бір-екі қайталайды. Біреуі айтады қағазға қарады деп, біреуі айтады қараған жоқ деп. Сөйтіп есіне түскенде «Иманов» депті. Содан барып басталып кетті.

Қасым Тоғызақов: Сонда Амангелдіні білетін болған-ау ол кісі?!

Ғабит Мүсірепов: Соны мен жете білмеймін, бірақ білген. Біз сол арада Всеволод Ивановты тауып алдық. Біз екеуіміз де кино заңын білеміз деп ойлай алмаймыз. Сосын «Ленфильммен» шарт жасастық.

Жұрт декададан елге қайтты. Бейімбет екеуіміз Батпаққара жағына, «Амангелдінің еліне кеттік қой. Содан соң Бейімбет екеуіміздің очеркіміз 14–15-нөмірге басылды» дейді.

Бір өкініштісі, фильм түсіріліп жатқанда, соның басы-қасында жүрген жазушы Бейімбет Майлинді Қарақастектен ұстап әкеткен. Сол жылы Ғабит Мүсіреповті де тұтқындауға ордер беріп қойған күні «Правда» газетінде «Амангелді» сценарийі жарық көріп, сыршыл суреткер аман қалған.

Азамат Есенжол



1. Нешінші жылы Амангелді Иманов туралы фильм түсірілді және қашан премьерасы болды?
2. Амангелді Иманов туралы материал жинап, сценарий жазуға кімдер атсалысты?
3. «Амангелді» фильмі қай жерде түсірілді?
4. «Амангелді» фильміне қандай актёрлар қатысты?
5. «Амангелді» фильмінде қандай оқиға суреттеледі?
6. «Амангелді» фильмін не үшін қазақтың тұңғыш фильмі деп атаймыз?
7. «Амангелді» фильмінің сценарийін кім жазған?
8. 1936 жылы Мәскеуде қазақ өнерінің бірінші декадасы болғанда қазақ киносы туралы қандай сөз болады?
9. Ғабит Мүсірепов қалай тұтқыннан аман қалады?



10-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтіннен қос нүкте, сызықша және сұрау белгілердің қойылу себептерін түсіндіріңдер.



11-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтіннен тырнақшаға алынған сөздерді тауып, оларға тыныс белгінің қойылу себепін түсіндіріңдер.



12-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтіннен ыңғайлас мәнді жалғалықтарды тауып, оларға талдау жасаңдар.



Төменде берілген www.youtube.com адресі арқылы видеороликті тыңдап, шағын эссе жазыңдар. Мәтін құрастыруда тырнақша мен сызықша сынды тыныс белгілерін пайдаланыңдар.



1. <https://www.youtube.com/watch?v=y4Vg559pEL4>
2. <https://www.youtube.com/watch?v=tEZH1Xm3VdA>



13-тапсырма. Мәтіндегі үтір тыныс белгісінің не үшін қойылғандығын анықтаңдар.



14-тапсырма. Мәтін ішінен үтір белгісінің орнына қандай сөз қолданғандығын тауып, оларға талдау жасаңдар.



15-тапсырма. Мәтін ішінен бас әріппен жазылған сөздерді тауып, олардың не үшін үлкен әріппен жазылғандығын дәлелдеңдер.



ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

1. Кино өнері қандай өнер?
2. Мылқау қандай кино еді?
3. Голливуд мекені қандай мекен?
4. Киноматографтар кімдер?
5. Киноның қандай түрлері бар?
6. Кинотеатрдың қызметі не?
7. Сценарий дегеніміз не?
8. Қазақтың ең алғаш киносы қалай аталған?
9. Бизнеске айналған кино өнеріне сенің көзқарасың қандай?
10. Саған қайсы кино өте ұнайды және ол киноны қайта-қайта көргің келе береді?
11. Қандай қазақша фильмдерді ұнатасың?
12. Өзбек фильмдерінен қай фильм саған ұнайды?
13. Нобель кеші туралы не білесің? Нобель сыйлығына лайық қандай лауреаттарды білесің?
14. Авторлық құқыққа қалай түсінесің?
15. Тыныс белгілердің сөйлемдегі қызметі неде?
16. Қос нүкте қай орындарда қойылады?
17. Үтір белгісі қай жерлерге қойылады?
18. Сызықша мен нүктелі үтір қай орындарда жұмсалады?
19. Сөйлеуде не жазуда тыныс белгілердің қажеті не, қандай қызмет атақарады?
20. Сөйлемде нүкте тыныс белгісі қай жерлерге қойылады?

Х ТАРАУ

АДАМ МЕН ТАБИҒАТ

Бұл бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

1. Ғалам және экология, адамның табиғатқа әсері, «Қызыл кітап», экологиялық мәселелер туралы мәтіндермен танысу, талдау жұмыстарын жүргізесіңдер.
2. Оқылған және тыңдалған мәтіндерге негізделген анық және жасырын ақпаратты түсіну, пікір білдіру дағдыларын дамытатын жаттығуларды орындайсыңдар.
3. Жазба мәтіннің қысқаруы мен кеңеюі, әртүрлі сөйлеу жағдаяттарындағы қарым-қатынас ерекшеліктері, оқу барысында түсінуге әсер ететін факторлар туралы мәліметтермен танысасыңдар.
4. Жақша, көп нүктенің қолданылуымен танысасыңдар.
5. Түбір мен қосымшалардың емлесі, төл және төлеу сөздер стилистикасы туралы білімдеріңді нығайтасыңдар.



Морфология – сөз туралы грамматикалық ілім. Морфологияның негізгі объектісі – сөз. Сөз құрамы мен сөз таптарын зерттейді. Бірақ морфологияда сөздің лексикалық мағынасы емес, грамматикалық мағынасы қарастырылады. Лексикологияда тіліміздегі барлық сөзді тану, олардың мағыналарын ашу, ал морфологияда осы сөздердің қай сөз табына жататынын, ол сөз таптарының жасалу жолдары мен түрленуі сөз болады. Сөздердің жасалу жолдары және түрленуі салдарынан сөздің құрылымы деген сөз болады.



1-тапсырма. Төменде берілген фразаларды оқып, біліп алыңдар. Төменде берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

ТАБИҒАТПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ОН БІР ФРАЗА



Жақсы адам – барлық тіршілік иелерінің досы.

Махатма Ганди

2

Табиғат барлық тіршілік иелерінің жалпыға бірдей өмірін қолдайды.

Тензин Гяцо

3

Табиғатты зерттеңіз, табиғатты сүйіңіз, табиғатқа жақын болыңыз. Бұл сізді ешқашан бұзбайды.

Фрэнк Ллойд Райт

4

Мойныма гауһар тастағаннан гөрі, менің үстелімде раушан гүлдері болғаны жөн.

Эмма VI

5

Табиғатпен серуендеу кезінде адам іздегенін әлдеқайда көп алады.

Джон Мюр

6

Егер сіз табиғатқа қызмет етсеңіз, ол сізге де қызмет етеді.

Конфуций

7

Табиғатқа деген сүйіспеншілігіңізді сақтаңыз, өйткені бұл өнерді түсінудің шынайы тәсілі.

Винсент Виллем ван Гог

8

Музыка мен өнер сияқты табиғатқа деген сүйіспеншілік – саяси және әлеуметтік шекарадан өте алатын ортақ тіл.

Джимми Картер

9

Табиғат әлемі – біз тиесілі ең үлкен қасиетті қауымдастық. Бұл қоғамдастыққа зиян келтіру – өзіміздің адамгершілігімізді азайту.

Томас

10

Ауа мен суды, дала мен жануарлар әлемін қорғау жоспарлары – бұл адамды қорғау жоспарлары.

Стеварт Удалл



Біздің тірі қалуымыз тамақпен, ішетін сумен және біз тұратын жерлермен тығыз байланысты. Сондықтан табиғи ресурстарға жүгінген кезде жауапкершілік пен табиғатты үнемдеуге ықпал етуіміз керек.

Марк Эмери Удалл



1. Барлық тіршілік иелерінің досын кім деп ойлайсыңдар?
2. Не үшін сен табиғатқа жақын болуың керек?
3. Табиғатпен серуендеу саған қаншалықты пайдалы?
4. Өнерлі түсінудің шынайы тәсілі неде?
5. Саяси және әлеуметтік шекарадан өте алатын ортақ тіл – бұл не?
6. Табиғат әлемін қалай түсінесің?
7. Адамды қорғау жоспарлары дегенде нені түсінесіңдер?
8. Біз қашан көп өмір сүреміз, көп жасай аламыз?



Шылаулар – сөз бен сөздің немесе сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстыру, құрастыру үшін қолданылатын, өздері тіркескен сөздерінің ұғымдарына әр қилы реңктер үстеп, оларға ортақтасып, тұлға жағынан тиянақталған, лексика-грамматикалық мағынасы бар сөздер немесе тілімізде толық лексикалық мағынасы жоқ, бірақ сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып немесе сөзге қосымша мән үстеп тұратын көмекші сөздер.



2-тапсырма. Жоғарыдағы фразалардан шылауларды тауып, оларды мағыналық түрлеріне қарап ажыратыңдар.

Шылаудың мағыналық түрлері	Фразалардағы шылау сөздер
Жалғаулық шылаулар	
Демеулік шылаулар	
Септеулік шылаулар	



3-тапсырма. Жоғарыдағы фразалардан сөз тудырушы жұрнақ қатысқан сөздерді тауып, олардың атқарып тұрған қызметін анықтаңдар.



4-тапсырма. Жоғарыдағы фразалардан септік жалғаулы сөздерді теріп жазыңдар да, олардың қай септік көрсеткіштері екендігін біліп алыңдар.



5-тапсырма. Берілген мәтіннің мазмұнына мән беріңдер де, төменде берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

ТАБИҒАТ ЖӘНЕ АДАМ



Табиғат – адамзат өмір сүріп жатқан орта, ортақ үй, ортақ мекен. Адам мен табиғат – егіз ұғым. «Ағаш жапырағымен, жер топырағымен көрікті» – дейді халқымыз. Табиғат көркейіп, желегі жасыл тартса, адамның да тынысы кеңейіп, көңілі көтерілері анық.

«Мәуесі бардың әуесі бар» дейді халқымыз. Табиғатқа өз үйіндей қарап,

оны аялаған адамның да қоршаған аясы әдемі болмақ. Үйің мен бау-бақшаңа қарай қарағаның сынды тұтас табиғатқа да сондай жанашырлықпен қараған жөн.

Адамның тағдыры табиғатқа байланған, табиғат болмаса, адам өмір сүре алмақ емес. Таза ауасы мен шипалы суы, ну орманы мен асқар тауы жоқ мекеннің қадірі де аз. Ағашы оталып, суы тартылған табиғаттың адамзат үшін берері де жоқ. Ал берері жоқ табиғатта адам қалай тіршілік кешпек. Судың да сұрауы бар емес пе?!

Қоршаған ортасы лас, суы лаң, ағашы улы табиғаттың адамға да зияны көп екені айтпаса да белгілі. Сондықтан табиғатты аялау, оған қамқорлық таныту жер бетіне келген жұмырбасты пенденің парызы мен борышы болуы керек. Халқымыз топыраққа шыққан жасыл шөптің өзін жұлуға тыйым салған. Өйткені шөп – таудың көркі, малдың жемі. Оны жұлу өзіңнің тамырыңа балта шабумен бірдей.

Табиғат – адамзаттың анасы. Дүниеге есігін ашқан сәбиге бар ризығы мен несібесін тосатын ана сынды табиғат та буыны қатаймаған адам баласына бар болмысын беріп, береке сыйлайды. Бала шақтан өтіп, ержеткен шақта анамызға қалай қамқорлық қылғанымыз сынды табиғат анаға да солай қамқорлық қылуымыз қажет. Ананың ашуы мен қаһары қашанда ауыр. Табиғат – ананың да қаһары адамзатқа жеңіл болмас.

Табиғат – адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, сезіміне ләззат шапағын шашатын сұлулық пен әсемдік әлемі, баға жетпес байлық. Ол – ырыс пен мол қазынаның қайнар көзі, сондықтан халқымыз: «Табиғат – адамзаттың өмір нәрі, қажеттінің табылар содан бәрі» – деп бекер айтпаған. Қазіргі уақытта жас ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуына ізгілік, ғылымилық, жүйелілік ұстанымдарына негізделген үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін құру, оның тәрбиелік мүмкіндіктерін саралау өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Табиғатпен таныстыру – балалардың танымын дамытудың басты құралдардың бірі. Мұнда балалардың қоршаған орта жөніндегі ұғым түсініктерін байытатын жалпы және нақты ғылыми мәліметтер алуының маңызы зор. Табиғатпен таныстыру барысында «Табиғат – бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы, тал бесігі, өсіп-өнер мекені» екендігі жөнінде нақты түсініктер беріледі.



1. Табиғатқа қалай түсінік бересің?
2. Не үшін табиғат пен адамды егіз деп қараймыз?
3. «Мәуесі бардың – әуесі бар» мақалының маңызын ашып беріңдер.
4. Не үшін судың да сұрауы бар?
5. Не үшін адамзаттың анасын табиғатпен байланыстырады?
6. Бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы не?



6-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен күрделі сөздерді тауып, оларды түр-түрлерге ажыратыңдар.

Күрделі сөздер	Мәтіннен мысалдар
Біріккен сөздер	
Қос сөздер	
Қысқарған сөздер	
Тіркесті сөздер	



7-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен етістіктен жасалған зат есімдерді тауып, олардың жұрнақтарын анықтаңдар.



8-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтіннен тәуелді септеу арқылы септелген сөздерді тауып, оларға талдау жасаңдар. Септік жалғауларының көрсеткіштеріне мән беріңдер.



Табиғатпен байланысты туынды сөздерді пайдаланып «Табиғатты аялайық» тақырыбында шағын шығарма жазыңдар.



9-тапсырма. Мәтін ішінен тырнақшаға алынған сөздерді тауып, олардың тырнақшаға алыну себебін түсіндіріңдер. Мәтін құрамынан күрделі сөздерді түрлеріне қарай ажыратыңдар.



Түбір – сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін, лексикалық мағынасын сақтаған негізгі бөлігі. **Сөз түбірі (түбір морфема)** – сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең түпкі негізі. Бұл түпкі негіз сөздің құрылысының да, мағынасының да негізгі ұйытқысы болып есептелінеді. Өйткені түбір морфема сөздің негізгі лексикалық ұйытқысы болып есептелінеді. Түбір морфема қатыспаса, қосымша морфеманың бір де біреуі яки бернешеуі қосылып та ешқандай мағынаны білдіре алмайды.



10-тапсырма. Мәтіннің мазмұныны ұғыңдар да, мәтін соңыда берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

ҚЫЗЫЛ КІТАПТЫҢ БЕТТЕРІ

Қызыл кітаптың қара, қызыл, сары, жасыл, сұр және ақ түсті беттері бар.

Қара беттерде жануарлар мен өсімдіктердің жойылып кеткен түрлердің тізімі беріледі. Мысалы, енді ғаламшарымызда **теңіз сиыры** жоқ.

Қызыл беттерде жойылу қаупі бар жануарлар мен өсімдіктер тізімі беріледі. Ғалымдардың болжамы бойынша жуық арада **ілбіс** немесе **қар барысы** секілді жануарлар әлемінің бір өкілін жоғалтып алу қаупінде тұрмыз.

Қызыл кітаптың сары беттерінде саны тез азайып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер әлемінің өкілдерінің тізімі берілген. Мысалы, **ақ аюлар** немесе **қоқиқаздар**. Ақ беттерінде қашанда саны аз болып келген жануарлар тізімі берілген. Мысалы, **көк кит**.

Сұр беттерінде тіршілік ету ортасына қол жеткізілмеген түрлер тізімі. Оған **орасан жылан – анакондалар** жатады.

Жасыл беттерде жойылып кету қаупінен аман қалған жануарлар мен өсімдіктер тізімі берілген. Мысалы, **құндыз**.

«Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» – деп, табиғаттың тілсіздігі үшін қынжыламыз. Жоқ, табиғаттың да тілі бар. Оны да адамзат қолдан жасады. Ол – **Қызыл кітап!**



1. «Қызыл кітаптың» беттері неге әр түрлі?
2. «Қызыл кітаптың» қара беттерінде нелер орын алған?
3. «Қызыл кітаптың» сары беттерінде ше?
4. «Қызыл кітаптың» қызыл беттерінде нелер орын алған?
5. Саны аз болып кеткен жануарлар «Қызыл кітаптың» қандай бетінде беріледі?
6. «Қызыл кітаптың» сұр және жасыл беттерінде нелер берілген?



11-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен сингармонизм заңына бағынбаған сөздер мен қосымшаларды тауып, оған талдау жасаңдар.



12-тапсырма. Жұбан Молдағалиевтің өлеңіне морфологиялық талдау жасаңдар.



Ақынға жер-су ортақ, қызу да ортақ,
Жыр боп жүр жиі-жиі «Қызыл кітап».
Жүз жүрек кеудесінде бола қалса,
Береді табиғатқа жүзін матап...

(Жұбан Молдағалиев)

Үлгі: **Ақынға** – барыс септік жалғау формалы, негізгі түбір, зат есім.

Ақын – жалаң сөз, түбір сөз, атауыш есім, зат есім, деректі зат есім, жалпы есім;

-ға – қосымша, жалғау, септік жалғауы, барыс септігінң жалғауы.



13-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын ұғындар да, мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

ҚЫЗЫЛ КІТАП – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДӘРЕЖЕДЕГІ ҚҰЖАТ

Адам баласы жануарлар мен өсімдіктер туралы мәліметтерді, ғылыми-фактілерді саралап келіп, ендігі жерде оларды қорғау қажеттігі туралы тоқтамға келеді. Кейбір өркениетті елдерде жануарларды, өсімдіктерді, ормандарды, өзен-көлдерді қорғау туралы мемлекет деңгейінде құжаттар қабылдана бастады.

Қызыл кітап – сирек кездесетін және құрып кету қаупі бар немесе жойылып бара жатқан жануарлардың, өсімдіктер мен саңырау-құлақтардың түсіндірме тізімі. Қызыл кітап – өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі бар түрлерінің қазіргі жағдайы туралы мәліметтерді жинақтайтын негізгі құжат. Оның негізінде өсімдіктер мен жануарларды қорғауға, көбейтуге және ұтымды пайдалануға бағытталған ғылыми-тәжірибелік шаралар жасалады.



Қызыл кітап – халықаралық табиғат қорғау одағының халықаралық дәрежедегі құжаттардың бірі. Қызыл кітапқа сирек кездесетін, жылдан жылға азайып не жойылып бара жатқан, сондықтан да айрықша қорғауды қажет ететін жануарлар мен өсімдіктердің түрлері тіркеледі. Жануарларды халықаралық дәрежеде қорғау мәселесі жиырманшы ғасырдың бас кезінде қолға алынды.

1902 жылы Париж қаласында алғаш рет «Құстарды қорғаудың халықаралық конвенциясына» қол қойылды. Халықаралық «Қызыл кітап» (Red Data Book) – Халықаралық табиғат қорғау одағының (ХТҚО) шешімі бойынша шығарылады. ХТҚО-ның «Қызыл кітабы» – халықаралық деңгейдегі құжат болып есептеледі. 1948 жылы БҰҰ-ның білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО) Халықаралық табиғаты қорғау одағын (IUCN) ұйымдастыру туралы арнайы шешім қабылдады.

Халықаралық табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабы» 1966 жылы тұңғыш рет 2 том болып шықты. Оның 1-томында сүтқоректілердің 211 түрі, 2-томына құстардың 312 түрі туралы деректер берілді. Бұл кітап күнтізбе парақтары тәрізді арнайы жасалды, түрлер 4 категорияға топтастырылды.

1966–1971 жылдары «Қызыл кітапқа» тіркелетін түрлер туралы мәліметтер қайта толықтырылып, 2-басылымы, ал 1972 жылы 3-басылымы жарияланды. 1978–1980 жылдары 4-басылымы 5 том болып жарық көрді. Оның 1-томы сүтқоректілерге арналып, оған сүтқоректілердің 226 түрі мен 79 түр тармағы, 2-томында құстар-

дың 181 түрі мен 77 түр тармағы, 3-томында қосмекенділердің 41 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 105 түрі, 4-том балықтарға арналып, балықтардың 194 түрі, ал 5-томы жоғары сатыдағы өсімдіктердің түрлеріне арналып, 25000 түрі тіркелді. 1980 жылдары бұрынғы томдар негізінде «Қызыл кітап» қайта шыға бастады. 1983 жылы шыққан «Қызыл кітапта» омыртқасыз жануарлар туралы мол мәлімет берілген. Жойылу қаупі төнген түрлерді сақтап қалу үшін оларды зоологиялық саябақтарда қолдан өсіріп, көбейту шаралары қолға алынған. Соның нәтижесінде соңғы «Қызыл кітапқа» тіркелген сүтқоректілердің 97, құстардың 39, қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушылардың 37 түрі дүниежүзілік зоологиялық парктерде қолдан көбейтілген. Халықаралық табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабын» шығаруға «Құстарды қорғау жөніндегі халықаралық кеңес», «Су құстарын зерттейтін халықаралық бюро», «Жануарларды қорғау жөніндегі бүкіләлемдік федерация» сияқты тағы басқа ұйымдар қатысады. «Қызыл кітап» табиғат қорғаудың негізгі іргетасы, экологиялық білім мен тәрбие берудің қайнар көзі болып саналады.

Қызыл кітапқа үнемі немесе уақытша өсетін немесе белгілі бір аймақта (негізінен бір елдің аумағында) табиғи жағдайда өмір сүретін және жойылып кету қаупі төніп тұрған өсімдіктер мен жануарлардың түрлері енгізіледі.

Қызыл кітаптың белгілі бір басылымымен қамтылған бүкіл аймақта ерекше қорғауға жатады. Қызыл кітап халықаралық, ұлттық және аймақтық болып әр түрлі деңгейге бөлінеді.

Халықаралық «Қызыл кітапқа» тіркелген өсімдік немесе жануарлар түрлері Халықаралық жіктеу бойынша жеке 5 санатқа бөлініп берілген:

1. Жойылып кету қаупі төнген түрлер. Мұндай түрлерді сақтап қалу үшін міндетті түрде арнайы шаралар (табиғи қорықтар, ұлттық табиғи саябақтар, табиғи резерваттар және т.б.) ұйымдастыру қажет.
2. Саны күрт азайып бара жатқан түрлер. Ондай түрлердің саны әзірше мол, бірақ қарқынды түрде азаюына жол берілмеуі қажет.
3. Сирек кездесетін түрлер. Ондай түрлердің санының азаюын қадағалап отыру қажет.
4. Толық зерттелмеген түрлер, Ондай түрлер туралы ғылыми-зерттеу жұмыстары мұқият түрде жүргізілуі қажет.
5. Қалпына келтірілген түрлер.



1. Не үшін «Қызыл кітап» халықаралық дәрежедегі құжат?
2. «Қызыл кітап» не үшін қажет еді?
3. «Қызыл кітап» алғаш қашан және қалай шығарылды?
4. Халықаралық табиғаты қорғау одағының «Қызыл кітабын» шығаруға қандай ұйымдар қатысқан?
5. Не үшін «Қызыл кітапқа» табиғат қорғаудың негізгі іргетасы болып саналады?
6. Халықаралық «Қызыл кітапқа» тіркелген өсімдік немесе жануарлар түрлері Халықаралық жіктеу бойынша қандай санаттарға жіктеледі?



14-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен бас әріппен жазылған сөздерді ажыратып алып, олардың қысқару жолдарына назар аударыңдар. Мәтінде жақшаға алынған сөздер не үшін жақшаға алынғандығына түсінік беріңдер.




15-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен дара және күрделі сан есімдерді тауып, оларды ажыратыңдар. Дара және күрделілігін дәлелдеңдер.



16-тапсырма. Берілген мәтіннің мазмұнына көңіл бөліңдер. Экологиямен байланысты тіл бірліктерін теріп жазыңдар.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ

Экология – биология ғылымының бір саласы ретінде қалыптасып дамыған. Экология терминін 866 жылы Э. Геккель енгізген. Экология термині гректің тұрақ, мекен туралы ғылымы деген мағына білдіреді, яғни тірі организмдердің бір-бірімен қарым-қатынасын, байланысын, айнала қоршаған ортасымен, тұрағы немесе мекенімен байланыстыра отырып зерттейтін ғылым. Экология ғылымының ең басты мақсаты – биосфера шегіндегі ғаламдық мәселелерді бақылай отырып, ондағы тіршіліктің тұрақтылығын сақтау. Экология ғылымының негізгі зерттейтін мәселелері:



- организмдердің бір-бірімен қарым-қатынастары мен қоршаған табиғи ортасы;
- биоценоз, экожүйелердегі уақыт пен кеңістікке туындайтын өзгерістерді;
- табиғат ресурстары оны тиімді пайдалану және қорғаудың ғылыми-теориялық негіздері;
- адам – қоғам – табиғат арасындағы гармониялық байланыстарды реттеу;
- биосфера шегіндегі географиялық заңдылықтардың тұрақтылығын сақтауды қамтамасыз ету;
- биосферадағы тіршілікті қалыпты сақтаудың ғаламдық нооэкологиялық деңгейге көтеру болып табылады;

Экология – қоршаған ортамен тығыз байланыста болып, табиғаттағы өзгерістерді, құбылыстарды, табиғи заңдылықтарды, биосфера шегіндегі ғаламдық ауытқуларды адамның іс-әрекетімен үйлестіре отырып зерттейтін ғылымдар жиынтығы. Адам – қоғам – табиғат арасындағы қарым-қатынастарды зерттеу, бақылау және баға беру оның қоршаған ортамен байланысын зерттеу адам экологиясының үлесіне тимек. Бұдан біз экология ғылымының қазіргі заманғы мазмұны күрделі әрі ауқымды екеніне көз жеткіземіз. Кез-келген ғылымның қоршаған ортамен қарым-қатынасында жинақталған әртүрлі факторлардың органикалық, органикалық емес организмдерге игі немесе кері әсер ететінін қарастыратын, адамзат қоғамының өзі тіршілік етіп

отырған ортаның өзара қарым-қатынасын зерттейтін ғылыми бағыттардың жиынтығы экология деп аталады.



1. Экология қандай ғылымның саласы саналады?
2. Экология терминін кім бірінші ғылымға ендірген?
3. Экология ғылымының ең басты мақсаты не?
4. Экология ғылымының негізгі зерттейтін мәселелері нелер?
5. Адам – қоғам – табиғат арасындағы қарым-қатынасқа сенің көзқарасың қандай?



17-тапсырма. Берілген мәтіндегі сөйлемдерді пайдаланып, төмендегі тест сұрақтарына жауап беріңдер.

1	Қайсы қатарда тәуелдеулі септеу дұрыс берілген?
A	Экология – қоршаған ортамен тығыз байланыста.
B	Адам – қоғам – табиғат арасындағы гармониялық байланыстар.
C	Биосферадағы тіршілікті қалыпты сақтаудың ғаламдық нооэкологиялық деңгейге көтеру болып табылады.
D	Табиғат ресурстары оны тиімді пайдалану және қорғаудың ғылыми-теориялық негіздері

2	Берілген жауаптардың қайсысында омонимдік жұрнақтар кездеседі?
A	Бұдан біз экология ғылымының қазіргі заманғы мазмұны күрделі әрі ауқымды екеніне көз жеткіземіз.
B	Биосфера шегіндегі ғаламдық проблемаларды бақылап отырады.
C	Биосферадағы тіршілікті қалыпты сақтаудың ғаламдық нооэкологиялық деңгейге көтеру болып табылады.
D	Табиғат ресурстары оны тиімді пайдалану және қорғаудың ғылыми-теориялық негіздері.



18-тапсырма. Төменде табиғатпен байланысты айтылған мақал-мәтелдерге мән беріңдер де, олардың мазмұнын ашып беріңдер. Мақал-мәтелдерді жаттап алыңдар.

Адамның табиғатсыз күні жоқ,
Табиғаттың оны айтар тілі жоқ.

Табиғат жер байлығы,
Батырлар ел байлығы.

Жауынмен жер көгереді,
Батамен ел көгереді.

Су жетпейін демейді, жар жеткізбейді,
Ер жетпейін демейді, мал жеткізбейді.

Таумен тасты су бұзар,
Ел арасын қу бұзар.

Ағаш жапырағымен,
Жер топырағымен.

Мәуесі бардың әуесі бар.
Су аққан жерінен айнымас.

Тауына қарай тоғайы,
Шошқасына қарай торайы.



19-тапсырма. Жоғарыда табиғатпен байланысты айтылған мақал-мәтелдерден сингармонизм заңына бағынбаған септік жалғауларын тауып, оған талдау жасаңдар.



20-тапсырма. Жоғарыда табиғатпен байланысты айтылған мақал-мәтелдерден сөз түрлендіруші жұрнақтарды тауып, оларды ажыратыңдар.



Табиғатпен байланысты терминдерді пайдаланып шағын мәтін құрастырыңдар. Мәтінге ат қойыңдар.



Жалғау – сөз бен сөзді байланыстыратын, сөз аралығындағы қатынастардың көрсеткіші болып табылатын, сөзге грамматикалық мағына үстейтін қосымшалар. Жалғаудың төрт түрі бар: көптік, тәуелдік, септік, жіктік. Жалғаулар бірінен соң бірі жалғана береді. Мұндай жағдайда көбінесе алдымен көптік, онан соң тәуелдік, сөз соңында септік жалғаулары жалғанады, жіктік жалғауы да сөз соңында жалғанады.

Көптік жалғау – сөзге көптік, жинақтық мағына береді, заттың ортақ екенін көрсетеді.

Септік жалғау – сөз бен сөздің арасын байланыстырады.

Тәуелдік жалғау – заттың біреуге, не бір нәрсеге меншікті екенін көрсетеді.

Жіктік жалғау – жалғанған сөзге даралану, салыстыру мағынасын білдіреді.



21-тапсырма. Төменде берілген мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар да, соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

Әлемде орын алатын сан алуан өзгерістер табиғат құбылыстары деп аталады. Табиғат құбылыстары бір-бірімен тығыз бай-



ланысты. Оларды физика, астрономия, география, геология, биология, химия сияқты ғылымдар зерттейді. Өр ғылымның табиғатты зерттеуде өз мақсаты мен міндеті бар. Мысалы, физика негізінен механикалық қозғалысты, жылу, электр, жарық құбылыстарын зерттейді. Физика ғылымы зерттейтін табиғат құбылыс-

тары физикалық құбылыстар деп аталады.

Физика басқа да жаратылыстану ғылымдарымен өзара тығыз байланыста болады. Мәселен, географияда физика заңдарын өзендердің қалай ағатынын, желдің қалай пайда болатынын түсіндіру үшін қолданады. Сол сияқты биологияда физика заңдарын пайдаланып, хайуанаттардың қалай қозғалатынын және көру мүшелерінің қалай жұмыс жасайтынын түсіндіреді. Сондықтан физика заңдары мен құбылыстарын инженерлер, конструкторлар, дәрігерлер, агрономдар, көлік жүргізушілер және т.б. көптеген мамандар оқып пайдаланады.

Астрономия ғылымы физика заңдарына сүйеніп, бақылайтын аспан денелері мен құбылыстарының табиғатын түсіндіреді. Олардың қасиеттері мен көрінісін ұғындыруға, құбылыстардың себеп-салдарын ашуға тырысады. Мысалы, физика мен астрономияға ортақ құбылыстар – күн мен түннің ауысуын және Күннің тұтылуын қарастырайық. Жарық күн мен қараңғы түннің алма-кезек ауысуының себебі Жердің өз осінің төңірегінде үздіксіз айналуы болып табылады.

Жер өз осін бір тәулікте (24 сағатта) толық бір айналып шығады. Жердің айналуы барысында оның Күн сәулесі түскен беті жарық болады да, ал қарсы көлеңке бетін түн басады. Сөйтіп күн мен түн үнемі алмасып отырады.

Ертеде адамдар күн мен түннің алмасуын Жерді төңіректен Күннің айналуынан деп қате түсіндірген. Шындығында, Жер бір жылда (365 тәулікте) Күнді бір рет айналады. Жыл мезгілдерінің ауысуы Жердің Күн төңірегіндегі қозғалысына байланысты туындайды.

Күннің тұтылуы да табиғат құбылыстарының бірі болып табылады. Ал табиғатпен адам қатар ұғым. табиғатсыз адам, адамсыз табиғат өмір сүруі мүмкін емес. Себебі адам өз керектісін, қажеттісін табиғаттан табиғи күйінде немесе өндіріп алады. Адам табиғаттың бір бөлшегі болып табылады. Табиғатты қорғау, табиғатты сақтау болашақ жастардың қолында.



1. Табиғат құбылыстары дегеніміз не?
2. Табиғат құбылыстарын ғылымның қай саласы зерттейді?
3. Жаратылыстану ғылымдарына қандай ғылымдар кіреді?
4. Физикалық құбылыстарға қандай құбылыстар жатады?
5. Физика мен астрономияға байланысты қандай ортақ құбылыстар бар?
6. Күннің тұтылуы туралы өз түсініктеріңді айтып беріңдер.



22-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіндерден көптік мағына беретін сөздерді теріп жазыңдар да, олардың жасалу жолын түсіндіріңдер.



23-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін ішінен тәуелденген сөздерге табыс септігі жалғауы жалғанған сөздерді тауып, ажыратып жазыңдар да, оларды талдаңдар.



Қосымша – түбірге жалғанып, оның лексикалық немесе грамматикалық мағынасын өзгертетін, сөздерді өзара байланысқа түсіретін морфема. Мағыналық, тұлғалық дербестігі, арнаулы лексикалық мағынасы жоқ. Сөздерден бөлек, жеке қолданыста болмайды, түбір сөзге тіркесіп қана қолданылады. Қосымшалар түбірге белгілі бір грамматикалық категорияларға тән заңдылықтар бойынша жалғанады. Түбір сөзбен дыбыстық, әуездік жағынан үйлесіп тұрады. Бір қосымша әр түрлі түбірге жалғанғанмен, түрлі мағына бермейді. Қазақ тілінде мағыналық және қолданыс ерекшеліктеріне қарай **жұрнақ** және **жалғау** болып бөлінеді.



24-тапсырма. Төменде берілген мәтіннің мазмұнын ұғып, соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ– БІЗДІҢ ПАРЫЗЫМЫЗ

Табиғаттың ғажайып әсемдігін көз алдына елестете отырып, өзің бір керемет сезімге бөленесің. Табиғаттың бар әсемдігін, бар кереметін, оның әрбір әсерін сөзбен де, жазумен де жеткізу оңай емес. Оның керемет көрінісі жаныңды тербетеді. Бұлттары аппақ мақтадай, шөптері жасыл кілемдей төселген.



Табиғат – тіршілік көзі, оның әрбір әсері адам өмірінде үлкен роль атқарады. Аяулы табиғатсыз осы ғаламда өмір сүру, тіршілік ету мүмкін емес. Жыл мезгілдерінің өзгеруі де табиғатты одан әрі әсерлейді. Әр жыл мезгілі әр қилы. Төрт жыл мезгілі бізге төрт түрлі ғажайып күйін сыйлайды. Таудан сарқырап аққан өзеннің айналасында өксіген оттай жанған жануарларды көрудің өзі керемет көрініс емес пе?! Бау-бақшада өскен жеміс-жидектердің иісі мұрын жарады. Жайқалып өскен түрлі гүлдер көзге өз кереметтігін сыйға тартады. Аспаннан күннің көзі түскенде, жердің жүзі қуана қыбырлайды. Көлдер қойнын ашса, қаңқылдап оған құстар қонар.

Табиғат жайлы өнегелі сөздер, мақалдар мен өлең-жырлар да аз емес. Оның керемет әсемдігін жырлаған, суреттеп жазған ақындар баршылық. Табиғат көркемдігін өз өлең-шумақтарында жырлаған

ақындардың қатарында Абай Құнанбайұлы («Жаз», «Күз», «Қыс»), Сұлтанмахмұт Торайғыров («Шілде»), Қасым Аманжолов («Дауыл»), Ыбырай Алтынсарин («Өзен») сияқты ақындарды атауға болады.

Шалғайын шалқар маушыған,
Бұлт келді, көктем кір кетті.
Топырлап ұрған тамшыдан,
Топырақ иісі бұрқ етті.
Шілде мен тамыз пышаны,
Шаң ғана болса,
Қалдырма
Терезелер құшағын
Түгелдей ашшы жаңбырға, –

деп Қадыр Мырзағали атамыз әсем табиғатты жырлады. Табиғат көркемдігін ақ қағаз бетіне түсірген ақындарымыз оның құдіретін білген. Сол өлең жолдарын болашақ ұрпаққа, яғни бізге қалдырып отыр. Біздің әрбір басқан қадамымыз, әрбір істеген ісіміз табиғатқа байланысты болғандықтан, оның біздің өмірімізде ерекше орын алуы сөзсіз. Бірақ, адамзаттың кейбір істері табиғатқа кері әсер етуде. Оның кері әсері біздің денсаулығымызға да зиян келтіреді. Табиғатты қорғау – табиғатты аялау әр адамның міндеті. Үлкен-кіші әрдайым оны таза ұстап, құрмет тұту қажет. Оның бізге қаншалықты қажет екені баршамызға мәлім.



1. Табиғат не үшін тіршілік көзі деп атаймыз?
2. Жыл мезгілдерін атап беріңдер?
3. Саған мезгілдердің қайсы бірі ұнайды және ұнайтындығы неде?
4. Қадыр Мырзалиев табиғатты қалай бейнелеген?
5. Не үшін табиғатты аялау әр адамның міндеті деп ойлайсыңдар?
6. Табиғат көркемдігін өз өлең-шумақтарында жырлаған ақындардан кімдерді білесіңдер және олардың қандай өлеңдері бар?



25-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтіннен барыс септіктегі сөздерді теріп жазыңдар да, оларға жалғаулардың қалай жалғанып тұрғандығына түсінік беріңдер.



26-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтіннен тырнақша мен жақшаға алынған сөздерді табыңдар да, неліктен оларға мұндай тыныс белгісі қойылғандығын түсіндіріңдер.



Өз ауылыңның табиғатын суреттеп, шағын микромәтін құрастырыңдар. Мәтін құрастыруда көптік жалғауы мен жіктік жалғауларын пайдаланыңдар. Жаратқан мәтіндеріңе ат қойыңдар.



27-тапсырма. Төменде берілген мәтін мазмұнымен таныс болыңдар. Мәтін соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

ТАБИҒАТ – ТІРШІЛІКТІҢ ҚҰТ-БЕРЕКЕСІ

Табиғат пен адам қатар ұғым. Адамсыз табиғат, табиғатсыз адам өмір сүруі мүмкін емес. Адам табиғатты қасиет тұтады. Табиғат – тіршіліктің құт-берекесі, сондықтан да табиғатты қорғау міндетіміз. Қазіргі кезде экология мәселесі нашарлап кетті. Экологияны қорғау,

табиғатты сақтау қазіргі жастардың қолында. Табиғаттың сырын қазіргі кезге дейін ғалымдар зерттеп келеді.

Қазақ халқы табиғатты құрмет тұтады. Қазақтар жұлдыздарға қарап бағыт-бағдарды болжаған. Табиғат біздің сыр аушымыз, байлығымыз, күнделікті тынығатын сарайымыз. Табиғат – адамның еңбегінсіз, адам игілігі үшін жаралған жаратылыстың сыйы. Адам табиғаттың патшасы деген ұғым бар, сондықтан табиғат адам үшін – асыл ана. Өйткені адам баласы табиғатта, тіршілікте өскен, өнген және жетілген. Қажетін алып, өз пайдасына жаратқан. Табиғат – ырыздықтың, ырыс пен мол қазынаның қайнар көзі, адам денсаулығының сенімді сақинасы. Ұрпақтан-ұрпаққа мол мұра ретінде қалушы. Табиғаттағы жануарлардың мүйізінен немесе өсімдіктің тамырынан халық емшілері дәрі-дәрмектер жасаған, сонымен қатар адам ағзасына дәрінің септігін тиерін анықтаған. Табиғаттың сырын білмей, қалай болса, солай пайдалану ойға қонымсыз. Өйткені оның салдарынан табиғат байлықтары кеми түседі. Қазіргі таңда табиғаттың ластануы өзекті әрі аса зор мәселе. Бұл барлық дүние жүзінде қарастырылуда. Табиғат – сөз жетпес сұлулық, баға жетпес қазына, көз тоймайтын әсемдік. Айтып жеткізе алмайтын қыры мен сыры мол құбылыс болғанымен, қазір сол табиғат нашарлап, ластануда. Соның салдарынан адам өміріне өте қауіпті жағдай тудыруда. Біз табиғаттағы әрбір жайқалып тұрған гүлге, мәуелеп тұрған ағашқа қамқорлық танытуымыз қажет. «Бір тал кессең, он тал ек» демекші, айналамызда табиғаттан лас иісті, ауру тудырушы бактерияларды жоюшы тал, жасыл желек. Егер осы мәселе қаралмай қала берсе, төңірек азып кетеді.

Салауатты өмір салтын ұстану аясында адамның қоршаған ортасы таза болуы шарт. Табиғаттың қорғаны жас ұрпақ – біз. Табиғат адамның бойына қуат, өзіне шабыт беруші. Табиғат біз киетін киімді, оқитын кітапты, тамақтанатын тағамды, ас дақылдарын бәрін де табиғаттан аламыз. Өлкелерді көгалдандыру жұмысы жүргізілсе тамаша болғай. Экологияны және адам өмірін бірдей сақтау үшін тезірек әрекет ету қажет-ақ. Адамның ағзасын нашарлауы шаң-тозаң, қатты суық және ыстық желдерден, микробтар, түтін, улы газдар мен бактериялардан бастау алады. Табиғаттың зардаптарына төтеп беру үшін табиғатты қорғауымыз керек.



1. Адамсыз табиғат, табиғатсыз адам өмір сүруі мүмкін еместігі неде деп ойлайсыңдар?
2. Не үшін табиғатты қорғау міндетіміз?
3. Адам игілігі үшін жаралған жаратылыстың сыйын не деп ойлайсыңдар?
4. Халық емшілері дәрі-дәрмектерді қалай және неден жасаған?
5. «Бір тал кессең, он тал ек» нақылын түсіндіріңдер.
6. Табиғаттың қорғанын кімдер деп ойлайсыңдар?



28-тапсырма. Жоғарыдағы берілген мәтіннен жіктік жалғаудың жекеше және көпше түрлерін тауып, оған талдау жасаңдар.



29-тапсырма. Төменде берілген микромаәтіннен септік жалғауларын тауып, оларды түр-түрлеріне ажыратыңдар.



Жұрнақ – жалғанған сөзінен жаңа сөз тудыратын немесе сөзді түрлендіретін қосымша. Қазақ тіліндегі жұрнақ мағынасы мен қызметіне қарай екіге бөлінеді: *сөз тудыратын жұрнақтар* – өзі жалғанған сөзінен жаңа сөз тудырады; *сөз түрлендіретін жұрнақтар* – өзі жалғанған сөзіне үстеме мағына қосып, сөздің тұлғасын өзгертеді.

Жұрнақтар сөзге белгілі бір жүйеде рет-ретімен жалғанады.



30-тапсырма. Төменде берілген бір шумақ өлеңде қосымшалардың қай түрлері кездеседі? Қосымшаларды ажыратып жазыңдар.

Табиғатта сезім де, құлақ та бар,
Ренжітсең қайғырып жылап та алар.
Аяласаң жаныңа шуақ тамар,
Қажығанда бойыңа қуат тамар.



31-тапсырма. Шағын өмірбаяндық мәтінді оқып шығып, мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

АДАМ ЖАНЫНЫҢ СУРЕТКЕРІ

Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра деп жырлаған белгілі ақын, аудармашы, Қазақстанның халық жазушысы (1995), ҚР Өнұранының сөзін жазған авторлардың бірі – Қадыр Ғинаятұлы Мырзалиев (5-қаңтар 1935 жыл, Жымпиты, Орал облысы – 24-қаңтар 2011 жыл, Алматы).

Бала кезінде жетім қалған Қадыр кедейліктің тауқыметін көріп өсті. Балалық шағынан бастап кітаптарға қызығушылық танытып,

Жымпиты аудандық кітапханасының тұрақты оқырманы болды. Тіпті, кітапханадағы барлық кітаптарды қайта оқып шығып, көркем әдеби шығармалардың жаңа басылымдарын асыға күтетін.

Қадыр Мырзаәлиев көп оқыған адам. Бүкіл ғұмырында 7 мыңға жуық кітап жинап, бәрін оқып шыққан. Тіпті, олардың кейбіреуін екі-үш рет қайталап оқыған. Ақынның шығармашылығы әрбір қазаққа белгілі және оқырмандар оның туындыларын сүйіп оқиды.

Қадыр Мырзаәлиев табиғат лирикасын тамаша жырлаған ақындардың бірі.



1. Қазақстан Республикасының Әнұранын жатқа айтыңдар.
2. Қадыр Мырзаәлиевтің балалық шағына назар аударыңдар.
3. Қадыр Мырзаәлиевтің ақындық жолына кіруіне не себепші болды?
4. Қадыр Мырзаәлиевті танысың ба?
5. Қадыр Мырзаәлиевтің қандай өлеңдерін білесіңдер?



32-тапсырма. Өмірбаяндық мәтіндегі бас әріппен жазылған сөздерді теріп алып, олардың емлесін анықтаңдар. Ол сөздер қай сөз табына жататынын анықтаңдар.



Төменде берілген ссылақаларды YouTube арқылы көріп, тыңдап, есітіп «Қазақ поэзиясының пырағы» атты тақырыпта шағын шығарма жазыңдар. Шығарма жазуда туынды сөздерді пайдаланыңдар.



1. <https://www.youtube.com/watch?v=ZTFua9qxp8;>
2. <https://www.youtube.com/watch?v=uA9Xemlhlyw;>
3. [https://www.youtube.com/watch?v=zCky5lYolhs.](https://www.youtube.com/watch?v=zCky5lYolhs)



33-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдердің мән-мағынасын ұғып, оларды жаттап алыңдар. Мақал-мәтелдерден кейін берілген сұарқтарға жауап беріңдер.



Екі жүзді адам екі жүзді пышақтан жаман.



Адам жылқы мінезді



34-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтелдегі туынды сын есім қалай жасалып тұрғандығын түсіндіріңдер.



Адамды кейде баршылық сынайды,
Кейде жоқшылық сынайды.



Тоқ адамды ұйқы басады,
Аш адамнан ұйқы қашады.



35-тапсырма. Жоғарыда берілген мақал-мәтелдегі септік жалғаулы сөздерді тауып, ондағы жалғаудың қайсы септікте тұрғандығын анықтаңдар.



Адам қырықта – қылау, елуде – елік.



Адам жаманнан жиренбей, жақсыны үйренбейді.



Төл және төлеу сөздерден пайдаланып «...Ағаш көркі – жапырақ» тақырыбында шағын мәтін құрастырыңдар. Төл және төлеу сөздердің тыныс белгілеріне назар аударыңдар.



ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

1. Экология териминін қалай түсінесің?
2. Еліміздегі экологиялық мәселелер қай дәрежеде?
3. Табиғат пен экология түсініктерінің ерекшеліктері неде?
4. Табиғат пен адам, табиғат пен денсаулық мәселелеріне түсінік беріңдер.
5. Табиғат құбылыстары дегеніміз не?
6. Физикалық құбылыс пен табиғат құбылыстарының өзара байланысы неде көрінеді?
7. «Адам», «Табиғат» тақырыптарындағы мақал-мәтелдер, афоризмдер, өлеңдер мен көркем шығармалардан үзінділер келтіріңдер.
8. Төл сөз дегеніміз не?
9. Төлеу сөздің төл сөзден айырмашылығын айтып беріңдер.
10. Тырнақша мен жақша не үшін қойылады?
11. Морфологияның зерттеу нысаны не және қандай салалары бар?
12. Сөз тұлғасына қалай түсінесің?
13. Түбір және туынды сөздерге түсінік беріңдер.
14. Туынды сөздер қалай жасалады?
15. Септеудің қандай түрлері бар?
16. Қосымша дегеніміз не және олар қалай бөлінеді?
17. Жұрнақтың қандай түрлері бар?
18. Жалғау дегеніміз не және оның қандай түрлері бар?
19. Жұрнақ пен жалғаудың ұқсастық және айырмашылық жақтарын түсіндіріңдер.
20. Сөз құрамын түсіндіріңдер.

Қ 14 **Қазақ тілі** [Мәтін]: 10-сыныбына арналған оқулық
/ Д.Т. Айтбаев [тағы. басқ.] – Ташкент: Республикалық
білім орталығы, 2022. – 224 б.

ISBN 978-9943-8459-1-6

УЎК 811.512.122(075.3)

КБК 81.2(5Қоз)я72

O'quv nashri

ONA TILI

Umumiy o'rta ta'lim maktablarining
10-sinf o'quvchilari uchun darslik

(Qozoq tilida)

Редактор *Д. Байдиллаева*
Суретші-дизайнер *И. Пулатов*
Көркем редактор *Ш. Ходжаев*
Техникалық редактор *Л. Хинова*
Корректор *А. Тәжібаева*
Компьютерде беттеген *К. Голдобина*

Басуға 2022 жылы 00 тамызда рұқсат етілді. Пішімі 60×84¹/₈.
Офсеттік қағаз. «Arial» гарнитурасы. Офсеттік әдіспен басылды.
Шартты баспа табағы 26,04. Баспа табағы 23,04.
Таралымы 0 000. Тапсырыс №22-215.

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, жөні	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулық оқу жылы аяқталғанда қайта тапсырылады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау мөлшері негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдайы.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, беттері шимайланбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап шимайланған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы қанағаттанарлық жөндеген.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, әбден шимайланған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.